

ЖАМБЫЛ ӨҢІРІНДЕГІ АШАРШЫЛЫҚ ЗАРДАПТАРЫ (жинаған естеліктер негізінде)

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
«Еуразия» ғылыми – зерттеу орталығы**

**ЖАМБЫЛ ӨҢІРІНДЕГІ АШАРШЫЛЫҚ
ЗАРДАПТАРЫ
(жинаған естеліктер негізінде)**

Астана, 2015

**УДК 94 (574)
ББК 63.3 (5қаз)
Ж 25**

Редакциялық алқа:

Қабылдинов З.Е., т.ғ.д., профессор
Қозыбаева М.М., тарих магистрі
Маслов Х.Б., археология және
этнология магистрі

Ж 25 Жамбыл өңіріндегі ашаршылық зардалттары (жинаған естелікттер негізінде). / Жинақтаушы – күрастырышы: Т.С.Байқұлов – Астана: «Enter-Group» баспасы, 2015. – 291 б.

ISBN 978-601-80490-3-3

Кеңестік жүйенің XX ғасырдың 30-жылдарында қолдан жасаған ашаршылығы қазак еліне орасан зор апат экелгені мәлім. Жинақ Жамбыл өңіріндегі наубет жылдардың киындықтарын көріп, тауқыметін тартқан қарияларымыздың естеліктері бойынша әзірленді. Жылдан-жылға олардың қатары азайып барады.

Сондай-ақ, ашаршылықты көрген қариялардың айтуыша, Жамбыл облысында аштықтан жаппай қыргынға ұшыраған Шу, Мойынқұм, Кордай, Талас, Сарысу, Әулие-Ата аудандарындағы жағдайдың ете ауыр болғандығы туралы деректер келтіріледі.

Естеліктер мен тарихи деректер жинағы қалың оқырман қауымға арналған.

**УДК 94 (574)
ББК 63.3 (5қаз)**

© «Еуразия» ғылыми – зерттеу орталығы, 2015
© «Enter-Group» баспасы, 2015

АШАРШЫЛЫҚ ҚАСИРЕТИ (алғы сөз орнына)

1931-1933 жылдардағы Қазақстандағы ашаршылықтың ақиқаты мен зарданштары туралы еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана ғалымдар іздене бастады. Кеңес өкіметі сол жылдары халықтың аштыққа ұшырағанын ашық айтпай, жасырып қалуға тырысты. Сонда да болса қазақ жерінде болған аштықтың зарданштары туралы мұрагат құжаттарында құнды деректер сақталып қалған.

Еліміз өз алдына тәуелсіз мемлекет болғаннан кейін тарихшылар XX ғасырдың отызыншы жылдарындағы ашаршылықтың қасіреті туралы мұрагаттардан табылған деректерді зерделеп, айтарлықтай зерттеулер жүргізді. Әсіресе, Б.Аяған, М.Қозыбаев, Т.Омарбеков, М.Тәтімов сияқты зерттеушілердің ғылыми еңбектері зұлмат жылдардың ақиқатын ашуда, себеп-салдарын анықтауда құндылығымен, шыншылдығымен өте маңызды.

Солай десек те, ашаршылық кезінде құрбан болғандардың жалпы санын әлі де болса теренірек зерттеу қажеттігі қүн тәртібінен түспеуі керек. Өйткені, 1931-1933 жылдары аштықтан қанша қазақтың опат болғаны женинде әртүрлі дерек көздері бар. Мысалы, демограф-ғалым М.Тәтімовтың мәліметі бойынша 2 миллионнан аса қазақ қырылып, 600 мыңдан аса қазақ босып кеткен. Тарихшы-ғалымдар: М.Қозыбаев 1 миллион 750 мың қазақ аштықтан өліп, 400 мыңдан қазақ шет елдерге ауган десе, ал Т.Омарбеков 2 миллион 700 мың қазақ зобалаң жылдары опат болған деген дәлел келтіреді. Қалай айтылса да, бұл деректерден нәубет жылдары 2 миллионнан аса қазақтардың қырылғаны көрініп-ақ тұр. Әрине, сол жылдардағы қазақтардың басына төнген ашаршылықтың зарданштары толық жазылды, зерттелді деп айтуға әлі ерте сияқты. Әлі де болса ашылмаған, зерделенбеген құжаттардың бар екендігіне күмән келтіруге болмайтыны анық. Біздің тарихымызда жан алысып, жан беріскең алапат соғыстар мен елдің жағдайын қыыннатқан оқиғалар аз болған жоқ. Бірақ солардың бәрінде ашаршылық жылдары орын алғандай аса зор адам шығыны болған емес. Сондықтан да аштық зобалаңы қазақ тарихындағы ең қасіретті оқиға болғанын бүкіл әлем мойындағы отыр.

Ауыл шаруашылыгын күшиен ұжымдастыру тасырлар бойы қалыптасқан қазактардың өмір сүру тәжірибесін талқаңдан, халықтың аштыққа үшіраудың негізгі себеп болды. Отызыныш жылдары орын алған зобалаң ешбір карусыз, соғыссыз Қенестік жүйенің қолымен жасалған адамзат тарихының XX ғасырдағы ең қасіретті адам жаны түршігетін апат екендігі даусыз. Өйткені, Қенес өкіметінің коммунистік идеологиясы үстемдік еткен кезеңде ашаршылық тақырыбы мұлде зерттелмеді, шындығына келетін болсақ – оны зерттеуге қатаң тыйым салынды. Ал қазіргі кезде тек қазак тарихшыларыға емес, сонымен қатар шетел ғалымдары 30-жылдардағы қолдан жасалған қанды қырғын туралы зерттеулер жүргізе бастады.

2012 жылғы 1-маусым күні Астана қаласында «Қазақстандағы ашаршылық: халық қасіреті және тарих тағылымы» деген тақырыпта халықаралық ғылыми-практикалық конференция болып өтті. Осы конференцияда Гумбольдт атындағы Берлин университетінің профессоры Роберт Кинцлер сейлекен сөзінде сол жылдары қазактардың өмір үшін жанталаса күрессекін туралы билай дең атап көрсетті: «Ашаршылық кезеңде қазақ халқы қандай әрекеттерімен, қандай қажеттілікті пайдаланып тірі қалғысы келін, жанталасканы зерттеп, зерделсуге баса мән берумен болым... Ашаршылық күрбаны болғандар ешқандай әрекет етпей қол қусырып отырғандар болмаса керек. Олар осынау алаңат анаттың бетін кайтару үшін немесе оған жол бергізбеу үшін түрлі айла-амалдарды қолданып, күресней қалған жок.

1928 жылы большевиктер қазақ қогамына шабуыл жасай бастағанда-ақ мал-жанын аман сақтау мақсатында қазактардың жаппай ауыл болып көшүі өрістеді. Олар Қазакстаниң бір өнірінен екінші өніріне Қенес Одағының өзге республикаларына, тіпті шетелдерге, асірлесе Қытайга жән сауталап, мал-мұлкін алып конумен болды. Сонымен қатар, көнтеген жерлерде ондаган мың адамнан құралиған қарулы көтерілістер де жиіледі. Алайда мұндай көтерілістердің бәрі де талқандалумен болды. Сөйтін, қазактардың мал-мұлкі жаппай тәркіленді.

1932-1933 жылдары ашаршылық қүшейін, шарықтау шегіне жеткенде қазактардың мұндай зобалаңда қолданатын тиімді амалдарының бәрі сарқылдын, жән сақтау қуатынан айырылды.

Осында, қазақтардың өзара бір-біріне көмектесу қабілеті шектелді. Бай-кулактарға карсы күрес катыншылдардың ортасынан қалыптастырылған жағына сенделіп, қайыр тілден, ит-мысыққа дейін сойын жең, теректердің қабығы мен сабанға дейін корек етті. Тіргі, аштық есінен адастырганы социалық адамның етін жеуге дейін барды деген дақылт та болды...». («Ана тілі» газеті, 7-13 маусым, 2012 жыл, № 23 (1124), 3-бет)

Профессор Роберт Киндердің көltірген мәліметтерінің шынында Жамбыл облысының аудандарын аралаң, көпекоз қариялармен әңгімелескендегі көзіміз жетті. Біз жазып алған олардың естеліктеріндегі аштықтың зардантарынан болған жантүршілердің оқигалар жиі кездеседі. Зобалаң кезіндегі қызындықтарды коріген жандардың естеліктері-анаршылық тарихын зерттеуде таптырмайтын дерек көздері болып, 1930-1933 жылдардағы наубегін ақыттың анын берері анық.

Ел басына түсken наубет ұмыттымауы туіс. Ол бүгінгі елемендейтін қадірін білу үшін де, болашакта сабак алу үшін де керек.

Қазақстан Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссариары Кеңесі 1928 жылы «Ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды тәркілеу және жер аудару туралы» декрет (зан) шығарды. Бұн заң бойынша оқіметтің үәкілдеріне байладардың шаруашылықтарын тәркілеуге, шаруашылық ислері мен олардың отбасы мүшелерін жер аударуга толық құқық берілді.

Жамбыл облысы ауылдарындағы ашаршылықтың басталуы осы заңының шығуынан бастилғанын көңекөз қариялардың естеліктері айрактай түседі. Осы қариялардың көрген-білгендерінен, Кеңестік жогарғы биліктің иүсқауымен жергілікті шолак белсенділер байға да, кедейге де қарамай, елдің барлық малын тартып алғып, бір орталыққа жинағаны, тәркілеуді ақылға қоныссыз құштен жүргізгені және байладарды өздерінің мұліктік, қоғамдық ықиалыммен ауылды кеңестендіруге кедергі жасайды деп санац, оларды жер аудару жашияй сипат алғанын білеміз. Сондай-ақ бұл жопиңде мұрагаттарда, оның ішінде Жамбыл облыстық мұрагатында деректер мен дәйектер сирек болса да кездесін қалады.

Ал қазіргі кезде Жамбыл оңірінде сол зұлмат жылдардың оз көзімен корген жандардың естеліктері бірлі-жарым баснасоз

беттерінде жариялғаны болмаса, бір жүйеге келтірілген жинақ ретінде жарыққа шынқан жоқ. Аштықты бағынай откізген қариялдардың және олардың балаларының тұган-туысқандарының естеліктерінің дерек көздері ретінде қарастыру 1931-1933 жылдардағы елдің бағынай тоғтен қасіреттің шындығын анын корсететіні сезеіз. Жамбыл облысының аудандарындағы ашарышылық жылдары өлгеннен адамдардың нақты саны мұрагат құжаттарында көздесеіді. Жергілікті бишік өкілдері аштықтан қырылғын жатқан адамдардың санын азайтып корсетіп, болған жағдайларды жасырын қалуга әрекет жасағанын сол кездеңі күәгерлердің естеліктерінен анық байқалады.

Жамбыл өңірінде болған алапат аштық қалың елді жайнаи кетті. Облыстың қазақ ауылдары аранын апқан аштықпен анысын, діңкесің күрыды. Қошиелі оркениеттің дамуына зор үлес қосқан бұл өңірдің қазактары бір кезде қазы мен қарта шайнаса, ал енді тышқан аулан, иттің етін азық қылатын жағдайға жетті. Санырылған сары қымыздың орынына сасыған құдықтың, шашыңғың борсынан сұнын інгі. Оңеіз-түссіз, бетінен қаны қашқан қазактар беті ауған жаққа қаңын кетті. Шетсіз-шексіз сайын даңада сарынұнақ аулап, ол да тамак болмай жеткен жерлерінде құлан жатты. Сол сарынұнақтарға өздері жем болды. Тамакты таңдаң, талған інегін қазак малдан жүрдай болып, бірінің етін бірі жеуден тайынбады. Осындай сүмдіктың бүрүн корген жан бар ма екен? Елдің берекесі кетті. Аштық қабыргага батқанда адаминың есі кетеді де, пырқыран жан дауысыныңады екен! деп еске алады 90-та келген қариялар коцілдері босан, көздеріне жаса алын...

Нәубет жылдардың қындықтарын коріп, тауқыметтің тартқандардың қатары жылдан-жылға азайын барады. Тіпті сол кездерде 5-10 шамасында болған балалардың өздері бүгінде екесенин асын, тоқсанға таян қалған ак сақалды қариялар мен ак жаулықты әжелер. Олардың корген-білгендері, коцілге түтігендері ашарышылықтың ақиқатын ашуда шынайы дерек көздері болып табылады.

Ашарышылықты корген қариялдардың айтуышша, Жамбыл облысында аштықтан жаппай қыргынға үшінраған Шу, Мойынқұм, Қордай, Талас, Сарысу, Оулан-Ата аудандарындағы жағдай оте ауыр болған. Аштықтың ауыртывағынан түгендей қырылғын, жер бетінен жоғалып кеткен ауылдар аз болмады. Бірыңғай ацинылық нен балық

аулау да кейібір аймактарда ешкімді күткара алмады. Сол жылдары қуаңшылыққа байланысты бұл онірде егіс алқантарында астық шығынай калды. «Жұт-жеті ағайынды» деген осы пығар. Тіні, 1932 жылы қоқтемігі егістен калған тұқымдық астықтың өзі де Голощекинің нұсқауымен бір дән қалдырмай қайтадан тасып алыш кеткен.

Нәубет жылдары аштықтың дәмін таткан жаңдардың естеліктеріндегі халықтың басына ауырталық экелеғен түрлі оқиғаларды қамти отырып, оның себеп-салдарын талдан, оскепен ұриаққа жеткізу – біздің басты нарызымыз дең санаңық. Бұғынғы күннің басты мақсаттарының бірі – барынша тарихи әділдік орнату және еліміздегі болған зұлмат жылдардың оқиғаларын ұмыттыңай, қазіргі жастарымызды, болашектегі ұриақтыңызды тұған жерін. Оғаның қастерлеуге тәрбиелеу болыш табылады.

Оғызыниның жылдардағы ашаршынық – казак даласындағы ең касіретті де сұраныл кезеңдердің бірі. Ойткені, бұл кезеңде милионнадан жазықсыз жаңдар кырылды. Сол жылдары контеген болашагынаң зор үміт күттірғен жастарымыз тағдырдың аяусыз шешегеліне түсіп, аштықтың азабынаи коз жұмды. Бұл зобалаң жылдардағы қайылы оқиғаларды, дөрессе, жастар білуі тиес. Ашаршынықты халық арасында кеңінен насиҳаттау арқылы қазак тарихындағы ең қауіпті касірет болғандығын орта мектептерден бастап оқытууды қолға алатын мезгіл жеткен сияқты. Елдің басына тонген зор ауырталықтарда жастарға айта отырып, енді ондай қыны заманиның қайталашибауы үни біриене гасырлардан кейін көл жеткізген тәуелсіздігімізді мәңгілік етуге тәрбиелейміз. Соңдықтан бұғынғы және көлемнегітегі ұриақ тарихымызды бояған қайыны оқиғаларды білуі қажет, соңдай-ақ тағдырдың тозагына түсіп, азапиен коз жұмғандарды есте сактау – біздің борынымыз дең санағанымыз жон. Бұл еліміздің откен тарихынан сабак алу үшін керек.

Қорыта айтқанда, Жамбыл өзірін жайлайған ашаршынықтың иегізгі себебі – қазактардың малын орталыққа, колхозга дең тарғын алушадан бастанады. Аштап олу орын алды. Күнкорістің қамымен шетелге үдере көнгіті. Қазақстандағы ашаршынық туралы Кеңес оқіметінің құжаттарында толық мәлімет берілмейді. Жасырып калған. Қазак еліндегі нәубет жылдардың зардантары елі де болса жан-жакты ізденістер мен зерттеулерді қажет етеді. Мәселеге жақшаша карал,

мұрагат күжаттарымен бірге зұлмат жылдарды өз көзімен корген конекоз қариялардың көрген-білгендері, қоziге түйгендері туралы естеліктерін дерек ретінде қарастыру – сол жылдарданы шыныңдықты анатыны анық. Мұрагат күжаттары болмаса ишн тарихтың жазылуды қыни. Десек те, естеліктердің анатаршылықтың ақиқаты мен зардаңтарын анын корсетуде құндышының ерекше.

Әрине уақыт – емий. Кешегі зұлмат жылдары милионнадан жандар ғұлдай соңды, ал тірі қалғандардың жүргегінде жара жанды. Қанша жерден жаңың анын түреа да, зұлматты басынан откізген адамның сезінгейн сезіне алмайсың...

Антықтың азабын тартқан қариялардың естеліктерін жазып алуга комектескен азаматтар туралы

Сол жылдардагы антықтың ацы дәмін тартқан, небір қыныңдыктарды көрін әзер тірі қалған, бүтіндегі қариялардың айтқан әңгімелерін – тарих үшін құнды дерек көздері дең қарастырган жөн. Осындағы мәселе мен Жамбыл облысы аудандарындағы антық нәубеттің қуәгерлері болған қариялармен кездесең, қаралы жылдары оздерінің көрген-білгендерін айттың беруді отындік. Біздің тілегімізді ғұтинастап, шын ықыласпен қары алып, зобалаң жылдардагы ауыл-аймақтың және өз бастираңан откерген ауыр құндердің зардаңтарын айттың бергеніне біз қуашын қалдық. Бүтіnde омір сүріп жатқан карттардың көбі, сол кезде бала болған. Олардың балалық шағындағы тартқан азабы – бүкіл Қазакстандағы қазак балаларының азабы болғандығы шындық.

Нәубет жылдардагы қуәгерлердің естеліктерінде небір сұмдықтардың болғаны айтылады. Адамдарды антық нең азанты өмірден күткәруга Кеңестік билік тиесті деңгейде қоzi болмеген. Негізгі құнкорісі – маңдан айрылған ел төз-тоз болып, басы ауган жакка босып кеткен. Діттеген жеріне жете алмай, жојда қырылғаны қашама. Қуәгерлер адам етін жеген оқигаларды, жогарыдан түскен иңекау бойынша жергілікті билік окілдері маңды есепеіз сойып, дер кезінде оргалыққа жеткізе алмай жерге коміп тастанған сасыған еті де аштардың қорек еткенін және тынқан, торғай аулан тірі қалған жандар туралы да көздеріне жас анын әңгімелен берді.

Сол бір ауыр жылдарды артта қалдырып, қазіргі кезде балашағасының, немере-иінберелерінің тілеудің тілесі, қызығына қуаныш отырган ата-әжелердің естеліктерін жинауга комектескен Қордай ауданы. Көпші ауыльшының тұрғыны, ардагер үстаз Нистажан аксақалдың зұлмат жылдардың қыныңдықтарын бағынап көнірген, кейін Ұлы Отан соғысына қатысын, бір аяғынан айырылған жекеінен естігеп әңгімелері - сол жылдардың айқын көрінісі.

Қазақстан журналистер одагының мүшесі Мәкен Уактегі ауында осін, көп жыл Мойынкүм аудандарында еңбек еткен. 1990 жылдан когамдық омірге белсендін араласын, ел, жер тәгдірі туралы откір ойларын ортаға салып жүр. Аудандық, облыстық, республикалық баспаеоз беттерінде 300-ге жуық макалалары мен нағымдаулары жарық көрді. Ұзақ жылдар Қайрат Рысқұлбеков атындағы кордың торағасы ретінде елеулі іс-шаралар атқарды. Ол бірнеше кітаптың авторы.

Шу, Қордай, Мойынкүм аудандарын бірге аралаған кездे көнті көрғен карттардың наубет жылдардағы азанты өмірі туралы естеліктерін жинастыруда журналист М. Уактегінің көмегі ерекше болды. Сонымен катар ол озінің жеке мұрагатынан 1931-1933 жылдардағы аниарнылық жайлы Шу оқіріндегі ел аузында сакталған естеліктерді жинақтап, жарыққа шығунаша жәрдемін тигізді. Осіреке, оның мұрагатында сакталған аниарның елге аралаш түскен Нұрман би мен үста, зергер, еміні Нұржабек қарияның сонау отынынның жындары Шу, Мойынкүм оқірілеріндегі ел-жүргітті аниарынан күткәрудағы адам ерийлік орекеттері күн бүтінге дейін ел аузында сакталып, үриақтан үриаққа жағасын тауып келеді.

М. Х. Әұлати атындағы Тараз Мемлекеттік Университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Сейдахан Бақторазовтың мұранаттардан жинаған материалдарының кейібір мәселелері де жинаққа енгізілді. Галым бүтінгі күн Жамбыл облысы әкімдігінің жаңындағы ұлттық тарихты зерделеу жөніндегі Қорамдық кеңестің мүшесі ретінде Оңтүстік оқірдегі аниарнылық және саяси күткінсүргін мәселелерін зерттеумен шұғылданады.

Жамбыл облыстық «Ақ жол» газетінің менинкіті тілшілері Құрманбек Өлімжан мен Сәулембай Обеадықұлы, Мойынкүм ауданындағы «Мойынкүм таңы» газетінің редакторы Сұндеттула Обілов оз аймактарындағы конекоз қариялардан және мұрагаттардан

ағынған 1931-1933 жылдардағы ашаршылықтың зарданғары туралы бірлі-жарым материалдарды жарықта шығаруга көл ұшын берді.

Сол сияқты Мойынқұм ауданы Бірлік ауылдық округінің әкімі Талғат Мұсақұлов пен Бірлікүстем ауыльның тұрғыны, өткен ғасырдың 60-жылдары Новотроицкі интернат-пансионында (30-жылдардағы балалар үйінің гимараты) бірге оқыған сыйынғас досымыз Бұқарбай зұлмат жылдардың тауқыметін тартқан, небір естен кетпейтін ауыр құндердің қынышылықтарын көрген қарттармен таныстырып, олар туралы қосымша мәліметтер де жинауға белсендеп атсалысты.

Кезінде ашаршылықтың азабын тартып, көрген-білгендерін айтты берген қарияларға және жоғарыда есімдері аталған азаматтарға Жамбыл өңіріндегі қарттардың естеліктерін жазып алуға көмектескені үшін ризашылығымызды білдіреміз.

Бұкіл казақ халқының басына тәнгеи ашаршылық туралы айттылмаған адам төзгісіз зарданғар да, жазылмаған естеліктер де әлі көп екенін біз жақсы білеміз. Сондыктan да бүгінде аман-есен жүріп жатқан қарияларымыздың арқасында бұл тақырып жалғасын табатыны анық.

ШУ ӨЗЕНИДЕГІ КӨНЕКӨЗ ҚАРИЯЛАРДЫҢ ЕСТЕЛІКТЕРІ

ЕКІ ГАСЫРДЫҢ КУӘСІ БОЛГАН, ЛАЙЫҚТЫ ҒҰМЫР КЕШКЕН ЖҰМАХАН ҚАРИЯНЫҢ ӨЗ БАСЫНАН ӨТКЕРГЕН 1930 -1933 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІГІ

Балалық шағымдағы ауыр қүндер ұмытылмайды

Әйгілі Жетісудың бір тармагы – Шу өзенінің екі жагалауында аттылы кісі кіріп кетсе де көрінбейтін ну қамыс өсіп, қокке шашыныңан қамыстың етек жағын көк балауса құрак көмкөрін тұрады. Өзенінің жагалауы бұдан басқа да түрлі өсімдіктерге тоны. Осындай шебі шүйгін өзенде жағалай жабайы аң-кустар да мекен еткен. XX ғасырдың 30 жылдарындағы ашаршылықта ерінбеген ешті жандар аң-құс аулап, құнқөрістің қамын ажыратып отырған. Көнекоз қариялардың айтудыша, ең жыртқыш аң саналатын азұлы жолбарыстарды да аулаған кездері болынты.

Қазақ жерінің сегіз жұ шакырымын басып өтетін Шу өзенінің ірілі-ұсақты сексен ариасы бар. Сол ариалардың бірі – Сарыбұлак өзенінің бойында 1926 жылы Қаныбетов Жұмахан дүниеге келген. Ашаршылықтың дәмін татқан кария заман түзелгеннен кейін өзінің зеректігінің аркасында оқу оқын, білім алғын қарапайым қызметкерден Шу, Талас аудандарында және Тәжікстанда банк бастины қызметіне дейін көтерілген. 1945 жылдың наурыз айынан соғыс аяқталғанға дейін қан майданда болын, аз гана уақыттың ішінде срілігімен көзге түседі.

Қазақстан журналистер одагының мүшесі Мәкен Уактегі екесуміздің келген мақсатымызды білгеннен кейін ақсакал терең бір күрсініп алғы: «Сіздер тыңдаңыздар, мен өз көзіммен көрген ашаршылық жылдарындағы есімде қалған оқиғаларды қыскапта баяндан берейін» – деп әңгімені әріден бастағы.

Оң-солымды толық таңып білмесsem де, бес жастағы бала көзбен көргендерім, көнілге түйгендерім ұмытылмайды екен. Біздің жаққа да өкіметтің ұзын құрығы жетіп, мал дегеннен құр алақан қалғанбыз. Негізгі құнқөрісінен айрылыған жүрттыш жүйкесі тоза бастағы. Ыштымагы жарасқан елдің берекесі қашын кеткен. Сарыбұлак өзенін жағалай мекен еткен ағайындардың алды ата жүртшын қалдырын,

дүркіреп көшіс бастады. Кеше гана көрген адамыңды бүгін коре алмайтындаид күн туды. Кім қайда кошін барады? – деп ойлан қоямын. Бала болған соң бұл мәселеге канық емесіні. Әйттеір, аз күнде-ақ ағайындардың қарасы азая берді.

Жасы үлкен кісілердің егіліп жылағанын бірінші рет көріп, мениң де жан-дүнием азапқа түсті. Әсіресе, ақ сақалы қеудесін жаңқан, шашы түтіл қасы да ағарын кеткен бір қарияны:

- Атаңа нәлест Голошекин, бала-шагамызды маңыратыш қоятындаид, біз сенің әкесіді өлтірген жокызы ғой – деп жас балаша дауыстап жылағанын әлі күнге дейін ұмыта алмаймын. Туган-туысқандары оған басу айтқандай болып:

- Көке, мұныңыз қалай? Жаман ырым бастамаңыз. Құдайдың көзі түзу болсын деңіз. Әлі-ақ ауылға қайтын келеміз, - деген ізгі тілектерін айттын жатты.

- Кәрі қойдың жасындаид жасым қалды. Көшкілерің келіп тұрса сендер-ақ көшे беріндер...

- Шал-ау, бала-шағағашан бөлектеніп қалып, не іstemек ойың бар?

- Аштан өлуім хак. Бірақ кіндік кескен киелі ата жұрттыңды тастап кете алмаймын.

- Шал-ау, не деп кетті?! Ата жұрттан ажыран жатқан елдің алды да, арты да біз емесіз, жағдайымыз түзеліп жатеа, ауылға қайтын көшін келеміз.

- Мен айттарымды айттым, ойланатын түк те қалмады. Жасарымды жасадым. Тек сендердің амандықтарыңды тілеймін. Маған туган жерімің бір уыс қасиетті тонырағы бұйырса, соның озі жетін жатыр...

Бұдан әрі тағы да жылау, сыйтау, жоктау қөбейіп кетті. Мениң де бала жүргім егіліп, тұла бойым қалыныңдан үйге қарай жүгіре жөнелдім. Аты есімде қалмаган осы қарт кісінің бала-шағасымен көшін кеткенін иемесе өзінің ата жұрттыңда қалып қойғанын анық білмеймін. Әйткені, біздің де тағдырымыз тәлекекке түсті...

- Құлыным-ау, орнынан тұра ғой. Сенің үйқынды бұзбай-ақ қояйын десsem, сәскес тұс болды деген шешімің жылы сөзінен оянын кеттім. Үйқылы қозбен алғашқы коргенім біздің киіз үйді де жабыла жығып, жинауга кірісінгі. Шорман ағам шаңыракты ұзын бақанмен тірең тұр. Екі-үш кыз келінисек үйдің уықтарын шаңырактан ажыратып жатыр. Киіз үйді жинап жатканына қараң, біздің де

көштінімізге көзім әбден жетті. Сол сәтте кешегі қарт кісінің солының қабагы, оты оның бастағандай жанары көз алдымға келін тұра қалды да, жаң-дүнием іштей ариалыска түсті. Мен де тұган жерімді кимай көңілім босан, кошиейміз дең айқай салғым келді. Бірақ не істерімді білмей, қалай дау тутызуудың ретін таба алмай, үн-түсіз ғосылын қалдым. Менің біраз есесігіен тұрғанымды сезген шешем:

- Баламың ақылы көң, тұра ғой дең едім, атын тұрды. Қараң тұрған жок, өзінше таңыркан тұр. Тұбінде осы баламан бір жаксы адам шығады – дең шешем маңдайымды сиана, бетімнен сүйгенд болды. Елдің көзініше бірінші рет еміреніп, бауырына басқанда төбем кокке жеткендей қуанын қалдым. Асыл анаминың осындай ыстық ықыласы болмаса, кім білсін, мен де айқайға басар ма едім?!

Ата жұрган алысқа көшін-қонушылардың соңғыларының бірі біз болдық. Алайда біздің кеңжелен конуіміздің озіндік бір сырый бар еді. Кенес өкіметі колдагы бар аз ғана ұсақ маңды тәркілен алын қойғанына қарамастаң, әкем Қаныбетті «бай-кулаксың» - дең абактыға алып кетті. Басисең қайда барамыз? Аштан өлсек те, әке орнын жоғалғынға бел будык. Құдайдан сұрайтынымыз: «әкеміз аман-есен келсе екен, қайғысыз кара су ішсек те өлемесніз» дең өксүмен жүре бердік. Әкем бай да, кулак та, кедей де болған емес. Шағын ғана тұрмысы бар, ел катарлы бала-шагасын асырап отырган жан еді. Сонымен катар әкем тұзак құрын, ан-кұс аулаумен жас кезінен бастан айналыса бастаған екен. Бұл көсібі кейін тек біздің отбасымызды ғана емес, бүкіл ауыл-аймакты ашаршылықтан арашадан қалуга себеп болғанын қазіргі ауыл ақсақалдары айтып отырады. Біз әкеміздің кінасіз екендігіне құдайдай сенестінбіз. Бірақ жұмыр басты пәндеге сол кездे жала жабу, кінә тағу дегениң түкке тұрмайтынын кейін білдік кой.

«Акка құдай жақ» дегендей, әкеміз әбден тергелін, тексерілін, акталын кара орманына қайта оралды. Әкем Әулие-Атадан (казіргі Тараз қаласы) ауылға дейін жаяу жүріп, он бес күнде жетінші, не деген қайсар жан. Ол келе салысымен көшүгे дайындық бағалды. Үйде ат та, арба да жоқ болатын. Қаныбет әкем оны бір жақтан тауып әкелді. Үйдегі бар жүтімізді тиен едік, арбаның жартысы бое қалды. Сонымен, қайда барып, табан тірертінімізді әкем ғана білетін сиякты. Сарыбұлак тауынан еңіске түсіп, Шу өзенінен қалай откеніміз есімде қалмады. Күп-түн демей, токтаусыз жүріп келеміз. Қанна күн

жүргенімізді де білмеймін. Бір күні Ақсу деген озенің жағасына келіп, дем алыш әрі жүрек жалғаңдаі болдық. Баға болғандақтан шаршаганымды тез ұмытып, жаш-жатыма коз сала бастаным. Бұл күндізгі уақыт болатып, айнала алақападағыдан көрініп түрді. Сұлбасы адам кейінне келетіп доңкейшіп жатқан бір нарсөлерге козім түссе қалды.

- Ана, ана қарайғандар не нарсе?
- Қой, қарагым оңдайшарға қарамай-ақ қойшы...
- Қарасам, не қылады?
- Қорқын, шошын қаласың.
- Қорықпаймын ана, мен жігіт болын қалдым ғой.
- Нә, сен жігіт болын қалдың. Бірақ қарай берме, қазір жол жүреміз.
- Жүрсек, жүреміз. Бірақ анау адамдар емес не? Неге орындарынан тұрмай жатыр?
- Нә, адамдар. Олар елін қалған...
- Өлгөн адамдарды жерге көмүші еді ғой?
- Балам-ау, заманымыздың сиқы кетің, бұл бейшарапардың беттерін тонырақпен жабуга да жаңдайдың болмаганы да. Жүреік енді, - ден әкем бір терең күрсіпін салды.
- Әке, сіз жер қазыңыз, біз тонырақ салайық...
- Қой қарагым, жолдан қалмайық.
- Нере?
- Бұл адамдарды жерлемек түгілі, олардың жашына жақындауға да болмайды.
- Неліктен?
- Кім білсін, қашан қайтыс болғандарын. Жашына жақындасақ ауру тауын аламыз. Өзің көрдің ғой, бір емес бірнеше адам жатыр. Атаңа нәлест Голоющекин болмaganда, мұндай сүмдик болмас еді.

Біздің көш орынан қайта козгалды. Жол-жоніскей жантасілім еткен жандардың қарасы кон болды. Біреулері тіпті тірі тәрізді, көздері ашық күйінде қалынты. Ал кейбіреулерінің інтері кеүін кеткендейтін қарындары ала-ботеи шығын кетінгі. Сол түста Алша тағала маган бір жүректіліктің соулесін дарытқандаі әсер етті-ау деймін, серейіп жатқан олі денелерге каймактай қарай бердім. Қоркыныш – деген сезім менде ду дегендес болмады.

Адам корқайын дең, қорықтайды екен. Өмірімде бірінші рет айдаада аштықтан өлгөн адамдарды көргендіктен болар, біраз жүргенине кейін тұла бойымды бір түрлі үрдей билей бастағанын сезе бастағым. Түнделетін шағындау озеніді жағалаң бара жатқанбыз. Арба үстінде үш жанбыз: шешем, қарындасым және мен. Экем байгүс ат тізгінің қолына ұстан, жаяулатын жүрін келеді. Атқа қүш түсіргісі келмеді ме, көбінесе арбага отырган жоқ. Ай тумаган мезгіл болғандықтан, есік пен тордай аралық әзер көрінеді. Бір сөт жанжарыма алактаң қарай бердім. Шешем мұны байқаң қалып:

- Балам-ау, бір түрлі мазасыздандың той. Ақсұдан көрген нәрселерге шошын қалған жоқсың ба? – деп мейірін төкті.

- Жоқ, ана. Мен өліктерден қорықтайтындаі жігіт болып қалдым емес ие?

- Иә, шырагым. Үлкен жігіт болып, өсін келесің. Соңда да болса, қоziлің бір нарасеге алаңдай беретіндей. Тезірек жатын, ұйықтан қалғаның дұрыс шыгар...

- Ана, біздің арбамен ілесін, бір қара аю келе жатыр... Кейде төрт аяқтан, кейде екі аяқтан жүріп келеді. Әлі әзір маган қауіп төндірген жоқ. Сіз байқаған жоқсыз ба?

- Біссімілла, тағы не айтын кеттің? Қандай қара аю? Менің козімे еш нарасе іліккен жоқ. Экең алдымызда келе жатыр. Қорықсанға кое көрінеді деуін еді, қорықта! Келині құшағыма – дең, бар иеілімен аузыма бас бармагын салып жіберіп, таңдайымды көтерді. Бірақ копке дейін қара аю көз алдымнаң кетией-ак қойды. Қара аюды елеестегін жатын, қалай ұйықтаң кеткенімді білмеймін, күн ұясына шығын қалғанда оздігінин оянын кеттім. Жан-жағыма көз жүгіртіп, кепегі артыймыздан жүріп отырган қара аюды іздедім. Бірақ көзімे түснеді. Бұдан соң аю көз алдымнаң көлденең келіп, есімді шыгаратындаі елеестеген емес. «Осындаі да гажаң құбылыс болады екен-ау» деп, копке дейін ойымнаң кетией қойды.

... Бұл 1929 жылдың қоңыр күзді болатын. Қырғыз елінің Соқылық деген елді мекенинен ат басын тіредік. Қөрмеген жердің ой-шүқыры кон. Енікімді танымаймыз. Экем жалынып жүріп, бір қырғыздың мал корасының жартысына жайласуға рұқсат алды. Біз секілді босқын қазактар бұл жақта да жеткілікті екен. Дегенмен, қырғыз ағайындар көп үшін берді. Сын сағатта сағымызды сындырмады. «Антықта жеген қүйкапың дәмі кетиейді» - деген аталаы сөздің растиғына козім

жетті. Содан бері қыргыз ағайындарға бүйрекім бұрын тұратын болды. Қораны тазалан, оның табанына құм тосец, қамысмен бетін тегістедік. Қамыстың үстіне өзімізбен бірге ала келген тозыны жеткен тексеметті төседік. Қора деген аты болмаса, жататын жеріміз табылды.

Бірақ біздер тыныш жатын, үйнектай алмайтын болдык. Ойткені, қораның екінші жартысында кодас байлаулы тұрды. Қодас - дегеніміз таулы оқірдің сиыры екен. Оның еті де, сүті де қадімгі сиыр малынан сапалы көрінеді. Бір жаман жері, су інікісі келсе де, шоң жегісі келсе де шошка сектілді қоревілдан шыға келеді. Бұрын мұндай «көреметті» көрмеген шақшаңай басымыз, шарадай болды. Барар жеріміз, басар тауымыз болмаган соң осы қорада тұра беруге көндік.

Қораның бір шетіне өзіміз жасаған алған пісікес шешем ертегі-кеш шөп-шалам тауын әкелін, жағады. Оған көже пісірін, шай қояды. «Шықна жаным, шықна» - деп жүрін осы қора бізге қыс бойы баснана болды. Пештің қызыу бар, кодастың денесінің жылуы бар дегендей, шынын айту керек, жаураи, тоңған жокиңз. Ойткеүір, малмен бірге қорада тұрсақ та келер жылдың көктеміне аман-есен жеткенімізге шүкіршілік стік...

Әкем бізді қайда әкелді? - деп бас қатырын жүрсем, бізден бұрын елден кеткен үлкен аға-әкиселерім де осы жақта екен. Жат елде, шет жерде шұрқырасын, қайта табыстық. Қоқтем шығысымен құнкорістің қамына кірестік. Әкемнің қандай жұмысмен айналысын жүргенін білмеймін, әйтеүір үйден ерте кетін, кени келетін. Ал шешем, Жұматай ағам және мен үшлеуіміз дүңгеленің бау-бақиасын құтін-бантаяуга барын жүрдік. Әкиселерім Құміс пеш Тынынтық та дүңгелдер мен қыргыздарға жақданын, үй шарапаларын айналдырынты. Мұндай мүмкіндік біздің аиттыққа үрінбауымызға себеп болын, маңдаймызға жазынған бағымыз болды десем артық айтқандық емес. Жиши-терінен кейін масақ терін, картон, сәбіз, шияз және басқа да оғім түрлерін өзіміз үниш жинап алдык. Тағамнаи таршылық көрмейтінімізге қуанин жүрдік.

Жаз шыға бере, кодасмен бірге түрган қорадан бір орыстың бір болмелі бастырмасына кошін келдік. Бұл жердің де шекесі қызын түрган жок. Тіпті, жабарға есіргі де болмады. Шешем есік орнына еекі қалыңдау матаны тұтын қойды. Осы орыстың үйінде екі айдан аса тұрдык. Содан кейін үлкен ағам жақданын жұмыс істейтін дүңгеленің темекі жанырактарын көнтіретін шагындау екі бөлмесін пәтерге

аудық. Тынқанның танауындай тар бөлімде сегіз жан тұрамыз. Үйдің іші тарлық ете берген соң әкем сілден әкеleген күрама киіз үйін қайта жиыстырып, есік алдына озініне отау жасады.

Қысқа жетеді дең дайындаған азық-тұлғаміздің қоқтем шыға бересінде коріне басталты. Бұл нағыз жуаның жіңішкерін, жіңішкенің үзілер шағы. «Жаз шығын, алғашқы кек-сөк піскеніне қалай күн кореміз?» - дең әке-шешемнің қабагы түсін, қатты алаңдаганын жақсы білемін. Бала болсам да жүргегім неңің жақсы, неңің жаман екенін сезетін. Абырой болғанда, сол тұста әкем өсімдік майын шыгаратын мекемеге жұмысшы болып қабылданды. Екі қолға тұракты жұмыс табылған соң ерімізге бір нәрсе тиер дең ойладык. Айтқанымыз айдай болды. Әкем жалақысына шытырлаган ақша алмаса да, майы сығын алғынған жмықтан алыш тұрды. Сол кездे қырғыз жерінде маңта, күнбағыс, күнжіт секілді майлар дақылдар осірілетін. Осы дақылдардың дәндөрінен сүйік май арнайы қондырғылар арқылы сығын алынатын. Майдан ажыраған бөлікті жергілікті жұрт жұмық дең атайдын. Сол жмықтың өзі ақша орынна толепін, көдеге жарайтын.

Улкендердің айтуымен Жұматай ағам екеуміз жмықты пұлдан, базарға шыгаратын болдық. Ағам жеті жасқа толған. Мен одан екі жас кінімін. Шаршан, шалдынуды білмейтіп кезіміз. Оның үстіне базарға барын, колындағы тауарды пұлдан өткізудің өзі бір қызық. Жолға шынап алдында Шорман ағам өзініне былай дең кесес берестін:

- Ауыздарынды анын, караш тұрманцдар. «Кімге дәмді, әрі сапалы жұмық қажет?» - дең откен-кеткендерге жылы шырайлы тіл қатындар.

- Енкім алмай қойса қайтеміз?

- Алады. Бұл тауарға қолы жетней жүргендер көп. Ең бастысы, алушынармен тіл табысын, сөйлессөз біліндер.

- Торт болік жұмық беріп отырсыз, оны қапшадан сатамыз?

- Ей, бауырларым-ай, елдің коншілігі өзіміз секілді. Ақша деген кат болын тұр ғой. Нанға, сұтке айырбастаушылар табылыш жатса, бере беріндер. Біз үшін тауардың откені керек.

- Жарайды, қоқе – дейді Жұматай ағам берілген таисырмаларды шын мәніндеге түсінген болыш. Мен де бас изен коямын. Ақшаны кормессем де, тиынды аздап танимын.

Базарға барған алғашқы күндері жолымыз болыш тұрды. Қоқеміз айтқандай, күр алақан емесніз. Бір күні наан алыш қайтсақ, бір күні сұт

көтеріп келеміз. Азын-аулық тиындар да алақанымызға түсे бастады. Ұұрынғыдай емес, базардың да паркын біле бастадық. Әке-шешеміз қуаныш, арқамыздан қақты. Ұлкендердің сеніміне кірген сайнан базарға баруга ыншамыз артып тұратын болды.

Таты бір күні жмықты нац, сүтке айырбастаң, ағам екеуміз алаңсыз үйге келе жатқанбыз. Қайдан тап болғанын білмей қалдық, бізден сресектеу бес бала алдымызға көлденең тұра қалды.

- Әй, бала, қолындағыны берे сал да, жөніңе жүре бер, - деп біреуі бізге өктем сөйледі.

- Бермесем қайтесін? – деп Жұматай ағам қарсылық білдіріп еді, оны итеріп жіберіп, қолымыздагы барды тартып алды. Олар кетіп бара жатын:

- Біз туралы ата-аналарыңа ауыз ашатын болсаңдар, келесі жолы мұрындарынды бет қыламыз, - деп жұдырықтарын түйіп, жағт беріп жоқ болды.

Үйге ұнжыргамыз түсін оралдық. Ол аз болғандай, шешемізді коргенде жылап жібердік. Мұндай кияннатты кім көрген? Кепкісін отбасы мүшелері толық жиналғанда, болған оқига толық баяндауды. Сонда Шорман ағам ашууланып:

- Сендерді тауықша талан, баланықтай илеген кім екенін таний коймаспай – деді.

Оқыс оқигадан кейін де біз базарға баруымызды жалғастыра бердік. Түк болмағандай, түк кормегендей еркін жүреміз. Өйткені, екеумізді Шорман ағам таң ертеңмен базарға алғын барады да, тал түстө үйге ертіп келеді. Ұлкен ағамыз жанымызда жүргендіктен, тапқан табысымыз озімізге бүйірін жүрді. Сонымен катар су сатканға да машықтанып алдық. Қуи ыстық. Әсірессе, сәске түстен бастап, құп қызуы арта береді, әркімді де шөл қысады. Осындай кезде Жұматай екеуміз базардан алыстау қазылған құдықтаң жарты шелек суды қол ұстасып, көтеріп келеміз. Байқасақ, базарда алушылардан горі су сатушылар көп көрінеді. Біз оған қоюл болған жүрген жокиңиз. Қайтсек те су сатып, інақы табуды ғана ойлаймыз.

Су сұрайтындар да аз емес. Бірак қындығы сонда, берген сұнынды тамшы қалдырмай ішін алғын, ақысын төлемей кетстіндері де бар. Кейбіреулері: «Балам, көп рахмет. Бақытты бол» - деп жыныс сойлен қана жүре береді. «Құдайдың қара сұны жас бастарыңмен неге пұлдан жүрсіңдер?!» - деп реніп білдіретіндер де кездесін қалады.

Сол себептен бірде сүйсінеміз, бірде күйінеміз. Кейде қаңылтыр ыдысмен бергсін сұымызға бір түйір картоп аламыз. Саудамыз дүрілден тұрмаса да тұске дейін базарды шыр айналып жүгіріп жүреміз. Бізге мұның бәрі қызық көрінестін.

Сатуны мен алушыны былай қойганда, базарда қос қолын жайып, қайыр сұран отыргандар да жеткілікті. Олардың көбісі жүрін тұра алмайды. Қөздері жәудірең, сріндері жыбырылап, шамасы жестесе қолыңдағыны тартып алғысы келеді. Тіпті ондай жандардың сүйектеріне терілері жабысын қалғанын байқайсың. «Ат арыса тулак, адам арыса әруақ» - деген аталы сөз шыныда рас екен. Аузына бір түйір дәп салмагандықтан, аштық қыскан адамның түр-түсінен коркынышты нәрсе бола коймас. Тіпті, кейбіреулері ашаршылықтың азабын тартқаны соншалық, ісін-кеуіп кеткен. Үн-түнсіз сұлық жатыр. Ондайларға бір жұтым су ұсынсақ, ішуге шамалары жетпейді. Таңқандары таусыла бастаған тіршілік ислері екенін жазбай танисың.

Ертесіне базарға келгенде олардың біразы көзге түснегі қалады. Мұсәнірлердің аты-жөнін білмесек те мұсіркен, бала көніліміз бәріне де алаңдайды. Бір күн үлкен ағамнан:

- Кемегі көрген адамдарымыз көрінбейді. Олар қайда кетті? – дәп сұран едім.

- Жаһанинамға кетті – дей салды. Бұл сөздің түп-төркінін жете түсінбесем де, ағамнан қайталап сұрауға батылым жетпеді. Ол кісінің кейде күнеген мінез танытатыны бар. Бір нәрсени айтЫп, ұрысын тастай ма деген оймен аузымды ашпағым. Сәті келгенде өзіміздей су сатып жүрген ересек баладан:

- Жаһанинам деген сөзді түсінесің бе? – дәп сұрай қалдым.

- Ой, бокмұрын соны да білмейсің бе?

- Білсем сенен сұран нем бар?

- Жаһанинамға кетті деген сөз, адам өлді деген сөз.

- Базарда бүк түсін жатқан адамдарды кеше гана көрсек, бүгін орындары үйрәйін жатыр. Соның бәрі өліп қалды ма?

- Иә,солай. Оларды түпімен арбага тиеп, шеткегі жаққа апарып көмін тастайды. Әйтпесе, өлгегін адамнан неше түрлі ауру тарағ кетеді... Енді түсінгеги ишігарсың...

Базарда күнде екі-үш пенденің жаһанинамға атташын жататындығы үйреншікті нәрсеге айналды. Қайғырып, жылан жатқандар шамалы. Әркім өз басымен әлек болғандықтан дауыс

шығарушылар да жоқтың қасы. Адам шығыны аз болмаса да, базарда әлсірең жатқан адамдардың қарасы үзілген емес. Қайта күн сайын анықкан адамдармен тоныса түсстідей. Қапша дегенимен, ашаршылық алкымшын алыш, тынысымызды тарылтада түсті. Бірақ адам баласы итжанды деген рас екен. Өлместің күнін корін, кедейшіліктің кебін кисек те, жарық дүниеде жер басын жүргенімізге шүкіршілік еттік. Дәм-тұздары таусылғандар өмірден өксік жұтын, бұл дүниеден озын жатты. Кірлігі қымылдан тірі қалғандар: «Құдайдың бір жақсы күні болар-ау» - деп үміт отын өшірмедин...

Менің анам орта бойлы, ажарлы кісі болатын. Жайдары жүзінен мейірім есіп, ұяңдау жаңарынан нұр төгіліп тұратын. Бала біткеснің берін өз баласындай жақсы көрді. Ата-бабаларымыздың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпыш қолынан келгенше құрметтең, сақтайтын. Аузындағы скі сөзінің бірі «ұят болмасын» деген сөз сді. Соңдай-ак өзіміз жарымай отырсақ та, қолы ашық болатын. Сол кезде үй-үйді аралап жүретін ашықкан адамдар көп-тұғын. Солардың кез келгені біздің үйге келе қалса, шешім бәйек қагатын. Олардың дорбасына түк болмағанда, жарты шыныаяқ талқан салын беріп жатқанын талай көрдім. Тіпті кейбіреулерінің аты-жөнін, шықкан тегін сұрастырын жататын. Кейде олармен мұңдастырып, жылан қалатын кездері де болды. Әруағынан айналайын, асыл анам осындаі ақ пистімен біздерді ашаршылық құрсауынан аман алыш шыққандардың бірі, бірегейі той...

Бір күні әкем жұмысынан көнілді оралды. Бұл жолы жүзі күлім қағын, арқасын кеңде салғандай болып тұрды.

- Отағасы-ау, бүгін көнілдісің. Не істен келдің? Әлде көлденең табыс тапқансың ба?

- Мына тұрған табысты айтасың ба? Одан да зорын естін келдім.

- Айтсаңцы, біз де білсейік.

- Ел жақтан жақсы хабар жетті. Елде тыныштық орнау, берекс бола бастапты. Әкімет азық-түлікінен комекесседі екен. Егіннілікпен айналысадындарға түкүм таратынты. Босқын болып кеткен қазақтардың алды ауылдарына қайта көнін келіпті. Бұйыртса, біз де ауыл жақты бетке аламыз...

Бұл жақсы хабар жаңамызды жадыратты. Бірақ біржола көнін-конуга шамамыз жетінейтін тәрізді. Соңдықтан ауыл жаққа бір қарыс жақындау мақсатымен Соқылықтан қопыс аударын, қалың

кыргыздың ортасына таман жақындастық. Айыр қалпақ, қиген агайындармен бірге ауыл тірлігіне қоян-қолтық араласып, көктемде жер жыртсының, егін ектік. Жазда шөп жинап, дән бастырып, су сугардық. Күзде жиын-терінге қатыстық. Ең бастысы, бұл жерде аштыққа ұшыраған жоқызы. Бір жылдай осында тұрып, ерте көктемде ата жұртқа көш керуенін түзедік. Қырғыз жерінде Лаха атамыздың, Орал атамыздың, Жұмасай ініміздің сүйектері қала берді. Ешбір хабары болмай, жоғалып кеткен Күміс әкпемізben де іштей қоштастық...

Дәм-тұз бұйырған қалғандарымыз елге табан тіредік. Қазіргі Қеккайнар ауыльның шығыс бөлігіндегі төбелеу жерге көшіп алдып, шағын күркеше тұрғызып алдық. Біреулер жертөледе, енді біреулер қабырғалары қамыстан тұрғызылған үйлерде тұрып жатты. Жетіснесушилік жағадан алыш тұрғанда, үлкендердің жан бағып, бала-шаганы асыраудан басқа ойы болмады.

Сол жылы бұрынырақ құрылған артелдер таратылып, колхоздар құрыла бастады. Біздің колхоз «Бірінші май» - деп аталды. Елдің басы бірігін, құші қосылған соң шаруа да жүре бастады. Көшпелі елдің Қеккайнарға тоитасуының өзіндік бір сырьы бар сияқты. Біріншіден, Бішкекке апаратын құре жолдың бойы. Екіншіден, Сарыбұлак, Үшірлі тауларынан бастау алатын бұлақтар да Коккайнардың маңынаң Шу өзеніне карай ағып өтетін. Сондай-ақ Қеккайнардың шығыс жағындағы ойпаң жерде шыңырау құдық бар болатын. Құре жолмен ары-бері қатынағандар осы құдыққа тоқтап, шол басатын. Үшіншіден, сол кездे елді мекендерді нөмірлен атайдын. Мәселен, Қордай бірінші, Успеновка екінші, Благовещенка үшінші, қазіргі Қонаев ауылы төртінші, Бірлік (Қектерек) бесінші, Гуляевка алтыншы ауыл саналатын. Осындай тұрмысқа жайлыш жағдайлар басты назарға алышын отырса керек.

Сол жылы астық көп болды. Жиын-терін толық біткен соң, енбек үлестеріне карай колхозшыларға сәбек ақы ретінде бидай берілді. Шеңбеміңің айтуы бойынша біздің үйге он екі шелек бидай бұйырышты. Қашқа түскен бидай қазанға да түсті. Өмірімде бірінші рет қара көкжес тойғанымды сиқашан ұмыткан емеспін. Оның қара көкжес болатын себебі, ешкімде мал болмағандықтан ет, сүт қайдан болсын. Қатықсыз қара көкжес де кәдімгідей әл берді. Қазақтың «Қайғысыз ішкен қара көкжес де семіресің» - дегені рас болып

шықты. Бидайды тас диірменге салып, оны үршықша айналдырып, ұнтақталған талқан етіп алатынбыз. Талқанинан қара көже дайындалатын. Бидайды қуырып та жейтінбіз. Бидай ұнынан шешеміз қазанға қатырма жасап беретін. Сөйтіп, қарнымыз аш болмайтын кезге де жеттік-ау, әйтеуір!

Уақыт өте бере жан-жаққа босып кеткен ағайындардың басы құрала бастады. Тірілері қайтты, өлгендері қалды дегендей, тіршілік жалғаса берді. Тау бөктеріндегі Үнгірлі, Сарыбұлакты мекендердегендер төменге қоныс аударып, Көкқайнар деген колхоз пайда болды. Қыргызстанның Қарабалта өзенімен қабыргалас жатқан Ақсу өзенінің бойында Ақсу, Калинин және қуре жолдың бойында Жданов колхоздары бой көтерді. Бұл шамамен 1932 жылдың аяғы мен 1933 жылдың бас жағы болатын.

Киерге киім, ішерге тамақ тапшы болса да, сол кездің адамдары айрықша ақжарқын, ынтымағы мықты болатын. Қолдарындағы барларын бөлісіп, бір-бірімен жан ауыртпайтындей әзілдесе беретін. Жоғарыда айтқанымдай, әкем жас кезінен аң-құс аулауды әдетке айналдыրған екен. Сонау бір үзім нанга зар болған заманда Қаныбет әкем тұзак құрып, аң-құс аулап, бүкіл ауылды аштықтан аман алып қалудың неше түрлі амалдарын қарастырганын күні бүгінге дейін ауыл ақсақалдарының айтып отырганын талай естідім. Өзім де әкемнің ауылдастарына көмектескенін көрдім.

Әкем тұзак жасаудың нағыз шебері болатын. Ол жылқының құйрық жалын күзеп, оны кендірдің жібімен бірге өретін. Эр тұзак 80-100 көзден тұрады. Сол тұзактардың үш-төртеуін кешке қарай қамыс тоған мен қырдың аралығына желісін тарқатып, құрып тастайтын. Өйткені, қыргауылдар құндіз қырга жайылып, түнге қарай қалың қамыстың ішіне түнейтін. Ертесінә әкеме ілесіп, тұзак құрган жерге баратынын. Тұзакқа ілінген қыргауылдар көп болса, мен де оны көтеріп келуге көмектесемін. Кейде тұзакқа қоян да түсіп қалатын. Олардың кейбіреулері тұзакты тістерімсін үзіп, шығып кеткендері де болды. Көбінесе олжала оралатынбыз. Әкем ауылдың шетінен бастап, қолындағы қыргауылдарды бір-бірлен әр үйге үлестіріп шығатын. Мұндай тірлікке ел де үйреніп қалады екен. Екі көздері төрт болып, Қаныбетті күтіп отыратындар да аз болмады. Ол құс аулаумен қатар балық аулаудың да әдістерін жақсы білді. Әкемнің осындағы қамқоршы болғанын ауылдастары әлі күнгे дейін

айтын отырады. Ол сүбеккөр болумен бірге өнер десе ішкен асын жерге коятын. Ақындығы айқын көрініп, жас кезінде серілеу болып өсінгі. Сонымен бірге ашаршылық жылдарында елге жасаған қамкорлығына байланысты болар, әкемді ауылдың үлкен-кішісі азан шақырып қойған атымен атамай, бәрі келісіп алғандай «баба» деп атап кесткен. Бәлкім, бұл слдің әкемізге деген сүйісненшілігі шығар.

Кезінде Ұлы Отан соғысының ардагері Жапсарбайдың әкесі Болатқұл кариямен көршілес тұрдық. Жапсарбай қазір ауылда тұрады. Менімен кездесе қалғанда:

- Бабамың аркасында күнде тауықтың етін жен жүрдік ғой – деп аузына тастамайды.

- Жегеніңізді айта бермей, көргеніңізді де айтпайсыз ба?

- Бабамыз сегіз қырлы, бір сырлы еді. Ақындығы мен әншілігіне таңқалатынбыз. Әсіресс, «Маусымжан» - деген әнді қоңыр даусымен бауялатып, жіңі айтатын.

- Иә, дұрыс айтасың. Мен де жақсы білемін...

Әкем жайлы ел ішінде айтылып жүрген әңгімелер көп. Оның қайсы бірін айта берсай...

1933 жылдың күзінде мен мектептің есігін ашып, бірінші сынынқа бардым. Отыратын парта деген атымен жоқ. Екі шетке қатар қалынған қазыктарға ұзындау стіп, тақтай тәселген. Орындық орнына да арқалығы жоқ тақтай қойылған. Мектептің өзі жер кепеден аумайды. Соңда да мұғалім сабак беріп, баларап оны бар ынтастымен тыңдаған отыратын. Бір сынышта 1,2,3 сыныптың оқушылары бірге оқыдық. Сол кезде оку үлгерімі жақсы оқушылар бір жылда екі сынынтың бітіретін. Ағам екеуміз озаттар катарына қосылдық. Жарты жылдан соң мұғалім мені екінші, ал Жұматай ағамды үшінші сынынқа көшірді.

Атың өшкір ашаршылық менің балалық шағымның ұмытылmas күндерін осылайша ойран-топыр етті емес не?! Сол кездегі коргендерімді айта берсем, ақ қағаз жетер мес екен. Содан бері табаны күрекстей сексен жыл өтіп кетсе де, ашаршылықтың азабын ұмыта алмай келемін. «Жазылмайтын жара жоқ, серпілмейтін аза жоқ»- деген халық даналығына сүйсніп, бәріне шүкіршілік етемін – деп, абыз қария әңгімесін аяқтады.

БІРЛІКҮСТЕМ АУЫЛЫНЫң АҚСАҚАЛДАР АЛҚАСЫНЫң ТӨРАҒАСЫ СМАЙЫЛОВ АЛТАЙ ҚАРИЯНЫң АШАРШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ЕСТИГЕН ӘҢГІМЕЛЕРІ

Елге қамқор болған Бәкі бидің көрген азабы...

Алтай ақсақал Үңгірлі өзені бойында ұйымдастан «Үңгірлі» колхозында 1940 жылы дүниеге келіпті. Мен XX ғасырдың 30-жылдарындағы қолдан жасалған ашаршылықтың неге болғанын ата-аналарымнан, туган-тұысқандарымнан естігендерімді айтты берейін – деп, жетпістен аскан қария әңгімесін баставы.

- Әттең шіркін, сол кездің шыныдығын анықтан біз сұрамаппсыз, ал олар да өздері бастарынан кешірген күгін-сүргін, ашаршылықты түгел айттып берген емес. Өйткени, бұл туралы әңгіме козғауга Кенес өкіметі қатаң тыйым салса керек. Дегенмен, анда-санда үзік-үзік әңгімелерді олардың аузынан естіп қалатыныбыз.

Мениң билетінім, ежелгі дәуірде Үңгірлі кішігірім тау өзені, екі қапталындағы қыраттарды жарышті, 30-40 шакырымдай қашықтықта жатқан Шу өзеніне барып күяды екен. Ал казір өзенінің суы бұлақ болып ағады да, Шу өзеніне жетпей жерге сізін кетеді. Анықтап қарасақ, кезіндегі аққан ариасы сол қалыныда жатыр.

Әкем Смайлдың айтуынша, XIX ғасырдың басында Үңгірлі өзені бойын жағалай Дулаттың төрт базасының бірі – Ботпайдан тарайтын Майлыбай аталары коныстанынды. Кенес өкіметі орнамай түрганда өзеннің бойын жағалай әр ата өздерінің жакын ағайындарымен бірге тау қыраттарының ығына қыстау салып, азды-көпті төрт түлік малын бағып, ынтымагы жарасқан ел екен. Сол тыныш жатқан жұрт Кенес өкіметінің солақай саясатының аркасында аяқ астынан бір-біріне жау болып, ағайын арасы бүлініп шыға келді. Ел ағалары құғын-сүргінге ұшыраған, итжеккенге айдалды. Біздің Асай ата үрпактары ашаршылықтың алдында 30 тұтін екенібіз. Альс-жақын ағайындардың бізге қызыға караитын себебі, бір атадан 30 жігіт шығып көкпарды ешкімге бермейді екен. Сол зұлматты заманнан кейін 8 тұтін ғана аман қалынды. Үңгірлі жеріндегі Майлыбай елі Асай атадан тараган Бәкі бидің бакылауында әрі қамқорлығында болынты.

- 1929 жылдың көктемінде ауылға өкіметтің 3-4 уәкілі, қайдан келгені белгісіз, сау етіп келе қалды. Олар Бәкі бидің бар малын

ауылға айдан келіп, тізімге алыш түгсілдей тәркілең алды. Келген үәкілдер Үңгірлі өзенінің бойында отырган барлық үйлерді арарап, бай-кедей демей бір тұқ қалдырмай тәркіледі. У-шу болған елгс де, көз жасын көл қылған бала-шагана да, тіпті ауыл қарияларының жаһынғандарына да қарамай төрт түлік малды ортаға жинаң, бірін қалдырмай тартып алды. Өкімет адамдары ауылдан шықкан біраз белсенділерді қосып алыш, жиналған малды белгісіз жаққа айдан әкетті. Ел-жүрг ңе істерін, қайда баарын білмей шұрқырап қала берді. Екі-үш күн откениен кейін тағы бірнеше үәкіл келіп, Үңгірлінің бір койнауына бәрімізді жинаң, қосыны-артелге біріғіп жұмыс істейсіңдер деп, киіз үйлерді көше қылып тіктірді. Арамыздан шықкан Досымбектің баласы Қарақойшы деген ағайын, өзі белсенділік көрсеттің елдің малын тартып алуға үәкілдерге көмектесіп жүр еді, бізге оны бастық етіп сайдады. Ал Бәкі ағамызды елге қоспай, үйін таудың басына бөлек тіктіріп тастады. Осындай сойканды корген жұрт түңделеттің жаш-жакқа көше бастады. Мен де баламды алыш, ешкімің көзіне көрінбей, көнтеген кындықтарды бастан откізіп қыргыз жерінә жеттім-ау, әйтеуір! Сол жерде бір орысмен тапсыны, соның қарамагында үш жылдай жалшылықта болын. Әүпірімдең ашаршылықтан аман-есен шықтық қой. Қырғыз елінде біраз әл жинаң алғанин кейін ғана туган жерге кайтып оралым - деген әкемнің әнгімесі есімде қалынты.

Антыктың дәмін таткан, қасіреттің көрген Мәдімер ағамның да әнгімесін тыңдағаным бар.

- 1930 жылдың қысына дейін көшс алмай қалған халық ашыға бағсады. Малдан түгел айырылыш, жасырып қалған азын-аулық азық-түлігі таусылған сл кайыршы бола бастады. Өзім көрген қасіреттің бірі - Бәкі бидің отбасы түгел аштықтан жаш тапсырды. Бәкі ағамызды жаным құйзеліп, көзінен жас сорғалап бір таудың қуысына анарып ешкімге көрсетпей, әрен дегенде жерледім. Өйткені, шаш ал десс, бас алатын үәкілдер биге көмектесуге де, тіпті, маңына жолаута да қатаң тыйым салған еді.

Көшій қалған бірен-саран адам Үңгірлінің сай-сайын арарап таңғажу ететін жауажұмыр деген өсімдікті теріп жеп, жан сақтады. Кейін білдім, Қаушак деген кісі тасбака, жыланды ұстап алыш, суға қайнатып асып жен, аман қалынты.

Бір кездесіп қалғанда Ақшабайдың Мәлібегі де сол зұлмат жылдардағы оз көзімен корген оқиғаларды айтты беріп еді.

Бішкек қаласының шетінде жан-жактаң көнін келген бір ауыл қазақтар құнімізді көріп жаттық. Сол кезде мен 15 жаста едім. Мені атқа мінгізіп Шу бойындағы Қарақыршын деген жерде тұратын ағайындарға жұмсады, егер ашығын отыреа бізге көнін келсін деген хабарды жеткізуді тансырды. Шу өзенін жағалай жүріп келемін, жол бойы шуап жатқан ел.

Қараасаң ұсқындарынан жан шопиды, коздері үңірейіп ішіне кіріп кеткен. Біреулері аяқтарын әзер көтеріп, ілбін келе жатса, ал кобісі жол шетінде құлап жатыр. Бағтарын сол көтеріп көл бұлған мені шақырады, оларға жақынданамай алсырақ жүремін. Кейбіреулері орындарынан тәлтіректен тұрып, маған қарай ұмтылады. Бірак әлеіз жандар бір-екі аттан барып, етпетінен құлаң жатады. Бір жағынан, олармен сойлесуге көркемшілік, ал екіншіден, қанша аясам да аиттықтан өлсейін де жатқан адамдарға комек беруге дәрменеізбін. Жолға дең алыш шыққан жүрек жалғауға ғана жетегін тамагым таусылының, өзімнің де ашының, әлсіреп келе жатқанымды бұл бейшаралар қайдаң білсін. Жол-жөнекей Шу бойындағы қазіргі Ендекін деген елді мекенде тұратын нағашымның жағдайын біле кетейін дең аттың басын бүрдым. Мені көріп, жылан жіберді. Жақында ғана нағашымның әйелі өліп, екі балаасымен қалған екен.

Көзіңен акқан жасты токтата алмай, қинальын бынай деді:

- Қарагым, біздің халіміз нашияллады, мына екі баламен нәр таптағаналы бірнеше күн болды. Орынызыдан қозғалуға шамамыз жетпейді. Осымен дәм-тұзымыз таусылатын шығар.

Мен не айтартымды білмей, сасқалақтан кетуғе ыңғайланған бастап едім, сол тұста нағашым: «куыс үйден күр шықса» дең, орамалдың шетіне буылған талқашан ауыз ти дегенде болмады, отырған екі бала атын тұрып орамалға жармасқанда аз ғана талқан жерге тогіліп калды. Соңда балалар жерде шашының жатқан талқанды етпетінен жата қалып тілімен жалғанда тобе шашым тік тұрды.

- Енді қош сау болып тұр – дең, нағашым менімен жылан қоштасты. Кейін естідік, ол коп ұзамай балаларымен бірге ашаршылықтың құрбаны болынты.

Зейнен экпемнің Бәкі би туралы естелігінен есімде қалғандарын тагы да айтын берейін – деп, Алтай ақсақал әңгімесін одан әрі жағастырды.

- Зейнен маған туыс болын келеді. Ол бала кезінде көргендерін былайша есіне түсірді:

- Біздің үй Бәкі атамыздың оң жағынаан тігілетін, еншісі болінбеген әкем бидің берген тапсырмаларын күн болсын, тұн болсын бұлжытынай орындайтын ең сенімді адамы еді. Би атана бүкіл ауыл құрметтеп, алдын кесіп откен жанды көрген де, естіген де емесін. Ертегі-кеш үйнен адам үзілмейтін, онға жуық бие байлатып, келген қонақтарымен және ауылдастарымен бірге қымыз ішіп, әңгімелесін отыратын. Бәкі бидің ерекшеле бір қасиеті адамды жаман, жақсы деп бөлмейтін, қарамағындағы малшы болсын, ауылдың ақсақалы болсын, тіпті жолаушы болса да өзі отырған үлкен үйге кіргізін алыш, олармен әңгіме-дүкен күрүп, ерекшеле құрмет көрсететін.

Бәкі биге ея ағалары ауыл-ауылдардан келіп, елдің тұрмыстіршілігі, мал жайылымдарын және басқа да күнделікті қажеттіліктерін ақылдастып, шешіп отырган. Бала кезім көп мәсселені түсіне бермеймін, соңда да анық білестінім Би атамызға көп адамдар келіп қысы-жазы алдын босатшайтын. Атанаң әртүрлі мәсселелермен келген ауыл ақсақалдарын, қонақтарды қабылдайтын он екі қанат ақ үйі болды. Шынығын айту керсек, Бәкі бидің ауылдастарына, машиналарына, дау айта келген адамдарға, тіпті бұзақыларға да дауыс көтерін сойлекенін естіген де, көрген де емесін.

Үш баласы бар еді. Үлкен ұлы Баймағанбет атанаң шаруашылығын бақаралатын, оның отбасында екі жас баласы болды. Екінші ұлы Құлмаганбет те жақындаған үйленген. Кіші ұлы Жармаганбеттің жасы сол кезде 15-те болатын. Ұмытиасам, 1930 жылдың жазына қарай ауылға бірнеше атты кісілер сау ете қалды, араларында қызыл-жагалы милиция да бар. Олар Би атамыздың бар малын ауылға айдан келіп, бірін қалдырмай есепке ала бастады. Өкіметтің уәкілдері бұнымен тоқтаган жок, ауылдагы бірлі-жарымды малы бар адамдардың да торт түлігін түгелдей тартын алды.

Ауылдың іші ү-шу болды да кетті, оған қараш жатқан уәкілдер жок, ауылдан шыққан белсенділерді қосып алыш, бар малды ортаға жинады. Бұл аз болғандай, Бәкі биді алдарына салып айдан кетпекші

болды. Жиналган ел-жүрт Би атапы ортаға алып, оларға жол бермей қорғап қалды. Осы кездे Атапың жасы 80-ге толын қалған еді. Халықтың наразылығынан сескенді ме, әлде қарияның жасына қарады ма, әйтеуір қамакқа алмайтын болды. Соңда уәкілдердің бірі айқайлаш:

- Сендердің тілдеріндегі алып, бұл байды осында қалдырамыз, бірақ ешкім оған көмектесінейтін болсын! – деді де, тартып алған малдың бәрін алдарына салып айдан экетті. Олардың ішіндегі кешегі біздің малшылар да, арамыздан шыққан ағайындар да болды.

Төрт түлік малмен күн көріп отырган ел 1930 жылдың күзіне қарай тоз-тоз болып, ашыға бастады. Кейін білдім, Бәкі атамыз бүкіл бала-шағасымен бірге аштықтан кайтыс болыпты. Сол кезде бала болсам да, өзім көрген осы оқиғаларды көкейіме түйіп, күні бүтінге дейін ұмыта алар смесін – дес, Зейнен әкіем кинала әңгімесін аяқтады.

Қазақстан журналистер одагының мүшесі Мәкен Уақтегінің әкесінен ашаршылық кезіндегі Новотроицкі селосындағы балалар үйінің жағдайы туралы естігеп әңгімелері

- Менің әкем Уақов Жұмәділ Отарбайұлы 1921 жылы 25-мамырда дүниеге келіпті. Отзызының жылдардың ашиарнылығында ата-анасынаң, Әлия, Мәрия атты бауырларынан айырылып, тұл жетім қалғандықтан Шу ауданының орталығы Новотроицкі (қазіргі Төле би) ауылындағы балалар үйінде тәрбиеленеді. Әкемнің сол бір зұлматты кезеңдерді мұңая еске алған естіндегі естелігінің есімде қалғаны:

- Ашаршылықтың сол алдында гана анылған балалар үйінің жағдайы ете нашар еді. Тамақ жағы жетісінейтін. Тәрбиеленүүлдер арасында жүқпалы аурулар да тараї бастады. Сол кезде оларға беретін дәрі-дәрмек те жоқтың касы. Тамақтың кемдігінен және ауру жүқтіріп алған балалар әлсірең, денсаулықтары пашарлан кетті. Таңертең үйқыдан ояниған кезде жаһымызды жатқан баланың өліп қалғанын көріп, төбс шашымызың тік тұратын. Бірге-бірге бұған да санамыз көндігін алды. Қайтыс болған балаларды таңға жуық үлкендер арбаға тиесін экетін жататын. Босаган орындарға көнеде,

далада қаңғырын жүрген аш-жалаңаш жетімектерді алып келетін. Кенес өкіметі ориғаннан кейін, әсіреле, 1930-1933 жылдары қазақ жерінде жетім балалар көбейіп кетті. Себебі, малдан айырылған ел аштыққа ұшыраң, көлтеген отбасылар бірі қалмай қырылып қалды. Ата-анасынан айырыныш, тірі қалғандары көшө кезін, тамақ іздеді. Соңдайлардың бірі – мен болдым ғой. Ашаршылықтың кесірінен үйшіміз түгел онат болды, тек мен ғана тірі қалып, балалар үйіне қалай тан болғанымды білмеймін.

Жогарыда айтын кеткенімдей, балалар үйінің де жетісіп тұрған жері жок. Шындығы сол, қарнымыз тамаққа тоймай, жан сақтау үшін амалсыздан дүкендерді жағалайтынбыз. Аз ғана тыын-тебен жинастырын, бес-алғы бала түске тамаң азық-тұлік сататын дүкенге кіріп, сатушыны алдаусырата қалқалап бір баланы бос жәшіктің астына қалдырып кеттепібіз. Тұстен кейін дүкен ашыларда тобымызбен келіп, баланы да, оның тығын қойған тамағын да қыснақтан босатып алыш, бір-екі күн мәре-сәре болатынбыз – деп, бар шынын менен жасырмайтын. Мойынқұм ауданы Бірлік ауылшының тұрғыны болған Серкебай аксақал да менің әкеммен бірге Новотроицкідеңі балалар үйінде тәрбиеленіпті. Кездесіп қалғанымда балалар үйінде болған бір оқиганы айтып беріп еді:

- Жұмәділге қарағанда жасым кішілеу болатын. Аты-жөні есімде жок, еңгезердей орыс жігіті әлімжеттік жасап балалардың ианы мен тамағын тартып алыш, күн көрсестійтін. Одан бәрі де жасқанатын. Жұмәділ әбден ашынған болуы керек, бір күні әлгіні «жекпе-жекке» шакырды. Менменің ән дәу шағын денелі Жұмакеңді менсінбей, бірден атын ұрамын деген оймен жайбаракат ұстаса кеткенде қос аяғы аспанин келіп, содан бастап өзіне жасы кіші балаларға күш көрсетуді доғарды – деп, ессе алатын.

Әкем Ұлы Отан соғысы басталысымен Солтүстік Кавказ майданындағы барлау белімінде қызмет етеді. Жаудың әуе күнгітерінің күния белгілерін алдын-ала біліп, оларды алдап қондырып алыш, ұшқыштарын тұтқындаپ, ұшактарының крест белгісінің орнына бес жұлдыз салып, Кеңес әскери күштерінің құрамына өткізіп отырған. Жұмәділ әкемнің сұрашыл жылдары ерлікпен шайқасқанын, сол кезде берілген бірнеше орден-медалдарынан көруге болады. Елге оралиған соң Төлесбеккызы Жамалмен отау құрып, бейбіт еңбекке

кіріседі. Екі ұл мен бес қыз тәрбиеlei өсіріп, 1985 жылдың қарашасында ауыр науқастан қайтыс болды.

Ашықкан елге араша түскен Нұрман би



Кеңестік жүйенің XX ғасырдың 30-жылдарында колдан жасаған ашаршылығы қазақ еліне орасан зор анат әкелді. Қазақ халқы милиондан қырылды, тірі қалғандары Қытай асты, аштықтан аман қалу үшін түбі бір қырғыздардан пана іздеді. Әділдігін айтуда керек, айыр қалинкы ағайындар қазактардың саяны сыйырмады. Сол кезде бала болған, қазіргі еғде тартқан қариялардың ата-аналары қырғыз еліндегі жүрін, бала-шагасын, туган-тұлсындарын аштықтан аман алғын қалуға жетінделсе дәрекет еткенін күні бүтінгіңе дейін естеріне алғын отырады. Тарихтан белгілі, Тұrap Рысқұловтай қазақ халқының асыл азаматтары аштықтан қырылыш жатқан халқына араша түсіп, Сталиннің қаһарынан қаймықпай ашық хаттар да жазған. Дәл сол аласапыран, кишин-қыстау кезеңде ауылдастарын аштықтан құтқарып қалған, көнтеген отбасыларына қамқорлық корееткен азаматтардың жер-жерде болғанын көнекөз аксақалдар айтып отыратын. Соңдай жаңы жомарт жандардың бірі - Әділбайұзы Нұрман би Шу өңірінде ашаршылықтың азабын тартқан елге қолынан келгенниң көмек көрсеткен.

- Өткен ғасырдың жиырмасынның жылдары Момын деген бакуатты өзбек мыңырган малымен біраз елге жұмыс тауын беріп, ас-суымен қарайласын отырган, - деген еске алады Толе би ауылының тұрғыны, еңбек және соғыс ардагері Орынтай Устасев аксақал.

- Нұрман жас кезінде Момын байдың іс басқарушы қызметінде жүрген, оған жем-шөп дайындаған, маңдарын Бішкек, Қарабалта базарларына сатқызын, ауылдастарын қажетті киім-кеңіп, азықтүлікпен қамтамасыз етіп отырган.

Кеңес өкіметі орнаганин соң, Момын бай өз еркімен бар малын ұжымға өткізіп, сол кезде Шу өңірінде жақадан үйымдастырылған «Сталин» колхозына бастық болын сайланады. Кейінірек 1929 жылы

Момынның қалған малдары тәркіленіп, өкіметтің қудалауына ұшыраған бүрынғы бай өз басына қауіп төнгениен кейін Тәжікстанға өтіп кетеді. Алайда Момын бас сауғалап алысқа кетіп қалса да, кезінде бірлесіп елге камкорлық жасаған Нұрманмен қарым-қатынасын ұзбей, хабарласып тұрган. Қазіргі уақытта байдың ұрнақтары Шу ауданында өсіп-өніп жатыр.

Осы тәркілениң үшін-төрт мыңдай кой мен ірі қаранды Нұрманның озі бас-коз болып бақташылармен бағуды қолға алады. Әрине, ел ұжымға (колхозға) біріккенен соң, Кеңес өкіметі Нұрманға бұл шаруашылықты сеніп тапсырса керек. Ашаршылық кезінде ел жан сауғалап көршілес Қыргызстан мен Өзбекстанға қарай жосылып көшіе бастағанда Нұрекен ауылдастарының басын қосып құмның ішіндегі «Қызы қашқан» деген жерде танжылмай отырады. Ағайын-туыстары, ауылдастары қой бағып, еңбекпен күнін көріп, Нұрманның бастауымен қыниншылыққа төтеп береді. Сонымен катар, бір тамагының қамы үшін жан сауғалап босын жүрген ашыққан адамдарға да кой-ешкі, сиырларын, бие-түйелерін түнделетіп сауып, коян, қыргауыл аулап, көже дайындағын, ыстық ас ұйымдастыруды қолға алады. Нұрманның осындай жақсылығын коре алмаған кейір ағайынсымактары «колхоздың малын сауып, өз бас пайдасына жаратып отыр» - деген жогарыға арыз жазғанын қайтерсіц. Тексерушілер жан-жақты зерттеп, мән-жайға қаныққан соң, Нұрман аксақалға ешқандай кінә таға алмаған. Қынин-қыстау кезеңдерде елге камкоршы болып, ауылдастарын аштықтан аман алыш қалуға бар қүшін салған әрі ақылшысы болған Нұрманды ауылдың үлкен-кішесі би дең атап кеткен.

Шамамен, 1906-1907 жылдары болуы керек, Нұрман бидің інісі Шатыркул жолдастымен Шымыр еліндегі Шіналі байдың немере қызын алыш қанын келікті. Ол «қой аузынан шөп алмайтын» етте момын екен, өзін ұнатып қалған қыздың қайрауына қарсы тұра алмай қалса керек. Қыздың артынан қырып-жоярдай қамшы үйіріп, әзірейілдей қуын келгендерге Нұрман «құлдық, құлдық» дей беріпті. Сонда күгиншылардың бірі:

- Әй, жігіттер, Нұрманның «құлдық, құлдық» дегені, қазақтың ата салты емес не? Ұсынған басты қылыш та кеспейтінін білесіңдер, ашууларыңды басыңдар, егер қыз өз еркімен сүйген жігітіне келген болса, шу шынгармайык – деген екен.

Күгіншылардың аттығы басылып, ауылдарына келіп барлық болған жайды Шінәлі байға баяндайды. Осыдан соң қыз ашын қашқан енгे байдың озі аттанады. Шәй үстінде Шінәлі бай:

- Нұрман, сенің бауырың біздің ауылға келіп, бұзықшылық істеп кетіпти. Осы жөн бе, қарағым? – дегі.

Сонда би тұрын:

- Құн таксыр, қазір – дең, сыртқа шығын кетеді де, дір-дір етіп қорқып тұрған Шатырқұлды жагасынаң сүйреп әкеледі.

- Сіздің ауылға «тентектік» жаеаган осы баға. Бұған адам емес, бөтен ит байлан берсе де, қауын алмағас мөміншың мөміншы екенин көріп тұрсыз. Осы бұзықшылық бізден емес, сіздің немереціздің озінен болды-ау – дегендеге, Шінәлі бай:

- Апышмай, солай ма еді? – дең, сөзден тосынышты...

Қазіргі кездегі ауыл қарияларының айтуинша, Шінәлі жомарттығымен енгे таңылған кісі болған, жоқ-жетім, жетім-жесір, кедей-кеппініктеге қарайласын отырган. Ауылшының маңынаң өтін бара жатқан жолаушылар ат басын бұрмайтын болса, оларды шақыртып алды:

- Сендер неге сәлемдесін, қонақасын жең, қона жатнайсыңдар? – дең малын сойдыртып, тамак астыртып, осылайша қонақтарына сый-құрмет көрсеткен.

Бірде байдың немересі жүтіріп келіп, өзінен басқа синкімнің тақымы тимеген бол жорғасын бүрүн есігінде жүрген, кейін ауыл белсенділерінің біріне айналған әнербақан Шоңеттің атты мінін, шауып жүргенін жеткізгенде :

- Оған ешиларе демеңдер, жаман Шоңет боз жорғаны не қылсын, оны мінгізін, шантырган Құдірет қой! Құдіретке қарсы кезметдер, - деген екен жарықтық Шінәлі.

Шоңет сияқты үрдә-жық белсенділер халықка қарайласын қамқоршысы болған, Шінәлідей бақуатты мырзаларды кудалуға ұшыратып, қопціліктің жаң азығы – малдарын тәркілетін жүрдай қыяғаны аңа шындық. Соңы қаралы изубетке үласын, қазак халқының үнтең екісіне жуынын «қара шыбындаі қырган» зұлматты ашаршылыққа ұрындырды. Осындағы «шапи ал десе, бас алатын» әңүдіктердің қармагына іліккен Шінәлі бай мал-мұлқінен айрымыны, Шу станасынаң итжеккенге айдаларда құдай қосқан құдасты Нұрман бір түйесін ариайы сойын, үйтілген басын сыйбагасымен қоса анарыш

берін, шығарып салады. Қылышынаң қан тамған Кеңес өкіметінен есекенбей, «халиқ жауын» шығарып салуға баруның өзі үлкен ерлік емес не? Соңда Шінәлі көзіне жас ала тұрып:

- Нұреке, идейіңе раҳмет, обден ризамын! Жаратқашың шапанагатына болен, ұриагыңмен мың жаса! Біз енді бұл жалған өмірде кездесе алмасыз, жолынан жеріміз иейшітің торі болсын, - деп аттапан екен.

- Баянда Тұлқібастаң қоныс аударғанымызды осы маңдағы «Қызын кашкан» құмын мекен еткенбіз. Ол біздің ата-конысымыз саналады, - деп Шу ауданындағы Төле би ауылының қадірлі қарияларының бірі Жарқынбек Құлжанысов ақсақал әңгімесін одан әрі жалғастырды:

- Нұрман бидің менің әкемнен бір жас үлкендігі бар еді. Денесі шағындау болғандықтан келіндері «кінкене би жәкем» дейтін. Өте зерделі кісі еді, шежірепі жақсы айттын. Осы өңірдегі елдің бала-шагасына дейін бәрін жіктен, сарапан беретін. Сонымен бірге ел арасындағы келісепушілік нен дау-дамайды әділдікнен шешін отыратын. Оның деірессе, аниаршының жылдары елге жасаған жақсылығы ересен. Әкем айттын отырушы еді, бірде елге танымал Атай молда аитыктан жағдайы келісней жолға шығын кетеді. Әлдірмені құрып, бір сексеуіндің колецкесінде бұратынын жатқанда, Нұрман би үстінен түсін қалынты:

- Ассалаумагалейкум, молдаке, сырқаттаның жатырысыз ба? – деп аманадық сұраганда, енді аман қалатынын сезген Атай кария:

- Қарагым Нұрман, сениң келетініңді білін едім – деп, кемесеңдең коя берген корінеді.

Нұрекең обден алеіреген Атай молданы сүйемелден атына мінгізін, үйнен әкелін бір ай шамасы бағып-қакқан екен. Атай ақсақал менің туган нағашым, яғни анамның ағасы еді. Өзі тақуа әрі өте білімді молда болатын. Таңқаларлығы тағы бар, тамакты таңдаң, талған інегін. Қарияның ауылдастары, корші-колаңы: «Атай молда тамакты шұқын жейді деуіні еді, тамакты анырын-жапырып жейтін болынты, аитық не істегіндейді дессекін» - деп таңданысынты.

Нұрман бидің Тойынбай деген үлкен баласы екі жүздей түйе бағатын. Түйенің шұбаты ем, бір жағы тамақ, оте қою болады. Нұрман аитыктан шұбырган елдің оз үйнен бір соқнай кетисейтінін бінгесіңдікен, түйелерін уақытымен сауын, шұбатын дайындағын отырады екен. Шұбат ішін, көкеге тойын, тынығын, әл жинап

алғандарға жол азығы – құрт-ірімшік берін жолға шыгарып салып, келесі жолаушыларды күтетін болған.

Нұрман бидің осындай жомарттығы, нарасаттылығымен қатар көріпкел, әулислігі де болған көрінеді. Оған Шудағы Абай атындағы ауылдың тұрғыны Амантай Бекмолдаұлының мына бір естелігі күэ:

- 1968 жылды Луговойдагы (казіргі Т.Рысқұлов ауданы) малдәрігерлік техникумда оқытынын. Жазын каникулда Нұрман биге жолығын қалдым. Жөн сұрасқаннан кейін, әңгіме бағыты ауа райына ауысты.

Сонда ол:

- Он алты жастағы бала болсам да әлі ұмытта қойған жоқынын. 1896 мешін жылды ала жаздай жаңбыр жаумай, аңызак жел түрдү. Қыста қар ерте әрі бірден қалың түсіп, аяз қатты қысты. Соңы жұтқа ұласын, мал қырылып, сл-жұртқа өте ауыр тиғен еді. Мен көре алмасыны, өздеріңің көздерің жетеді. Дәл биылғы меміншің қоктемі мен жазы да сол 72 жыл бұрынғы жұтқа өте сәйкес келіп тұр. Аман болсаңдар көресіңдер, түйсің кара санынан асатындаі қар жауып, қақаған аязымен елге айтарлықтай ауыртапылық әкследі – деді.

Мен іштей сене қоймадым. Бірақ, Нұрекең әулие екен. Озі алдын-ала айтқанында, көп кешікпей 1968 жылдың тамызында 88 жасында Нұрман ата дүниесден озды. Ал, 1968-1969 жылғы қыстың қандай болғаны қалың көншілікке белгілі...

Нұрман бидің еліне жасаған жақсылығы жетерлік. Елге қамқоршы болып, ондаган жылда кой санын 3-4 мыңдан 60 мыңға жеткізген. Жасы ұлғайған шағында түйе бағын, түлік торесінің көбеюінсі тікелей атсалыскан. Мал санын көбейтіп қана коймай, халқының кәдесіне жаратқан. Атайдын-туыс, құда-жеккожатарының арасындаған емес, сл-жұрттың айрықша сыйлыш болғандықтан Нұрман биді бүгінде Шу өніріндегі Төле би, Абай, Мойынкүм, Ақтөбе, Жиенбет ауылдарының көнекөз қарғтары аса бір ризалық сезіммен еске алғын отырады.

Қалың жұртшылықтың, Шінәлі құдасының «ұриғыңмен мың жаса» деген батасын періштегелер қабыл алған болу керек, бүгінгі күн Нұрман бидің 80-нен астам бала-шага, немере-шеберлері осын-оның, оның армандаған, бірақ аяқтай алмай кеткен иғі істерін жалғастыруда.

ТӨЛЕ БИ АУЫЛЫНЫң ҚАДІРЛІ АҚСАҚАЛЫ ҚҰЛЖАНЫСОВ ЖАРҚЫНБЕКТІҢ АШАРШЫЛЫҚ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ КӨРГЕНДЕРІ

Сол бір ауыр жылдардың ауыртналықтары

Жарқынбек қария 1923 жылы тамыз айында Шу өңіріндегі Жиенбет ауылында дүниеге келіпті. Жас кезінен білімге құштар болып, заман түзеле бастағанда Жақаң зооветеринарлық техникумды бітіріп, Қектерек ауданындағы ветеринарлық учаскесінде бастығы болып тағайындалады. Содан соң аудан орталыны Бірлік ауылында партия үйымының хатшысы қызметін аткарады. Партия ұжымында 35 коммунист болған екен. Зейнет жасына жақындағанда сол ауданданы Кеңес (қазіргі Айдарлы ауылы) колхозының бастығы болып сайланады.

Елде жаппай ашаршылық басталған кезде мей 7 жаста едім – дең бастады Жарқынбек қария әңгімесін.

- 1930 жылы біздің тұрган жерімізде «Сталин» колхозы үйымдастырылды. Елдің төрт түлік маңын түгелдей тәркілен, колхозға берді. Негізгі құнкорісі малынан айырылған халық аштыққа үшінрай бастағды. Колхоздан ашығын жатқан елге ешқандай көмек болмады. Біздің де жағдайымыз қындағанинаң соң, әкемнің інісі Әлімбай отбасымызды Новотроицкі ауылына көшіріп ақелді. Шу озенінің жарқабанына кішкене гана күркес тұрғызып алдық. Аздан жинаған азық-түлігіміз таусылып, не малымыз жоқ, қалай құн корерімізді білмей күйзеліске түстік. Новотроицкі ауылында да жетісін тұрган ешнәрсес жоқ екен. Үйден шынға қалсацыз, агаشتың көлемесінде, көнсердердің бойында коздерінің иұры кетіп, ісіп-кеүіп, әлсіреп жатқан адамдарды, әсірессе, теңкіп өліп жатқандарды көріп, төбе-шапын тік тұратын. Олардан шошын ауырып қалған құндерім де болды. Бұдан кейін шешем мейі сыртқа шыгармайтын болды. Бала емеснің бе, сонда да болса үйден шығып далада ойнагым келеді...

Кейін білдік кой, қазақ халқының біртуар ұлдарының бірі Тұрағ Рысқұлов оз басына тоқіп тұрган қауіптен тайсалмастан, 1933 жылы 9-наурызда Сталинге жазған хатында:

« - Шу ауданының орталығы Новотроицкі селосында күн сайын 10-12 қазақ өледі, сондай-ак ауданинан қазактардың көншілігі кетіп қалған» - деп шындықты ашып көрсетті.

Әкем Шу стансасындағы теміржол бойына жұмыс табылып қалатын шығар деп жиі баратын, бір күн ішінде үйнімізбен: мен, шешем, әкім Ракида үшеуміз үрейлене калдық. Сөйтіс, теміржол бойын аралан жүріп, бір сұмдыққа кездесіп қалыпты. Басинага ұқсас ұлкендеу баstryма астында ондаған адамдар аштықтан әл-дәрмені таусылып, қозғалуға шамасы келмей жерде жатыр екен. Айналасы настанип кеткен, былғаныш, сасық. Барлық жерде шашылған сүйектер, жыртылған күймдердің арасында оліктар жатыр. Кеудесінде аздаған жапы бар бір адам өлген адамның жамбасындағы қар етіп кескілец, абайсызда осы жерге таң болған әкеме де назар аудармаган.

Күні-түні жұмыс ізден табанынан таусылған әкем Қыргызстанға кетуге мәжбүр болды. Сол кеткеннен мол кетті, кайтып елге оралмады. Сөйтіп, бүкіл халықтың басына түсекен, колдан ұйымдастырылған ашаршылық мені де әкемнен айырды.

Күніміз шешем мен әкінеме караң калды. Әлі есімде, 1931 жылдың қаңтар айында қақаған қыстың ортасында шешем ағаштың түбірін шауып алғып, базарга анарын сататын. Оттыңды алдаң алғып, ақшасын бермей кетегіндер де кездесіп қалады екен. Әкім болса пойыздагы вагондарды аралан, кайрыымды адамдардың арқасында бірде бар, бірде жоқ дегендей, әйтеуір наң тауып жүрді. Десек те, ініміз екесуміз аштықка шыдай алмайтындағы халға жеттік. Шешем байғұс, шырындан бізді алғықтан аман алыш калуга жанталасты. Сол кезде Новотроицкі ауылында ани-жалаңаш жүрген жетімдерге ариалған балалар үйі бар болатын. Амалсыздан күннен күнгө әлсіреп бара жатқан ініміз екесумізді шешем 1931 жылдың қызында балалар үйіне тапсырды. Осындағы қынышылық заманда балалар үйінің жағдайы да мәз емес екен, тамак жағы жеткіліксіз, бұл жерге әкеліп жатқан балалардың ішінде жүқналы аурулармен ауырғандар да көп болынты. Інім өтे жас болғандықтан, кінкентайлардың арасынан қосып жіберді де, мен біраз уақыт оны коре алмадым. Осы жылдың көктеміне қарай болуы керек, бір күн шешем келе қалыды. Бізді алыш кетуге келген екен. Тәрбиешілер осыдан біраз бүрін Бобек інімін

өлін қалғанын естірткенде, шешем зар еңрең жылап, көзінің жасы етегіне толды.

Сонымен отбасымыз тоз-тоз болып, әкем бала-шағасын асыраудың камымен қыргыз еліне кетсе, балалар үйінен шыққаннан кейін шешем екеуміз байырғы мекеніміз Жисибет жеріндегі жақадан күрылған Мойынқұм колхозына келдік, ал әкім сол Новотроицкідегі күркеде калды.

Кайда карасаң да, қырылып жатқан халық. Келген ауылдағы әр дуалдың жаңында екі-үш адамнан өліп жатқанын көріп, жүргігіміз езіліп, көзімізден қалай жас шығын кеткенін сезбедік. Бір ағаштың түбінде кіришешенді қайнатып, пісіріп жеп жатқан екі адамды көзіміз шалып калды. Ауылға кіреберісте бірнеше адам өлгендерді арбага жактыра салып, ауылдың шетіне қараң алыш кетті.

Сол кездегі күрдастарым сияқты мен де 12 жасынан қара жұмыс істедім. Аштықтан өлмес үшін шешеме көмектесіп, күзгі жиын-терінен кейін масақ тердім, соқаны егізге де, атқа да жегіп алыш колхоздың жерін жыртуға бір кісідей көмектестім. Шөп шауып, шемеле салдық. Біраз уақыт ұстаханада істен, темір кыздырып, көрік бағым. Қазіргі Баласаңғи ауылының маңындағы Токташ деген елді мекенинен өзі арбамен Шу станисасына бидай тасыдық. Өйткені, 1930-1940 жылдары егін шаруашылығымен айналысадын ұжымдар сол жерге шоғырланған еді. Өзін арбалармен қан-қан тасыған бидайды станисадан пойызға салып, біз білмейтін жакка жіберін жататын. Одан елге бір түйір дән бермейтін, халық қалған-құтқан масакты теріп күнін көріп жүрді. Астық алыш келе жатқан өзін арбаларды екі жағынан қау мақан, милиция қырагы күзтін отыратын.

Аз ғана сауаты бар немере ағам Әшімбайды Шымкент қаласына колхоз басындарын дайындастырып 6 айлық окуға жібереді. Оқудан келгеннен соң, ағамның әкесі қайтыс болып, ғасырлар бойы қалынтасқан халқымыздың салт-дәстүрі бойынша арулан, жаназалап қарияны актық санарға шығарып салады. Әнс-міне, «Сталин» колхозына бастық болайып ден түрғаңда, жергілікті шолак белсенділер бұл дүниеден озған әкессіне құран оқытын, жаназалап койды ден ағамның үстінен арыз жазынты. Сойтіп, ағам Кенес өкіметінің «жаңа тәртібі бойынша» колхозды басқаруга жарамай қалған екен. Әшімбай ағам еңбеккор адам еді, еннәрсеге қарамай, намыстанбай колхоздың қара жұмысына кірісіп кетіні.

Кейин Кеңес өкіметінің әртүрлі қызметтерін аткарып жүргенімізде, өзіміздің басымыздан откен ашарнылықтың зардантарын айтуга батылымыз жетे бермейтін. Өйткені, зұлмат жылдардың ақиқатын ашуға кеңестік билік катаң тыйым салған еді. «Дін – анины» деген үгымды құлагымызға құйын, сонау ертеден келе жатқан, ғасырлар бойы қалыптасқан казақ халқының салт-дастырлерін, әдет-ғұрынтарын ұмыттырып жіберуге кеңестік идеология бар күшін салды емес не? Тек еліміз тәуелсіздік алғанинан кейін ғана, казақ еліндегі ХХ ғасырдың 30-жылдарындағы адамзат тарихындағы ең қасіретті анаттың себептері мен зардантары ашық айттыла бастады. Бұған да шүкірлілік етейік – деп, 91 жасқа тоған қария әңгімесін аяқтады.

90 ЖАСТЫ ЕҢСЕРГЕН БІРЛІКУСТЕМ АУЫЛЫНЫЦ ТҰРҒЫНЫ, КЕЙУАНА ЖАҚЫПБАЕВА ГУЛБАРШЫН СОЛ ЗҰЛМАТТЫ ЖЫЛДАРДЫ БЫЛАЙША ЕСКЕ ТҮСІРЕДІ

Ашарнылық жылдарындағы қырғыз ағайындардың қамқорлығы

- Біздің аштық апатынаи аман қалуымызға себепкер болған қырғыз ағайындар екенин ешқашан ұмытуға болмайды. Қазіргі балаларым мен немерелерімі үнемі айтын отырамын. Жаңа оқіметтен көп жақсылық күттік, бірақ үмітіміз актальмады. Менің 7 жасқа тоған кезім, шамамен 1932 жылы болуы керек, алдында ғана оқіметтің уәкілдері бай, кедей деп ажыратып жатпай, барлық малымызды тайтұяғымызға дейін бірін қалдырмай тартып аяғаны анық есімде қалынты – деп, көнті көрген ана әңгімесін одан әрі жалғастыра берді. Жеке шаруашылықтарды ұжымдастырумен бірге бүкіл елді бір жерге жинаи коныстандырады екен деп естін жаттық, бірақ бізге ешкім нақты қаңдай жаңдай болатынын түсіндірген жоқ. Бізде мал да, жаңа ортақ болады екен деген үғым қалыптасты.

1932 жылдың аяғына қарай жаңдайымыз күрт пашарлады. Аштықтың азабын көрген адамдар оздерінің туған жері Үңгірлі тастап, жақындағы қырғыз еліне қоныс аударғаны былай түрсеш, сонау Қытай мен Моңголияға да көнін кеткен кейбір ағайындарды да

кейін білдік. Үңгірлі озенінің бойында бұрыннаи тұрын келе жатқан коньстарында қалған ағайын-туыстар сары тышқан аудан, таебаканың етін жеп, саңырауқұлақ терін өмістің күнін көріп жетты. Қашпа десек те, аш-жалаңаш қалған жандардың ішінен күнінс бірден-еңдең өлін жатқандарын көмуге әлеіреген туысқандарының шамасы әрең-әрең жетті. Олардың тек мәйіттің бетін жабуга гана күші келді. Бір шөмелде тонанинаи бір уыс бидайды терін алғын, талғажу ету бізді аиттықтан күткара алмады. Сол кездे колхозда өсірілетін майлы дақыл, күнжігін алынған май да тамак болуга жарамады. Қысы-жазы, тәркілеуден жасырып қалған, бірлі-жарым кой-ешкінің сүтін қорек еттік. Күндіз-түні анидан – мынадан таңқан қара кожемізді, бидай кожемізді өкіметтің шолақ белсенділерінен тығын ішетін болдык. Ойткени, кеңестік үәкілдер үйге баса-коктен кіріп, ішін отырган тамагымызды тартын алады немесе «халық жауысың» дең, абақтың айдатын жіберу оларға түккө түрмайтын еді. Бала болсаң да есімнен кетпейді, екі-үш күн нәр татиай аш жүргеніміз...

Шу өзенінің бір сағасы Үңгірлі озенінің бойында колхоз құрамыз, көне саламыз дең, 1932 жылдың қаңтарында қызында өздерінің жылы қыстаулашында отырган ел-жүртты бір жерге жинаң, киіз үйлерін катар-катар көші еткізін тіккізді. Кеңес өкіметінің адам баласына жат солакай саясатының барысында халықты қүнінен үжымдастыру колға алышын, жергілікті биліктің белсенділері қошиелі елдің күнкорісінің жаңыз гана козі – қолындағы малын зорлықиен жинаң алғын, колхозға біріктірді. «Үңгірлі» колхозынаи аштыққа ұшыраған елге еніңдай комек болмады. Үңгірліде отырган елдің қошилілігі берекесі қашын, тоз-тоз болын қаңғырып кетті. Тәркілеуден қалған бірлі-жарым майдарын тағы да тартын алғын, ет, май, жүп, астық жоспарларын артығымен орындаатты.

Осындағанда шыдай алмай, 1933 жылдың ерте көктемінде айыр қашақты ағайындардың еліне жол тарттық. Жол-жонекей коргеніміз, жолдың шетінде олін жатқан адамдар, олардың арасында балалар да бар. Бірлі-жарым біз сияқты қыргыз еліне бет алған жандар болмаса, ені жерде тіршілік иелері көрінбейді. Сонымен күн демей, түн демей он күндей жүріп, қыргыз жеріне арын-ашын әрең жеттік. Бұл елде біздің елге қарғанда жағдай біршама жақсы екен. Азық-түлігіміз таусылын, соңғы екі күнде ани болын келген отбасымызға қыргыз ағайындардың жандары анын, тамак бергенін

ешқашан ұмытпаймын. Әлденіп алғашан кейін оларға жалданып, үлкендер жұмыс істеуге кірісіп кетті. Сөйтіп, қырғыз елінде күнімізді көріп жүріп, аштыққа ұрынған жоқпыз. Елге үш жылдан кейін ғана оралдық.

95 ЖЫЛ ӨМІР СҮРГЕН БҰҒЫБАЙ АТАНЫң 1930-1933 ЖЫЛДАРДАҒЫ БАСЫНАН КЕШІРГЕН ОҚИҒАЛАРЫ

Есімде қалды ауыр жылдар

Мен отызынышы жылдары оң-солымды танып қалған он жастагы бала кезім еді. Сол кезде біздің ауыл шебі шүйгін, ауасы таза, жері шұрайлы Шу алқабындағы Шу-Ілс тауларынан бастау алатын ағысы қатты тау өзені Кербұлақтың бойында болатын. 1929 жылдан бастап елде жаппай ұжымдастыру басталып, қолымыздың 150 бас қойды, 10 жылқыны, 15 шакты ірі қараны бірін қалдырмай, «колхозга өткіземіз, бұл өкіметтің бүйрығы» деп, уәкілдер ай-шайға қарамай барлық малды алып кетті. Тіпті, ауылдағы бір-скі ғана қой-ешкісі бар отбасылардың да малын жылатып-зарлатып тартып алды. Дегенмен, ауыл адамдары анаттың болатынын алдын-ана сезгендей, Кербұлақ тауларының ой-саздарында жайылын жүрген түйс, жылқыларыш көзден таса қылыш, тығын қойған екен. 1930 жылға дейін аштықтың дәмін әлі тата қойған жок едік, өйткені өкіметтің шолак белсенділерінен жасырын алып қалған аз ғана қой-ешкі, аздаган азық-түлігіміз бар еді. Бір жылдан кейін, яғни 1931 жылы жағдайымыз қызындаі бастады, үйдегі азық-түліктің қоры таусылуға айналды. Не істерімізді білмей, күннен күнге ашығын жанталаса бастадық. Сол кезде әкем екеуміз ауыл-ауылдарды кезін жылы киімдерді бір шелек бидайға айырбастаң, соны талшық етін күн кордік.

Анамыз бидайды қол днірменге тартып талқан етіп, оны сумен араластырып, тәулігіне бір-ақ рет іштеп көже пісіріп берстіп. Бұған тоймай күн өткен сайын әлсірең, жиі-жиі ауыратын болдық. Әсіресе, үйдегі менен жас інім мен карындасты аштықты көтере алмай әбден қиналды. Әруағыциап айналайын, ата-аналарым, өздері аштықтаң аяқтарын эрең басын жүрсө де, барлық танқан-таянғандарын біздің аузымызға тосты.

Күндс кешке карай далада ісініп өліп жатқан адамдарды көріп, жан-дүниесіміз астан-кестен болатын. Ауылда апталап нәр татнай, қиналып өлген адамдардың сапы арға тұсті, күнде кемінде екі-үш адам қайтыс болып жатты. Аштықтан ісініп-кесуіп, бұл дүниеден озған адамдарды зиратқа апарып жерлеуге әлсіреген туыстарының шамасы келмей ауылдың сыртына апарып көме берді. Бұлай жүре берсе бөрінің де қырылатынына ұлкснің де, кішінің де көзі әбден жетті. Ауыл аксақалдары ақылдаса келе, тұнделетіп Қытайға көшуге бел буды. Көшуге дайындық жұмыстары жасырып жүргізілді, өйткені, Қеңес өкіметі халық ашығып отырса да басқа жаққа қоныс аударуға катаң тыйым салған еді. Қызыл әскерлер ауылдың көшін бара жатқанын біліп койса, шискарадан асырмай көштің жолын тосым, өте қатығездікпен қырын салатыны туралы әңгіме ауыл арасында айтылыш жүргетін. Өкіметтің тәркілеуінен жасырып калған, әр отбасындағы түйе мен атқа көріне-жастығымызды артып, буынын-түйініп тұн ортасында жолға шықтық. Көш жылжи бастағанда тұған енмен қоштасқандай болып, әйелдер жағынан зарлана жылаған дауысты естіп, үлкендер де, балалар да көздерінс жас алды.

Бұқіл ауыл адамдары сияқты менің де эке-шешем мен тұған-туысқандарым ең керекті бұйымдарды: көріне-жастықты, жылы кімдерді, әйелдердің күмістен жасалған сакинасын, сырғасын тагы басқа әнекейлі заттарды қалдырмай бірге ала кеттік. Азық – түлік көрінан тек талқан (ұштақталған, қол днірменге тартылған бидай) ғана калған еді.

Сонымен Алматының шетімен Нарынқол асын, тау қыраттарының арасындағы бұрыннаи салынған жол арқылы Қытайға өтіскең болдық. Ұмытпасам, Алматыға дейін он тәуліктей жүрдік-ау деймін.

Түйелдердің қомына жас балалар мен әйелдерді, карт кісілерді отырғызып, ер-азаматтар қолдарына біреи-сараи мылтықтарын, басқа да каруаларын алып көштің алдында да, артында да жүріп отырды. Бірнеше күннен кейін тау асуына жеттік те, бір күндей тыныс алып, жолға тамақ болады деп алып шыққан қойларымызды сойып алып, тамақтандық. Ел сәл ғана күш жинап, асудан отуге дайындала бастады. Бәріміздің көңіліміз көтеріцкі, әр адаминың жүргегінде таудаи аман-есен отіп кетсек деген жалғыз ғана ой болды.

... Тау қыраттарының арасындағы тар жолмен көш шұбатыла баяу жылжып келеді. Сол сәтте көштің екі қапталындағы қыраттардың төбесінен қызыл әскерлер мылтықтарын кезеңіп, аяқ астынан шына келгенде жұрт не істерін білемей, дағдарын тұрып қалды. Ауылдың Қытайға көшіп бара жатқанын алдын-ала біліп алған шекарашибар халықтың бірін қалдырмай қырын салу үшін қалың елден қашық осы мәнды таңдаса керсек. Төбениң басында тұрган қызылдар бір сөз айтпастан көшті атқылай бастады. Тау арасы у-шу болып, боздаган түйе, кісінеген жылқы, маңыраған қойға бала-шағаның шыңғырған даусы қосылып, дүние азан-қазан бозды да кетті. Оқ тиген аттар көкке қарай ышқына екі аяғымен шапшын, жерге ғұрс стін құлан жатты. Түйелердің үстінде отырған қарттар, әйелдер, бала-шаға жаңбырша жауган оқтың астында қалып, жаң дауыстарымен өкіре жылан, жануарлармен бірге мұрттай ұшып көк тутінің астында қалды. Өлгендері өліп, тірілердің жерден бастарын көтеруге шамасы келмеді. Қолдарында аз ғана мылтықтары бар ер-азаматтарға төбеде тұрган жаксы қаруланған қызыл әскер қарсылық білдіруге мұрша бермей, төпелетіп оқты қарша боратты. Айналдырған екі-үш минуттың ішінде көш шашқан баудай қырылып, тыныр еткен жаң қалмаса да қызылдар атқылауды токтатқан жоқ. Менің астымдағы мінгел тай үркіп кетіп, омақаса құлады, өзім де 3-4 метрдей жерге домалап барып, бір мезет есімнен танып қалдым. Сәл уақыттан кейін өз-өзімे келіп, құлап жатқап түйе мен оның үстіне артқан жүктің ортасындағы қуыска барып тығылды.

Қанша отырғанымды білмеймін, тіпті, ешқандай атыс болмағандай айнала тым-тырыс, тек күн ұясына жақындаған қалғандай. Қысттан атып шығып, жүгіре женелдім, қайда бара жатқанымды сезбеймін, жүгіріп келемін, жүгіріп келемін...

... Мені біреу жұлқылап оятып жіберді, қарасам бір агаشتың түбінде жатырмын, сәске түс болып қалыпты. Алдыымда егде тартқан кісі тұр. Өцим бе, тұсім бе деп оған бадырайып, қараш қалышынын. Соңда әлгі қария менің есесіндең тұрганымды байқап:

- Қарағым, тұрағой. Бұл жерде неғып жатырсың, айдалаға қайдан тап болдың? – деп тіл қатты.

Орнынан атып тұрып, жан-жагыма кәдімгі бір нәрсемді жоғалтқандай, алак-жұлак етіп қарай бастаным. Кенегі оқтың астында қалған әке-шешем, туған-туыскандарымның біреуі де көзімі

көрінбеді. Қарша бораган оқ, көк түтін, шыңғыра айқайлаған бағалар, құлан жатқан адамдар көз алдыма елестен, көзім қарауытын, басым айналып бара жатқанын гаша сезін қалдым, одан әрі не болғанын білмеймін...

Бір кезде көзімді ашсам, басымды сүйен аузыма су тамызын отырган әлгі кісі екен. Мені сүйемелдеп атқа мінгізін, үйінс алыш келді. Жол бойы менен ешиәрсес сұраган жоқ, егер сұраса да мен болған оқиғаны айтуда шамам келмес еді. Көпті көрген аксақалдың менен сұрамаганы, жағдайымды түсінген болуы керек. Алдымыздан қарияның кемінірі шығын, қуана қарсы алды.

- Шал-ау, жалғызыма серік болатын баға тауып келгенсің бе? – деги, шалағана есім бар мені, аттан түсуіме көмектесіп жатыр.

Үсті-басымды шаң-тозацнан тазартып, беті-қолымды жуындырып, алдыма тамак әкеліп койды. Тамактан бір-екі рет алғанин кейін әлсірең, маужырап үйқым келе бастады. Олар да ениәрсес сұрамады, мен де бір ауыз сөз айтадым. Орныман әрен дегендегүйде тұрып, салыш берген төсегіне жатқаным сол-ақ еді, ән-сөтте үйыктап кетінін. Қаша үйықтағанымды білмеймін. Бір мезгілде өздігімнен оянын кетсем, күн көзі едауір көтеріліп қалынты. Мені үйқысы қанын оянып деги, әдейі оятынай отыр екен. Төсегімнен тұрып беті-қолымды жууга бет алғанымда, мені көріп қалған ана шошын кетін:

- Біссімілла, біссімілла – деги, менің тұрімде таңырқай қарады. Неге маган таңырқай қарады деген оймен, керегедегі ілуулі тұрған алақандай айналы козім шалып қалып, жүгіріп барып бетімде тостым. Карасам, кенингі қан-қара шашым 80-90-та келген қарттың шашындағы апиақ болып кетінгі, тұс көргендегі орнымда состоип тұрып қалдым.

Үйге кіріп келген ата да менің апиақ болған шашымды көріп, тұрі бұзылып кетті. Тамак ішін, әлденіп алғанин сонқызылдардың біздің ауылдың кошіп қалай қырғанын жылан отырып айтып бердім. Ата мен ана да қатты күйзеліп, менімен қосылып жылағаңда жүргім езіліп, әке-шешемнен, туган-туысқандарымнац мәңгілайтын айырылғанымды ойлат зар ендередім. Өксігімізді басып өз-өзімізге келгенен кейін ата тұрып былай деді:

- Айналайын, сен енді біздің туган баламыз боласың. Үлкен әкпен бар, ол әзіріне басқа жерде тұрады, бір келгендегі таныстырамыз.

Мен іштей куанып тұрсаң да үндемей, көзіме қалай жас келгенін байқамай қалдым. Әрине, бұл қайғының емес, куаныштың көз жасы екенін атам мен анам бірден түсінді. Бұл кісілердің елдеи болек жалғыз үй отырганын кейін гана білдім. Ел тоз-тоз болып, ашаршылыққа ұшыраң жан-жакка құнкорістің қамымен босын жағқаңда, ата тәркілеуден аман қалған азын-аулық малын алдына салып, осында көшіп келеді. Халыққа қасірет экелген Кеңес әкіметі үәжілдерінің көзіне түсeneу үшін амалын тауып, едеп шеткері отырган себебі де осы болынты. Атам ауыштарға немесе жақындау жердегі базарға жасырын барып, бір қойды бір-екі шелек бидайға айырбастаң, отбасын аштыққа ұрындырмай құннің корін жүр екен.

Екеуміз екі атқа мінін, кешегі қыргын болған жерге келдік. Тәңкін-тәңкін түйелер, аттар және бірлі-жарым қойлар да олін жатыр. Түйелердің үстіндегі жүк, корие-жастық, кіз үйдің керегелері, шаңырақтары тағы бақалары әр жерде шашылын жатыр, өздеріне жарамады дүниені Қызыл аскердің тонаи алын кеткені көрініп тұр. Окка ұнқап адамдардың біреуі де қыргын болған жерде болмай шықты, марқұм болған жандарды қызылдар жинай алып, бір шүцкүрге коміп тастантынын бұрын да естітігібіз. Солай болған екен той деп, ішіміз үдай анын қала бердік. Жүгімізді артқан түсінің жанына барып, тонаудан қалған корие-жастынымызды, тағы бақса әке-шешемен қалған керекті үй мұліктерді тұтенден екі атқа артып, үйтегі қайттық.

Бір айдан соң атамың қызы Жамал келіп, менімен танысты. Ол келген сайын маған әрінгерді үйретін, оқыта бастағы. Жарты жылдан кейін қысқа сойлемдерді ежікten оқып, сауатым аныяды. Атамың мал бағуына көмектесіп, үй тірийлігіне белсение араласып кеттім.

Сөйтіп, 1935 жылы елдің жағдайы түзеліп, ашаршылықтың беті қайтқанан кейін гана ауылға көшіп бардық. Өруағынан айналайып, атам мен анам мені туган баласындаі омір бойы жақсы корін, бетімнен қақпай осірді. Қазақтың: «қырық жыл қыргын болса да, ажалды өледі» деген сөзі осындаіда айтылса керек. Оздерің көріп отырғандай, 90 жастан асын, ұзак ғұмыр кейітім, бааларым, немере-шеберлерім өсін жатыр. Еліміз де оз тауелсіздігін анып, жарқын болашаққа бет азды. Құдайға шүкір, елмен бірге талай-талай азанты жылдарды корсек те, қазір қазақ халқының осындаі бақытқа жеткеніне риза болып, куанын отырамын - деп, сақал-мұрты ашиак

құдай болған, басындағы шашы он жаесиңде бір түндег агарын кеткен қария келгенімізге ризашылығын білдіріп, бізбен қимай қоштасты.

1930-1940 ЖЫЛДАРЫ ХАЛЫҚТЫҢ БАСЫНА ТҮСКЕН АУЫРТАЛАҚЫҚТЫ ӨЗІНІҢ ҰСТАЛЫГЫМЕН ЖӘНЕ ЕМСИЛІГІМЕН ЖЕҢІЛДЕТКЕН НҮРЖАУБЕК ҚАРИЯНЫ КӨРГЕН АҒАЙЫН-ТУЫСТАРЫ МЕН ҚӨНЕКӨЗ АҚСАҚАЛДАРДЫҢ ЕСТЕЛІКТЕРІ

Серіз қырлы Нұржабек ұстаның елге қамқорлығы



XX ғасырдың алғашкы жартысында «мың ойн, мың тірілген» қазақ халқының басына түскен ауырталақықтар киелі Шу өңірі жұрттылығын да сырт айналып отиеді. Осіресс, 1930-1933 жылдардағы анирийлық елге оте ауыр соққы болды.

Сол бір қынн-қыстау кезеңдерде өнегелі де, өнерлі еңбегімен ағайын-туыс, жерлестеріне қол ұшып берген азаматтар болғанын қазіргі қоңекоз қариялар әрдайым еске алғын отырады. Солардың ішінде он саулеғанан өнер тамғал аталардың бірі Нұржабек Қәнекұлы ұста ел арасында ерекше аталады. Нұржекең 1900 жылды дүниеге келіпті.

Нұржабектің кіні қызы Зиятүл қазіргі үақытта өзінің отбасымен бірге Шу ауданы Толе би ауылында тұрады. Әкесінің айтқан әңгімелерін сол кездे жае болса да есіндеге жақсы сақтаған қалынты.

- Әкем мен дүниеге келгенге дейін 1930-1940 жылдары Көктөрек ауданындағы «Қызыл Октябрь» ауылында тұрған екен. Осы ауданың «Комитеттері», «Кеңес», «Аманқелді», «Коркей», «Колтабан», «Бірлік» колхоздарында еңбек етеп жүріп, зұлматты отызыншы жылдары ауылдастарына қарайласын отырған. Аштықтан қырызмағас үшін сары тынқан аулан, күн коре бастанған елге жаңы анини мылтық, қакиан жасап Самалдық деген аңызымен бірге ақбокен, қоян, қыргауыл ағын, аң аулан көннілікке көмектескенін кейін ауыл қарияларынан ғалай естідім - деп Зиятүл әңгімесін бастағы.

- Ең алдымен жетім-жесір, кон балалы үйлерге, аитықтан әлсіреп жатқан адамдарға аулан келген қояндарын, қыргауылдарын үй-

үйлерді аралаң жүрін ұлестіреді екен. Әкемнің сол кезде жасаған арба, сока, тырма, кетпен, құрек, бағта, қоян дірмен, келі-келесан, қақиан, мылтық тарғы баека заттары осы қүнге дейін Жамбыл облысының әр аймақтарындағы елде контен кездеседі. Сонымен бірге өзіміздің ағайын-тұтыстардың кейбіреулері бұл бұйымдарды атадан қалған мұра ретінде қардірлене сақтаған отыр.

Әкемнің айтуынша, бір участекелік милиция қызметкері тапашашыны жоғалтып алғын, әкеме: «Күткара корініз, сорғалатын болдым», - деген жылан отырыны алғынты. Оған жаңы ашын, өзіне қауін төнietінін біле тұра қолдан тарапшына істеп береді. Кон ұзамай бұны біліп қойған құқық қорғау қызметкерлері тарапшынан кудалауга ұшыран, біраз қызыңдықтарды басынан кепіреді, енді болмаса «халық жауы» бол кетуге сәлғана қалынты...

Мойынкүм ауданындағы Бірлік ауылшының тұргышы Темір Сейтімбетов ақсақал ұста жайында былай деген еске алады:

- Нұржаубек ұста қандай машина, трактор, комбайн болмасын бір көргенмен-ақ қажетті болыктарін ән-сөтте жасай қоятын. Бірде ол кісінің 20 келілік қол таразыны істегені есімде. Бояубай деген терітерsek қабылдайтын кісі таразыны пайдаланып жүрді. Бір күн Жамбыл (казіргі Тараз) қаласынан ариайы мамандар келіп, осы таразыны жан-жакты тексеріп, өздері кереметтей тацқалып, қолдануга жарамды деген сабына қорғасын құйын, мор бағын береді.

Осы ауылдың тарғы бір тұргышы Карі Баіжанов қария да Нұржаубек ұстани жақсы біледі екен. Оя ақсақалмен кездесін қалғанымызда ұста жайында біраз әңгіме айтты берген еді:

- Көктерек, Шу аудандарының конхоздары ірілелірін, совхоздар құрыла бастағанда аудандық партия комитеті басшыларының ұйғарымымен Нұржекеңді Яшка деген немістің «полугоркасымен» қазіргі Баласағұн ауылшының жақын жердегі Токташка қөшіріп әкелді. Ойткені, егін егетін шаруашылықтар сол маңға шогырланған еді. Әкем Баіжан Нұржаубек ұстамен жақсы қарым-қатынаста болатын. Қөшерінде ұстаниң бүршін озі жасап берген мылтығына бытыра құйдырып алғық. Бұл мылтықпен әкем аң аулаң, 1930-1933 жылдары аиттықтан отбасымызды сақтаған қалды. Нұржаубек ата бізге ғана емес, бүкіл ауылға аң аулаудан түскен олжасын аныққан адамдарға берін жатқанын өзім талай кордім. Ол кісі қандай затты болмасын қолға алмастан бүршін қолданатын күміс.

төмір, мыс, ағантың санасына аса мән беріп, өте білігірекпен таңдайтын. Соңдай-ақ қыздырып балқытып, сұарыныңыңдауды да шебер мемгерді. Соңдыңған да Нұржабек Қашекұлы жасаган бүйымдар өте санағы шығатын. Ол кісінің қолынан шыққан ертүрман әбзелдері, кісесі, шот, бұргы коненің козіндегі бүгінде біздің үйде сактаулы ғұр - деги Қарі қария есіне алды.

Нұржабек ұста бізге көрпі ауыл Тоқташта тұрды, - деги есіне түсіріп еді. Шу ауданы Ақсу ауының тұрғыны, ардагер ұстаз, Қазақстан журналистер одагының мүшесі Мөми Әбдіқұлұлы. - Од кісінің қолынан келмейтін опері жок десе де болады. Ағаның жасаган ат әбзелдері өте көркем, өте санағы. Үста өнердің қадірін білеғін кейібір коғзіл анық, кокірегі ояу адамдарға жасаган дүниесін сыйға беретін болған. Менің әкем Әбдіқұлұға да бір ертүрман тарту еткен екен. Әкеміздің козіндегі болған сол ертүрманды мұра ретінде торға ішін койыдык. Сонау ашарның жыныштарында қолданы бар бір-екі кой-енікінің сүтімен коректеніп, оған қосымша ұстаниң жасап берген қакшанымен ақ аудан, бала-негамды аман алғын қалдым – деги әкемнің айтын отырганын естін едім.

- Біздің отбасымыздың торде ілуі тұрған ер қатты ағаштан шабының көмем қанталған, тоқымы қалың өгіз терісінен қынага боялып, торт бұрынныңа қазақы ою-ориек бастырылған. Ер-тоқымынан же тіт де геріден жасалып, жұка кара былғарымен қанталынты. Шоқтың биік, атка жайыны, ер-тоқымды інгері-кейін жібермейтін омілдірік-құйысқаны да әдемі өриектелген, дәл оргасына алақандай кара темірдің күз үйге үкеас доңестеу етін қондырган, оны күмісепен қанталған, аныстаң ерекше көзге түседі. Электрмен дәнекерлеуді бітмейтін адамның еннөреені жігін білдірместен қиоластырганнана таңқанасын.

Нұржабек ұстаниң аса шеберлікпен жасаган білізік, сакина, шашбау-шолны тағы басқа бүйымдары ел арасында жетерлік. Олардың бірсыннырасы Шу аудандық тарихи-өлкетану мұражайына койылған.

Нұржекең айттулы ұста, шебер зергер болуымен қатар, енде шиншілік емшілігімен де комектескен. Нұржабек аксақал киын-кыстау жыныштарда аштықтан әлсірен, ауырып жатқан жандарды да дәрілік шоппесін емдең, олардың кейбіреулерін аман алғын қалтанды жайында ел арасында кон айтылады.

Сондай-ак ұсташың емпілік қасиетіне күд бояған, Мойынқұм ауданы Биназар ауылының тұрғыны, байыргы майталмай ишонаң, Социалистік Еңбек Ері Шоман Шәрінбасев ақсақалдың сөзіне дең койсак:

- АナンНЫҢ АЙТУЫША, 1939 жылы есімді білмейтін екі-үш жастағы сәби кезім екен. Қостұма (казіргі Хантау станасы) елді мекенінде жайбарақат маңын отырынныз. Бір күндері ісін кеткен басымды көтере алмай қатты ауырын, жатын қалыптын. Әкешешем менен күдер үзін, күйзелін, қайғыра бастапты. Коретін жарығым бар екен, Көктеректен Нұржабек ата жол-жөнекей аң аулауга қақнаңдарын құрып койып, біздің үйге тынышын алу үшін ат басын бұрады. Ол кісі Шәрінбай атаммен қоціл-жыңынае қарым-катьнаста болып, өзара келіп-кетіп жүрді екен.

Үйге кіріп келгенде бірден маган козі түсін:

- Мына бала қатты сырқаттанып қалыпты той, ертең келемін – дең, жеделдеге қайтын кетеді. Айтқандай-ақ ертеңінде қандайыр алыш келіпті. Отқа қыздырылған қандайырмен шекемдегі тамырды тілін жіберіп, кон-кою қара қанды атқылатынты. Сонда шекемнен үлкен тосталғандай қан ағынты. Содан кон ұзамай-ақ айынғын, шанқылаш, ойнаң кетінін. Нұржабек ұсташың мені ажайлдан алыш қалған белгісі әлі күнге дейін айқын білінеді – дең Шоман ақсақал шекесіндегі тыртықты бізге корсетті.

- Алғымына «құлғана» жарасы жайынын кеткен Көктеректегі аудандық ауруханадан адам болмайды дең шығарын тастанғаң, жездем Әйкіннің інсі жасөсірім Сауранды Нұржабек ата қаңтар-ақпаң айында соғым етінің сориасын езі даярланған дәрілер қоспасымен 40 күндей ішкізіп, емдең-таза жазғанын өз козіммен көрдім – дейді ұсташың келіні Мәрия атай.

Сол сияқты Нұржабектің үлкен қызы Зейнекызы әкесінің емпілік қасиеті жөнінде:

- Жаңды жарапарды алмас, кернен (тас сияқты), қызыл жүйрік, тотияйынмен жазған. Басы ауырын, сакинасы ұстап келгендерден қандауырмен қан алыш, оларға сиырдың сүтімен қүйрық майды араластырын, кейде науат қосын ішкізетін. Тамагы ауыргандарды ермен шебімен емдейтін – дең еске алады.

Нұржабек ата онерден де құр алақан қалмай, домбыра тартып, гармонда да жақсы ойнанды. «Серіз қырын, бір сырлын» деген халық қалыңдасы осындағы адамдарға байланысты айттылса керек.

1930 жылдан 1960 жынга дейін Шу, Мойынкүм аудандарымен коса Меркінің көрнелес ауылдарының тұрғындарына аштық жылдарында болсын немесе кейінгі кездегі жаңадан гана әл-қуаты көтерійн келе жатқанда енде жасаган камкорлығын ешкім ұмыттайтындығы құмонасіз. Ойткені, ол кісінің халыққа жасаган иғілдікі, адамгершілдікі істеген жақсылықтары ауыздан ауызға жақындығын, ел арасынан кеңінен тарапын кетті.

Зерделен карасақ, Нұржабек кария бірнеше мамандықты оте шебер мецгерген, сегіз қырын адам екен. Нұржекең қолдан тері шлеудің технологиясын терең мецгерген теріні, темірден түйн түйсегін ұста, сақина, білесік тағы басқа әшекейлі бұйымдар жасайтын ои саусақынан онері тамған зергер, әрі енде шашалы өмшілік қасиетімен камкорлық танытқан ерекше жаң екеніне таң қалмасқа шараң жок.

Колдан жасалған аштықпен біреө құзын-сүргін қатар жүргізілгені тұралы ғалым Мақани Тәтімовтің мына бір сөзі оған дәлел:

«...Дегенмен де, казактың кишин таңдыры, (Сталиннің жеке басына табынушылық әнкере болған соң – 1956 жылдан бастап), халық қырыны туралы ел ішіндегі жіп және ашық айттыла бастаган тұс еді.

Ал мен болсам, одан әке-шешеммен және ага-жекеммен база жастап құлақтармын. Тіктен жекем Батиманың (1927 жыны тұған) әкесі Шу қаласында тұрғанда «Халық жауы» болып атылған кеткенін жеке адамға табынушылық» әнкереленгенмен соң гана білдім. Ол кісі де (кейін жекем 9 баланың анасы болды) бала жастап жетім қалып, балалар үйінде өскені туралы маган айттың жүруші еді, ал ағаларым Жәмел (1923 ж.т.) мен Суният (1926 ж.т.) карашаның бір күнінде (1956 ж.) қуаныштан халқом ағамыздың біржола ақталғанын маган айтпац, екеуді қосылғын әбден тойлағаны әлі есімде» - деген жазады ол оз естелігінде. (Мақани Тәтімов. Зұлмат пен зардан. «Ақықат» - ұлттық қоғамдық-саяси журнал, № 6, 2009, 52-53 беттер)

ШУ ТЕМІРЖОЛ ҰЖЫМЫНДА ЗЕЙНЕТКЕ ШЫҚҚАНГА ДЕЙІН ҰЗАҚ ЖЫЛДАР БОЙЫ ҰЗДІКСІЗ ЕЦБЕК ЕТКЕИ, ҚҰРМЕТТІ ТЕМІРЖОЛШЫ ӘЛИАСҚАР ҚАРИЯНЫң 1930-1933 ЖЫЛДАРДАГЫ АШАРШЫЛЫҚТАҢ ЗАРДАПТАРЫ ТУРАЛЫ АЙТҚАН ӘҢГІМЕСІ

Шу қаласынан 25-30 шақырым қашыктықта бірнеше ондаған гектар алқапты алып жатқан ашық дақида жабайы қарасора жылдан жынга қаулаи өсіп, оның зардабы біздің елімізге гана емес, бүкіл әлемге тараған кетті. Ел арасында бұл қауіпті дақыл «кендер курай» немесе «ашиша» деген атқа ие болды. Адамзат баласына орасан зор зиян келтіретін қарасора Шу өңірінде қашанин найда болған? – деген сұрағымызға кезіндегі Әлиасқар ата былай дең жауап берген еді:

«1930 жылдары жашай ұжымдастыру басталып, соның салдарынан Шу аумагындағы ауыл-аймақтарында да ашаршылық басталғаны тарихтан белгілі ғой. Сол кездеге жаңа құрылған колхоздардың экономикасы оркендейді, жергілікті тұрғындардың жағдайы жақсарады деген мақсатиен Қазақстан өлкөлік партия комитетінің таисырмасы бойынша қаладан алғыс емес, Аспара елді мекенінің маңындағы алқаптарда шытті мақта, итальян қарасорасы есіріле бастады. Шу ауданында осы дақылдардың онімін жергілікі жерде өндіртін кәсіпорындар салу жоспарланды. Оңдагы мақсат өңірдің халқын жұмысмен қамтамасыз ету және оларды жеке меншікті пигылдан арылтып, бір орталыққа негізделген шаруашылықтарға біріктіру болатын. 1930 жылы ауданда «Кенен», «Каучуконос» деген шағын колхоздар құрылды, олар мақта мен қарасора есірумен айналыса бастайды. Бірақ аштыққа ұрынға бастаган елдің осы дақылдардан тиісті өнім алуға шамасы келмеді. Кеңең билігі жаңадан құрылған шаруашылықтардан үлкен үміт күтті, бірақ ол актауламады. Өйткені, мактандың шығымы өте томен болыш, мемлекет жоспарлагандай жүзеге асияды. Қурал-жабдықтардың жеткілікті болмауынан, адам құнинің жетісепеуінен мақта ондеуге келмеді, шикізат ретінде де сатуға тиімей болды.

Ал сол жылдан бастап қарасора осіру тиімді дең табылып, одан кенеп, кендер ондіре бастаган. 1935 жылдарға дейін болуы керек, бұл есімдік сол кездегі шаруашылықтардың мұқтажына жараш тұрынты-

Содан соң қарасораны өңдейтін кәсіпорын салынбай қалғандыктан, оны өндіру тоқтатылыпты».

БК(б)П Орталық комитетінің 1932 жылғы 17-қыркүйектегі «Қазақстандағы ауыл шаруашылығы, оның ішінде мал шаруашылығы туралы» қаулысы

Орталық комитеттің осы шешімінде байланысты Тұраар Рысқұлов Шу ауданындағы мал басын өсірудің жағдайы туралы мынадай мәліметтер келтіреді:

«... Совхоздарда мал төлінің шығыны жыл сайын 40-50 пайызға жеткен, яғни, олардың барлық бұзауларды сақтаған калуга жағдайы болмаған. 1933 жылғы 14-қаңтардагы Өлкелік комитеттің (Крайком) шешімінде осы жөнінде есеп берген үш аудан (Шу, Шұбартау, Шет) туралы былай айттылады:

«Орталық комитеттің 17-қыркүйектегі шешімі және одан кейінгі Өлкелік комитет пен Совпарком шешімдерінде Орталық комитеттің қаулысы бұл аудандарда орындалмаған деп корсетілген. (Тіпті, Шу ауданында Орталық комитеттің шешімдерін колхозшылардың арасында түсіндіру жұмыстары биылғы жылдың қаңтарында гана жүргізіле бастаған)» [19,345].

Қазақстандағы жергілікті билік органдары Орталық комитеттің қаулысын орындаған, ауылдарда мал шаруашылығын дамытудың орынна көшпелі және жартылай көпшелі қазақтарды егін салуға

үйретсөс, содан кейін олар бірте-бірте мал өсіретіп болады дег санаған.

Т.Рысқұловтың 1933 жылы 31-қаңтарда БК(б)П Қазақ олкелік комитетінің (Казкрайком) хатшысы Л.И.Мирзоянга жазған хатынан

Осы хатта Қазақ АССР-ның 1931 жылғы есеп-экономикалық анықтамасында көрсетілген 70 ауданда қазақтардың 90 пайызы тұратындығы айтылады. Солардың ішінде Жамбыл облысының құрамынан кірестін Әулие-Ата, Талас, Меркі, Жуалы, Шу аудандары да бар. Анықтамадағы 70 ауданда 1931 жылды Қазақстан халқының 52,8 пайызы тұрды және Қазақстандағы барлық қазақтардың 83 пайызы осы аудандарда болды. Егістік алқаптардың 22,8 пайызы және бүкіл өлкө бойынша болінген барлық тракторлардың 19,5 пайызы ғана осы аудандардағы қазақтарға берілді... Қазақстандағы билік өкілдерінің ресми баяндамаларында қазақтарға берілген егістік көлемі 52 пайыз, ал тракторларды бөлгөн кезде қазақтардың қолында 55 пайыз трактор болды дег айттының жүрді. Бұл көзбояушылық еді – дег көрсетілді осы хатта [20,317-318].

Т.Рысқұловтың мақсаты хатта жазылған мәліметтерді тағы да тексеріп, осыған байланысты жағдайды түзетуді Л.Мирзоянға тансыраны көрініп түр.

Дерек көздері:

1.Алматы орталық мемлекеттік мұрағаты: «Собрание узаконений и распоряжений РКП РСФСР», 1928 г., №118, стр. 743.

2.Алматы орталық мемлекеттік мұрағаты: «Собрание законов и распоряжений рабочего и крестьянского правительства СССР», 1930., № 37, стр. 400.

3. «Советская степь» (Казахстанская правда) газеті, 1930, 22 желтоқсан.

4.Жабагиев, Ф.Жұман, М.Қойғелдиев. Шу өңірінің тарихы. (ХХ ғасыр – XXI ғасырдың бас кезі), Алматы, 2010, 28 бет.

5.Жамбыл облыстық мемлекеттік мұрағаты: 8-кор, 1-том, 26-іс, 30 н. (Паспорт Чуйского района Джамбульской области Каз. ССР)

- 6.Х.Ермұханова. Қазақстан тарихы. Жоғарғы оқу орындарына түсүнілдерге арналған оқулық-тест, Алматы, 2006, 238 бет.
- 7.Қазақстан тарихы (1914-2004 жж.). Жалпы білім берестің мектептің 9 сыныбына ариалған оқулық, Алматы, 2005, 61 бет.
- 8.Шестой пленум Казахского краевого Комитета ВКП(б). 10-16 июля 1933 года. Стенографической отчет. Алматы-Москва, 1936, стр. 314-315.
- 9.Қ.Жабағисев, Ф.Жұман, М.Қойгелдиев. Шу өңірінің тарихы. (XX ғасыр – XXI ғасырдың бас кезі), Алматы, 2010, 32-34 беттер.
- 10.М.Козыбаев. Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски. Книга вторая. Алматы, 2000, стр. 125.
- 11.Т.Рыскулов. Собрание сочинений в трех томах, том 3, Алматы, 1998, стр. 325.
- 12.С.Әбдірайымов және т.б. Қазак қалай аштыққа ұшырады, Алматы, 1991, 91 бет.
- 13.Т.Омарбеков. Ашарынылық анаты. «Ақиқат» - ұлттық, коғамдық-саяси журнал, №7, 2004, 40-41 беттер.
- 14.Т.Омарбеков. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті, Алматы, 1997, 213-214 беттер.
- 15.Т.Рыскулов. Собрание сочинений в трех томах, том 3, Алматы, 1998, стр. 320-322.
- 16.М.Уактегі. Ашыққан елге араша түскен Нұрман би. «Ақ жол» газеті, 31.05.2008 жыл.
- 17.«Жас Түркістан» - тарихи-танымдық, ғылыми-көпшілік, ой-нікір журналы, №2, 2002, 23 бет.
- 18.«Түркістан» - халықаралық саяси аңталаңық, №23, 7 маусым, 2012, «Қазақстандағы ашаршылық», 8 бет.
- 19.Т.Рыскулов. Собрание сочинений в трех томах. Том 3 Алматы, 1998, стр.345.
20. Т.Рысқұлов.Көрсетілген еңбекте, 317-318 беттер.
21. Қенекөз кариялардың естеліктері

МОЙЫНҚУМ АУДАНЫ

«КӨКТЕРЕК» СОВХОЗЫНЫҢ ТҮРҒЫНЫ БОЛҒАН ДҮЙСЕН ҚАРИЯНЫҢ БАСЫНАН КЕШИРГЕН АЗАПТЫ КҮНДЕРІ

Ауыр күндер естен кетпейді

Мойынқұм өңірінде 1923 жылы дүниеге келген, өткен гасырдың 30-жылдарындағы ашаршылықтың азабын тартқан Дүйсен Асанбайұлы Ұлы Отан соғысына қатысқан азамат. Қан майданда жараланып, тұған елге екінші топтағы мүгедек болып оралды. Оның тағдыры киши да әрі қызықты. Жарты гасырдан аса Мойынқұм тоғырағында сол кездегі си жауанты салада еңбек еткен Дүйсексің тек Мойынқұм ауданы ғана емес, бүкіл облыс қолеміне сыйлы ақсақалдардың бірі болды.

1942 жылы өлім мен өмір ариналысқан киян-кескі ұрыста жаудың оғы жауырының астына келіп тірелген екен. Сол օкты тек отыз жыл откенде ғана операция жасатын алдырынты. Қаңдай төзімді, қандай кайсар жан.

Палатаның іші құлакқа ұрған танадай тыныштық. Тіпті шыбының ызызы да естілер емес. Дүйсен көзін бір ашып, кайтадан жұмады. Анасының аяулы бейнесі, өткен күндер елесі көз алдынан көлбендең кетіней қойды. «Аштықта жеген құйқаңың дәмі аузынан кетінейді» деген сөз осындауда айттыса керек. Сонау зұлмат жылдары анасының өз өмірінен гөрі карындасты Жібек екесінің аштықтан аманесең қалуын көп ойлағаны күні бүтінге дейін көз алдынан кетер емес.

Дүйсен ақсақал ашаршылықта корген азабын, ел басына тұған XX гасырдың 30-жылдарындағы естен кетінес ауыр күндерін артында қалған ұрияттарына естелік ретінде жазып қалдырып кеткен екен:

-1929-1930 жылдардан бастап ел басына қыншишылық тұа бастады. Жаппай елдің малын, дүниес-мұлқін тәркілеу басталған кез. Халықтың күнкөрісі қындаған, әр отбасын аштық жайлады. Осы кезде жан сактаудың жолын іздеп ел жан-жакқа шуап кете бастады.

1929 жылдың аяғына таман туып-өсken, ата-бабаларымыздың қонысы болған 40-50 шақырымдай қашықтықтағы Мойынқұмнаң жаяу-жалины елмен бірге біз де Шу станисасына келдік. Шуда әкемнің

кайындары, шешемнің төркіндегі, менің нағашыларым, осындағы күнтүлер оның ішінде атақты ақын Сауытбек Ұсаұлы шешемнің әкесімен ағайынды болып келеді. Бұл жерде де жағдайымыз нашарлан 1931 жылдың сәуір айында шуаган елге қосылған әкем, шешем, екі қарындастым және мен қыргыз еліне бет алдық. Жолжөнекей аштықтан өліп жатқан адамдарды көрін, бала болсам да қатты күйзелдім. Бірақ сол кезде бүкіл елді қамтыған нәубет жылдардың қайдаи көлгөн білуге шамам жетпейтін еді. Анығыназың бес-алты күнде әрең дегендеге Қарабалта деген жердегі кіріш зауытының жаңындағы жеркенеге орналастық. Егіні шабылған жерлерден масақ терін, орыстар егін жинал әкеткөз бакшасының орыншан бірдемелер терін өлместің күнін көрдік. Сөйтін жүрген кезде елдегі ағайындардан 1932 жылы қыркүйек айында хабар келді. Босын кеткендер тұган жерге орала бастаңты. Колхоз ұйымдасты жатыр екен.

Осыны естіген әкем:

-Елден кеткенімізге де үш жылдың жүзі болыпты, не де болса ауынға кетейік – деп жіңі-жіңі айта бастады.

Сонда шешем:

-Әліптің артын бағайық. Әлі де болса жағдайымыз жақсарғанша осында тұрғағының жөн болар – деді.

-«Ұлтарақтай болса да, ата-қоныс жер артық, ат төбеліндегі болса да туып өскен ел артық» - деген бүрнегілардан қалған сөз бар. Есіміз барда елге жетейік» – деп, ауыр бір қүрәнді әкем.

Сонымен Қарабалтадан Шу станасына дейін нойызбен, одан әрі елге (Асанбай талына дейін) есек арбамен әрең дегендеге екінші күні ел шетіне де жақындағы. Әкем болса қатты ауырын, арба үстінде сұлық жатыр.

-Әке, котерші басынды. Елге жеттік қой. Козінді анины! – дедім.

- Елге жеттік дейсің бе, - деп әлеіз ғана күбірледі.

Жағы суалын, көс жанарының нұры кетіп ошे бастағандай көрінді. Қараған адам бірден шониды. «Үмітіз шайтан» дегендегей, ағайынның арасына аман-есең алын жетсең, сорпа-су ішін, айығын кетер деген үмітіміз бар. Басын демен котердім. Бар дәрменін салып езі де тұруға тырмысын жатыр.

- Иә, ел шетіне жетпінгіз той, - деп мениң созімді кайталац. Қасметіңен айналағын ата-мекенім-ай, кайран тұган жүртym. Сенің

бір уыс тонырагың бұйырмас па деп едім. Жок, құдайдың маган деген аз да болса ракымы бар екен. Ел шетіне іліндік-ау, - деп өзіне телміре қарап отырган қарындастым Жібектің басынан сипады.

- Алла тағаланың бізге жасаған жақсылығы шығар, туган жерден татар дәм-тұзымыз бар ексн-ау, - дегенде әкемінің даусы көлтен бері алғаш рет көнілдене ерекше жарқын шықты.

- Қалай ғана қаңғып кете бердік. Мына Шудың суының балығын, бұта түбіндегі қыргауылы мен қоянын талғажау етсек те, туган жерде қалғанда да өлмейтін екенбіз-ау. Соны неғып ойламаганбыз.

- Откен іске әкініп қайтеміз. О баста құдайдың көрсетейін дегені сол да – деді апам.

- Дүйсен!

- О не, ата!

- Анау тостағанмен маган су әперші, - деді. Мен арба үстіндегі ағаш тостағанды алып толтыра әкеме су ұсындым. Әлсіз қолдары дірдір етіп Шудың суын әзер ішті.

- Қасиетіннен айналайын. Туган жердін қара суы да жанға шипа гой – деп әкем бір сәт мұңайып қалды.

- Ата, бір-екі рет суга сұңғіп алсам қайтеді – дедім балалығым үстап.

- Шомылсаң шомыла ғой, - деді әкем. Сол-ақ екен суга киімшеш өтпелімінен жата кеттім. Қандай ракат. Үш-төрт күн жүрген жол азабымды ұмытып, көнілім шайдай жарқыран сала берді.

- Дүйсен, күн кешкіріп қалар. Жүрелік, - деген шешемінің сөзінен кейін судан әзер шықтым...

Қара жолцың шаңын борпылдатып жүріп келеміз. Есек шаршай бастаған соң женіл болсын деп шешем әкесуміз арбадан түсіп, жаяу жүріп отырдық. Шудың суынан откен соң әкем де басын көтеріп алды. Жан-жағына қарап откен күндерін еске ала ма қайдам, үнсіз ой құшагында келеді. Бәрі де таныс. Балалық шағы да осында откен. Аштықта күнкөрістің камымен амалсыз елден кетіп, енді оралып келе жатқан бетіміз.

- Ыргал!

- Ау, - деді үнсіз арбаның алдында келе жатқан шешем.

- Ағайын, туган-туыс қалай карсы алар екен бізді?

- Кеудемізден кері итерер дейсін бе? Бір амалы болар.

- Дегенмен елге жеттік, ә. Енді өлмейтін шығармыз, - дейді әкем манағы сөзін қайталап.

Осы жүріспен тұс ауя Қокірек елінс кіре берістегі Айдарлыңа да жеттік-ау, әйтсеуір. Одан ары өндіре-өндіре жүрсек күн бата жетің қалатын түріміз бар. Бірақ есектің барған сайын діңкесі құрып, аяқ алысы әлсіреп барады. Тағы да далада түнейміз бе деген қауіп тоңе бастады. Ауыл шетіне жетсек, шайнаң жұтар бірдене боларына іштей сенеміз. Олар да қайбір жетісін отыр дейсін. Дәл осында жағдайда қалай қарсы алар екен деген ой мені де мазалай берді. Есекті деміл-деміл демалтып, ел жата ауыл шетіне де жеттік-ау. Ауыл иттері анадайдан әүпілдей үріп қарсы алдымыздан шықты.

- Апа, ана ана Алыпсоқты қараңы? Орынбай тәтемнің иті, - дедім мен таныш, қуанышымды жасыра алмай. Алыпсоқ алыстан жүгіре үріп келгенімен, жақындаған берс бізді коріп тоқтай қалды. Туысты бала мен ит таниды деген рас-ау, тәбет бізді таныса керек. Артында шәуілден келе жатқан өзге иттер де Алыпсоқтың қас-қабагына қарап, ілезде құйрыктарын бұлғаңызып бет-бетімен кетті.

- Алыпсоқ, ка, ка, күшік ка – ден итті өзіме шақырдым. Арсаландаң қасыма жетіп келді. Элі ұмытшанты, ол жағыма бір шығып, бұл жағыма бір шығып еркелейді.

- Алыпсоқты қөрдің бс, - дедім арба үстінде жатқан әкемс.

- Қөрдім ғой. Ал енді қайда барып тоқтаймыз, - дегенде, шешем әзер жүріп келе жатқан есектің басын тежеді. Бәріміз де тоқтап, бір сәт үнсіз қалдық. Бұл ауылдың бәрі бізге жекжат, тума, ағайын. Дегенмен, ең жакын ет жақындарымыз әкемнің бірге туган інісі Орынбай. Әкем сәл ойланып:

- Орынбайдың үйіне барайық, ол менің туган бауырым ғой, - деді. Шағын ғана ауыл іші қөрдей қараңғы. Терезеден сығырайған білте шамның жарығы да қөрінсер смес. Жатып қалса керек, қызы-жиы соғылған үйлердің арасымен жүріп отырып, Орынбай тәтемнің есігінің алдына келіп тоқтадық. Аула іші мұлғіп тұр. Апам екеуміз келіп есікті қақтық. Ә дегенде ешкім дыбыс бере қоймады. Менің шыдамым жетпеді. Бар пәрменіммен есікті жұдырығыммен қойыл-қойып қалдым. «Бұл кім, ей» деген жеңешімнің даусы каттырак шықты.

- Біз ғой.

- Бізің кім?

- Ыргалмын – деді апам.
- Жеңеше, есікті ашсаңы біз гой, - дедім шыдамым таусылып. Есік шалқалай анылды. Жеңешем ай сөүлесінің жарығымен апам екеумізді көрді де, таңдана ақырайып тұрды да қалды.
- Ойпырмай, оцім бе, тұсім бс. Келіншек-ау қайдан жүрсін деп кеудесін алға берс құшағын жая ұмтылды.
- Біз гой, келдік аман-есен.
- Сіздерді де көретін күн бар екен-ау, - деп жеңешем еңкілден дауыстап жылап жіберді.
- Ей, не болды саған, - деген арғы жақтан Орынбай тәтемнің даусы естілді. Иле дамбалшаң артынан өзі шықты. Қапелімде сиптеңеге түсінбей, құшақтасып, көрісіп жатқан апам мен жеңешемес тесіле қарал:
- Ой, мынау Ыргал гой. Көктен түстіндер ме, қайдан жүрсіндер, - деп іле состиып тұрган мені көріп қалды.
- Ей, Дүйсен сенсің бе?
- Мен гой, тәтс.
- О, айналып кетейін. Состиып не ғып тұрсың, - деп мені қарулы қолымен құшағына қысып, екі бетімнен кезек-кезек сүйді.
- Экең қайда?
- Анда арба үстінде жатыр.
- Жатқаны несі, үйгс кірмей ме?
- Жүре алмайды, - дедім бірден тоқ сткізіп. Тәтем мсні жерге коя сала арбага карай жүрді.
- Аға, ағажаным, бауырым, бармысың, - деп жеткен бойда арба үстінде оранып қалқайып отырған әкемді құшақтай алды.
- Барсың ба, бауырым.
- Бармың, бармын. Өліп-талып жеттік-ау, әйтеуір, - деп әкем жасының үлкендігіне қарамастан кемсендеп жылап жіберді.
- Жыламашы енді, немене сонша бала сияқты болып кеткенсің бе? Амандық болса ертең-ак айығып кетесің. Бұл кезде апам мен жеңешем де арбаның жанына келіп жеткен еді.
- Жәке-ау, аманбысызы? Сіздерді де көретін күн бар екен-ау, - деп аққоңіл жеңешем тағы да жылан алды. Арбаның артында шоқшиып отырған бес жастағы Жібекті қолымен көтеріп алыш, екі бстінен алма-кезек сүйді.

- Ал, не тұрыс, үйге кірейік. Қалған әңгімені сонда айтарсындар, - деги тәтем әкемді арбадан көтеріп алды.

Сығырайған білте шаминың жарығына сәлден кейін козіміз үйрене бастады. Жеңешем босагада тұрған жez самауырынды сыртқа ала жүгірді. Тәтем зыр жүгіріп тор үстіне барын корнесін қалындан салып, әкемнің басын сүйсеп сонда жатқызды. Жағдайды сұрауды.

- Эй, құрысын сол күндерді керек десең еске алушан да коркамыз. Осы ауылдан кеткенен қыргыз елінің Ақсу, Қарабалта деген жерлерінде болып, өлмес күнімізді көрдік-ау, әйттеір. Дүйсенениң атасы барғаннан кейін көп ұзамай-ақ сырқат болып, тіршіліктің тауқыметі басымызға таудай болып үйілді. Содан аштықтан оліп қалымасақ та, итшілең күнімізді көрдік. Ал енді өздерінің жағдайларың қалай? – деги шешем әңгімені бастады.

- Осы өздерің көріп отырыңдаій көнин бірге ілбін қыстаң шықтық. Бүкіл ауылды колхозға біріктірді. Соган мүнше болып кірдік. Қалғаны осы өздерің көргендей, - деги тәтем ұртындағы насыбайын босаға жаққа шырт түкірді. Бұл кезде бүрк-бүрк кайнаған, екі иығынан әзер дем алған жez самауырынды көтеріп жеңешем де болмеге кіріп келе жатты. Әкем манадан бері созге арапаса қоймай, үнсіз отырган.

- Орынбай бауырым, жағдай осында болды. Бар арманым елге жету еді. Құдай бұйыртын оған да жеттік. Енді не болсақ та өзіңмен бірге боламыз. Менің жағдайым болса мынау. Мына екі құлышынды анау отырган жеңгесінде өгейсітінейтін ишігарсындар – деги ойлаймын.

- Ой, ағай, сіз дс қайдагыны айтың, әлі-ақ жазылыш кетесіз. Ел іші той, ыңғайы келіп сорна-су ішесінің жазылатыныңыз созсіз. Келгендерің сондай жақсы болды. Не көреек те бірге көреміз. Сендер де колхозға кіріңдер. Колхозға кірсеңдер өлемейсіңдер. Айналайын, жаңа үкімет қолынан келген жақсылығын жасап жатыр той, - деги тәтем саясаттан сәл де болса хабардар екенін сездіріп қойды.

- Жақында ауылда мектеп анылатын корінеді. Дүйсенжанды сонда оқуға береміз. Біздің мына қара сирактарымыз да оқуға барамыз дейді, - деги бұрыш жақта пысылдан тәтті үйқының құшагында жатқан Жұпаны мен Өмірбайын үсігімен меңзей көрсетті.

- Амандық болса осылардың қызығын көрсек бәрі де бір күнідей болмайды, әлі-ақ ұмытамыз, - деги әкемді келер күнин үмітгендіріп тे қойды. Тәтемнің созінен кейін көзілім сәл де болса көтеріліп қалды. Тіпті енді маган әкем өлемейтін сияқты болып көрінді.

Жондан әбден ашынып келген біз жеңешемің дастархан үстіне қойған таба наиниң демде-ак тауысын біттік. Бұл үйдің де жағдайы белгілі. Одан әрі озіміз де дәметкең жоқ едік. Акпейіл жеңешем біздің қатты аныққанымызды көріп, жапы ашып дорбадагы таба наинан тары да бірнеше үзін дастарханға салды. Нанинаң басқа тағам болған жоқ. Шәй ішін, нац жеген соң жол бойы қабагы тырысын келе жатқан қарындастым Жібекстің де жүзі жадырай бастады. Ішіне сл қонған соң ой:

- Ана, үйкүм келді, - деді бір кездे.
- Үйқың келсе жатағой, - деген жеңешем оны ашарып өз балаларының қатарына жатқызды. Мені де үйқы қысып тұр. Бірақ тәтеміңді ауыл, аймақ, колхоз құру жайлы әнгімесін қызықтан кимадым. Сөйтін жатын үйықтан кетінпі.

- Дүйсен, ей, Дүйсен тұрағой, - деген апамың даусынан көзімді ашының аздым. Терезенің саңылауынан жарық түсін бозалаңдан таң атын келеді екен.

- Тұрағой балам, жатаға бересің бе? Озіміздің үйге, шаңыракка барын қайтайды.

Үйқымды қимасам да ашамың сөзінен кейін көзімді уқалап тәлтіректей басып сыртқа шықтым. Біздің бұрынғы үйіміз ауылдың қүнгей бетінде тәтемің үйінен бір шақырымдай қашықтықта шетте болатын. Ашам екеуміз солай қарай жүрдік.

- Ана, соңша асыйқаның ис? Ертең де күн бар емес ис?
- Осындай қыны-қыстау кезеңде арыстай төрт адам бірдей масын болып біреудің мойнына мініп жатағереміз бе? Жаманды-жақсылы өз үйің, олең тосегіңдер артық ештеңе жоқ. Үйді жондеуіміз керек, - деді ашам.

Біз тұратын үй үшін болмелі тоқал там болатын. Елден ауын, үйдің сісіз гастан кеткен жаксы ма, жылан жүріп кетерде есік-терезесін мындаған бекітіп кеткенбіз. Ешкім тиісеп койманты. Бірақ қысы-жазы ауа райының (жаңбыр, қар, жел) асерінен сылақтары түсін, тобесінің балының ағыш, үй ескіріп кетінгі. Бұл үйге қарауга қай ағайының мүрінасы келсін. Ашарының қысымына шыдай алмай бәрі де озіміз сияқты тоз-тоз болып кеткені әлі есімдеге. Енді гана ес жия бастанған екен. Соңда да слідің тұрмысының әлі де болса қының екендігіне көлгениен кейін көзіміз жетті. Бұл ауылда біздің үй сияқты қаңырауын тұтқын тұтқындең қалған үйлер баршылық. Біразының

иелері әлі орала қоймады. Олардың бұл дүниеде бар-жогы бір құдайға ғана аян. Нәубет жылдары ешкімді ешкім біліп болды ма. Сүмдық бір ауыр жылдар болды гой. Тіпті сол 1929-1933 жылдардың әр күні кішкентай мениң де кез алдынан корініс тауын көлбесіден кетер смес.

Өз үйімізді көргенде а나ам козіне ерікей жас алды. Неге жылтайды екен. Үлкен кісілердің де жылтайтыны иссі екен осы. Жок әлде осы үйде откен жастық шақтарын еске алып отыр ма, ол жағы беймәлім. Апам есік алдында еілейін, біраз түрдү. Сәлден кейін барын козінің жасын жециңің ұшымен сұртіп, есікті аиты. Қаңсын қалғап есік шинқылдан барып шалқасынан әрең ашилды. Қараны болмеге жарқ етіп таңғы сәуле түсті. Үй ішіне торгайлар үя салып, ормекшінің торларынан адам жүре алмайтындей. Апам қоржын бас үйдің үш бөлмесін түгел қарашыбы.

- Истейтін біраз жұмыс бар екен. Бүгіншін бастан кірісу керек, - деді.

Көп түрмай екеуміз де тысқа тыңғық. Ауыл адамдары таңғы үйқыларынан енді ғана тұра бастанғы. Қареві алдымыздагы үйде тұратын қара кемінір есігінің алдына қалқыны шығып тұр екен. Шешемді көріп, ез көзіне өзі сенбегендей аңырайын біраз түрдү.

- Жаңым-ау, Ыңғалсың ба осы сен?

- Иә, шешей, ташымай қалдыңыз ба?

- О, айналып кетейіндер. Сендерді де көретін күн бар екен-ау, - деп апамды құшақтай алды. Мұндайда ейел адаминың коз жасы дайын тұра ма, ал кеп жыла скуюі. Еңгезердей қос ейелді жұбату мениң колымнан қайдан келсін. Қара кемінір өмірде копті корін кокейнен түйген жан гой. Көз жасын жециңің ұшымен сұртіп жатын:

- Қай жақта болдыңдар, қашап келдіңдер. Ассек қайда? - деп сұрақты үсті-үстіне жаудырып жатыр.

Апам мауқын басып болған соң мән-жайды қысқаша баяндал берді. Әкемнің ауру екенин айтқанда козіне тағы да жас алды. Қара кемінір ауыр күрсініп:

- Амал қашап қолдан келер қайыр жоқ. Жүріндер мен де сендермен бірге барып, шалынмен амандасаны, коціліп сурал қайтайын, - деді.

Ұшеуміз қайтадан Орынбай тәтемнің үйіне карай беттедік. Мұнда біздің келгенімізді естіген біраз жұрт жинальын қалыпты.

Тұысқандардың бәрі әкемді айнала коршап алған. Үйлерінен өлік шықкан адамдай қабақтары салыңы түжірылан кеткен. Бізді көргенде гана еріксіз жүздерін жыныстықандай болды. Әкеммен үзеңгілес келे жаткан тұысқанымыз Иманолі әкемнің қианын жатқан түріне қадала карал:

- Бір кезде ел сыйлаған, қадірлекеген арысы жапсарлас жаткан ел Жалайыр, Қоралас, Сәмбет, Құнтуғе бергісі төрт арыс Қекірекке белгілі Асанбай болып ең, енді жатысың мынау «Ер арыса әруақ, ат арыса тулақ» деген осы той. Құдайдың басқа салғанын көреміз де бала-шагаңызға енгізбей аман-есен келгендізге куандық. Құр уайымдай беруді қояйык, - деген басу айттың жатыр екен.

- Ой, мынау Дүйсен бе? Үлкен жігіт болып қалыпсың той. О айналын кетейін, келе қойшы – деги Еснан ағам құнағына алыш беріммен алма-кезек сүйді. Басқа тұысқандар шешеммен амандасын, жағдайымызды сұран жатыр.

- Несін сұрайсыздар, - деги анам ауыр қүрсініп алыш, сөзін одан зорі жағағастырды. - Қырғыз елінде жүріп өлмесек те, балаларым қарны тойын тамақ інкен емес. Ес білін, етек жаңқалы тағдырдың тауқыметінен бір арылып корген емесніз. Енді мынау, ол аздай ағаңыздың жатысын өздерің көріп отыреңдар. Кісі елінде мен асырадым, енді өздерің асыраңдар – деги әзіл-шынын араластыра сез тастады.

- Тұңғыменің, ағамың әлі-ақ жазылыш кетеді, - деги Еснан анамды жуаткан болуды.

Құдай косқан қосағынаң қырнын жас қалу кімге оцай тисін. Айнасты алқымдаган кезде арыстай азаматтың жатысы анау. Ертең олай-бұлай болып кетсе мына соңында қалған екі жетімектің, тіпті өзінің жайы не болмақ. Осыны ойлағанда анаминың озегі өртеніп, қорқыныштан үрейленіп өзін-өзі қоярга жер таштайтын. Ел деги еніреп жүріп тұган жерге де жеттік. Енді қүніміз не болар екен. Ата қоныста қалған ағайындар да қайбір жетісіп жүр дейсің, қыстаң қалжыран «шықта жаным, шықпа» деги, қалт-құлт етіп отыргандары мынау. Шешем осыны ойлады. Сәлден кейін анам үнсіздікті бұзып:

- Ау, ағайын, алыстан арын-анын аштықтың, ауыр жолдың азабын тартын ізден келгендегіміз өздерің. Қайнымының үйіне келіп түсін едік, бар нейілімен, барымен базар етіп қарсы алыш отыр. Онысина оте разымыз. Біз конін кеткелі үйіміздің төбесінен су өтін,

қабыргасы түсіп, есік-терезесі сынның, әбден тоза бастанған көрінеді. Осындай қиналғанда қол ұштарының берсендер. Қашанғы бұл үйде телміріп отыра береміз. Өз шаңырағымыздың тұтінің тұтегейік, ағайын.

- Иә, женешем дұрыс айтады. Бүгін бәріміз біріғін сол үйді жөнге келтіріп тастайык, - деп Еспан ағам орнынан қозғалактан койды.

Ел іші алтын бесік деген осы-ау. Көп болып коржин бас тоқал үйді демде-ақ жөнге келтіріп алдық. Есік алдына ошақ орнаттық. Үйдің жан-жағын сыйырып, Жібек екеуміз айнадай ғып тазаладық. Апам өзімізben бірге әкелген аздаған жүкті үйге кіргізіп, төр үстіне көрпе-жастықты жинаған соң, аңырайған үй-іші сәлде болса жөнге келгендей болды. Енді міне, апам, атам, Жібек, менімен төртеумізғана. Сап-салқын бөлме іші құлаққа ұрган танағай тын-тыныш, әрқайсымыз өз ойымызбен өзіміз әлекіз. Ендігі күпіміз ис болмақ. Не жейміз, не ішеміз. Үйге кіріп алғанша ол жағын ешқайсымыз ойламаппайыз. Кенет ауыз үйге кірген адамың аяғының тықыры естілді. Іле қолында бір түйіншегі бар көршилес кара кемпір кіріш келді.

- Қоныс құтты болсын. Ырғал шырағым, шалыңың ауырып жатқаны мынау, жағдайларың өте ауыр екенін білемін. Бірақ қайсымыз жетісіп жүр дейсің. Қолдагы бар үш-төрт сінкінің бірін сойып едік, оның өзі де бітуге айналды. Мынаны бала-шагамың аузынан жырып өздеріңе әкеп тұрмын. Шалыңда асып берші, - деп көңілшек кемпір көз жасын сығып алды.

Түйіншек ішіндегі сінкінің скі-үш тал қабыргасы мен біраз ет екен. Апам қолына алыш тұрып:

- Рахмет шешей, жақсылығының құдайдан қайтын, тірі жүрсек ұмытпасбыз.

- Оның не қарағым, ағайын-жұрт болған соң бір-бірімізге қол ұшымызды бермесек не боламыз. Халиқ қалай, - деп төрде жатқан әкеме жақындау келіп отырды.

Соңғы кездे әкем шешіліп сөйлеуден қалған. Ұзақ күн бір нокатка қадала қарап, қашаш көрсөң де ой құшагында жатады да қояды. Қазір де кара кемпірдің сөзін естіді ме, естімді ме, саңырау адамша еш нәрсемен жұмысы жоқтай сол күйі жата берді.

- Эке-ау?

- О не? Бірденең дедің бе, - деп әлсіз даусымен маган қарады.

- Анау анам халіңді сұрап келіп тұрғой.
- А, хал дей ме? Несін айтайын көріп тұрсызғой.
- Өзіңді өзің жегідей жей бермесейші, әлі-ақ жазылып кетесін, - дей қара кемінір әкемді жуатқан болды.

Бұл сөзді ол күн сайын талай адамның аузынан естиді. Бірақ жазынар түрі жоқ. Тіпті айығы дегенен біржола үмітін үзіп, өлімге біржола бойұсина бастаған сияқты. Қазір де қара кемпірдің сөзін самарқауғана тындал, жәй басын изей салды. Ол рахмет дегені болар. Өйтиссе айынудан үміт жоқ екенін өзі де біледі. Қара кемпір тағы да көз үшінша келіп қалған жасты кимшегінің ұшымен сұртті. Осы сәтте мениң де жапым қара кемпірге қатты ашын кетті. Мейірімді жан. Көз көрген соң кишиған гой. Біздің де қайғымызға ортақ болып, ойлайтын сияқты. Жылағым келді. Яныр-ау, шынымсан-ақ әкемнен айырыламыз ба? Осыны ойлаган сәтте өз ойынан өзім шошын кеттім. Жоқ, жоқ олмейді. Бізді тастап қайдада кетеді. Өлуге тиіс емес. Бұл ойлар мениң бала княлымда екі жылдан бері сіңіп қалған болатын. Ал Жібектің не ойлайтыны қайдам, екі көзі бадырайын кешке дейін әкемнің қасынан шыққанды. Бала болып көрші-колаңның қыздарымен де ойнағанды білмейді. Кішкентай болса да көп ойланатын сияқты. Нені ойлады екен. Алдағы құндерден қандай үміт күтеді, ол жағы маган беймәлім. Әйтеуір мына өмірдің ауыртиалығы оны тез сесситіп жібергендей. Қазір де әкемнен көз алмай, мелшиген күйі үнсіз отыр. Тіпті куану дегенінің не екенін де білмейтін сияқты.

Қара кемпір қоштасуға да шамасы келмей үйден атын шықты. Артынша мени де орнымана тұрын, терезеден тысқа көз салып едім ошақ басында от жағының қалынты. Ежелден бері осы үйдің мұрадан қалған мұлқі болған қара қазанды әлгінде қара кемпір әкелген аздаған ет бүлк-бүлк кайнаш жатыр.

Коңінім сәл де болса көтеріліп қалды. Ошақтағы от, будактаған тұтін, мына біздің үйден тіршілік нышанын сездіріп аулага әжептеуір көрік бергендей. Қазақтың тұтінін түтет деген сөзі осыдан қалса керек. Өз үйінде от жағының, қазан асылып жатқанға дүниеде не жетсін. Ал бұл үйден ет жен, аузымыз аққа тимегелі қашан. Тіпті солардың дәмін де ұмытта бастағандаймыз. Осы сорна-суды ішсе әкем айынғын қалар ден ойладым. Қара қойдың сорнасынан мұның айырмаесы ис. Ешкі де мал, кой да мал, бірақ төрг аякты түліктің скейі

екі түрлі. Бір сәт әкем жазылып кететіндегі көрінді. Мен де даға шықтым.

- Апа, ет асып жатырсың ба?
- Иә.
- Апа, мына сорпана ішсе әкем жазылатын шығар, ә?
- Қайдам, - деп апам үндемей қалды.
- Бір рет ішкен сорнага кайдан жазылсын. Ауру адамға құтім керек. Ұқытылған тамақ ішу керек, - деп апам әкемнің жазылып кетуінен үмітін әбден үзген секілді. Әлгіндегі көңілім су сепкендей басылды.
- Апа, Орынбай тәтемнің қой тауып беремін дегені қайда?
- Қойды қайдан алсын ол. Іздеп көріп еді, табылмады ғой.

Кімді айтса сол келеді дегендегі, Орынбай тәтем де келіп жетті үйге. Жетегінде лагын ерткен ешкісі бар.

- Жеңеше қой табудың реті кесімді. Мына ешкіні соямыз ба, қайтеміз?
- Лагын қайтеміз? Шамасы сауылып жүрген ешкі ғой деймін.
- Иә, сауылып жүрген ешкі сүтті де көп береді.
- Мұны сойғанда қайтеміз. Одан да сауып балалардың аузын аққа тигізейік те?
- Өзіңіз біліціз жеңеше. Қоюдан келер бұдан артық ешқандай көмегім болмады. Осыған риза болыңыз.
- Пейіліце рахмет. Сенің де жағдайыңды көзбен көріп тұрмыз ғой. Біліп тұрып буынсыз жерге пышақ ұргаңдай сені қалай кінәлай аламыз. Мынаны да бала-шагақның аузына жырып беріп отырган жоқсың ба.

- Осыны түсінсөніз болды да жеңеше. Әйттеір тұған-туыс, ағайын қол ұшын бермеді демеңдер. Дүйсен енікіні ана қораның ішіне кіргізе сал, сиді бұл сенің ешкің, күтіш-бак.

Тәтемнің қолынан қара ешкіні ала салып, қорага кіргіздім. Сол күннен бастап маган ермек табылды. Ертелестің ешкі мен лагын косарлап корадан шығарып, ауылдан біраз жерге дейін жайып қайтамын. Біздің үйдің тіршілігінің тынысы осы ешкінің сүті болды.

Бір күні шешем ойламаган жерден ауырды. Күн үзақ үйдің күйбең тіршілігімен жүрді де кепкі салым сүріне жынылды. Тағы да басым деп байбалам салып безеу қақты. 1932 жылы Қарабалғатадағы ауыр соққыдан кейін басы жи-жи ауыратып болған. Соның әсерінен

болса керек. Сол күнді ойласам тұла бойым түршігеді. Өсірессе албастыңдай қаба сақалды бұжбан сарыны көз алдыма елсестесем болды, сол түні ұйыктай алмай шығамын. Апыр-ай, адамның да сондай қатығезі бола ма? Ол да анадан туған адам ғой. Бұл аштық деген не істетнейді. Бәрі де аштықтың, ауыр тұрмыстың кесірі. Қарабалтаға жетпей-ақ әкемнің ауруы мендең, мұрттай ұшқан болатын. Үй-ішіміздің бар ауыртпалығы шешемнің мойнына түсті. Жібекті әкемнің қасына қалдырып, апам екеуміз күн ұзак масақ тереміз. Масақ дегенде жарытқан ештеңе жок, әйтеуір дәтке қуат бірдеңе. Егістікгің орын деген аты болмаса шаңы аспанға шығып жатады. Ал оның ішінен масақтан қалған дән іздсу топырақ ішінен иле іздесумен бірдей. Бір күні түк өндіре алмадық. Қара құрымдай қантаган өзіміз сияқты босқындар жанын қойсын ба. Тіпті сол күні қантан кетті. Үй-ішімізben нәр татпағалы екінші тәулік. Апам байғұс шыдан бакты. Бірақ, ауру әкеммен бізді көргенде өзін қоярға жер таппайтын. Бүгін де құр қол қайттық. Апам алда, артынан ілбіп басып мени келемін. Бала қиялым талайды шарлайды. Піскен ыстық құлшени көз алдыма слестесемін. Оны ойлаған сайын ішім шұрылдан, аузынан сілексійім ағын, одан бетер қарынам ашады. Кенет алдымда келе жатқан апам тоқтай қалды.

- О не, апа, жәй ма?
- Анау маяны көрдің бе?
- Иә, көрін тұрмын.
- Соның астында тыңылған қызылшалар бар көрінеді. Қараптан караш аштап өлеміз бс, содан ала кетсек қайтсді.
- Иссі көрін қалса не айтамыз?
- Қараңғы түссе барайық, - деді апам.

Мұның ұрлық екенін шешем де, өзім де сеземін. Бірақ амал қанина аштап өлгенше, мал жең жатқан қызылшадан бірнешеуін алсақ одан иссінің ештеңесі кете қоймас. Арық ішінде отырып, кештің батуын күттік. Мұндайда уақыт та жылжи қоймайды. Апам да дегірісізденін, Жібек пен әкемді қайта-қайта ойлан аузына ала берді. Не ғып жатыр екен. Әйтеуір бүгін қайтсек те үйге құр қол бармауымыз керек. Ауру әкем мен бармақтай қызының аштап аш жатқаны анау. Екеуміздің де көкейіміздегі ой соларды тамақтандыру. Еміс-еміс мая жакқа көз тастаймыз, әзірше ешкім көріне қойған жок. Тек кеппің тез батса екен деп тілсейміз. Бір кезде күн де ұясына батты-

ау, әйтеуір. Манағыдай емес, далага сөл қараңғылық түсс бастады. Дегенмен әлі ерте, көзге түсін қалатын мезгіл.

- Апа, қашанғы отыра береміз, жүр барайықшы – дедім шыдамым жетіней.

- Асықпа балам, ел орынға отырсын.

Ішегім шұрылдаپ, аштықтаи қозім қарауытын шыдай алар емеспін. Қызылшаны үйге анарып пісіргенше тағат таба алар түрім жоқ. Сілекейім шұбырып, аштық одан сайын аш өзегімді мысықша тырмалап барады. Алда не болады. Ана қызылшаны қолға қалай түсіреміз. Ол жағын ойлауға да мұрша жоқ. Тек маяның шетіне жетсек болды тегін жатқан қызылшаны үйге арқалап кете беретіндей-ақ көрінеді маган.

Ел орынға отыра апам екеуміз арыктың ішінен шықты. Бұқпантайдал жүріп маяны бетке алып клеміз. Бірде тоқтай қалыштың тыңдаймыз. Әзірше қауіпті сштесе жоқ сияқты. Тағы да алдыға жылжимыз. Қайтадаи тоқтай қалыш, деревния жаққа құлак түрепміз. Міне маяға да жақындаи қалдық. Жан-жағымызға бағдарлай қараң, мұнда да біраз тұрдық. Құдікті ешиәрссе байқалмады. Демімізді ішімізге тарта отырып маяның шетіне де іліктік-ау. Айналып жүріп қуыс бір тесікті тауып алдық. Аумағы әжептеуір скі-үш адам сиып кетерлік. Бірден ішіне сүңғін кеттік. Үйіліп жатқан қызылша. Кірген бойда қойын-қонышымызға тығын жатырмыз.

- Дүйсен, мынаны қара, - деді бір кездे. Бірсу келіп қалған екен деген зәрэм зәр тәбсінен шықты.

- О, не апа?

- Мына асқабақтарды қарашы. Пісіріп жессе бұл да біраз тамак болар еді. Бір-бірден қолтықтаи алып кетейік.

- Мейлі, алсақ алайық.

Екеуміз асқабақтардың ішінен таңдаи алып, қолтығымызға қыс тысқа шықтық. Келген ізімізбен бұкшесідең жүріп клеміз. Маяны келесі шетіне жете бергенде апам тоқтай қалды.

- Не болды, ала?

- АナンЫ қара, - деги деревияның күнгей жағын иегімен мензеді Екі-үш адам тұра бізге қарай жүріп келе жатыр. Бітті деген ой санам сақ ете қалды.

- Енді не істейміз?

- Бәрібір коріш қояды. Не де болса қашайық, - деді апам.
Бұқиантайлан жүгіре жөнелдік.

- Тоқта! – деген өктем дауыс, түнгі ауаны тілгілең гүр ете қалды.
Токтау қайда, жүгіріп клеміз.

- Дүйсенжан жүгір, жүгір – дейді артымда келе жатқан байғұс
шешем.

- Қайда қашам? Сені ұстап алса қайтем?

- Қаш, кайтесің маган қарап.

- Жоқ апа, қаша алмаймын.

- Тәйірі солар маған тиісе қоймас. Сен қолындағы асқабақты
тастамай жүгіре бер. Ең болмаса бір асқабақ пен қызылшаны аман
анарайық үйге.

Анамның сөзі қамши болды ма, брезе жөнелдім. Жүгіріп келем,
жүгіріп келем. Сәлден кейін барын артыма қарадым. Апам да,
куғышылар да көзіме шалына қоймады. Асқабақ пен қойнымдағы
қызылшаны арықтың ішіне төге салып, кері қайта жүгірдім.
Жақындаій бере:

- Ә, бәлсем, міне саған – деген үлкендердің даусын естіп қалдым.
Анам біткен екен гой деп ойладым. Одан бетер жанұшыра жүгірдім.
Шешем бүк түсін, етпестіен жатыр. Әлгі үшсіү кезек-кезек
тенкілейді. Ызадан көзіме кан толын кетсе керек, қайдан біткен күш-
куат екенин қайдам, жүгіріп жеткен бойда бірсуінің шаужайына
жармастым.

- Тиме, тимеңдерші, анама. Оның жазығы жоқ, мені ұрындар, -
деп айқайлан жібердім.

- Мынау қайтеді-ей, - деп қаба сақалды, бұжбан сары мені
лақтырып таставады. Оңбай құладым. Бірак сонда да соңғы құшімді
жинаң тагы да тұра ұмтылдым. Қарулы жұдырық иегімнің астынан
сарт етс қалды. Көзімнен от жарқ етті.

- Ана, ана, - деп кирленеңдең барын мұрғтай ұштым. Бірак тұруға
дәрмен жоқ. Орнынан қозгалар емесінін. Әлгі мені ұрган қаба
сақалды сары әкессінің құны кеткендей апамды тагы да бірнеше рет
төуін отті.

- Кой, жетер енді, - деді бірсей.

- Жоқ, өлтіріп кетсейік, - деп қаба сақалды, бұжбан сары одан әрі
оршеленең түсті.

- Қаңғыбас немеслер. Бұларды аяудың қажеті жоқ.

- Қолыңды қанға малым қайтесің. Енді өзі-ак оледі, - деді біреуі. Қаба сақал бұжбан сары соңғы рет бір тенті де, анадай жерде домалан жатқан асқабақты көтеріп алды.

- Мына иттің күшітін көрдің бе? Осының саудасын бітіру керек еді – деп, менің бетімे үніле карады. Жансыз адамдай қыбыр етпей жатырмын.

- Өзі өліп қалған ба, - деп еңкейді.

- Жүр кеттік, өлмесе өмірем қатсын, - деді тағы бір дауыс.

Үшеуі дарылдай сөйлең, мая жаққа қарай кетті. Көзімді ашып алдым. Бірақ тұра алар емеснін. Аспандағы сансыз жұлдыздар мені мазақ еткендей жымың-жымың қағады. Сол сәтте көзіме жас үйірліп, мына өмірге, қатығез тағдырға лағнет айттым. Бар күшімді жинап орныман тұруға ұмтылдым. Әрең дегендеге барып көтерілдім. Екі аттам жерде ыңырысып шешем жатыр. Бұкіл денемді әрсөн козгалтың, сүйретіле басып оның қасына келдім.

- Апа, тірісің бе? Көтерші басыңды? Жаулыңы шешіліп қалынты. Басын сүйсемек болып едім, қолым жылымының қанға тиді.

- Апа, тұршы, тірісің бе өзің?

- Тірімін. Ұлым, тірімін.

Көnlімнің босағаны сонша, айқай салып жылағым келді. Бірақ өзімді тежеп қалдым. Сонда да жанаарымнан жас ағыл-тегіл акты-аудейсің. Жылаң жүріп, апамың җаулыңымен басын сұрттім. Сәлден кейін барып ол есін жигандай болды.

- Өзің саумысың, балам.

- Саумын ана. Жүрші үйге кетейік.

Апамды иығыммен демеп, әлгі қызылшаны қойып кеткен арықтың жанаңына келдім. Қасиетінен айналайын, апажан-ай! Өзі өле таяқ жесе де үйдегі қызы мен экемді есінен шығармай:

- Дүйсенжан, әлгі асқабақ пен қызылшаны тығып үлгердің бе? - деді маған.

- Иә, мына арықтың ішінде жатыр.

- Алып жүр.

- Сен қайтіп жүресің, ана?

- Мен саған сүйсінің-ак өзім жүріп кетемін.

Қойның-қонышымда қызылшаша, қолымда асқабақ, апамды сүйемелден ел жата үйге әрең жеттік. Әкем де, Жібек те үрнишін, бізге не болғанын білмей үйықтамаган екен. Таяқ жеген апамды

көрін, зәрелері ұшып кетті. Шешем содан біраз күн қатты ауырып жаты. Ауыр жаракаттан денесін бірден көтеріп кете алмады. Оның үстіне басына қатты тенсе керек, соңғы кезде көзі қарауытып, басы айналатынды шығарды. Жылай-жылай карынласым Жібек скусуміз тұра алмай жатқан әке-шешеміздің қасынан кетпейміз. Сүйегі асыл жан гой, бірнеше күннен кейін апам айырып кетті. Бірақ жиі-жиі басы айналып, көзі қарауытатын әдеті қалмады.

... Бүгінгі ауруы да сол соққышың әсері еді. Тағы да басын көтермей жатын алды. Жібек енді не істейміз дегендей, екі көзі жәудірең маган қарай береді. Менің колымнан не келер дейсін? Делсал болып мен отырмын. Өмірдің ауыр соққысы аз болғандай апамның ауырғаны бізге одан сайын ауыр болып тиді.

- Апа көтерші басынды, - деймін. Үн жок. Жәй ғана салалы саусактарымен басымды сипады.

- Әкең скусуміз бірдей олай-бұлай болып кетсек күндерің не болар екен, ботакандарым.

- Жоқ, ана өзмейсіндер, бізді тастап қайда баrasың.

Манадан бері апам скусуміздің сөзімізді үнсіз тыңдал жатқан әкем ауыр бір күрсініп алып:

- Ырғал ей, Ырғал?

- О не?

- Осы біз құдайға не жаздық екен. Екесуміздің жатысымыз мынау. Құдай сені алғашта мені алсын, сен өліп мен қалғанда екі баланың күндері не болмак. Апам үндеген жоқ.

- Ырғал, құдай қосып біраз жыл өмір сүрдік. Екі жылдан бері сал болып менің жатысым мынау. Құдайдан тілейтінім сенің алдында мені алса деуші едім. Өзің тірі болсаң мыналарды сиқімнен кем қылmas едің-ау. Енді сенің жатысың да мынау.

... Сол күні беймезгіл уақытта Орынбай тәтемді, Еспан, Аба ағаларымды, Есболған, Ракымбек көкслерімді әкемнің айтуы бойынша үйге шақырып келдім.

- Бауырларым, түнделетіп мазаларынды алдым ба, шақырмасақ тағы болмады. Біздің жағдайды өздерің көріп отырсыңдар. Олай-бұлай болып кетсек, Дүйсен мен Жібегімді өздеріңде аманат етейін дең әдейі шақырттым. Айналдырган ауру алмай коймайды. Асанбай арам олді, комусіз қалды деген артымда сөз қалмасын. Қолдарыңаң

келгенше арулан көміндер – дең, бойына жиган бар күші осы ғана болды ма, соナン кейін ентігін сөйлесуге шамасы келмеді.

- Ага-ау, бұғін-ертең кетіп бара жатқан жоксыз гой. Айыңын кетесіз әлі-ақ.

- Жоқ, енді айыға алмасын.

Орынбай тәтем не деріп білмей тосылып қалды. Экеме Алла тағалла сездірді ме екен, соң түні бұл дүниеден озды. Екі қүннен бері басын көтере алмай жатып қалған апам өзінің қалай тұрып кеткенін де байқамай қалды.

Сондағы апамның жоқтау айтып жылаганы бәріміздің сай-сүйегімізді сырқыратты. Амал қаша өртепіне өзінің тұган жері, өз атымен аталатын «Асанбай талы» деген жерге әкемді бүкіл ауыл болып арулан жерледі. Көз жасымызды көл қылыш біз қалдық соңында. Кейін білдім, бұл өңірге алғаш рет тал еккен, жиде отырғызаң, жоңышқа айдаган Асанбай әкем болынты.

Сонымен тірі адам тіршілігін істейді екен. Бірте-бірте елдің жағдайы түзелс бастады. Ашаршылықтың азабы бір күндей болмай ете шықты, бірақ аштықтың дәмі күпі бүгінге дейін естен кетпейді екен. Ән-мінде дегенше жылдар зымырап жылжи берді. Енді ғана күнкөрісіміз жақсара бастап еді, соғыс басталды.

1941 жылы он сегізге тоған мені бірден өскерге алды. Майданда жүрген кезімде елге аман оралып жеңістің 55 жылдығын тоілдаймын, 55 жыл бойы туын-өскен еліме қалтқысыз қызмет етемін, үйленіп 12 бала өсіріп, үл мен қыздан 34 ишмере, 9 шөберс көремін деген үш ұйықтасам түсіме кірген емес. Балалық шагымда ауыр күндердің, аштықтың азабын тартсам да, осынша қуанышқа жетін отырған жолымды әркез есімс алып мақтаныш тұтамын. Өмір жолымды өзінің отбасым мен ұриактарыма, түрлі жиындарда кейінгі жастарға үлгі етіп айтып отырамын.

Мен ақын емеспін. Соңда да болса шама-шарқыма қарай анда-санда аздан өлең жазатын әдетім бар. Откени ғасырдың 30-жылдарындағы Қазақ еліндегі жаппай ашаршылықтың ең үлкен қасірет болғандығы туралы бір-екі өлеңімді таныстыра кетсейн. Менің басымнан өткен қыншинылықтар, жазған өлеңдерім үрпактарыма, казіргі жастарға азды-конті түйсік тұгызын, тәуселсіз Қазақстанды мәңгілік елге айналдыру үшін оларды ерлікке, еңбекке, шыдамдылыққа баулитын шығар дең ойлаймын.

Естен кетпес сол күндер

Басымызға түскен кезде сол қындық,
Алшага да, әруаққа да сиындық.
Елдің қорлық көргеніне күйіндік,
Сол қорлықты жеңгейніне сүйіндік.

Еңбек еттік киім де жоқ жалаңаш,
Еңбек еттік күндіз-түні тамақ аш.
Бір-біріне қолын берді соңда жұрт,
Бір-бірінің кеміне әсте қарамас.

Ыстыққа да, сұыққа да ұрындық,
Сондай кезде бола білдік мұрындық.
Көлеңкес де, панаң да -- бәрі дс,
Адамдардың колында деп ұғындық.

Соган және жұрттың бәрін сендірдік,
Сол сенімге қайғыны да жендірдік.
Дүшианды да жеңе алмайтын едік біз,
Бір ауыз бол танытнаса ел бірлік.

Ауыр шакта ауызбірлік таныттық,
Ерійк, женіс -- болды бәрі халықтық.
Әшейінен әперген жоқ даңқты,
Әкелгендер кыршын кетті жарықтық.

Талай боздақ жоғалтса да қонысын
Ақтап өтті азamatтық борышын.
Аты-жөнін жүректерге жазып-ап,
Қабіріңе бас иеміз сол үшін.

Күнде әкеліп қояды оған халық гүл,
Кыршын кеткен әрбір боздақ -- даңқ бұл.
Құрбандардың қызыл қаны мәнгілік,
Алау болып парктерде жаныш тұр.

Бір үзім наң

Күрессем де қындықиен жұздеген,
Үмітімді ешқашанда үзбегем.

Бірге болды соғыс пен жастық шақ,
Қындықты көріп өстік біз деген.

Біреу жоқтан азаматын, ардагын,
Біреу күтіп оралмайтын арманын.
Жүдеу елдің бас көтерген көзінде
Сол соғыстың көрдік талай зардабын.

Көрдік талай тағдыр сыйын қыспағын,
Қатал қыстың өктемдікпен қысқанын.
Пана таппай шырылдаған торгайдың,
Көріп едім үйге кіріп үшқанын.

Фажап еді ықыласы бізге слідің,
Сол жандарды әлі күнге іздермін.
Анам байқұс бір тынбайтын қүндіз-тұн,
Тамагымыз ток болса да біздердің.

Үш баласы шыққан алдынан,
Айнымайтын сабырлы бір қалинын.
«Нан жемей-ак барасыңдар мектенке
Бүгін бізде болмай қалды үзім наң».

Сірә ол кез болған емес бүгіндік,
Жамау-жасқау киім киіп күтіндік.
Сөйтіп жүріп жақсы жылдар жалғасын
Қындықтың мектебінде бітірдік.

Талай қын кезеңдерді көріппіз,
Сондықтан да айтқан сертке берікпіз.
Жерде жатқан наңды көрсем көшеде,
Өткен күндер көзге түседі еріксіз.

Наңын да жеп көріп едік арпаңың,
Дәмі де есте түйірі жоқ сорпаңың.
Наңды кейде тас қын ойнаң жүретін,
Қарны тойған балалардан қорқамын.

Сылтау іздеп тұрғаным жоқ сыйыққа,
Наң алдында аласа ғой ұлық та.
Балам, бәрін ұмытсаң да бір үзім,

Наниның қадір-қасиетін ұмытына.

Есім кіріп, етегімді жапқалы талай-талай оқигалардың күесі болды. Осы уақыт ішінде есімде қалған қыншылықтар да, жаксылықтар да аз болған жок. Өткен өмір жолыма көз жіберсем есімнен көтінейтін күндер көн болыпты. Солардың ішінде тек біздің отбасымызға ғана емес, бүкіл халықтың басына түскен XX ғасырдың 30-жылдарындағы үлкен касіреттен, ең ауыр наубеттен қазак халқының 80% қырылды, бірақ казактардың сағын сындыра алмады.

КӨКТЕРЕК АУЫЛЫНЫҢ ТҰРҒЫНЫ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ 92 ЖАСҚА ТОЛЫП ОТЫРҒАН БАЯН НҰСИПБЕКҚЫЗЫНЫҢ ЕСТЕЛІГІНЕН

Үйдің қабырғасына тыққан тары бізге тамақ болды

Сонау зұлмат жылдары слідің басына түскен ауыртпалықты, аштықтан бас сауғалап қаңғып кеткен босқыштарды өз көзіммен көрдім. Солардың ішінде қаша қыншылық болса да елдің камын ойлай жүретін азаматтардың бірі мениң Пірәлі атам еді. Ашаршылық басталар алдында біздің отбасымыз Мойынқұм өніріндегі Бестерек деген жерде тұрды. Мен ол кездегі оқигаларды есімде жақсы сақтаи қалдым, ойткені оң-солымды танып қалған жасым 9-10 шамасында болатын.

1930 жылдардан бастап байлардың дүние-мұлқін, малын, колдагы барын тәркілеу басталды. Бай деп, кедей деп қарамай барлығының малын Кеңес өкіметінің уәкілдері зорлықпен тартып алды. Қарсылық көрсеткендерді милициямен айдал әкетті. Жаңа өкіметтің осындағы әрекеттерінің болатынын алдын-ала сезген адамдар колдагы бар азық-түлігін ұрага тығып, бірлі-жарым малын тау қыраттарына айдал жіберіп, күнкөрістің камы үшін жасырын қалуға әрекет жасады.

Мениң әкем төрт ағайындылардың ішіндегі сің үлкені еді. Азық-түлік таусылын жағдайымыз нашарлап кетті. Атам Шүйиншәлі, оның інісі Пірәлі тұрмыстың қындан бара жатқанын байқап, ағайын-тыскандарымен бірге туган жерден шеткегі қырғыз еліне кетуге мәжбүр болды. Көкірегіміз қақ айырылып, жылап-сықтап ата-

коныңен қоштасуға тұра келді. Осының алдында гана кеткен ағайындардың ізімен біз де қырғыз жеріндегі Қарабалтаға бет алдық. Әлі есімде шуап жатқан ел, жол-жөнекей көргеніміз өліп жатқан адамдар, тіпті орындарынан тұра алмай шала-жансар жол жиегінде жатқандары қашшама. Жеті-сегіз күннің ішінде арбага бала-шаганы отырғызып, үлкендер жаяу-жалинылаң әрсөң дегендеге күндіз-түні журоп отырып Қарабалтаға жеттік-ау. Бұл жерге келгеннен кейін де жағдайымыз жақсарып кеткен жоқ. Әйттеір өлмestің күнін көріп, қысы-жазы осында түрдік. Келе салын қырғыздарға, орыстарға, дүнгендеге жалданын, олардың күркелерін, мал қораларын үй ретінде пайдаландық. Негізгі тірлігіміз масак териу еді. Осымен күн көрдік. Кейбір күндері бірнеше тәулікке дейін масактан спиңдерсе таба алмай аш болған күндеріміз де болды. Әсіреле жас балалар аштыққа шыдай алмай шетінеп жатты. Шешемнің бұрынғы ауруы асқынын, оның үстінен тамақтың жеткіліксіздігінен бұл дүниеден озды.

1932 жылдың көктемінде елге қайтуға дайындалып, жол камына кірістік.

... Қайтын келе жатын осыдан екі жыл бұрынғы көрген көріністі тағы да көрдік. Ары-бері қаңғырып жүрген босқындар, кейбіреулері жолдың жиегінде тұруға шамасы келмей көздерінің иұры кетіп әлсіреп жатыр. Бізден комск сұрағаңдай болады. Оларға комектесетіп бізде хал бар ма, «шықна жаным, шықна» дес, арып-анын өзіміз әзер келе жатырмыз. Жолға алыш шыққан азық-түлігіміз де таусылуға айналды.

Кенет бір талдың түбінде жалғыз гана әйел баласын құшактаң отырғанын Пірәлі атам байқап қалды. Әйелдің күнгаңындағы бала қимылдағаңдай көрінді. Жақындаң келіп қарасақ әйел өліп кальшты, ал бір жарым-екі жастағы бала тірі екен. Атам дереке әйелдің катты қысын алған құшағынан баланы спипи алыш, арбага отырғызды. Баланың әлсіреп қалғаны соншалықты, жылауга шамасы келмеді. Қолымыздағы талқаңды суға араластырып, жол бойы аз-аздап балаға беріп отырдык. «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өлеңді» деген осы шығар. Сонымен бұл бала біреуміздің ішіміз, біреуміздің ағамыз болып аштықтың құрсауынан аман қалыш біздің отбасымызда тәрбиеленді, білім алыш, еліміздің ашаршылықтан аман қалған азаматтарының бірі болды.

Елге аман-есен жеттік. Жаңа өкімет колхоз үйымдастырып жатыр екен. Колхоз дегенді түсінбейміз, әйтеуір бір жақсылықтың болатынын сеземіз. Ауылдағы бұрынғы байлардың бәрін «халық жауы» дес Сібірге айдатып жіберіпті. Солардың ішінде біздің де ағайындарымыз бар екен. Елдің жағдайы әлі де мәз емес. Бір үзім панга колы жетпей ауылдың бұрыш-бұрышында өліп жатқан адамдардың сапы жетерлік. Өкімет бірлі-жарым отбасыларына аздал көмек бергені болмаса, барлығына жағдай жасауға мұршасы келмейтін сияқты.

Пірәлі атам осыдан екі жыл бұрын қырғыз еліне кетіп бара жатып кораның астындағы ұраға бірнеше қап тарыны тығып кеткен болатын. Кеңес өкіметінің шолақ белсенділері тінтіп жүріп оны да алып кетіпті. Жашпай тәркілеу басталған кезде елдің бар малын, дүниес-мұлқан, азық-тұлігін бірін қалдырмай тартып алып жатқанда Пірәлі ата алдын-ала ойластырып, тамның екі катар қабыргасының ортасына күяс жасап, елден кетіп бара жатып бірнеше қап боларлықтай тарыны сол қуысқа ешкімге білдірмей жасырып кеткен екен. Осы қабырганың қуысына құйылған тарыны ғана өкімет уәкілдері білмеген. Ал қалған дүниес-мұлқітің, ұраға тығып кеткен азық-тұліктің бірде-бірі қалмаған. Елге келгениен кейін ата үйдің қабыргасына жасырган тарыны «шаш ал десе, бас алатын» ауыл белсенділерінің көзіңс түсірмеу үшін қабырганы тесіп шидің тұтігі арқылы ағызып алыш отырды. Сол кезде бала болсам да Пірәлі атамиң ағайын-туыстарын аштықтан аман алыш қалу үшін ойлап танкан осы әдісі күні бүгінгे дейін есіммен кетпейді. Қандай танқырлық дессесіші. Бұл қазіргі кезде жаңа машинаны ойлап танқанмен бірдей дессем артық айтқандық емес шығар.

Пірәлі ата 1933 жылы тұған-туыскандарын егіншілікпен айналысуга тартып, әрбір отбасына бір-бір тақиядан тары үлестіріш беріп отырған. Көктеректен көршілес жатқан Айдарлы деген елді мекенге барың, кетпенмен жер аударып, қолмен бидай сеуіп елді диқаншылыққа үйретті. Сөйтіп, 1934 жылдан бастап елдің жағдайының беті бері қарады.

Басымыздан талай-талай қыншылықтар өтті. Солардың ішінде 1930-1933 жылдардағы Кеңес өкіметінің солақай саясатының негізінде колдан жасалған ашаршылық халқымызға орасан зор апат екелсе, сонымен қатар 1941-1945 жылдардағы соғыста да қазақ

халқының көптеген қырылғаны белгілі. Енді елімізде мұндағы зұлмат жылдар болмасын, кейінгі ұрпак тыныштық заманда бақытты өмір сүрсін, – деп көпті көрген кейуана әңгімесін аяқтады.

**МОЙЫНҚҮМ АУДАНЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ,
КӨКТЕРЕК АУЫЛЫНДАҒЫ АҚСАҚАЛДАР КЕҢЕСІНІҢ
ТӨРАҒАСЫ ОРЫНБАЙ НҰРЛЫБАЕВТЫҢ СОНАУ НӘУБЕТ
ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ТУҒАН-ТУЫСҚАНДАРЫНЫҢ
ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ АТА-АНАСЫНАН, АҒАЙЫНДАРЫНАН,
КӨНЕКӨЗ ҚАРИЯЛАРДАН ЕСТИГЕНДЕРІ**

Тұған жерден көшу қызын екен

Орынбай ақсақал сол кездегі Көктерек ауданы Айдарлы колхозында 1939 жылы дүниеге келген. 1958 жылы он жылдық мектепті бітіріп, орта білім туралы аттестат алады. Содан соң жоғарғы оқу орнында білім алыш, мал дәрігері болып көп жылдар қызмет істейді.

Орынбай қарияның айтуынша, ағайын, тұған-туысқандарының ата қонысы ежелден бері сол кездегі Алматы облысындағы Тулкібас деген жерде болған екен. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін 1920-1922 жылдары да халықтың басына көптеген ауыртиналықтар түседі. Шебі шүйгін, суы мол, табиғаты мал өсіруге қолайлы бүл аймақтан басқа жेरге көшу Орекеннің туыстарына оңай болмаған сияқты. Дегенмен көшпелі өркениеттің негізін қалаған арғы ата-бабалары секілді өздерінің руластарын панарап әрі әлдекандай киышылықтар бола қалса бірге болу мақсатымен Шу өңіріндегі ағайындарына жақындауға шешім қабылдайды. Дүнис-мұлкі асып-тасыған бай болмаса да бүл әulet бақуатты тұрмысы бар ел екен. 1928 жылы Кеңес өкіметінің «Бай шаруашылықтары мен жартылай байларды тәркілеу және жер аудару туралы» заңы шығыпты. Бұл заң бойынша жаңа өкіметтің уәкілдері мен жергілікті шолақ белсенділерге байлардың малын, дүние-мұлкін тәркілеуге, сонымен бірге ауылдастарына, ағайын-туыстарына қамқорлық жасап отырған бай-білердің өздерін де, олардың отбасы мүшелерін де жер аударуға рұқсат берілген. Өйткені, жаңа билік ауылдарда Кеңес өкіметін орнатуға шаруашылықтары тәркіленген байлар кедергі жасайды деп,

оларды жан-жаққа қаңғыртып жіберген. Тіпті өз еркімен барын бергендерді де аямаған. Уәкілдер кедейлерді қорқытып, екінің бірінде орташаларды да байлар деп көрсетуге күшпен оларды мәжбүр етті. Көнтеген ауқатты және орташа шаруашылықтар зансыз, зорлықпен тәркіленді. Асыра сілтеуішліктің салдарынан қанаушы тап ретінде кейбір ауқатты және орташа шаруалар да тәркіленіп кетті. Байлар катарына жатқызу үшін шатырлы үйінің немесе екі атының болуы жеткійкті еді. Тұтас әuletтер мен рулар да бай-кулактарға жатқызылып, жазаға тартылды. Осындай кеңестік биліктің әрекеттері бүкіл елді тығырыққа тіреді. Жаңа өкіметтің 1928 жылғы заңы бойынша барлық өңірде елдің малын зорлықпен тартып алып отырды. Кошиелі халықтың иегізгі күнкөрісінің көзі – мал шаруашылығы болғандықтан аштыққа ұшырады. Билікке қарсы болғандарды катал жазалап, итжеккенге айдады. Жаппай жазалау мен аштық көптеген руларды, әулегерді орынқан жерін тастап, көшіп кетуге мәжбүр етті. Осындай себептерге байланысты Орынбай аксақалдың ағайындары да бұрыннан тұрып келе жатқан коныстарынан еріксіз көшуге мәжбүр болса керек. Сөйтіп, 1928 жылы Оспанов Нұрлыйбай, Үсенов Рысбай, Шалабаев Самза бастаған ел Шу өзеніне жақындау орналасқан Айдарлы деген елді мекенге көшіп келеді. Екі жылдан кейін, яғни 1930 жылы малынан айырылған Мойынкүм жеріндегі ел де аштыққа ұшырай бастайды. Әбден анықкан жұрт Айдарлыдан жан-жаққа тамак ізден, қаңғып кетеді. Бірн-саран отбасылар күнкөрістің қамымен басқа жерге кетуге мүрінасы келмейді. Олар ауылда қалып Шу өзенінен балық, даладан қыргауыл аулап өлмestің күнін көріп тіршілік еткен. Мұндай тірлікке шамасы жетиегендер отбасымен түгел аштықтаң қырылғандары да болынты.

Орекеңнің туған-туысқандары өздерінің бастарына түскен наубеттен құтылу үшін 1930 жылдың күзіне қарай қырғыз еліне көшуге бел буады. Бішкекке келіп орыстарға жалданып өлмestің күнін көреді. Егіншілікпен айналысадын орыстардың үйінде тағам түр-түрімен болған екен. Сол жерде тұратын қырғыздардың да, дүшгендердің де жағдайы біздің елге қарағанда әлдеқайда жақсы болынты. Айыр қалыңғы қырғыз ағайындардың және орыстардың аркасында бұл әulet аштықтан аман қалынты. Сонымен 1933 жылдың аяғына қарай Мойынкүмдагы елдің тұрмыс-тіршілігі

жақсара бастағаны жайлы хабар жетеді. Елден амалсыз кеткен босқындар туған жеріне орала бастаған. Осы жылдың қалың күздінде Орынбай қарияның ағайындары елге аман-есең оралады. Бұл өңірдегі алғашқы құрылған «Айдарлы» колхозына мүшес болып кіргенин кейін, олар аштықтың азабынан құтылып, жаңа өмірге белсене араласып кетеді.

БІРЛІК АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ТҮРГЫНЫ ШӘЙБАЙ ҚОЖАКЕЛДИЕВ АҚСАҚАЛДЫҢ 1930-1933 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ АЙТҚАНДАРЫ

Көкжелек балуан мен Арқар шал

Көпті көрген Шәйбай қария қазақ елінің басына түскен зұлмат жылдардағы қасірет жайлы былай еске алады:

- Ел бір үзім нан таба алмай қаңғып кеткен кезде мен 7-8 жастағы бала болатынмын. Кейбір болған оқигаларды ұлкендерден де естідім, езім де көрдім. Талай қылы-қылы заман басымыздан етті гой. Сол кезде біздің отбасымыз Мойынкүм өңіріндегі «Көкжелек» деген жерде мекен етті. Егер ұмытпасам, 1933 жылы осы ауылда «Ақдала» колхозы құрылды. Аштықтың құрсауынан аман қалған ел-жұрт колхозға мүше болып кіргені жөнінде әке-шешем, ағайын-туыстарымыз айтып отыратын. Бұл елді мекенинің «Көкжелек» деп аталуының сырьы мынада екен.

Көнекөз қариялардың айтуынша, – дес Шәкенән әңгімесін одан әрі жалғастырды.

-Көкжелек Дулаттың төрт баласының бірі – Шымыр руына жататын Көкірек атасынан тарайды. Көкжелек еліне қамқорлық жасаган, елін жаудан қорғаған бүкіл Жетісу өңірінен белгілі Биназар батырдың інісі болынты. Бір тойда қырғыз елінен келген балуан куреске шыққандардың бәрін жығып, мерейі үстем болып тұрады. Сол сәтте қалың жүрттың ішінен бірсүй айқай салады:

- Шымырдың ішінен куреске шығатын кім бар?

Қырғыз балуанын айналған коршап тұрған топтың ортасынан көк жейде киген біреудің даусы саңқ етс қалады:

- Мен куреске шығамын!

Балуандар ұстаса кеткенде жас жігіт қырғыз балуанын көтеріп алып, басынан айналдыра дәңгелетіп лактырып жібереді. «Көкжелек, көкжелек жеңіді» - деп жүргүт шу ете қалады. Өйткені, жас балуанның үстіндегі киген көк койлегі болынты. Көпшілік әлі де көзге түсे коймаган жігіттің атын білмегендіктен «Көкжелек» деп атап, оның жеңісін қуашын скең.

Көкжелекте ағасы сияқты қапсағай денелі, күш қуаты мол батыр болған. Ел аузында оның ерлігі, батырлығы және алып күш иесі болғандығы жайлышты әңгімелер көп айтылады. Соның бірі құдыққа түсіп кеткен түйені қауғамен шығарып алғандығы туралы әңгіме ауыздан ауызға жалғасып тауып, казіргі жергілікті түрғындардың есінен шығар емес. Оның туып-өскен жері осы оқиғадан соң Көкжелек ауының деңгелетіп кеткен. Кеңес өкіметі халықтың берген жер атауларының өзгертуін басқаша қойғанын білеміз ғой, тек қазақ елі тәусілсіздік алғанинан кейін гана сол кездегі Көктерек ауданындағы Аманкелді атындағы совхоздың бір бөлімшесіне «Көкжелек» есімі беріліп, бұрынғы тарихи атауы қалпына келтірілді.

ХХ ғасырдың 30-жылдарында Қазақ елін басқарып отырған Ф.Голоңецкий кезіндегі ауыл шаруашылығын қүшпен ұжымдастыру қолға алынды. Елдің малын жинап алып, бір ортаға салатын болды. Асыра сілтеуіштік тәсілдердің салдарынан малдан айырылған халық аштыққа үшіншідегі ауыл шаруашылығын ұжымдастыру идеясы әуел бастан-ак катаң жүргізіліп, жапшай күгінде жаңа аштықтың қорындау кен етек алды. Ашыққан елдің жағдайына қарамай Кеңес өкіметі колхозға біріктіруді әкімшілік-күштегі әдістермен жеделдете жүргізді. Күшпен ұжымдастыру ауылдың ғасырлар бойы қалыптасқан өмір салтын түп негізіне дейін күйретті. Қазақ елінің әлеуметтік негізі жойылып, ғасырлар бойы көниелі оркенист жасаған тіректер қиратылды.

Құнкорістің қамымен біздің ауылдың адамдары да бет-бетімен басы ауган жаққа қаңғырын кетті. Елдің көпшілігі қырғыз ағайындарды нараптады. Қырғыз елінде жеткеншесе жол-жөнекі қырылып жатқандардың санына көз жетпейтін еді. Әркім өзінше өлмес үшін әртүрлі әрекеттерге баруға мәжбүр болды. Сондайлардың бірі сол кездегі Көкірек ауылынан (Қазіргі Бірлік ауылы) колхозға кіруге карсылық білдіріп, кейіннен «Арқар шал» деген лақап атка ис болған Дүйсенбек жана да жалғыз атына мініп, өкіметтің үәкілдеріне көрінбей тауга кетіп қалады. Ешкімнің көзінде түспей Хантаудағы

Теректі деген жерде үш жылдай жалғыз өзі тіршілік етеді. Туған – туысқандары оның қайда кеткенин білмей, жер-жерден көп іздейді. Алайда таба алмаған соң одан құдерін үзіп, осындай қынышылық заманда бірте-бірте ұмыта бастайды. Ә дегендегі Дүйсенбек өзімен бірге алып барған азын-аулық азық-тұлғімен жан бағып, жайтін тамағы таусылғаннан соң таудан акқан қайнар бұлактың көзін ашып, мініп жүрген атының қыйының арасынан тарының дәндерін тауып алады да, сол бірнеше дәнді бұлактың жагалауына еккен екен. Осылай жыл сайын еккен тарыдан өнім алып, таудағы ац-құстарды амалын тауып қолмен ұрып алып өзін-өзі тамақпен қамтамасыз етіп отырған. Сонау XYII ғасырда мұхиттың ортасындағы аралда жалғыз қалған Робинзон Крузодан Дүйсенбектің исесі кем?

Бір күні елдің жағдайы түзелгеннен кейін оны туысқаны Сейітқазы тағы да іздеп шыгады. Кенет тау қыраттарының арасынан Дүйсенбек шыға келгенде Сейітқазы сасқалақтан «өзіміз» деп шалқасынан түседі.

Сөйтіп, Дүйсенбек Кеңес өкіметінің күшисін елді ұжымдастыруына қарсылығын осылай білдіріп, сонымен бірге өзін де аштықтың азабынан құтқарады. Тауды мекен ететін арқар (таяшкісі) секілді тауда бірнеше жыл өмір сүргендіктен Дүйсенбекінде ауылдастары «Арқар шал» деп атап көтінгі.

Арқар шалдың тұқымдарынан қалған немересі Жетінісбай қазіргі уақытта «Көкжелек» ауылында тұрады.

БИНАЗАР АУЫЛЫНЫҢ ТҰРҒЫНЫ МҰҚСЫМХАН ЕГЕШҰЛЫНЫҢ ЕСТЕЛІГІ

«Өле жегенше, боле же»

Мұқсымхан қария 1928 жылы дүниеге келіген. Шешесі Марқабала Құйязбай байдың қызы екен. Бала кезінен бастап ұлкендердің әнгімесін тыңдал өскен аксақал шешесінің айтқандарын былайша еске түсірді:

- Менің атам Садық-Дамылла бір қауым енгіз би болынты. Анамың айтуыша, Садық-Дамылла 1824 жылы Түлкібас аймагындағы Ақбийк ауылында жарық дүниенің сілгін ашынты. Жасынан зерек болған Садық атам сол кездегі білім орталығы

Бұкарада оқып, жеті тілді еркін мәңгерген. «Білімді боламын десен, жеті жұргытың тілін біл» деп тегін айтылаған-ау! 16 жасында білімді елге үйрестемін, халқымды сауатты етемін деп Ата елге оралады.

1874 жылы сәмбет пен көкірек рулары болып екіге бөлінді. Мойынкүм өңіріндегі Халғаудың етегінде Тоғыз деген өзеннің бойында Көкірек болысын отау етіп шығарады. Сол жылы Биназар батырдың колдауымен Садық ата болыстың биі болып сайланады. Сонда Би ата слідің алдына шығып:

- Мені би етіп сайлап отырсыңдар, сондыктан бүгіннен бастап мені Садық-Дамылла деп атаңдар, - деген екен.

Би атаниң елге жасаған камқорлығы, оларға білім берудегі ерен еңбегі күнін бүгінге дейін сл аузында сакталып келеді.

... 1930-1933 жылдардағы ашаршылық бізге де келіп жетті деп шешем айтып отыруши еді. Аштыққа шыдай алмай күнкөрістің камымен көнтеген ауылдастар беті ауған жаққа босып кетеді. Бірақ біздің әulet отырған орындарынан қозғалмапты. Басқа жұрт жапартамағай көшіп жатқанда Егеш әкем осында қынышылық кезеңде бөтсін елге коныс аударуға рұқсат бермеген. Колдарындағы бар малды бірін қалдырмай Кеңес өкіметінің уәкілдері тартып алғанына қарамастан 40 үй артелеңге бірігеді. Сонда да жаңа өкімет тараپынан айтартылғай көмек болмайды. 1932 жылға қарай слідің азық-тұлік қоры таусылни аштыққа ұшырай бастайды. Шешемнің айтуыша, ашыққан адамдардың негізгі корегі сары тышқаның еті болған екен. Сары тышқанды ұрмай, тек қакианмен ғана аулаган. Өйткені аштан өлін қалмас үшін жәндіктің стіп жең, оның терісін бұлдірмей қакианмен ауласп 20 тыынға пұлдайтын болған. Дақа өсімдіктерін де терін жеген күндері болынты.

Ең бастысы, ағайын-туыстардың арасында ынтымақ, бірлік болып бір-біріне көмектесіп отырған. «Өле жегенше, бөлс же» дегендей, бір үзім ісаң, бір уыс талқан табылса, өзіміз жемей балаларға, ауырып жаткан ағайындарға бердік. Екі-үш жыл қиналып, әйтсеуір өлмestің күнін көрдік, бірақ әuletімізден аштықтан ешкім өлгеп жок, - деп шешем әңгімесін айтып отыратын. Ақырында 1934 жылы колхозға мүше болып кіргеннен кейін ғана біздің отбасымыздың жагдайы түзеле бастаңты.

«Бір күн ашыққаннан кырық күн акыл сұрама» деген халықтың сөзі бар. Ал, бір күн емес, жылдары бойы бүкіл халықтың

ашаршылыққа ұласқан нәубеттегі кейін отбасымыздың, ағайын-туыстардың, ауылдастардың аштықтан аман сақталып қалғанының өзі асқан ерлік, ғасырлар бойы қалыптасқан үриактың қанына сіңген қайсарлық емес пе? – дег Мұқсымхан кария анасынан естіген әңгімесін аяқтаған соң біз қоштасын, үйден шыктық.

**МОЙЫНҚҰМ АУЫЛЫНЫҢ ТҰРҒЫНЫ, ЭТНОГРАФ,
НАТУРАЛИСТ-ҚҰСБЕГІ, ҚАЗАҚСТАН ТАРИХШЫЛАР
ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ МУШЕСІ ЖАПАР
САТЫЛҒАНОВТЫҢ ЕЛ БАСЫНА ТӨНГЕН ЕҢ АУЫР
ҚАСІРЕТ ТУРАЛЫ ПАЙЫМДАУЛАРЫ**

Ашаршылық тарихы – қияннан кешірмейді

Қазақ тарихындағы қазақ ұлттың қыргынға ұшыратқан ең ауыр нәубет, ең үлкен қасіret – 1932-1933 жылдары болған Қазакстандағы жаппай ашаршылық адам етін адам, өз баласын өзі жеуге дейін барған, өліктер көмусіз қалған күндер еді...

Ресми деректерде, осы аштықта қазақ үриағының 2,5 миллионоға жуығы аштан қырылса, ел басына күн туған зобалаңдан шетке қашып, жер аударылып, ұлттымыз азын-тозын 5,5 миллион адамынан айырылған екен. «Сталин түсындағы» дег айттылатын қасіret жайлы қазір зерттеу жүргізіліп, саралтамалар жасалуда. Десек те, мамыражай күн кешіп жатқан қазақ жеріне осы ашаршылық қалай, қайдан келді?!

Көпшілік айтын жүргендей, қазақтың басына төнген зұлым-аштық, тек И.В.Сталин билікті қолына алған тұстағана басталған ба еді?... Бұл нәубеттің түп-тамыры неде? Біз әруактардың пазасы мен келешектің жазасына, тарихтың қазасына ұшырамас үшін де бұл қасіretке талдау жүргізіп, келешек үриақ, ұлттық патриотизм үшін де ұлагатты іс тындыруға міндеттіміз! Олай дег отырғаным, қазақ даласында ертеде (VII-VIII ғғ.) бүгінгі капитализмге бағытталған өз астанасы, өз тенгесі, жойқын-әскері, ұлттық саясаты бар ірі феодалдық мемлекет болған. Олар күлілі шының Түркістанды қытай езгісінен азат етіп, «Таң» империясын да талқандап жеңген...

Мәселен, Орта Азияны жауламақ болған Таң империясына қарсы ата-бабаларымыздың соғысы туралы «Ғұн-Түрік-Қазақ тарихи зерітсө мәселелері» деген ғылыми еңбекте былай деп жазынты: «Атлах» шайқасы... 751 жылы Орталық Азия тарихын жаңа арнаға бұрган әйгілі «Талас-Атлах» шайқасы болып еді. Біріккен Араб, Карлұқ, Түргеш, (Карлұқ, Түргеш біздің өртедегі ата-бабалардың қагандық атауы) колының тегеурінді сокқысы бұл өңірде екі ғасырға жуық тайрандаған Таң патшалығы әскерін күйрете жеңіп, өз тәуелсіздігіне қол жеткізген болатын. Содан бері қазактың қасиетті топырағына Қытай әскерінің табаны тиғен емес». Міне, ежелден талайды таң қалдыратын, қазактардың осы тарихи жолын зерделеген В.Ленин де, И.Сталин де, олардың кеңесші орыс тарихшылары да қазактардың ұлт мұддесі жолында бәрі бір кісідей бірігіп, жаманын жасырын, жақсылығын асырып, таза қан болған соң тайсалмай қүрсіп ся намысын, саясатын ұстаған, текстілерін төбөгө көтерер мәртігінен қауіптеніп, «ұлы-ішкі саясат» жолымен әуелі текті байлар, батырлар ұрпағын күткендеп, слден бездіріп, жер аударып, шанасыз. шарасыз қалған халықты аштыққа ұрындырып, тек бір тойған тамағы үшін айтқанын істеп, айдағанға жүретіндерді ғана билікке бас идіріп, тірі қалған ұрпағын қалай да ассимиляция жасау жолымен (таза қаны болмаған, қанына тартпайды) жерімізде жаңа адам осірудің жоснарлы шараларын бастап, оған «Ұлт азаттық – азамат соғысы» деп айдар тақсан. Қазақ халқы осы құйтырқы-зұлым саясаттың кесірінен актәр мен қызылдар болыш екіге бөлініп, бірін-бірі атын-шауып, ұстап беріп, қызылдар «коммунистердің» белсендісі, актәр сол кезге дейін казактың тілін, ділін, дінін, ата мекенін бодандыққа бермей, корғап келиген тексті – бай, кәсіпкерлері «Халық жауы» атальын, ағайын арасында қан төгіліп, бітіспес соғыс жүрді. Қызыл империяның мұндай билігінің қазактың елі мен жеріне қайғы екенин анық түсінгендер жасырын тілге көнетіндерін ертіп, амалсыз, әйтеуір тірі қалып, қайта оралу үшін Қытай, Ауғанстан, Қыргыз, Өзбек, Түркия, Иранға дейін көшіп кете бастады. Халқының болашағын ойлан, іс тындырар тексті байларға – сол кезде ара түскен зияндар көн болған жок. Себебі, олардың өзі жан саугалап қашып жүрді. Сол сияқты жауынгер жылқы малы үлкен қуат болғанын билгін «Қызыл империя» басылары бір түндес 300-500 шақырым жол жүрер, жылқы малы түрғанда казактарды дегендеріне көндіру онай

болмайтынын білген соң, пасық құлықпен, ол кезде ветеринария саласы еш дамымаған, қаңдай да аурудың ғылыми сараптамасы, халықаралық келісім-нұсқау болмай-ақ, ауылшардардагы жылқыларды «манқа» деп жаппай атып, қырып өртеді («манқа» қаүіті ауру деген мәлдәрді ұрлап әкетін, сойып жеп тірі қалғандар көн болған).

Қазақ үшін желдей ескең жылқы малын жою, жаяу тақырга отырумен бірдей, елді үлкен үрей, коркыныш биледі. 1925 жылы қанкүйлі ұрда-жық, тас жүрек, қаншер И.Голощекинде орталық арнайы даярлап, казакқа жасалып жатқан қияннатты барынша катал жалғастыру үшін Қазақстанға бірінші басшы етіп жіберді. Қүн үшін арын да, барын да, қанын да сататын «Шолак белсенді» аталған өзіміздің іштен шықкан, сатқын – өз жауларымыз арқылы алааяқ Голощекин қай өнірде қанша мал, қанша дәулетті адам, хан үринағы, ел сыйлар адамдар бар екенин оңай біліп, сол қызыл белсенділер арқылы қазакты өзіне-өзін жазалағты. Бірін-бірін күд болдырып атқызды, сатқызды. Дәулеттілер жинаған бар майды жойып, аш-жалааш халықты тек өз аузына қаратқысы келді.

Халықтың сиынатын ата тірегі, Алла-құдайна сену, әруактың атымен рух-күш жинап, қындықтан шығар жол ізден, дінге сену, ата-дәстүр атымен өшіп, мен «таза коммунистін» дегендердің жүргегін ұлттық намыс емес, өзөзіл (арак) жайлап, аз уақытта-ак казак жерін тексіздік, дінсіздік, тілсіздік, ділеіздік басып, халық тан сол тұста моральдық және материалдық тұрғыдан азғындац кетті.

Таяқ тастам, дәл іргемізде отырган малы-жаны аралас, койы коралас Қыргызстан жерінде бұл зобалацияң бірі де болған жоқ. Қайта бірер қазактар қыргызға барын аман қалды. Қыздарын беріп қүн кешті. Өзбектерге жалданып, өзбек аталып кеткендері қанишама?

Шындығында, казак жеріндегі мамыражай күн кешін жатқан халықтың сол кездегі тірегі – бай-манаптары болатын. Олар ел саясатын жүргізіп, өз елиңі мәртебесі мен келешегіне көп нәрсе жасап кеткенін тарих ұмытилак емес.

Сөзіміз дәлелді болу үшін бір ғана мысал келтірейік. Сол аласапыран кезінде Жетісуды жайлаган, көзі ашық шет елдермен де байланыста болған Қали Ордабайұлы 1927 жылы «халық жауы» аталып, Астраханьға жер аударылған «жұмбак» еліммен каза болған. «Дәу Қали» аталған ол Жетісуданы жеті арыстың бірі, Ресейдің саудагерлерін мойыннатқан аса ірі кәсішкөр-меценат Іле өзенінің сол

жак беті Қараойда жарты миллиондай казактың қисары қойын өсіріп, жүздеген ауыл, халқы көп қалалардың өзін асырап отырган. Алматы қаласындағы алғашкы ағаш үйді салдырыған да осы Қали бай екен. Қали атамыздың сауда керуендері Орта Азия, Сібір, Қытай, Коянды, Қарқара жәрмеңкесі, Жібек жолы сауда қалаларын түгел аралайды екен. Алматыдағы Горький саябағында ағаш отырғызып, ортасына ел демалар, құс кондырар көл жасап, қаладагы алғашқы жалғыз мешітті, бала оқытар медресені де өз каржысына салған. Салдырыған мешіті бүгінгі орталық мешіттің қасында әлі тұр. Қали атамыз Мәскеу, Петерборда балалар оқытып, тәрбиелеген. Айта берсе, елі ол кісінің еңбегі үшан-төніз скенин әлі күнгес айтады.

Халықты ашаршылыққа ұрындырмас үшін Қытайға ауған байларды кері кайтаруға жол іздеген. Қали байдың түлкі ой-байламы биліктегілерге ұнаган жок. Сондыктан да Қалиды елге қаралап көрсетіп, «қызыл белсенділер» қолымын одан құтылудың жолын іздейді. Мұны Қали Ордабайұлы анық сезіп, өзіне ииестес Варшава университетінде оқыған, орыс гимназиясы Қытай консульянда, Қазакстандағы жоғарғы әскери кеңесте жауапты қызмет атқаратын саясаткер, Шығыс-Көстек болысының тұмасы, Шапырашты руының озық ойлыларының бірі – Қанай Боранбайұлына жасырын барып, «Бауырым халқымыздың басына қаралы күн туғалы тұр, бұлардың ойы тым бұзық, тым әріде жатыр» - деген мұнцын айтынты.

Қанай мен Қали бірін, қазақ елінің келешегі жолында курескенімен арманшары жүзеге аспай қалған. Шет тілін білетін, ете білімді ұзат зияндарының бірі – Қанай Боранбайұлы да Голощекинге іс-орекетінің Қазак халқына қасірет боларын ашық айтқандардың бірі болғандыктан 1938 жылы «халық жауы» атанип, Магаданға жер аударылып, ақыры сонда атылып кеткен.

Иә, елінің камкоры, озық ойлы Қали бай мен Қанай Боранбайұлының «Кенес үкіметі қазакты аштыққа итеріп, жоюды әу баста-ақ жоспарлаган» - деген ойын мына бір ғана құжат-фактімен раставуға болады.

«... 1930 жылы ауданда (Жамбыл облысының Шу ауданы туралы дерек) 65 бай және кулак соттады. Олардың ішінде 40 отбасынан 71(жетініс бір) жылқы, 11(он бір) түйс, 4(төрт) сиыр, 64 қой, 12 киіз үй, 4(торт) кірніш үй, 1930 жылы аудан колхоздарынан екі тісті соқа - 168, бір тісті соқа - 463, тырма - 351, мақта сеялкасы - 4, астық

сейлкасы – 6 тәркіленді. 1930 жылдары көрші елдерге Шу ауданы тұрғындарының 60 пайызы аштықтан қашқан». (Козыбаев М.К., Казахстан на рубежье веков, размышления и поиски. Книга вторая, А., 2000, стр. 125)

Соқасына дейін «бай» деген тәркілең алған 40 отбасындағы мал саны осы ғана. Бұл бүтінгінің орта шаруасы. Демек, сол кезде Голощекин аштыққа даяр, тақыр кедейлерді ғана қалдыруының өзі, көп нәрсеге айғақ екені айтпаса да түсінікті.

Тағы бір деректе: «Уже в 1930-1931 гг. в районе наблюдается признаки голода» - деп жазған. (Каз. правда, 1992 г., № 202, стр. 127) Бұл деректегі түйін: Казакстанға ашаршылық рееми деректерде айтылып жүргендей 1932-1933 жылдары емес, 1930 жыны-ақ келген. Еліміздегі аштық 1934 жылдары ғана аяқталғанын айттар, көргендер де көп.

Іә, айта берсе, оқи бересе, дерек іздесең Казакстанда болған ашаршылықтың әлі көп зерделеуді қажет егер көлеңкесі жетерлік.

Өкініштісі сол, осы наубеттен «қаралы» болғандарды актальды дегенімізben, әлі күнге дейін накты аттары актальып, ел үшін жасаған ұрапқ ұлттық патриотизмді оятар ұлағат енбектері, ел алдында ұлықталмапты.

Мүмкін сондықтан шығар, сол асыра-жоспарлы сілтеумек «Халық жауы» болғандардың өздері ғана емес, олардың ұл-қыздары да, әлі күнге өз тектерін жасырып, көлеңкеде күн кешіп келеді. Біз жогарыда өкінішпен еске алып отырған, бір туар арда азамат Қали Ордабайұлының Гүлжаһан Қаликызы атты бір қызы, өз аты-жөнін «Гүлжиһан Галиевна» деген өзгергіп, елімізде алған «Каз. Реставрация» мекемесін ашып, Қожа Ахмет Яссави, Айша Бибі, Қарахан, Жошыхан мазарларын жойылудан сактап, енерді өсіру үшін «Гүлдер» ансамблін үйімдастырып, Алматы эстрада студиясын ашып, алғашқы қазак циркін өмірге әкелген қайраткер.

Рас, қазақ халқының бұрын тарихта болмаған, ен үлкен наубет кыргыны – ашаршылық туралы кейінгі ұриақ тым аз біледі. Сондықтан, 31 мамырды біз «Қазақстандағы ашаршылық нең саяси-куғын құрбандарын еске алу, аза тұту күні» - деп белгілең, кешенді іс-шарааларды тұрақты жүргізгендіміз қазактың жаңа тарихына лайыкты іс.

Журналист Нұрлытаій Үркімбай Мойынқұм өнірінде ашаршылықтың азабын тартып, талай-талай ауыр күндерді басынан откізген Айдынбай қария туралы «Егемен Қазакстан» газетіне 2012 жылы мақала жазды. Сол мақаланы толық беруді жон көрдік.

Нар болмысқа иманы көрік беріп...

Ел ішінде өз дара тұғалары болады. Бағамдал қарасацыз, ондай жандардың өмірбаяндық беттері өзі өмір сүрген дәуірлерінің айнасы десе жарасарлық. Құдды бір қоғамдағы бұлтарыс-калтарысы мол ирімдер сол адамның тұтас ғұмырына шырматыла байланып, бірлессе ерілін кеткендей. Сондай жандардың бірі өз кезінде Мойынқұм, Шу, Пішік, Әулие - Ата аймактарына аты мәшінүр болған Иманбекұлы Айдынбай ақсакал еді.

Ол кісінің небір ерліктері мен елге тұнға боларлықтай толып жаткан адамгершілік іс-әрекеттері туралы әңгімелерге бала кезден канық бол ескешибіз. Осынау күмді өнір тарихына бойлагысы келген жанның Айдынбай болмысына сокпай өтуі жартыкеш әсерлерге жетелейтіндей көрінеді бізге. Социализм кезінде «Коминтерн» деген атка ие болған бұл совхозды жалын жұрт, бейресми түрде «Айдакенин ауылы» дес атап кеткенін еш таң қалмайтын едік. Сексенінші жылдардың басында республикалық «Лениншіл жас» газетінде жұмыс істеп жүрген кезім болатын. «Айдынбай атамен журналист ретінде ариайы әңгімелесіп, шежіре көкіректен сыр суыртиқтар сэт келген сиякты», - деген тоқтаммен бір күні ол кісінің кара піанырағын бетке алған едім. Содан бұрынырақта ол кісінің дос-құрдастары Садырқұл, Дігәрбек, Әділбай және басқа да шежіре жандарға жолығып, Айдынбай ата жайлы хикаяларға әбден қайта бір канығын, койын дәнітеріме қажетті мәліметтерді түртпіл алғанмын.

- Әh-әh, па-ә-әлі, - дейді ол кісі кеңкілдей күліп, - баlam-aу, әңгіменің бәрін естіп апсың гой. Енді маган айттар не қалды?

- Осы оқиғалардың шыны менен жалғанын өз әңгіменіңіз арқылы айрыны алсаң деген тілек кой менікі!

- Құрдастарымның өзіңе айтып берген әлгі әңгімелерінің бәрі де шыныңық, - деді ол кісі өткен қүндерінс сәл-нәл шегініс жасағандай бол.

Сонымен сыр сандықтың кілті анылды да кетті. Анылғанда, ол кісі баз біреулер сияқты өз-өзін мактаң, күмілдей жонелген жок. Бар болғаны әлгі оқиғаларға қысқа ғана тоқтады өтті. Жасөспірім кезіндегі-ак көкпар тартқан сөттерінде дәу сөркеніціздің өзін тақымына бір басса бітті, дүйім жұртқа дес бермесстен жалғыз озі алғы шығатын болған. Алғаш он сөріз жасында, Байузың деген байдың асында бір рұлы елдің бетке ұстар наууаның жауырының жер иіскеткен Айдекең содан коз тиіп, ауырыш, бір жылдан төсек тартқан екен. Тек, Қосайқожа деген емші келіп, жеке үй тіктіріп, сал бол қалған жігітке аят, дүгаларды оқи отырын, тамыр шөнгітермен емдеген көрінеді. Жаратушының бұйрығымен, 23-24 жасында шаршы топқа қайта шыққан жас наууан содан былай ешқашан жөнілу легенді білмесе керек. Ат үстінде, «қалы кілемдерде» болған белдесулерді түгел санамалап шығудың озі оңай шаруа емес шыгар. Салма көкпар, тана көкпарыңыздың нешемесі ол кісінің тақымынан отті дессізіні?!

Дүйім елдің риза көңілмен жырлай етін айтатын тағы бір әңгімессі: Айдекең өзінің бұла күшін осындаі жими-тойлардың қызықшылықтарында ғана емес, ала көзі, арам инеті дүниандарға қарсы текестірестерде де оңтайымен наїдалана білген екен. Ол кісі са торап, мал ұрлаш жүрген қаракишилардың тіпті тұтас тобы көзіне калса да, басқа қаруларына кол созбастаған бір ғана тобының санты, алты өрім дырау каминисымен сабалап жүріп-ак жалғыз озі әлгілерді шетінен ат бауырына түсіріп отырган көрінеді. Осылайша Иманбекұлы ауылдастары мен аймактастарын Қазан тоңкерісіне дейінгі «Мекалай» заманында да, көздеріне шеш біткен небір зепербақандардан тиісінше қорған отырган екен. Сондыктан болар. Айдынбай аты естілсе бітті, ел ішінің небір тентегі мен телісі көп сөзге келмestен, тында қалысатын десседі.

Жата-жастана тыңдаған әңгімелерімізден үкканимыз - ол кісінің сің бір бақытты кезеңдері Қазан төңкерісі, яғни Кеңес үкіметі орнағанға дейін өтін кеткен сияқты. Оз сөзінде қараганда, қызылдар билікке келгенге дейін Айдекеңнің ат жалын тартын мінген, нағыз қылышылдаган жігіт шағы екен. Қоқіреті каттаулы шежіредей қарияның тереңсін толған әңгіме шертуі үниң жан-жаңашан қаумалай, кейде әдейі жакауратқан сұрактар қойып отырдык.

- Ата, сіз мактаган когамды «әділетеіз болған еді», ал сів қасиеттерін айтып таусыса алмай отырган бай-манаңдарды «кедей

халыкты аяусыз езіп-жапшыған» деги жазып жатыр той біздің кітаптар?!

- Пә-ә-лі, балам! Ол жазушыларыңың кінәламаймын. Олардың інніндегі сол заманның шет-пүшінде көрін қалғандары іштей біледі, бай-манаптардың иманды болғандарын. Бірақ «айтқызыбасы-айтқызыбас» бол отыр да! Шын жағдай түбірімен басқа болатын. Ана қазігіңе жаза алмассың, дегенмен өзің сиякты бірлі-жарымың болса да, шынықты ұғын алғандарың жөн болар. Е-с-ей, дүнис-ай, несін айтайдын. Небір асылдар шейіт кетті той, шіркің, айдау менен асудан... Ол кездің би-болыстары, бай-багландары мейірімді бол келетін. Қазір айтсан, ертеңідей естіндер. Менің әкем орта шаруалы жаң болған. Бауырларым Колбай, Тұкібай, Құтыбай, інім Төлеген де, мен де шалқын бай бол көрмепеңіз. Кісі қолына да қараган емесініз. «Откен байлығын аңсан отыр» дейтіндей емес, кәдімгі қазақы ауылдың катарадағы шаруасы едік. Ендесе, сөзіме сенгін, қалқам... Ол кісілер байлыктарын біреуден тартып алған жок. Алланың бұйыртуымен, ата-бабаларына қалған дәүлеттерін сібеккорлығымен жағастыра алғандарында той бар маселе! Бейшарапарды осынысы үшін-ак жазғырды-ау.

Кез алдыңа келтіре баяндайын, балам. Ол кезде аталас кісілер бір ауыл бол отыратын. Оның себебі, күнін көре алмаган кедей ағайындар: «малиның, жылқының, тым болмаса үй шаруасындағы қызметинің болайын», деги бай туыстарын өздері-ак келіп сагалаушы еді. Содан бай ағайынның, демек ауыл егесінің шаңырағынан қонақ үзілмейтін. «Қонақтың сыбагасы, жолаушының пәсібесі» деги, қайтакайта казан көтеріліп жатуыш еді. Үлкен отау тола ас-су, береке. Оның бәрін байдың бала-шагасы қайдан тауыссын?! Бұқіл ауыл бол сол үйдің казанынан ас ішетін. Сұрагандарына «сауынға» деги мал беретіндері де көптүгін. Содан әйелінің қолы ұсынықты шаңырақ жаздай құрт-майын айырып алушы еді. Малыш ағайындарына еңбекақысын мал басымен төлең отыратұғын ауяя егелері. Шаруага ебі барлары сол толем малдан-ак өзінің шағын дәүлеттін құран ала қоюны еді, түге. Бакуатты сол бай-манаптарыңыз өз малдарын шығарын, бас құрай алмай жүрген кедей ағайындарды «Алла ризасы үшін» деги, үйлендіріп, отау етіп жататын.

Ауыл егесі, бай ағайын білімді молдаларды шақыртын, арнағы үй тігін, қыс келесе, қыстауының бір болмесін босатып беріп, көшпелі

болса да медресе анын, ауылдың бар баласының «тілін сыйндыраттын». «Оқимын» деги тағынғандары болса, одан ертерецирек оқытаттын еді. Ондай істен қаржыларын аямаіттын. Әсемек, о замандағы кісілер бір Алладан қатты қаймыққандықтан, кісінің обалына қалудан қоркуны еді. «Орынсыз үршін-сокты, тамақ бермей аш қатырды, жыртық үйге тұргызды» дегендерініз, жәй әшейін қызыл үкіметтің жазғызын отырган сандырағы той. Ол жазуныларыңыз сөзге ұста, жазудың шебері-ақ пынгар. Бірақ, «стокиақ мыңты болса, киіз қазық жерге кіреді» деген сөз бар, балам. Сол айтқандай, «байманапты, молданы жаманда!» - деги, мылтығын кезеңін, жогарыдаң дігірлең тұрса, қайтеді енді құбызық етің корсетпегендеге. Осының бәрін біле тұра өзіңдей балаларға айттай кетесем, күнә болмай ма маған?!

Шынымды айтсам, Кеңес үкіметінің қаһарына барынша мінш тұрган сол дәүірінде, Айдынбай атадан жан шырқыраттарын шындықты осындашықты түйдек-түйдек күйінде есту дегеніңіз мей сияқты «советтік» журналист үшін айттын жеткізгісіз олжа болатты. «Өзің өмір сүріп отырган қогамың жайлы озғене ой түю, бояш жатқан оқигаларға шындық көзімен карай білу» атты менш бойымдағы бұлқынысты қасиеттердің Айдынбай атаниң осынау әңгімелерінен кейін одан ері күшіне түскенін қалайша жасыраймы! Дей тұргаимен, сол сексенинің жылдардың бағында, республикалық «Қазак әдебиесті» газетінде жарық көрғен «Айдынбай» атты деректі әңгімемде бүгінгі баяндағы отырган жағдаятардың енікайсысының да айтылмаганы, зринае, өз-өзінен түсінікті болса керек.

Айдынбай атаниң әңгімесі одан ері жалғасын жатты. Қазақ төңкерісіне дейін төрт арыс Кокірек елін бақарған Қорабай атты болыс болған екен. Айдекенмен шобере атайды болса керек. Ол кік «сегіз старшыны» елді бақарған деседі. Содан бір күні қызыл комиссарлар әскерімен келін, малын тәркілен, үй-орманымен же аударатынга айналған кезде Қорабай болыс: «Туган жерімнен еш жаққа кетпеймін», - деги қашын барын, Хантауының баурайны паналаган екен. Сондай қының-қыстау кездерде, ол кісінің жанында үнемі Айдынбай наузаи болған корінеді. Олар қызыл құғыннылардың аяғы жете алмайтындај жерге бой жасырын, аның асиян астында қыстаи пынгады.

- Ол кездің сексеуілді алқабы «ит тұмсынты өтпейтін» ну орман болатын. Егер ішіне аттылы кісі кіре алса, тәбесі көрінбесс еді. Қары да қалың түсетін, жұдә. Дересу қарды нығыздай үргизан отырын, кардан жергөле жасадым. Іші біршама жылды. Үстімізде сен-сен, қалың ішіктер. Құдай сактаи, аяздардан аман қалдық, әйтеуір. Сенімді жігіттер азығымызды жеткізіп тұрады. Өзім де ұзаң көпестен ац аулаймын. Өзім асияз, озім карауыл, өзім күтүнісімін... Аяз сұнын, сұыктың беті сәл-нәл қайтайни дегениен-ақ құлинылықтарымызды одан әрі қүштейтін, намаздарымызды өтген, дұғаларымызды есслей түсуге тырысатынбыз. Болыстың тамағын ыстықтай берін, дәрет сұни жыныстың қоямын. Қар жастанып, мұз тоссани, құғында жүрсе де қолынан келгендінше мінәжаттарын үзбесуге тырысқан, аса иманды кісі еді. Қатарласа тұрып, қар күркенің аузында намазымызды оқытынбыз.

Сонда жарықтық болысекең намздан кейін қос алаканын жайын, бір Аллаға егіліп мұцины айттын, ұзақ дұға стуци еді. «Елімді қәнір басты. Құтқарағор!» - деп жалбарынатын сакалын жас жуа. Мінәжаттарын тәмамдаган соң, өзі отырган биіктен сона-а-ау тәмденде жатқан туган еліне қараш отырын: «Жетісөу жерім, қалды-ау, елім, не болар сінді корген қүнің», - деп, олеңдете егілуши еді жарықтық. Өзі қапиқин бол жүрсе де елінің тағдырын қабыргасы қайыса ойлаумен болатын. Ә-ә-ә, ол кісілердің бітім-болмыстары, түркы тым болек еді гой. «Менің жайым не болмақ?» дегенді де ойлайтын. Бірақ елінің ендігі қүнін, болашагын жаңы күйзеле уайымдаудын еді.

Оңтімесінің осы тұсына келгенде Айдынбай ата өзі де аңғармастаи, көкірегін кере, терең бір күрсінін алған болатын. Тоқсаныңызға қол созып, шоккен нардай бол отырган осынау алыш туғанаңың қүнірекенейін өзі сай-сүйегізді сырқыратарлықті еді. Құдды бір Корабай болыс текстес халық перзенттерінің сонау алмагайын замандардағы бүкіл шеккен касіреттерін кейінгілерге оз күйінің арқылы осылайша жеткізбекке әрекет еткендей-ау! Құндердің бір қүнінде болыс:

- Айдынбай бауырым, саған Құдай риза, мен - риза. Мынау Тұлкібас жағында біраз үй Қокіректер бар гой. Мені сол жаққа жеткізіп сал. «Мен» деп, осыннама отқа-суга түскенің де жетер. Қайтын кел де үкіметке беріл. Мені жамандай бер. «Амалсыздан

жүрдім қасында» де. Сен олі жассың. Корер қызығың алдында, - деген екен. Айдекең ондай үсініңса көпсіні.

Екеулең Тұлқибастың қарны тауларына жеткеннен кейін, қанша тұрганы белгісіз, сол өңірде Қорабай болыс ауырын, кайтыс болған екен. 1929 жыны Қорабай болысты жер қойына тапсырын, Айдекең кері қайтады. Бірақ жергілікті үкіметке мойын ұсынбай, таты біраз уақыт өзін саяқ ұстаса керек. Қашанғы жүрсін?! Бір күндері «өз еркімен берілуге» келген наудан жігітті жергілікті билік бірден абактыға жапқан екен. Кеңестік билік бірер жылдан кейін бостандыққа шыққан Иманбекұлы Айдынбайды 1936-1938 жылдары сайлауга дауыс беруден шектетін тастаган корінеді. Содан, шағымыш айтын, губерниялық сотка үш күн кіре алмай, тортіннің күні ғана тиісті адаммен жүздесуге мүрсег алмын, сайлауга қанысу құқының қайта не болын, еліне кайтқан екен. Екінші дүниежүзілік соғыстары жорықтарын Бессарабияда аяқтап, елге оралған соң қызу еңбекке қайта араласкан корінеді.

Айдынбай ата мен ол кісінің тұстастары Кеңес үкіметінің «аузынан» қын-қызыл от иен қара жалын бүркін тұрган кездерінің өзінде жасырын намаздарын оқын, сездірмей садакаларын таратын, байкаттай оразаларын ұстанандарын «ұзын құлактай» естін жататынбыз. Әрі мектепте оқын жүрген жылдарымызда өзіміздің де шет жағалатын байқанымыз тағы бар. Ал, Айдынбай атана арнағы ізден барған сол саңарымда ол кісінің бес мезгіл намазын қаза етпестен, ашық түрде оқын отырганын коргенімін. Шамасы жергілікті Кеңес әкілдері: «Картайған адам той. Енді айналасына қайбір осері болар дейсің. Ашық оқыса, оки берсін», - деген тоқтамға келес керек. Бұрынғыдай, ешкім «нәлең, түтөн» дең, мазасын алмайтынша айналған екен.

Ауыл-аймақтың үлкенді-кінінің отырыстарында, дастарқан басында ол кісі неізінен касиетті Құрандағы мұбәрак қиссаларды аса бір шешендейкпен баяндан отыруны еді. Исламдағы мінезд-құлық мәселесіне де біраз тоқталатын. Бірақ, одан аріге тереңдең бармайтын. «Барғызбасы-барғызбас, айтқызбасы-айтқызбас» болғаны да! Әңгімесінің біраз болігі ет ішіндең ішкірелерге де ариалуны еді. Шекірде болғанда да жай ғана ата-текі тарқату смес. Берісі сол Мойынқұм, Өулисата айманының, әрісі дүйім алты алантың басынан еткерген тарихи оқиғаларын үзік-үзік күйде баяндауды еді. Оның

сырттында Шу-Мойынкүм оңірін оз биерлерімен тамсаңтын откен Сауытбек, Жилембет, Жиынбай, Орақбай, Дәмегей, Таңағөз, Бектас, Бердікүл сияқты талантты кашшама ақын, жыраулардың шығармаларын жатка согатын еді, десеңіз! «Токсанға иск артқан шагында не қылған нарасаты қабілет, тозбас ақыл-ой, иманды боямые еді!» - деп күй бүгінге дейін қайран қалам.

- Ата, белдескен кісілеріңдің сізден басым тұскендері болды ма? деген сауалыма:

- Құншаман бабамызға ат шаңтырып, ас беріп, соңда Бесбай деген кісімен ат үстінде білек сыйнасқан ем. Қамнымынды екі бүктен, тістерімнің арасына басқанымын. Соңда әлгі кісі қолымды коя бере сан, аузымдаты қамшымды тартып-ақ қалғаны... Сойтін екі күрек тісімнен айрылғанмын. Ал, былайша басқа енкімнен жеңіліп көрген емеснін, - деген еді Айдекен.

«Қони!» - дедік. Сонымен, Айдынбай ата - жауырыны жер ілескен кормеген наулау, өз өңіріне тұракты жеңімназ ретінде аса белгілі болған жан. Соңда осы бір наулау болмысты, қаранайым сұбек адамының қадір-қасиеті қай қызығынан туындағы екен?! Сөйтсек, Айдынбай Иманбекұны ең әуелі айналасына биік нарасатымен, терең адамгершілік қасиеттерімен сыйлы болған кісі екен. Мынандай бір қызығын жүрт кобірек айтуыш еді. Егер екі кісі дауласып қалып, істіп аділ шешімін ізден, Айдынбай атага жүгінер болса, ол кісі сол екі адамының қайсысының ісі ақ болса, соған болысады екен. Қазан тоқкерісіне, яғни социалистік, дінеіз қоғамға дейін Қорабай болыс сияқты бақуатты кісілердің копшелі медресслерінде Шариги білім жинақтаган Айдынбай Иманбекұны - сол бір иманды ортада қалынтақсан омірлік ұстанымдарын өзінің тұтас ғұмырында қолынан келігенінне әлеіретиеуге әрекет еткен жан. Тұлкі заманының алмажайын кезеңдерінде басына тұскен сан қызы манақаттардан құтылмақты ойлан, бәлкім, пепдесілік базбір кадамдарға барған кезі болған да шығар. Алайда, қалыбын өзгертиген. Кеңес үкіметтің толын жатқан жазалау саясаттарын өзгелерден ғөрі өз басына кобірек откөріп, түрмеге жабылып, сайлаудан шеттетіліп, небір ауыр жұмыстарға мәжбүрлі түрде жегілген Айдекен сникашан жүргегіп катаїтинан корінеді. «Кектенсе, атеистік қоғамды орнатқан жандайшаштарға кектенген болар. Бірақ қаранайым халыққа, замандастарына қайрымды еді,» - десетін айналасы. (Н. Үркімбай).

ТАРАЗ ҚАЛАСЫНЫң ТҰРҒЫНЫ БИБОСЫНОВ ЖҰМАБЕКТІң ӘКЕСІНЕН ЕСТИГЕН ӘҢГІМЕЛЕРИ

Қасірет пен қайғы әкелген жылдар

- 1931 жылдың қыркүйек айы. Арқадан ауган жүргі оңтүстік аймақтарға көбіне Мойынқұм даласы арқылы отстін. Соя кезде кейіннен Мойынқұм ауданының орталығы болған Фурмановка селосында тұрдық. Селога жақын жерден Іле Алатауына бастау алатын Шу өзені агады. «Өзен жагаласаң озегің талмайды» демекін, ашаршылық келердің алдында ғана ауыл адамдары өзенді жагалай тоган қазын, сонда дән егіп, өздеріне жетерліктей астық жинап алған болатын. Қарттарымыз бар, қатын-қалаш, бала-шагаларымыз бар шағын шаруашылыққа бірін, егіп салып, тәркілеуден қалған азын-аулақ малымызбен күн көріп отырдық.

Теріскейден шұбырыған жүргітта есеп жоқ. Біздің ауыл Сарыарқадан оңтүстік аймаққа қатынайтын негізі жолдан алыс емес. Күн-түн демей аш-жалаңдан, обден азын-тозған босқышдар үйлердің есігін тоқылдатып, қайыр сұрайды. Қанина дегенмен, конақжайлы халық емеспіз бе? Бала-шагалың аузына жырып, тары-талқан, көптірген балықты қолдарына үстаратамыз - деді де, әкем бір күрсінін алып әңгімесін одан ері жаигастыруды.

Бір күні алыстағы Арқадан келе жатқан озім қатарлас жігітшел шүйіркелесіп, сөйлесіп қалдым. Аты- Төлөн екен. Ол Сарыарқага аштықтың қалай көлгөн туралы маган біраз әңгіме айттын берді.

- Арқа жерінде егіншілікten горі мал осіру колайлы болып келеді. Қазактың кең-байтақ даласындағы мыңтырган мал Кеңес оқіметі келгениен кейін көзімізден гайни болға бастады. Бітіңдік аймақта 1930 жылдан бастап жаңа оқіметтің оқілдері тәркілеуді қатын қолға алды. Арқашың әрбір қазагы бар малын, түтті тышкақ лагына дейін ортага салып, жаңадан құрылған колхоздарға откізді. Олар малын, дүниен-мұлқиң өз еріктерімен берген жоқ. Кеңестік билік уәкілдері күнітеп тартып алып, өздерін колхозға мүнис болуга мәжбүрледі.

Бірақ біздің ауылдагы колхоздың орталығына жиналған мал талап-тарақкө түсті, ұрлан-жырлаудан колхоздың маңы бірнеше айдың ішінде жоқ болып кетті. Малдан айырылған ауыл аштыққа үшінші бастиады. Енді не істеу керек, қалай құпімізді көреміз дең, ендің басы қатты. Түнде үйқыдан, құндіз құлқіден қалдық. Қайсы бірін айтайын, бұл аштық не жегізбеді? Қу жан үшін тышқан аулан, «шықна жаным, шықна» дең қүнімізді көрдік қой. Шындығын айтсам, ауылдастардың көбі көмусіз қалды, қарға-құзыныңа жем болды. Соның бәрі қарғыс атқыр Голющекинің сойқанынан болды гой.

Таң атса болғаны тайлыш-тұяғымыз қалмай, далага бидайдың масағын теруге барамыз. Қартаң құлақ алғы, атқұлақ сияқты жабайы осімдіктерді жинаи алғын, тұзға маңын, ауызға саламыз. Әйттеуір, аздан қана нәр болатындаі көрінеді. Бірте-бірте масақ та, шайнауга жарайтын шоңтер де танины бола бастиады. Қайдан білеік, шоңті жеген адам балаесі ісіп-кеуін, өліп қалады екен. Қазақтың кең-байтақ далаасында қантан жүретін суыр, сарышұнақ сияқты жануарларды қакшаимен аулаң, аштап олмес үшін қорек етін, жан сақтадық. Ол да бізді аштықтан құтқара алмады.

Біздің отбасымыздың бас котерері – мен едім. Әкем 1928 жылы кайтыс болып кеткен. Үйде қалғанымыз – шешем, екі ішім және қарындасым. Олар, үяда жатын аузын ашиқан баланан сияқты, маган не тауын әкелдің дегендей, қарайды да отырады. Қүнисен қүнге жағдайымыз нашарлай берді.

Бір күн түн оргасында колхоздың корасынан бір түйені ұрлан әкелдім. Енді қайтейін, қараптаи қараған жүрін босқа өлеміз бе? Өкімет үекілдері бар малымызды, бала-шагамызды жылатын, колхозға біріктіреміз дең алғын кеткен болатын. Олай болса, біздің де колхоздан алатын үлесіміз бар емес пе?

Содан көн кешікней бар жүгімізді түйеге артын жолға шықтық. Алған бетіміз – Оңғұстік елі, Әулие-Атаға жету еді. Өйткені, нағашыларым сол қалада тұратын, олар тірі болса бізді қарсы алатын шыгар деген үміт қана ойымызда. Түнде ғана жүреміз, ал қүндіз көзге түснепейтін тасалау жерді тауын алғын, сонда жатамыз. Біздің көшін бара жатқанымызды жалған белсенділер біліп қойса, колхоздан қашын бара жатырсыңдар дең қайтарады да, тіпті сотқа беруден тайынбайды.

Сейтіп, жолға алғын шындаған аз гана талқанымыз бар, баека ешқандай азық-түлігіміз жоқ. Тоқтаған жерімізде әрқайсымыз бір уыс талқанды аузымызға салын, сумен араластырып жеп аламыз. Екі-үш күн жүргененен кейін қалың қамыстың арасынан кіріп алғын ұйықтан жатыр едік, зар жылаган жас баланың даусынан оянын кеттім. Дауыс шыққан жаққа жақындасам екі жасар бала болса керек, бір жағына қисайып жатқан анасының қеудесін жұлдыздан жылан отыр. Баланы жерден көтеріп алғын, шешесінің бетіне үзілсем, кәдімгі мәні күттін жатқандай кірпіктерін құмылдатып көзін ашты. Ыңғыдан маған бір нәрсе айтқандай болды, бірақ мениң оның сөзінс түсінбедім. Басын сүйеп көтеріп едім, отыруга шамасы келмей қайтадан бір жағына қисая кетті. Баланы шешеме анардым да, қайтын келіп алеірең жатқан әйелге су жұтқызын едім, сәлден соң тілге келгендей болды. Бірден баласын іздей бастады, маған тесіле қараң алеіреген үймен: «балам қайда?» - деги сұрады. «Балаңыз аман, уайымдамаңыз» - дедім. Біраз есін жиган соң, әруақтай болған жүдеу әйелді сүйемелдең орынан тұрғызып, қамыс ішінде отырған отбасының жанына алғын келдім. Баласын көріп әйелдің жанары жайнац сала берді:

- Сіздерге Алланаң ризашының берейн, мени де, баламды да бір ажалдан құтқарып қалдыңыздар -- деги жылан жіберді. Біразға дейін өкігін баса алмай отырды. Талқанды суга шылан, аз-аздан берін отырдық. Аты-жөнін сұрастырдық. Аты -- Жәмила екен. Осынша жүдегеніне қарамастаң, қасы-козі қылған қаса сұлуулығы корінін-ак тұр. Сөйтсе, бізге жақын коршілес ауылдан болын шыкты. Күйеүін 1930 жылы малын тәркілеу кезінде қаревиңік көрееткені үшін «халықты сорған байсың» деги, айдан өкетінгі. Содан қайда кеткені белгісіз, ешқандай хабар болмаган. Аштық басталғанда, бас-аяғы бір айдың ішінде аштықсен бірге індег ауруы келіп, әйелдің үйіндегі жандардың бәрі бір түшінің ішінде қырылыш қалған. Аман қалғаны осы әйел мени баласы ғана екен.

Күн бата әйелді баласымен, 5 жастагы қарындастымды түйеге мінгізін алғып, тағы да жолға шыктық. Екі ішімнің бірі 10 жаста, ал екіншісі 12 жаста бізбел бірге жаяу жүріп отырды. Олар қарындастары Айтуған мен қамыстың арасынан тауын алған сәбиді аяды ма, әйтеуір, түйеге мінуден бас тартты. Басымызға түскен ауыртналықтар інілерімді де аз уақыттың ішінде есейтіп жіберген сияқты көрінді.

Таң ата Балқаш көліне жақындағанда бір ауылға табан тіредік. Ауыл деген аты болмаса, тірі пепде козге түснеді. Ауылдың кіреберісіндегі олін жатқан адамдарды коріп, төбе шашымыз тік тұрды. Бір оліктің үстіне қарға шығып алышты, адамның көзін шұқылаң жатқанын коріп, балашардың бетін жаптық та, өзіміз дәтіміз шыдамай теріс қарадық. Мұндайда сұмдық болады екен-ау!

Жәмилашың 1931 жылдың жазында ауданин өкімет үзкіндегі келіпті. Ауылға мемлекетке ет өткізу жоспарын белгіленіп койған екен. Тәркілеуден қалған әр үйдегі бір-екі қой-ешкіні де тартып алыш, сонымен бірге колхоздың бар ұсақ малын сойғызын, тау-тау қылыш үйгізіп тастанды. Аудан алыс болғандықтан, олар етті ат-арба, түйемен тасып тауыса алмаган. Кон кепікней, үйлін жатқан ет саси бастанды. Ал жұртқа сасыған етті де бергізбейді. Ақырында, ауданин милиция келіп колхоз бастығын, ферма меңгерушісін және үш машины алыш кетеді. Кейін олардың бәрін соттаң, аттырып тастанты. Сасыған малдың етін ашықсан елдің тамагына да қимай комін тастанған. Өкіметтің адамдары кеткен соң, көмілген етті казып алыш, біраз уақыт корек еттік. Ал адамда ақыл да болмайды екен. Сонымен, бүкіл ауыл адамдары сасыған өлексенің етін жең, індег ауруына үшінграды, көбі үйлерінен ныға алмай, айналдырган он-он бес күннің ініндегі қырының қалды. Біздің отбасымыздан ексуміз ғана тірі қалдық, әлі де корсетін жарығымыз бар шығар – деп Жәмила кемесіңдер жылан жіберді... Ол әйелді озімізбен алыш келе жатырмыз. Түйеге інілерімді, шешемді, қарындасымды және әлгі әйелді баласымен кезекин мінгізіп, жапуарды түпімен озім жетелен отырамын. Таң ата тоқтайтын жерге келіп, түйені шөктіріп, үстіндегі жүкті түсіріп алыш бос қоямын. Қандай шыдамды жапуар десеңіз, каша күн жүрсек те су да ішпеді, тіпті басқа мал сияқты онырып та оттамайды екен.

Арқадан жолға шынқанымызға бір айға жуықтац қалды, міне, сізді Мойынқұмдагы сіздің ауылға да жеттік-ау, әйттеуір! – деп Төлсі менің бетіме жылы шыраймен қараң, үнесіз бірдеме бересің бе дегендей болды. Сөйтін, оған кептірілген балық, құмның арасынан аулаған қоян етін беріп, қимай қоңғасын жолға шыгарып салдым.

Енді Мойынқұм жеріндегі елді аятықтың қалай жалмаганын айта кетейін. Аниаршылық жылдары біздің өңірдің кейбір ауылдарында бірде-бір адам қалмай қырылып қалды. Бұрын-соңды болмagan

қасіретті ашаршының зарданғары мен сойқан сорақылындары біздің де басымыздан өтті, қазір ойласам қашым басым шабады.

«Бір үй аш болса, бір ауыл анығады, бір ауыл анықса, бүкіл ел анығады» деген айтын кеткен екен бұрынғы ата-бабаларымыз. Сол сияқты 1932 жылдың күзіне қарай Мойнакұм оңғарінде аштық жайлай бастады. Аштықтан әбден әлсірекен шал-кемір, жас балалар үйден шыға алмай олін жатты. Ауылдастардың біразы жан ұшырын басы ауган жаққа қаңғын кетті. Кобі жолда қырынын қалды, тірі қалғандары діттеген жерінде жете алмай азын-тозын ауынға қайтып келді. Босып кеткендер бірінің бетін бірі тонырақиен жабуга да шамалары келменті. Қазақстанды басқаруға Голоцекин деген келін, тыныш қана жатқан елді тоз-тоз қылыш, бар маңын зорлықиен тартын алып, аштап қатырды. Бұл қазактарға қолдан жасалған зұлымдық емес не? Ана салық, мына салықты салып, елді кайырынышыққа ұшыратты. Тіпті, егін салмаган жүргітта астық бола ма, «қайдан тансаң да, тан» деген астық салығын откізуі зорлықиен елден қатаң талаң етті. Ауылдағы кораларды тіктің жүрестің шолақ белсенділердің көздеріне қандай мал түспеін алды-артына қарамай айдан әкеттей. Ауыл адамдарының үрейі үшін, ертең белсенділер келіп айдан әкетеді деген, кейбіреу сауын отырган жалғыз сиырын да сойын таставады. Ашықсан адамдарда ар-үят деген болмайды екен, тутін шығып жатқан ауылдастарының үйінің есігін тақиаңдаң, терезесін киаратып кіріп, үй ислерін үрнін-сөғін, тамақтарын жесін кететіндер де көбейді.

Осының бәрін өз козіммен кордім, қазір ойласам жаным қатты қиналады. Торғайды садақиен атын, сарынушындың ішіне су құйып ұстаң, етін қайнатып жедік. Ауылда ит те қалмады, бірінің итін бірі сойып жеп, адамдар адамгершілік деген қасиеттерден айырылды. Аштық не жегізбеді, бұрынды-сөнди мұндай сүмдик болды ма екен? Бұған кінәлі тек Голоцекин емес, сол кездегі Кеңес оқіметінің сүркия саясаты екені кейін анықталды гой.

Мойнакұмдагы қалың сексеуілдің ішінде қоян, қыргауыл, борсық көп болады. Сол кездे отбасымды аштықтан аман алып қалу үшін сымтұзак нен қақиан құрын, қоян, қыргауыл ауладым. Борсық қақианға түспейді, оның ішін тереңдете қазып, ініпен шыға берген кезде тұмсықтан үрнін қана сөғін алуға болады. Ертеден-ак қазақтар борсық етінің де, майының да емдік қасиетін жақсы білген. Ал енді

еңді аштық пен індет жайлаган кезде бұл таңтырмайтын дәрі-дәрмек әрі тағам болды.

Ауындың истинде тұратын Жұбаның деген кісі жас балаларын үйге тастаи, озі тамак ізден кеткен екен, көп ұзамай-ақ ауылдың сыртындағы қираган үйдің жаһында олің қалынты. Осының алдында гана әлгі кісінің ашыққан әйеліне індет ауруы жабысын, қайтыс болғанын коршілері айтын жүрді. Үйде қалған екі бала да жан тәсілім еттігі. Аптықтан әлсіреи келе жатқан адам жығылса болғаны, өздігінен тұра алмай, сол жығынған жерінде қалатын көрінеді, мұндай сұмдықты да козімізбен көрдік.

Үйдегі азық-түлік қорына қосымша тамак болсын деп, қоян аулауга шығын тұрамын. Қоян мен қыргауылдар көп болатын қалың сексеуілге үлкен жолмен біраз жүріп жетуге болатын. Бір күні құрын қойған қақнанға не түсті екен деп, үлкен жолмен кетіш бара жатыр едім, жолдың екі жағында сұлан жатқан адамдарды көріп депем түрнігін кетті, кобинің жаны жоқ, иістеніп кетті. Жандарына жақындан келін байқасам, кейбіреулері олменеи, бірақ сөйлеуге шамалары жоқ, орындарынан тұра алмайды. Кобі құлаган жерлерінде жан тәсілім еткені корініп тұр. Таілай бірге жүріп, бірге өскен күрдастарым да, ауылданғы басқа таңыстарымда жолдың шетінде сұлан жатыр. Не істерімді білмей, тағы да бес-алты қадам жасаи, алға қарай жылжи бергенімде жою үстіндегі кояндең жатқан адам дыбыс шығарғандай болды. Тоқтай қашын бетіне үцилсем, бір жылдай бірге оқыған жоядағы Торекүл екен. Дереу басын көтеріп үйден торсыққа қүйин алған сұымды аузына тосын, екі-үш рет жүткіздым. Дорбамдағы таққанин бір уыс бердім. Сәл есін жишин, әлденін алғаннан кейін үйден қалай шығын кеткені туралы айта бастады.

- Үйде кемінір-шалммен, балаларым отыр, бірнеше қүншін бері нәр татқан жоқныз. Ойелім бұдан он шақты күн бұрын Шудагы төркініне кеткен еді, одан әлі хабар жоқ. Жолға шықсам әйелімнен бір хабар болып қалатын шығар деп сандалғаным той. Міне, өзің корін тұрсың, қалжыран жолда сұлан жатқанымды. Сол жақтағы туыстарының жағдайы жақсы болса, біз соңда көніп барсақ па деп едік. Ал өзің кайда тартын бараасың, босын бара жатқанин саумысың?

- Осыдан үн-торт күн бұрын сексеуін қалың оскен жерге қақнап жоне тұзак құрын кетіп едім, бүйіртеа қоян немесе қыргауыл сияқты аң-кустар түсін қалған шығар. Кешке дейін қайтын кеслемін, сен қазір

әлің барда үйіңе жетін ал. Қайтарда қолыма түскен настін беріп кетемін – дег Төрекұлға үеде бердім.

Ол қуанын кетті де, солдең соң жылан жіберді. Оны үйіне қарай жолға салып жібердім де, озім күн түске таяғанды сексеуінде әрең жеттім. Қақшанға бір қоян, ал тұзакқа бір-бірден қоян мен қыргауыл түскенін көріп қуанын қалдым. Мұндай олжаб болады дег ойлаған жоқ едім. Аздан демалын, үйден алып шықкан талқанды суга шылан әлденін алдым да, қақшан мен сымтұзакты тұрган жерімнен алыстау жерге апарып қайта құрып тастандым. Содан соң ауылға қарай бет алдым. Күн бата шаршан-шаңдығын ауылдың шетіне де іліктім-ау! Ендігі ойым тезірек Төрекұлдың үйіне барып, ани отырган әкесі мен шешесіне, балаларына қоян мен қыргауышын беріп кету еді. Келесем қарттар орындарынан тұра алмай, тірі әруақтай болып үнесі жатыр екен. Баларап үйдің бұрышында көздері жауғендең, маган қарай береді. Төрекұлға алып келген олжамды беріп, үйге кайттым...

Кеңес оқиметі елдің малын, мұлқін зорлықиен тартын алып «Көсіні», «кооператив», «коопхоз» деген үйымдарга біріктіре бастанды. Осындағы кездे Әлдениң әкесі Керімқұл да ел қатарлы «Ешкілі Кордай» ауылындағы 60-70-ке жуық кедейлердің басын біріктіріп, «Көсіні» үйымын құрган.

Керімқұл діни, домбыраны, арабина жетік оқитын сауатты еді. Кедей болса да «Ер қанаты – ат» - дән үйде ат ұстайтын. Оның сртүрмалын озі жасаң, түйінделген жерлерін әңгекейлеп, күмісен

қантан жүретін сергек адам еді. Женделері оны «иебер қайным», - дейтін.

Керімқұлдың шеберлігін көрші ауылдар да жаксы білетін. Ел «сыйға-сый» деп Керімқұл жасап берген ертұрман, таны басқа да дүниеліктерге қолда бар маң-мұліктерін беріп сыйлан отыратын.

Қордай тоесасының басында тұрған кез болатын. Сол кезде жаңа өкіметтің зорлышына көне алмай тау-тасты паналаган адамдардың бірінші жауы – колхоз-қосыны ұйымдарының белсенділері еді.

Бір күн іңір қараңғысында қарулы тоң үйге баса-қоктен кіріп, сау ете қалды. Қастандық істің боларын бірден сезген Осірен жеңгей Керімқұлды қалқалаң есікten ишігарын ұлгерді.

Үйге ақыра кірген «баңда» Керімқұлдың үлкен баласы Өбдібайды қамшымен сабап «Борінің баласы әкең қайда?» - деп алғымға алды. Өбдібай сол кезде 12 жаста, мемлікін түк айттай тұрады. Баңдылар үйді аныны-шашыны, еекі сандықтың ішіндегі балаларға деп арнайы дайындалған көп орімді әсем қамшыны, кемер белдікті, тартынаны, жүтеп жоне басқа жарамды бұйымдарды тонаң алады.

Үйдегі сол кездегі өкімет бағындарының суреті бар газеттерді жыртып, әйел болса да Осірен жеңгейді қамшымен сабап, Керімқұлды тауын жер жастандырамыз деп тау жакқа шауып кетеді.

Содан екі-үш күн Керімқұлдан хабар болмайды. Өбдібай меп Өлден, тәй-тәй басқан карындасты Қашай мен шешесі торғеуі айналға тау-тастының, тобынғы-тогайдың ішін талмай іздейді. Жаяулап күнгері жеткенше тау шатқалдарын да түгел қарайды. Айналға үрэй...

Жылан жүрген шешес, көздері тоғтагандай болып бойларын корқыныш жайланаң балалар, бір уыс бидайды дірменге тартып күнін коріп, «тірі болса келер» - деп үміттерін үзбей ақырын күтеді.

Содан бір күн киімдері алба-жұлба, үсті-басы қан басқан күйінде үйдің босағасын аттаң құлайды. Зәресі үшінан әйелі ойбайлан басын көтеріп, балалары «тәте-тәте» - деп кінкентай үй ішін азаң-казап болады.

Сусын мен аптық қысын, соққыға жынылған Керімқұлда ес жок. Аузына тамызған су мен анымал тамагынан зорға отеді. Қымбат қүйеуінің депесін жуын тазалап, бүркемелен жатқызын балаларға тансырған соң, корші ауылдан молданы ертін келіп дем салғызады. Үшінші күн дегендеге Керімқұлдың беті бері қарал, одан екі-үш күннен

соң аздаған тамақ ішін жаңтаймын отыруға шамасы келеді. Оның айтқан әңгімесі бойынша білгеніміз, ол үйден қанын шығын тауды нараптайды деп жүргенде баидының басқа тобына тап болып соққынға жығылады.

Енді бұл жерден қашнаса болмайтын болған соң, жалғыз аттан да айырылған Керімқұл керекті киім-кешектерін алыш, бала-шагасын жетекстен Сұлуторді бетке үстен жолға шығады.

Ол жерде, әйтеүір, тақұл-тұқыя тірлігі бар ағайындарының үйінде бір күн болған соң Керімқұл ұлқен ұлы мен кеңже қызын және әйелін Сұлуторде қалдырып, кіні баласын көтеріп Қырғызстанға аттанады.

Жаяу-жалиылан келе жатып жол-жөнекей не көрмедин. Айнала айнариныңтаған темесендең, дақа-дақада тегтірең жүрген ел. Жырауларда, жартастарда сүйенін отырып шейіт болған адамдар. Жол шетінде шала-жансар жатқан иендерлер де толын жатыр. Шамасы келсе бір үзім наң үшін тарна бас салатындағы корінеді. Бұл бейнараалардың орындарынан тұруға дәрмені жок, көздерінің жанары солын бара жатқандай, алғыз гана ыңырысыған дыбыстыры естіледі...

Керімқұл шаршан-шалдыңын бірнеше күннен кейін қырғыз еліндегі Тоқмақ қаласына жетін, әзгер дегендеге стікшілік кәсінен айналыса бастаіды. Бұл жерде жолда коргенідей, айтықтаған өліп жатқан адамдар корінбейді. Бәрі де жайбарақат өмір сүріп, өздерінің тіршілігімен айналысын жатқан ел.

Қыс отін жол анылған соң Керімқұл ауылдың жайы не болды, білін келейін дең бес жасар ұлын жетекстен, стікшілікпен таңқан аздаған дүниесін, азығын алып, жолға шығады. Көктобес ауылның отін терең сайдагы днірменіңің жогарғы жағындағы озен бойында шәй қайнатып ішіп, әкелі-баланы екесін демалуга жатады. Ауыр жол шаршатын шырт үйқыда жатқан бұларды аңдыған, аштықтан көздері қарауытқан адамдар карақышылық оймен келіп Керімқұлдың мойнына тұзак салады.

Балага тимейді. Тіптіп жүрін дорбада қалған бір уыс талқанды, басқа да дүниеліктерді алыш кетеді. Таңертең тұрган бала «степелен» әкесін ары-бері оята алмай, өзенин су ішін сол арада айналыныңтаған, бірессе ойнан, бірессе жылан, жаңа шығын келе татырдың түбірін жеп, түнде әкесінің жанына кеп үйықтан, күндіз аштықтан әбден әлсірен, дел-сал болып бес күн жүреді.

Құдай сақтан ит-күс кездеснегіді. Бір күні сол маңдан отіп бара жатқан өгіз арбалы адамдар баланы корін шақырганда, ол шоның, өрге қарай қашады. Әйттеуір, айқайлан, жон айтын жүріп, екі көзі аштықтаң шүцірейін кеткен баланы ұстап аты-жонін сұрап, тамақ беріп мән-жайды бінген соң, ісінген мойнын тұзақ тілін кеткен әкесін жерлең, өзінен сұрастыра отырып, Сұлутөрдең шешесін тауын баласын табыс етеді. «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды оледі» - деген осы шығар.

Тар заманда қасіретке ұшыраган ана, енді екі ұлым мен қызынаман болсын деп, балаларын құшақтаң жылдан қала береді. Бұл 1933 жылдың көктемі болатын. Екі жылдан соң буыны қатнаған балалардың шешесі Өсірең қайтыс болып үш бала жетімдік күн кешеді...

Кейін Әбдібай жаңа құрылған МТС-қа ұстамық жұмыска тұрып, Әлденді жаңынан қалдырмай ілеестіріп жүріп сибекке баулады.

Әлден 1952 жылды Қымбатқа үйленді. Олардың ұнақтары өсіп жетілді. Әлден мен Қымбаттың ендігі тілесі «өткендегі наубет ел басына келмесе екен, үрім-бұтагымыз осе берсін» деп кана Алла тағалладан сұран отырады.

ҚАРАКЕМЕР АУЫЛЫНЫҢ ТУРГЫНЫ, ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ АРДАГЕРІ, МАРШАЛ ЧУЙКОВТЫҢ ЖЕКЕ ФОТОГРАФЫ БОЛГАН БАЙДІЛДӘ АҚСАҚАЛДЫҢ ЕСТЕЛІГІНЕН

Өзен жагаласан өзегің талмайды

- Ашаршылық XX гасырдың 30-жылдары сол кездеңі Кеңес оқіметінің көптеген аймақтарын қамтыды. Өсірессе, Еділ бойы, Солтүстік Кавказ, Украина және Қазақстанда аниарының колемі тым үлкен болынты. Алайда, аиттан қырышын, бас саугалаң босқын болыш кеткен халықтардың ішінде саны жағынан ең қатты зардан шеккен Қазақстан екен, - деп бастиған еді Байділдә қария әңгімесін В.И.Чапаев атындағы орта мектептегі кездесудің бірінде:

- Егер халықтың бар малини жон-жосықсыз тартын алыш, колхоздарға күнітен біріктірмесе, онда ел аиттықка ұшырамае еді. Біздің өнірде аиттық бастилған кезде мен 10 жаста едім. Оу дегендे

біздің Қаракемер ауылшының тұрғындары қосшы, артөндер үйымдарына бірге бастанғаны болсам да жақсы білемін. Окімет адамдары ауылдағы маңдың бәрін жинап алғып, колхозға біріктірді. Біздің отбасымыздагы 20 шақты қой-ешкіні, 3 сиырды және 5 жылдыны да тізімге алғып, бірін қалдырымай алғып кетті. Бұл шамамен, 1929 жылдың күзінде болған еді. Не істерімізді білмей, жергілікті белсенділерден ең болмаса балашарға қатық болысын бір сиырды, екінші ешкіні қалдырынцар деп әкемнің жалынғанын, олар құлақтарына да ілmedі. 1930 жылдың көктеміне дейін қолымыздагы азық-түлікті ареп дегенде жеткізіп, қыстан шықтық-ау, әйтеуір. Бұдан кейінгі жаңдаймыз да мәз болмады.

Ауылдың құнгей жағында басынан қысы-жазы кар кетпейтін қыргыз Алатауы көрініп тұратын. Ал шығысқа қарай сол ақbastы таудан төменірек, бірақ биік-биік қыраттары бар, солардың арасынан «мен мүндайлаң» алыстан көрініп тұратын биік жартасты тау шыңын жергілікті тұрғындар «Фулие шоқы» деп атап кеткен. Олай аталу себебі, сонау ықылым заманда Алланаң елшісі Пайғамбар оның биік шыңында намаз оқынғы деген сөз халық арасында күні бүгінге дейін айттыны келеді. Бұл аңыз ұрпақтан ұриаққа жалғасын, ең аузында жақсы сақталғаны шындық қой. Сондықтан да, бұл биік шоқы жан-жағындағы таулардан ерекшеленіп, айналасына қасиетті Пайғамбардың нұрын шашып тұрғандай көрінетіні рас. «Фулие шоқы» деп аталуы да содан болар. Ең биік шыңы наизаның ұшындағы болын келіп, төмен қарай шоқының етек жағы жалпақтана береді. Өсірессе, таңертең күн үясынан шыға бастанған кезде Әулие шоқының айналасы ерекше нұрланып, шоқыны қоршап тұрған аласа-биік таулар масатынан құлышырып, көкпен тілдескендей болын көрінеді. Осындағы сәтте шоқыдан көз алмай қарай қалсаңыз, шындығында Пайғамбардың намаз оқығанына сенгендей боласыз.

Оулие шоқының терістік жағындағы таудың беткейінде 1905-1910 жылдары сонау Ресейден көшіп келген орыс шаруалары қоныстанған екен. Бұл жер бұрыннан Қордай өңіріндегі Дұлаттың бір баласы Жаныс ұриақтарының жайланауының басы болынғы. Одан ері жазықтау болын келестін даланың түгін тартсаң май шығатын шөбі шүйгіп, маңға жәйлі, тау қыраттарының әр жерінен сұзы таза, мөлдір бұлақтар сыйғырлан ағып жатады. Мүндай табигатты көремет, әртүрлі осімдіктерге бай жерді қазақтар «Керу» деп атанты. Ал орыстар

келгенинен кейін «Ново-Александровка» деген атауга ие болған. Тау бөктерінде орналасқан осы ауылдан сол төмен терес сайда, Әуліе шоқының айналасындағы таулардың ортасын қақ жара ағатын «Қарақоңыз» озенінің аңғарындағы табигатқа қоз тоймайды. Мұнда өсімдіктің небір түрлері қаулаң өсіп тұрады, жеміс-жидектер сан алуан, сонымен бірге жер таңдайтын талғамназ жаңғақ та өседі. Не керек, көктем-жаз айларында ед сұраи алғандай болып, қажетті кезінде жауын-шашып болып тұрады. Сондықтан картон, бидай тарға басқа дақылдарды осіруге оте қолайлы болып келеді. Мұндай табигаттың күдіреғіне таң қалып, қайран қаласың!

Керу ауылы біздің Қаракемерден 18 шақырым биіктікте орналасқан. Бұл ауылға бару үшін таудың тастакты жолдарымен томенинен жогары қарай өрмелейу керек. Жаз айларында Керуге жету қыныңдық туғызбайды, ал қыста қазірі заманың коліктерін трактормен сүйремесе, тайланыңтан жүре алмайды. Сол отызынин жылдары ат-арбамен, жаяу-жапылан қатынайтын болған гой. Қаракемер ауылының онғұстігіндегі қырғыз қаласы Тоқмақ біздің ауылдан 5-6 шақырым қанықтықта, екі елдің арасын Ше Алатауынан бастау алатын Шу өзені болып тұрады, қазір де солай. Қаракемердің батысында дүнгендер тұратын Масанчи ауылы орналасқан. Таудан ағып келетін Қарақоңыз озені осы екі ауылдың иекарасы сияқты көрінеді, ауылдардың арапары бір шақырымдай тана. Өзенің арғыбергі бетінде тұрын-ақ тұрғындар бір-бірінің дауыстарын естіп, хабарласып жатады. Конекөз қариялардың айтуынша, дүнгендер бұл өңірге XIX ғасырдың екінші жартысында Қытайдан келиген екен. Олар Қарақоңыз озенінің бойынша қоныстарын, егін салып, бау-бакина осірумен айналыса бастаған.

Мен оз ауылымының географиялық жағдайын жаң-жақты сипаттаю отырғанымының мәнісі мынада болып тұр. Елімізді ашарныңынкі жайларған жылдары көнтеген ауылдар жер бетінен жойылып, тұрғындары аштықтан қырынғаны қырылған, қалғандары беті ауган жаққа босып кетті гой. Ал біздің ауылға да аштық келгенімен, малдан айрылсақ та, Қазақстаның басқа аймақтарындағы сияқты жапынай қырғынға ұшыраган жоқтығы. Рас, күнделікті тағамының жеткілікін болуынан ауруга шалдықсан адамдардың олімі коп болды. Оларға медициналық көмек дер кезінде көрестімеді. Тіпті, Кеңес өкіметінің жергілікті өкілдері бұл жонінде ойнаган да жоқ. Ал жогарыдан келгей

білік үзкілдері олғен адамдарга ешқандай құран оқытнай, бәрін бір жерге көмे беруді анығын отырган сілден қатаң талаң стін отырды. Имандылықтың салты бойынша туган-туystарына құран оқытпін жерлейтіп болса, ондайларды бұл Кеңес өкіметіне қарсы ескіліктің қалынғы дей, жазықсыз жазаңға тартты. Мұндай да бассыздық болады екен! Ауылдаңдың сыртындағы зиратқа коз жұмған жаңдарды жеткізе алмай, тұрғындар қолы жеткен жерлерге туystарын жерлеій бергенін өз козімізben көрдік.

Дегенмен, ауылдағы ағайын-туystардың көбінің аштықтан аман қалуының себептері мынада: біршілден, Өулис шоқының баурайындағы жабайы жеміс-жидек, ац-құстардың көнтігі болса, екіншіден, Керудегі орыстармен тіл табысын егін етуді, бау-бақша осіруді зобанаң жылдарға дейін үйреніп алғанымыз қандай жақсы болған. Сонымен бірге көрилес жатқан дүнгендегі жақданын егіншіліктің қыр-сырын мешгерін, бала-шагасын аитыққа ұрыптырмауга әрекет жасаған ағайындар да бояды. Өзенің жағалауына әркім шамасы келгенине асқа жарамды қажетті әртүрлі дақылдарды осіре бастағы. Үйіншілден, Тоқмак қаласындағы базарға шынын, ауыл тұрғындары үйлеріндегі кілем, текемет, тон сиякты жыны кіимдерді және тағы басқа әйелдердің әнекейлі бүйімдарын сатып иемесse бидайта, наңға, сұтке және тағы басқа азық-тұлікке айырбасташ күндөрін корін жүрді. Өлі есімде, біздің үйдің үлкендері де кейбір заттарды сол базарға шынарын тұрды.

Міне, осылай Алланың ракымымен, ертеден егіншіліккен айналыссын келе жатқан орыстар мен дүнгендердің азды-көпті комегінің арқасында және ауылдың жан-жагында адамның өмір сүруіне қолайлы табигат ерекшеліктерінің болуы – біздің көбімізді аитық анатынан аман сақтаң қалды десек, артық айтқандық емес.

Бір күні Тоқмақтың базарында отімді заттарын сатып жүрген біздің ауыл адамдарының бірі осы қаланың маңында болған бір сұмдық оқиғаны айтып келді. Бұл оқиға былай болған екен. Аитықтан Қордай ауылдан босын барған 4 қазақ әйелінің жынырма күн бойы жас балаларды ұрлаған ақетін, сойын жең отырган. Қыркыз милиция қызметкерлері қылмысекерлерді үстап, қамаққа алынты.

Қаракемер ауылына келін-кетін жүрген алыстағы ағайындардан етін жүрлік. Аштық қысқан казақтар қалаларды, поселкелер мен стансаларды, теміржол бойын қантан кеткен. Олар жиналған

жерлерде сүзек сиякты жардама күрділі. Білдірінші
Сол көздөгі деңсаудың жалтуу жүрдің салынбасынан
жадең, жаңдайды түзетүү өткізбектер болады. Анында жаңбайраң
жерлерде, босқында, арасында да олар мешіттер, мечеттердегі бірнеше
көйганды, адам етін жеген оқиғазардың да баласынан шыншылдан
шашымыз тік тұратын. Алыстагы Кордай тұрақтарынан шыншылдан
жүрт қыргыз слінен жете шімай жол-жөндей таң ылам қызыбынан,
онардың денесінде Кордай асуынан да шыншылдан тибен шыншылдан

Күдай сактағ, егін салып, бау-бакыт өткізуң арқасында бірнеше
дауылдастар мұндай дәңгейдегі әзіттың жаңнан жарып. Калай төзесінде
бізге де отай болмады.

КОРДАЙ АУДАННЫҢ ТУРГЫЛЫ ГЕРЕФАДАГІ ТАСБОЛАТ ИМКАРЛАРДЫҢ РЕГИМІ

Кезім көргест сұмыныстар

Нагыз ашарнаның жаһалаты білди әйелді. Жамбыл облысында
Кордай ауданыннан отындыры Георгиевка ауданы. Кордай тұрақты
сөлосында тұрды. Конес өкіметті отындағы тұрақты әкімдік жағдай
кәшіп-барытты. Сол жылдары Георгиевка ауданының орасы салына, ишбөр
үш көшегінде бар екен. Осы сенова көшегінде енгізилген. Бірнеше
жылдарда әшапнанылық көрткөн жок. Екі жағынан мәттегінан еді
соның біреуінде екі-ак казак ғанастың орындырып әншарнаны
басталып, аш-жалаңаш казактар шынырақ ғанастың ынтыстар қондыра
жұмыс, үй беріп, нала болу биіний тұрсын үйлердің жақындағы арғын
тогын қуатын. Ашарнаның оастынан тұрғын-ак көшеменде жаң
устінде кетіп бара жатқан адамдардың ғанастың таң шыншылдан
«киргиз» деп мазақтатанын көри тұрғын-ак, ылайшылардың көн дәстейті
бұл өзім тікелей араласын, көзім көн сидер таң көнде мени Н-1
жастамын. Біз тұрғын-актеде дегенде олар енде таң шыншылдан
жапалары көп елді. Кордай ауданынан оның көнде олардың таң шыншылдан
жасыныарының үй жаңақтарынан көзінде көзінде олардың таң шыншылдан
жасыныарының үй жаңақтарынан көзінде олардың таң шыншылдан

Когда я впервые засел на изолированную жилую изба-
скую избу, то в первые же дни мне пришло в голову, что я не
мог бы жить в избе, если бы не имел возможности сидеть в избе
как можно дольше: бесподобные античные гипсованные скульптуры
Бориса и Глеба, бронзовый алтарь крестов, деревянный крест
Ассибада, панно с изображением Савельчикова монастыря, фреска
Гавриила и Женевьевы, Бахчисарайская гирлянда из цветов, бывшая в
избе, были для меня вспоминаниями о детстве, памятью о
дружбе и честности моих бывших русских друзей, подружкой
и покровительницей — Юлией Николаевной, ее мужем —
Сергеем Ильинским.

жерлерде сүзек сиякты жұқпалы аурулар эпидемиясы басталынғы. Сол кездегі денсаулық сақтау жүйесінде болғандықтан ауруларды емден, жағдайды түзетуге мүмкіндігі болмаган екен. Аштық жайлапан жерлерде, босқындар арасында ит пен мысық, жәндіктерді билай қойғанда, адам етін жеңен оқиғалардың да болғанын естігендеге тобе шашымыз тік тұратын. Алыстағы Қордай ауылдарынан шұбырган жұрт қырғыз еліне жете алмай жол-жонекей көн адам қырылып, олардың денесі көткемдс Қордай асуындан қарастынан табынған.

Күдай сақтап, егін салып, бау-бакша осірулдің арқасында біздің ауылдастар мұндай деңгейдегі аштыққа ұрынған жоқ. Қалай десек те, бізге де оңай болмады.

ҚОРДАЙ АУДАНЫНЫҢ ТҰРГЫНЫ, ЕҢБЕК АРДАГЕРІ ТАСБОЛАТ ІҢҚӘРБАЕВТЫҢ ӘҢГІМЕСІ

Көзім көрген сұмдықтар

Нағыз ашаршылық жылдары біздің үйіміз Жамбыл облысы Қордай ауданының оргалығы Георгиевка (қазіргі Қордай ауылы) селосында тұрды. Кеңес оқіметі орнамай тұрып, экемінің акесі сонда көшіп барынты. Сол жылдары Георгиевка иштесін орыс селосы, небері үш көшеғана бар екен. Осы селодан қазақтар оте аз тұрған. Бұл село халқы ешқандай ашаршылық көрген жоқ. Екі жерде мектен бар еді, соның біреуінде екі-ақ қазақ баласы оқытынбыз. Ашаршылық басталып, аш-жалаңаш қазақтар шұбыра бастанды. Орыстар оларға жұмыс, үй беріп, пана болу билай тұрысын, үйлеріне жақындаса ұрын-согып қуатын. Ашаршылық басталмай тұрын-ақ кошемен көлік үстінде кетіп бара жатқан адамдарға балалары тас лақтырып, «киргиз» деп мазақтағанын көріп тұрын-ақ, үлкендері кой демейтін. Бұл өзім тікелей араласын, козім көрғендер. Ол кездे мен 11-12 жастамын. Біз тұрған көшіде детдом бар еді. Сол детдомның балалары көп өлді. Қунде ат-арбамен өліктерін село шетінде аринасты қазылған үлкен апаңга таситын. Мен күнде әлігі детдом басындарының үйлеріне қымызды ертемен апарып беремін. Кей күндері өздері ұйықтаған жатады. Есіктен торға дейін шашының ыдыс-аяқ, тағамның қалдықтары оте көн. Бұдан асқан жауыздық бола ма?

Сондай-ақ ертемен село базарына қымыз, айран анарып сатамын. Орыс айелдері түрлі тагамдар сатып тұрады. Аштар жақындаған, сатып алғанында болып келіп, құлиниеден ала қашады. Әлгі орыс айелдері қолындағы бір-бір кесептегі таяқшалармен қуын жетіп, үрши-согады. Әлгі ани адам наңды ауызға тығын, қомағайланған жең әлек болады. Кейбіреулері үрган жерде құлан, сол жерде өліп те қалады. Коще бойында, арық ішінде, бір тасада өліп жатқан қазақтар көп кездесетін. Оларды жинаң, әлгі жалпы молага анаратын болуы керек. Анарнылық бастилған алғашқы айларда кейбір қазақ байлары түндегелете көніп, көн маір айдан, Қыргызстанға өтіп жатты. Әкемнің ішін Есім Бішікек қаласында тұрды. Ол жерде де, Қыргызстанда анарнылық болған жок.

1932 жылы Несінбай деген бай туысқанымыздың малын конфискован алған қойған, анарнылыққа ұшырайтын болған соң, көрестін тұтын жүрген жаңыз түйесі мен екі айелі, 5-6 бала шағасымен менің әкемді ізден, қасымыздың көшіп келді. Әкем ол кезде «Кириишпотребсоюз» деп аталатын мекеменің екі кора қойында тұртууравияцияның болатын. Несінбай тұқымдарының біразы: Өлмаганбет, Сейітжан, Мұқат қазір Бірлік ауылында тұрады. Сол қойды бағуға жұмыске тұрғызыды. Онда наң көн. Наңды ат-арбамен таудағы машиналарға тасып береді. Соның аркасында Несінбай атамыздың үрнақтары қазір әр ауданданда, шүкір, барышылық.

1937 жылы әкем елге көніп келді. Бұл жақтағы балалар анарнылық салындарынан окудан кешкелеп қалған екен. 1938 жылы мен орыс тілінен мұғалім болып орналастым. Сонда көбі менімен катар, кейбір үлкендері бесінші, алтыншы кластарда оқиды. Өтіріккій болмау үшін қазір барларын атай кетейін. Қаратериев Бөбек, Асанбаев Дүйсен, Сыздыкова Құләшай, Қалытаев Бақтыбай, Нірәлиев Жуаныш, Баяубаева Нұрғайша тағы басқалар оте көн болатын. Бәрі Сталин, Голощекиндердің қолдан қасақана жасаган наубетті. Әруақтарды халық болып еске түсірсек, аса құрметті жерге жайықты ескерткіш орнатсақ – асқан имандылық, келер үрпакқа үлкен сабак болар еді.

Дерек көздері

1930-1931 жылдары аштықтан әбден қиналған халық Кеңес өкіметіне қарсы көтеріліске шыға бастайды. Сондай көтерілістердің бірі – Қордай жерінде де болды. Олар Шу өңіріндегі көтерілішілермен байланыс жасап, біргүре ұмтылады. Бірак қызыл отрядтың жансыздары алдын-ала біліп алған, көтерілішілердің қосылуына кедергі жасайды. Соган қарамастаң Қордай көтерілісі тоқтамай, кең өріс алған біраз елді мекендерді өздеріне қаратады. Бұл жөнінде тарихшы-ғалым Б.Г.Аяғаниң зерттеулерінде: «Қордай таулы асуында Осман батыр халықтың басын біріктіріп, атты әскер ұйымдастырады. Олар қажетті қару-жарақтарды Қытайдан алатын болды. Көтерілішілер облыс орталығы Алматыға жетіп, оған тікелей қауіп төндіреді. Отар, Шамалған, Ұзынған, Красногорск, Георгиевка, Шу сияқты елді мекендер көтерілішілердің колына өтеді. Отар стансасының маңында кескілескен ұрыстар болды. 1931 жылдың сәуір айында көтерілісті басуға Кеңес билігі нақты әрекеттер жасай бастады» - деген мәліметтер келтіреді. (*Б.Г.Аяған. 1932-1933 жылдардағы ашаршылық ақиқаты, Алматы, 2012, 130-бет*)

Аштыққа ұшыраған халықтың құшын ұжымдастыруға қарсы болған наразылықтары Қазақстанның барлық өңірлерінде болып жатты. Жақсы қаруланған қызыл әскер отрядтары көтерілішілерді өте қатыгездікпен аяусыз басып отырды.

1933 жылы Қазақстанның барлық өңірлерінде ашаршылық әлі де болса мындаған адамдарды жалмаи жатты. Талас Омарбековтың алапат аштық туралы жинаған деректері бойынша 1933 жылы Қордай ауданында аштықтан өлген адамдардың саны кобейін кеткен. Ғалым мұрагат құжаттарынан мынандай мәліметтер келтіреді:

«1933 жылдың қаңтарынан 31-наурызына дейінгі уақытта Қордай ауданы бойынша жиналып алғынған оліктер; ауылдық кеңестің берген мәліметтері:

Ауылдық кеңестердің өлген адамдар аттары:

Благовещенский 51 адам

Успеновский 80 адам

Горно-Никольский 101 адам

Чернореченский	150 адам
Брикский	213 адам
Георгиевский	76 адам
Барлығы	671 адам

Успен ауылдық кеңесіндегі бір байдың баласы көшеде екі адамның басын сүйреттің жүрді (Ол ұсталды, ОГПУ тұтқынында отыр)». (Т.Омарбеков. Ашарының анаты. «Ақиқат» - ұлттық қоғамдық саяси журнал, № 7, 2004, 41-бет)

САРЫСУ АУДАНЫ

БАЙҚАДАМ АУЫЛЫНЫҢ ТҮРГЫНЫ (ҚАЗІР САУДАКЕНТ АУЫЛЫ) БОЛҒАН ШЕРІМ ҚАРИЯНЫҢ БАСЫНАН КЕШІРГЕН ҚИЫНШЫЛЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ БАЛАСЫ МУРАТҚА АЙТЫП КЕТКЕН ЕСТЕЛІГІНЕН

Қыстың сұнтында жетімдерге наана болған тандыр пеш

1923 жыны жарық дүниенің есігін атқаи Толегенов Шерім ақсақал да 30-жылдардагы ашарыныңтың азабын көрудей-ак көрінті. Ол кісі изубет жылдардагы басынаң кешірген оқиғаларын баласы Мұратқа айттың отырады еken. Шерім қарияның айтуышына, сол кездे ол кісі тогыз жақса жаңа гана толынғы. Ата база болса да көрген, білгендерін есіндеге жақсы сақтаған, омірінің аяғына дейін ұмытынай, сонау зұлмат жылдардагы басынаң өткізген ауыр күндері келепектеге қайталанбасын, өзінің ұринақтарына сабак болып дең айтудан жалынған.

1932 жыны адамдардың олімі бұрынғы жылдардан да жиілең кеткен, егіс нықынай қалған, елдің бар мальын жаңа өкіметтің уәкілдері зорлықпен тартын алған. Бүкіл елді аштық жайлады. Жергілікті шолақ белсенділер қайсыбір адамның қолынаң бір үзім наи, бір кемі үн және кесек етті коре қалса тартын алады және оны мемлекетке откізген сияқты болып, оздері пайдаланады...

Астық дайындаумен айналысқан тұрғындар оздеріне бір үзім настабуга зар болып жүргенде, астық дайындау жоніндегі уәкіл ауылға келіп, халықты жинаң алып «неге астық откізбейсіндер» деп айтады да бастаған, содан соң «егер астық откізбесендер, оз қолыммен барлығыныңды атып тастанмыши» деп қорқытқан. Кейбір адамдарды сарайға қамаң, оларды бірнеше тәулік бойы аш-жалаңаш қамауда ұстаган. Осының берін бала көзімен көрген Шерім қалай ұмытсын.

1933 жылы ашаршылық үдеді түсті. Шерімнің де отбасы аштыққа ұшыраң, жалғыз озі гана қалады. Жас бала ата-анасының, бауырларының аштықтан қиналыш жатын жаң тапсырылғаны коріп, есі ауын қаңғын кетеді. Үйсіз-күйсіз жүрген бала кез келген жерге түнен, ауылдан ауылды көзін жүріп көрмегенді кореді. Шерім кария озінің ашаршылық жылдары қалай тірі қалғаныңа таңғалып отырады екен. «Тірі адам тіршілігін істейді» демекші, бала әр жерден үрланаған үрлан, сұраганың сұрап таңқанын жеп, күнін коріп жүреді. Қайда барса да аштықтан бұралып, ісінін-кеүін олін жатқан адамдар... Обден ашыққандардың ауылдардың істерлерінде, жолдың бойында сарыңақ тышқандардың, өлтірін жануарларды қазып алыш жеп жатқанын талай көрген екен.

Осылай қаңғырың, олместің күнін коріп жүргенде оқіметтің уәкілдері Шерімді ұстап алыш, балалар үйіне тапсырады. Бұл жерде де жаңдай оте қыны болынты. Тамақ жеткілікіз, ауруға үніяраган балалар өте көп. Күнде бір-екі баладан аштықтан, аурудан олін жатады екен. Бұны көріп ол одан сайын шонын кетеді.

Күндердің бірінде балалар үйіндегі жаңдайға шыдай алмай, бұл жерден қашын шығып беті ауған жаққа кете барады. Не істерін білмей түнделестіп, қаңғырың келе жатын, жол бойында қазанға ет шісеріп жатқан адамдарға жолынады. Анының келе жатқан балага тамақ шісеріп отырғандар жандары анын, қазанда қайнаган еттеп беріп, тамақтаңырады. Шерім обден етке тойын алғанина кейін гана адам етіп жегенін білген. Адам етіп жеп отырған адамдардаш корықкан бала таңертес ерте тұрып кетіп қалады. Себебі, ани адамдар мені де сойып, келесі қазанға менің етімді салып шісеріп жейтіш шыгар деген ой туын, олар үйіктан жатқанда бала дыбысын білдірмей қашын кеткен.

Ашаршылықтың салдарынан қаңғын жүріп бармаган тауы, баснаган жері қалмайды. Жол-жонесін тамақ ізден шұбырган халық,

аштықтаи қашын кайда барадын білмей жанталақсан адамдар. Бүкіл елді жайлап алған жашиның қасіретке ұшыратқан аштықты бунын қатнаған жас бала барлық жерден корін отырады.

Бірнеше айдан кейін Шерім үсті-басты кір-қожалак, көзі шүцирейін жалаң аяқ, жалаң бас, арын-аыны Ташкент қаласынан бірақ шыгады. Әрең дегенде балага лайықты жұмыс тауын алып, бір үзім наң үшін жалданады. Наң тауын жең жүргеніне мәз болып, қаһарын қыстың қалай келгенін де байқамай қалады. Жаз мезгілінде корінген бұтаның түбін немесе қираган үйлердің бұрыштарын наңа стін жүре берген. Сойтін жүргенде озі сияқты ата-анадан айырынған жетім балаларды тауып алады. Суықтан қорғану үшін қыс мезгілінде өзбектердің наң пісіретін тандыр неиттеріне түнен жан сақтаған, қожайындары көрін калмасын деп ерте тұрып кетін қалады екен. Тандыр нешітің ішіндегі шок союін, ыстығы азайған кездे жасырын кіріп үйкетаған, ондаты жылдылық таңға дейін сақталып, балалар суыққа ұрынбаган. Күндіз дамыл ташай тамақ іздеген кейбір балалар шаринан-шалдығын қалың үйқынға кеткенде, нешітің ішіндегі шала ошкен ыстық шоктан бір-екі баланың жаңып кеткенін де айтып отыратын – дейді Мұрат әкесінің әңгімесін еске алып.

Осылай күнін корін жүрген базаны Смайыл деген немере ағасы күтінген жерден кездестіріп, Шерімді елге алып келген. Елге келгеннен кейін жақын туыстары болмаған жетім базаны ешкім камкорлығына алмаған, соны байқаган Шерім есекке мінін алып Шолжаккорғандағы нағашы әжесіне бару үшін жолға шыгады. Бұл 1933 жылдың жаз мезгілі екен.

Таны да осы санарьинда ол неше түрлі сұмдықтарды көреді. Жол бойы ары-бері шұбырған ел, жолдың шетінде отырған аштар әртүрлі қалдықтарды талғажау етуде, дала осімдіктерінің қабығын, ұсақ кемірінгердің етін шикідей ауыздарына салып жұлқылан жатқанын да байқап қалады. Бір ауылдың маңына жақындаған келгенде үйліп жатқап иттердің, мысықтардың сүйектерінің арасында аш адамдардың жүргенін көреді.

Бірнеше анта жүргенниен соң, мінген есегі алыс жолға шыдай алмай зорыншы өлін, ары қарай жаяулатын шаринан-шалдығын, әрең дегендеге бес-алты күн жүріп, нағашы әжесіне жетеді.

Сойтін, Шерім нағашы әжесінің қолына келіп ашаршыныстан аман қалған екен. Содан соң елдің жағдайы енді гана түзене бастаган кезде 1941 жылы согыс басталады. Жас кезінен қынишилықты коріп оскен Шерім талаі қиян-кескі ұрыстарда жаумен ерлікпен шайқасын, контеген орден, медальдерге не болады. Соңдай ауыр ұрыстардың бірінде Шерім ата қатты жарапанын, әскери госпитальдан бірақ шығады. Ұзак уақыт емделгеннен кейін оз полкінен қалып қалған атаны Монголия арқылы 1945 жылдың тамыз айында Жапония согысына аттандырады. Осы согыстан Шерім елге аман-есен оралады.

1930-1933 жылдары алған ашаршылықты басынан откізген, 1941-1945 жылдардағы согыста аяибай ел үшін қан майданда ерлікпен шайқасқан Шерім қария екінші дүниежүзілік согыстың акырына дейін болып елге келгеннен соң отбасын құрны бала-шагалы болды, немерелерін көріп бұл дүниеден озды.

БАЙҚАДАМ АУЫЛЫНЫҢ ТҰРГЫНЫ ҚҰРАЛАЙ ӘЖЕНИҢ ӘҢГІМЕСІ

Балалығымды, жастығымды ұрлаган азапты жылдар

Құралай ана саяси құғын-сүргін мен ашаршылықты оз басынан кешірген адамның бірі. Ол кісі зұлматты жылдарды қинала еске алады:

- Теледидардан, газет-журналдардан XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы нәубеттің бейнесін, суретін көрсем, аныл-тегін жылаймын. Балалығымды, жастығымды ұрлаган, экем мен атамның ыстық ықласын, мейірімін аяусыз үзген саяси құғын-сүргінге және оны ұйымдастырыған имансыздарға лагынет айтамын. Багасын да, жазасын да Алла берсін деймін...

Бүгін ойлан қарасам, біз секілділердің аса күрделі, тар жол, тайгақ кешу тағдырына осы кеңестік қаңқасан орасан зор пүксан тигізінгі. Біз ыстық ықласқа, інер тамақ, киер киімге, бүтін көнінге жарымдастық. Жарымжан болып жетілдік, қамкоқіл болып остик.

«Жетім қозы тасбауыр, маңырар да отығар» дег қазақ атам бекер айтнаса керек. Айам Мәңзұра екеуміздің көрметен корлығымыз жок.

Бірақ мен енікімнен, еннөрседен тайсаімай, шыныңдықтың жеңетінің сезідім...

Биыл 88 жасқа ишігамын. Алғашың бұйыртқан жасы, көрсеткен жарығы шыгар. Осы жасымда күндіз ойынша, түнде түсімнен шыныңайтын бір оқига бар. Ол 1932-1933 жылдардағы аштықтың біздің отбасымызға қатысты қасіреті. Бұл қырғында менің бірнеше шешем (әкемнің алғашқы әйелі) және екі сінім бұлдырған кезінде қырыны кетті...

Анамыздың аты – Айжан, екі бауырының аты – Нұрсұлу мен Құлзия еді. Мен олардың қайғылы қазасын қаранайым созбен жеткізе айтамын. Козімнің жасымен, сезімімнің толқуымен жеткіземін. Ес кіргелі олардың рухына багыштаған Құран окуды үзген емесімін. Бар амалым осы. Менің таза, жазықсыз адамдарға деген саянныным осы көңіл-күй болады.

Жас кезімізде ауылдың кариялары айтып отыруышы еді: «аңған олтеп адамның моласы жоқ» деп. Сол тоқшылық жылдары біздер – балалар: «қандай жақсы, күйзеліс болмайды, ел аштыққа ұшырамайды, әр кезде тоқшылық болады екен той» - деп ойлауды едік. Олай емес екен, бірде тоқшылық, бірде жоқшылық болып, өмірдің озгерін отыратынын түсіндік, сап қылы қыншыңқтарды бастан кесірдік. Қазақ халқының басына түскен ие бір зұлматтардың ішінде ең ауыр қаралы кезең, ең қасіретті анат 1931-1933 жылдардағы ашаршылық наубеті болған еді. Бұл тек біздің отбасымызға ғана емес, бүкіл ел басына келген анат болды той. Аз ғана уақыт ішінде ауыл адамдары ауыр жағдайға душар болды. Құнкоріс малынан, азын-аузын азық-түлігінен айрыылған біздің ауыл аштықтаң қырыла бастағды, ал тірі қалғандары беті ауган жакқа қаңғырын кетті. Айта берсем, әңгіме кон. Енді ондай зұлмат заманың беті аулак болсын, еңкапдай таршылық көрмей біздің ұрнақтарымызға осс берсін деп қана шүкіршілік стін отырамын.

Дерек көздері:

Мұрагатның, журналист Еділ Әлиев Жамбыл облысының мемлекеттік мұрагатының құжаттары негізінде жазылған «Жан қайты» деген еңбегінде ашаршылық жылдары Сарысу ауданында қанша адам және қанша мал шығышы болғандығы жөнінде «Сарысу

аудандық салық комитетінің 1930-1933 жылдардагы мал және шаруашылық нен тұрғындар саны жөніндегі облыс орталығына 1933 жылы берген мәліметінен» дәлелдер көлтіреді:

«1931-1933 жылдардагы Сарысу ауданы бойынша жергілікті салық үйымының мәліметтеріне назар аударсақ, ауданда тұрғындар мен мал басының шығын мөлшері бұдан да көп болғанын аңгарар едік. Мысалы, 1930 жылы аудандагы барлық шаруашылықта 30384 бас жылқы болса, 1933 жылы оның 585-і тана қалған. Оның ішінде мініс аттарының саны тиісінше 18773-тен 319-га дейін азайған. 1930 жылы ауданының барлық шаруашылықтарында 38025 түйе болса, 1933 жылы оның 793-і тана қалған. Оның ішінде жұмысшы түйе тиісті жылдармен салыстырында 24505-тен 606-га дейін кеміген. Осындагы кояжалықтарда 1930 жылы 9412 ірі қара болған екен. 1933 жылы оның небәрі 105-і басы тана қалыпты. Тиісті жылдармен салыстыреасақ сиыр 4531-ден 57-ге төмендесе, 718 оғізден 1933 жылы бірде-біреуі қалмаган. Қой-енікі тиісінше 394475 бастан 2079-ға, оның ішінде кошқар 665-тен 110-та дейін азайған. Мініс аттарының орнын есек алмастырган. Аудан бойынша 1931 жылы бірде-бір есек тіркелмесе, 1933 жылы оның коэффициенттік корсеткіні 7,3 пайыздық межеге жеткен. Тұнкі нағиже аудан бойынша мемлекеттік есепке алынған 472364 бас төрт тұнкі тұрлеринен 1933 жылы 3567-сі тана қалған. Яғни, 468797 бас мал қырылған немесе лажысyzдан сойылған.

Бұл дегениңіз нағыз наубет емес не! Мал басынан қай құрылым аз шығын берген деген сауалға келесек, аман алғы қашаңдардың бәрі дерлік ұжымдар емес, менинкі иелері. Қоххоздар мен совхоздарда, тауарлы мал фермаларында 1933 жылы бірде-бір бас мал қалмаган. Өйткені ауданда ұлы жұттың алдында құрылған ұжымшарлардың басым бөлігі өзін-өзі қаржылай ақтай алмай тараған кеткен еді. Кейбіріндегі аиттық зардабынан жұмысшының күйі қалған жоқ. Халықтың коншилігі босын кетті. Соның салдарынан аудан бойынша 1930 жылы құрылған 5 мың 925 шаруашылық 1932 жылы 4 мың 785-ке төмендейді. Ал 1933 жылы олардың 1879-і тана қалған.

1930 жылы аудан бойынша 31 мың 209 адам тұрған. 1932 жылы атаптап ауданда 23 мың 11 адам қалған. 1933 жылы бұл корсеткіш 6 мың 181 болды. Соңда небәрі екі жылдың ішінде 25028 тұрғын айтап олған немесе отбасындарымен басқа жакқа қоныс аударып, босын кеткен.

Ауданда мал және адам шығынының мол орын алуышың тарихи себептері болды. Сарысу наубет жылдары ең кон тенерін көрген аудан». (*Еділ Әлиев. Жап қайғы, Тараз, «Сенім», 2012, 61-63 беттер*)

Сарысу ауданындағы халық көтеріліс туралы ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор Б.Ғ.Аяган билай дес жазды:

«... Сарысу ауданында Серік хан бастаған көтеріліс те тез басыды. Серік хан және оның басқа жетекшілері қамауга алынып, сот шешімінсіз-ақ атылаған». (*Б.Ғ.Аяган. 1932-1933 жылдардағы ашаршылық ақиқаты, Алматы, 2012, 123-бет.*

ЖАМБЫЛ АУДАНЫ

ТАРАЗ ҚАЛАСЫНЫҢ ТҮРФЫНЫ ӘБЕН ҚОЦЫРӘЛУЛЫ ӘКЕСІНІҢ АШАРШЫЛЫҚ ЖЫЛДАРДАГЫ КӨРГЕН АУЫР КҮНДЕРІН, АДАМ ТӨЗГІСІЗ ҚИЫНШЫЛЫҚТАРЫН БЫЛАЙША ӘҢГІМЕЛЕЙДІ:

-Менің әкем Елшібекұлы Қоңырәлі 1915 жылы қазіргі Жамбыл ауданы Ернаzar ауылында дүниеге келген. Ашаршылық басталған кезде әкемнің жасы 17-де болынты. Бүкіл елге қыргыздай тиген, Кеңес әкіметтің солакай саясатының кесірінен маңынан айырылған қазақтар жапшай аштыққа үшінрайды. Маңдан, дүние-мұліктен жүрдай болған ел тамак ізден қаңғып кеткен. Біздің әулеттің отбасы мүшелері сол наубет жылдары Талас жеріндегі Қызыләуіт деген ауылда тұрган екен.

Етде жасқа жеткен атам Елшібек аштықты, басқа да ауыртаптағықтарды котере алмай қайтыс болады. Атаниң анасы және қалған бауырлары өлмestің қамын ойлан, тау қыраттарындағы шонгердің дәнін терін, тамырын қазын алын, солармен қоректенген.

Жартылай копиечі өмір сүріп отырган ауындың маңын: түйе, жылқы, қойларын колхозға біріктірғеннен кейін елдің қолында еннәресс қалмады. Сонымен бірге ергеден қалынтасан копиелі еді күнгін отырықшыландыру әрекеті халықты үлкен қайғы-

қасіретке душар еткен. Аштықтан, өкімет орындарының тарағанына болған құғын-сүргіннен қашып ауыл адамдары қыргыз жеріне босы кетті. Осындай зорлыққа иштедай алмаган халық ешінен без бастиғанда, Әулиеата жеріне Ресейден қоныс аударушылар ағылыш жатынты. Әкемнің ауылды қалана жақын болғандықтан бәрін білгіт тырыған екен.

Қаратауды жағалаң Жуалы жеріне ишбұрыш жатқан еді, жолдың шеті қомусіз қалған өліктерге толы. Елікімнің оларды жерлеуге әж жок. Бір түннің ішінде ауылдан үдерес көшікен ағайындардың көргендері осы болынты. Ал әкемнің отбасы Әулие-Ата қаласының жанынан агатын Аса өзенінен ары қарай жылжымаган. Оның себебі, қоныс аударып келген орыстар озен бойынша жағалай орналасып, балық аулаумен айналысқан екен. Әкем Қоңыраулі орыстарға жақындасты, тіл табысын, олардан балық аулауды үйренип. Әйтиссе, қазак балық аулауды әдетте айналдырмаган той. Шытыр деген шөптің дәнін қайнатып інген. Ол да тамақ болған. Қүн жынына бастиғанда қыста қатын қалған өліктерді комін, бетін жасырады екен.

- Әкем Қоңыраулі 1920-1922 жылдардағы еліміздің жайнау откен ашаршылық туралы да айтып отырушы еді, - дейді Әбен. Ашаршылықтың басты себебі стапиндік басының иен 1925-1933 жылдар аралығында Қазақ елін басқарған Ф. Голощекиннің теріс жүргізген саясаты жайлы көп айтады екен. 20-30 жылдарданғы елден жинаған өкіметтің азық-түлік салғырты, одан кейін мемлекетке астық дайындау нағыз қасіретке айналынты, соның салдарынан мал басы, наң өнімдері, жүн, тіпті жануарлардың сүйектерін және тағы басқаларды да өкімет үәкілдері елден тартып алған отырган.

- Ашаршылық жылдарының жағдайы осындай болды. Оның барлығын айтып жеткізу мүмкін емес. Алла тағаланың құдіретімен тірі қалдым. Енді бұның беті аулақ болсын, сендерге біздің көргенімізді көрсетиесін деп айтудан әкем жалықтайтын еді, - деді Әбен.

АСА АУЫЛЫНЫҢ ТҮРГЫНЫ ЖАМАЛ ӘЖЕНИҢ ЕСТЕЛІГІНЕН

Талай қындықтар басымыздан өтті ғой

Біз келген кезде ақ кимешек салған Жамал әже мұнгаздай болып кініп алдыны. Нық-нық сойлесені, ширақ жүріс-тұрысы сонау зобалаң жылдардың қындыны мени ауыртиалығын басынаң откізбендей корінді бізге. Оттызыны жылдардағы ашаршылық туралы конекөз қариялардан естелік жинаң жүргенімізді білгениен кейін әже сол кездегі корген-білгендерін айтып беруге ықылас танынды.

- Біз не көрmedік, талай қындықтар басымыздан өтті ғой, - деги бастады сексениң бел оргасынаң ақап қарт әже әңгімесін.

- Шырактарым, маган нақты сұраптар қойындар, соған орай нақты жауап беремін. Әйттесе, менің көн сөйлем кететім әдетім бар, - деги озін де, қолымызға қалам ұстан барған бізді де әңгімете даярлады.

- Азан шақырыш қойған атым – Жамал. Алла тағаланың маган берген қасиеті нығар, күні бүтінге дейін өмір сүрін келемін. Басымыздан не отнеді, талай қындықтарды кордік, бірақ енікімге оқиен де, сол секілді озімің өкінішім де жоқ. Соғы ауыртиалықтардың бәрі бір күнде оте шыққандай корінеді. «Қырық жыл қыргын болса да ажалды өледі» деги ата-бабаларымыз айтып кеткен ғой. Ойтеуір, аүнірімден тірі қалдық. Бүкіл елді аңтық жайланаң жылдары мени тұлымшагы же лібіреген 5-6 жастагы ойын базасы едім. Сондайы көрген-білгендерім еміс-еміс қана есімде сақталып қалынды.

Біз Өзін-Атадан 15-16 шақырымдай қашықтықта болатын Аса ауышында тұрдық. Майдың бәрін Кенес өкіметі сыйырын алды. Үйде жалғыз ғана бір сиыр қалды. Сол сиыр тек біздің отбасымызды ғана емес, жакын туыстарымызды да сүтімен асырады. Сиырдың сүті бәрімізге тамақ болды. Әкем қайдан аулайтының білмеймін, үйге балық алып келетін. Біз отырған ауылдың маңында қалып шөп өссетін, ішіне кіріп отырған адамның бойы көрінбейтін. Сол шөптерді мал сектіңіді адамдардың да жегенін кордік кой. Әйткені, жейтін тамақ жоқ. Әр үйдің қорасында бір-бір сиыр немесе бір-екі арық ешкі ғана

боды. Оның өзін ашаршылық басталысымен сойын жең, отбасылардың көбі қара суга қараған қалды. Ол кезде мен кінікентай жас баламын той. Кон жаңдайды кейін оң-сөйлемді таңын, оскениң соң әке-ишелеміңдің айтқандарынан білдім. Ашаршылыққа дейінгі жылдарда кедей деген үйлердің өзінде 20-25 шақты қой-спікі, екі-үш сиыр, бір-екі жылқы болған екен. Ал ашаршылық байдың да, кедейдің де малын зорлықпен тартып алған, колхозга біріктіргенеп кейін басталынты. Жейтін еті жоқ, інштін сүті жоқ, бидайы да, наны да болмаган қазактардың жаппай қырылғанын әке-ишелем айтты отырунан еді.

Біздің ауыл Аса өзеніне жақын тұрғандықтан аштыққа қаты ұрына қойманты. Ауыл адамдары қысы-жазы жаппай бағық аулаган, шөлтің тамырын қазын жеген. Ауылдан тамақ ізден босын кеткендер де болыпты. Олардың ішінде біздің де жақындарымыз болған екен. Олар жайында күні бүгінде дейін сипте білмейміз, оді ме, тірі ме ешқандай хабар болмады. Ауылда қалғандар түгелдей қырылыш қалған жоқ. Әйтте де осы күнде дейін жанымызды қинайтын жаңдайлар болды. Аштықтың салдарынан сінді гана аныл-тансы басын жүрген інім мен сілім қайтыс болды. Әкем атты агайында еді. Сол жылдарда алты агайындының скеуінің шаңырағы оргасына түсті. Одан басқа 1937 жылды «халық жауы» деген жаламен әкемнің бір інісін абақтыға жанты. Ол Сібірге айдалып, сол қалында хабарсыз кетті. Біздің үй қара шаңырақ болғандықтан, алғы агайынның қалған балаларын анам осіріп, жетілдірді.

Сөз сонында Жамал әже тұрмыстың қызындыны, туысқандардаш айрылу азабы, елдің жаппай күйзелісі сол кездегі жас балаларды ерссектер қатарына бірден қосып жібергенін айтты берді.

ТАЛАС АУДАНЫ

ТАЛАС АУДАНЫ УШАРАЛ АУЫЛЫНЫҢ БҮРҮНГҮ ТУРГЫНЫ, ҚАЗІР ТАРАЗ ҚАЛАСЫНДА ТУРАТЫН КУШИКБАЕВА ТІЛЕУЛЕС ӘЖЕНИң 1930-1933 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ШЕШЕСІНЕҢ ЕСТИГЕН ӘҢГІМЕЛЕРИ

Тұсыз жеген жаужұмыр да адамдарды аштықтан
күтіара алмады

Ашаршылық болардан жарты жыл бұрын ғана Тілеулестің аяасы Омірбекқызы Қантай Ушарал ауылшына келіп болып түсінгі. 1929 жылдан бастап бұл ауылда да тәркілеу басталып, бай-кедей болғанына қарамай елдің бар мазын, дүниес-мұліктегін Кеңес өкіметінің уәкілдері күнисен тартып алғанын Тілеулең шешесі Қантайдан таяй естіген екен. Жаңа өкіметтің билігі Ушарал ауылшы да қысымды қүштейтін, контеген отбасы мүшелерін қанауышы тап санаудың тәсін, жазықсыздың жазықсыз Сібірге жер аударған. Жоғарғы өкімет орындарынан келген уәкілдер жергілікті шолақ белсенділерді алдарына салып алған, ауылдағы кедейлерді корқытып, соң кездे қарамағындағы елте қамкорлық жасап, асыран отырған байларға карсы оларды күә ретінде пайдаланған. Қоңи жағдайда ортания ғана тұрмысы бар шаруалар да байлардың қатарына жатқызылып бүкіл майдан, дүниес-мұліктен жүрдай болып айрынған. Осылардаң қатарында Тілеулестің шешесі Қантайдың да отбасын байсың деп майдан бір түк та қалдырмаған екен. Титік жергілікті жалған белсенділер өкіметтің таисырмасын орындаймыз деп, тәркілеуге жататын нормага дейін жеткізу үшін Ушарал ауылшындағы жекелеген кедей отбастарындағы майдарды бір жерге жинап барынғын мемлекетке өткізіп жіберген.

Содан ауылда жүт басталады. Шамасы келетіндер күнкөрістің қамымен тамақ іздеп жан-жаққа кете бастайды. Бала-шагасын келе жатқан алшат ашаршылықтан күтіру үниін Қантай ашаның отбасындағы ер-азаматтар да жолға шығады. Бірақ олардан белгісіз себептерге байланысты бірнеше ай бойы хабар болмайды. Үйде

Қантай, оның карттық жасқа жеткен енесі және тогыз жастагы қайын сілпісі ғана қалынты. Олардың аз-аздан таңгажау етін отырган азықтүлігі таусылып, аштыққа ұшырайды. Жағдайлары әбден киңидеган соң ауылдың әйелдеріне көсемшін, үшеші де Талае жеріндегі құмды аймақта өсегін осімдік - жаужұмыр қазуга кеткен екен. Жаужұмыр - картоноқа ұқсас жабайы өсегін осімдік. Бұл осімдікті қазактар өртеден жақсы білген. Тұз болмағандықтан әрі аштыққа шыдай алмай жаужұмырды қоп жеп қойған адамдар ісініп кетіп, олін қалатын болған. Әйелдер 5-6 адамдан тои-тоиқа болініп, жаужұмырды қазын алып, жеп өлмесстік күнін көрін жатады. Өздерімен бірге ала келген жас балалар, денсаулығы нашиар әйелдер де жеткілікті нәртатиғандықтан аштықтан, аурудан қайтыс бола берінгі.

Көп ұзамай құмға келе салысымен Қантайдың енесі жаужұмыр жегенин кейін ісініп кетіп, қайтыс болады. Сол кезде Қантай 16 жаста екен. Енесінің олін қалғанын білемей, аштықтан әлсірең үйінде жатқан шыгар деп ойланып, қайын сілпісі екеуі енесінің жанында үш күн, оның шашанының етегін жамылыш жатынты...

Өліп қалған енесін қалай көмерін білемей, жылан-еңіреп жүргенде сол құмды аймақта қоян аулаң жүрген бір шаал Қантайдың енесін жерлеуге көмектеседі.

Жаужұмыр қазын, күнін корін жүрген әйелдер әлгі шаалдың аулаған қояндары бар екенин біліп, Қантайга білдірмей оның 9 жастагы қайын сілпісін ұрлыққа жұмсайды. Содан шаал өзінің қояндарын біртіндең ұрлаң жүрген адамның ізіне түседі. Бір күні қояндарды ұрлауга келген жас қызды шаал ұстап алып, дедектегін әйелдерге алып келеді де:

- Мына бала кімнің қызы? – деп сұрайды. Сонда Қантай шыр етіп:

- Бұл менің қызыым – деп аранша түседі.
- Сен өзің әлі баласың, бұл есепің қызың емес. Қызды ұрлыққа жіберген кім, шындықты айттыңдар! – деп шаал қасарын тұрын алады.

Ешкім үи қатиған соң қызды шеген құдыққа салып әбден сабайды. Денесіне таяқ отіп әлсірекен қыз «канав ана» деп толықша келген әйслі көрсетеді...

Кейін Қантай мей қоян ұрлаган қайын сілпісіне шаалдың мейірімі түсіп, озімен бірге ауылнина алып кетеді. Сол шаалдың жұмысының істен, қалған-құтқан тамақтарын жеп, екеуі ашарнылықтан аман-есен

қалынты. Ал жан сақтау үшін жаужұмыр қазып жеуге құмды ауылға барған әйелдердің көбі ісініп-кеуін, жантәсілім еткен екен. Бір ауылдан барған көп әйелдердің інінен бес-аялауы тана «шықпа жаным, пықпа» деген өлемей қалған.

Елдің басына тонген алапат аштық адамдарға не істетиеді?

Откен ғасырдың 30-жылдарындағы қолдан жасалған ашаршылық туралы анамның айтқан әңгімелерін әлі ұмытқан жоқынын дег, Тілеулеес ана шешесі Қантайдан естіген әңгімесін одан әрі жалғастырды.

- Сол жылдары ауылдарда аштыққа ұшыраң жатқан енге жаны анымай, Кеңес өкіметінің колишқары болған адамдарды халық «Шолак немесе жалған белсенділер» деген атап кеткен. Шолак белсенділер елдің қолындағы малын бірін калдырмай зорлықпен тартып алғын, бір ортага жинаған. Біздің ауылдың малдарын да алдарына салып айдан әкегіні. Кеңес билігінің өкілдері жинаған малды болек бақтырып, қатаң күзет қойған. Одан да сорақсызы, халықтың құнделікті тамақ етін отырған аз тана бидай, тарысын да тартып алады екен. Ежелден ынтымагы жарасын өмір сүріп жатқан ағайын-туистардың берекесі каша бастайды. Жаңа өкімет құтүркі саясат қолданып бір ауылдагы ағайындарды бір-біріне айдан салып, олар бірін-бірі көрестін, кейбір адамдар азық-түлікті жасырын қалған оз туистарының тықкан жерлерін айттып беретін болған.

Елдең жинаған малды шолақ белсенділер құндыз далага жайын, түнде кораға қаман, қолында каруы бар күзетшілерді күзетуге қояды. Әбден қаны қарайып айттан олуғе айнаған жүргі күзетшілерді байлан тастаған, корадағы малды алғын, сойған малдың етін өзара болісін, аз уақыт болса да бала-шагаларын асырап жан сақтаған. Бірақ бұл да үзакқа барманты.

Сол бір нәубет жылдары болған мына бір оқиғаны шешем айтты беріп еді. Қолындағы бар малынаш, талғажау етіп отырған аз тана бидай, тарысынаи айырынған ел бәрібір бір өлім дег, оқтаң да, өкіметтен де қорықнаган. Бір күні түнде әкемнің жақын туысы жанына үш-торт жігітті ергіп алғын, корада мал күзетіп отырған күзетшілерді байлан тастайды да, бір малды ауылдың шетіне анарып сойын, етін бәрі бірдей болісіп алады. Үй-ішімен түгел қашан етті

алып келгеше үйнегамай күтіп отырады екен. Ани адамның үйкесі осындайда келе ме? Сонымен түн оргасы ауа ет салған қабын арқалап аласы да келеді. Келген бетте Қантай ашамның иешесі етті асын, екі-үш сағат өткенде буы бұрқырап ас та дайын болады. Ашының отырған олар етті ән-сәтте жен бітіреді де, сүйектерін ботен адам көрмейтін жерге көміп тастайды.

Таңертек тұрар-тұрмастан ауылдағы Кеңес өкіметінің өкілдері әр үйді тіптіп, түндегі ұрланған майды іздейді. Оларға не істеймін десе де толық құқық берілген, өздері сот, өздері милиция. Егер олар кешегі ұрланған майды тауын алса, ұрланған адамдарды алдарына салып жаяу айдан, аудан орталығына апарын қамап тастайтын болған. Аштықтан әнсірен жүрген адамдардан «Ұрлығыңды мойында!» - деп қинап, жауап алады. Екі-үш күн қамап, ұрлығын мойындаамаган соң нақты дәлел болмагандыктан босатын жібереді. Аштық адамға не істептейді? Қамаудан қайтын келгениен кейін караңған қараң тұрын өлін қалмас үшін бұрынғы көсібін қайта бастанады. Елдің көретін ауыр қүндері ән аяда екен. Қоқтем шыға ағайын-туыстардың, ауылдастардың азық-түлігі таусылып, не істерін білмей босын кетті. Халықтың көбі озен жағалап балық аулауга, біразы қырдан аң-күс, сарынұнақ тынкандарды аулаң кеткен. Қырсық қылғаңдай, қармаққа балық та түсідейді, сондай-ак тау қыраттарындағы аңдар мен сарынұнақтарды да аулау оңай емес. Ел тегіс қырылуға айналды, әсіресе балалар аштыққа ныдай алмайған.

Әкемнің ілесінің әйелі аштықтан қайтыс болып, артында екі жасар ұлы мен бір жастагы қызы қалады. Арада екі күн откенде әрі аш, әрі анасының ыеттық құншатына зар болып, бір күнде коздері жаутенден, таң ата бұл дүниеден өзады. Екі жасар баланың «Ана» дег жылаған жан даусы, балалардың олерінің алдында анасын ізден, жан-жагына қарағанын коріп, менің әке-илемем әйелдерине дауыстап зар енірең жыланты.

1932 жылдың алғаштап аштығы біздің әулетке де қатты тийті. Қөптеген ағайын-туыстар 1931-1932 жылдары бір үзім наң, бір үзім талқан таба алмай аштықтан қынадай қырылған. Мындағы айдаған байлардың алтыны мен күмісін, қалы кілемін де, ак боз үйін де, олардың қарамагында еніқандай аштыққа ұрынбай, таманы ток болып күнін көріп жүрген кедейлердің де бірн-жарым малын Кеңес өкіметінің шолақ белсенділірі бірін де қашырмай зорлығын тартып

алған. Қазақтардың сол кездегі негізгі құнқорісі мал болғандықтан ашаршылық қауіп бір ғана ауылға емес, бүкіл елге тарады.

Тілеулес ана сонау зобалаң жылдардағы апасынан естіген тагы бірнеше аянынты, және түршігерлік сұмдық оқигаларды айттын берді.

Жарты пүт тары үшін өлтірмек болды

- 1932 жылдың күз айы. Алыстағы бір ағайыннан Орынбай деген кісі жарты шүттай (сегіз келі) тары алыш келе жатады. Ауыльша жақындағанда алдынан жаяу үшін кісі кездесін қалады да, оның қабындағы тарысын тартып алыш, өзін өлтірмекші болады. Енді Орынбай олерін анық білгенмен кейін әлгілерге жалынын: «Тарыны ала беріңдер, бірақ мені тірі қалдырыңдар!» - деген жылайды. Сонда үшеуінің біреуі: «Бұл айттың қойын, бәрімізді сотқа береді», - деген Орынбайдың кеңірдегін ишашын тамақтаған орын жібереді. Дәл сол сәтте тогай арасынан оның екі туысы шыға келеді де, жаңағылар кеңірдекті еркін бауыздауга үлгере алмай, тұра қашады. Қантагы тарыны оздерімен бірге ала кетеді. Туыстары жетін келесе Орынбайдың аяқ-қолы байлаулы, тамақтынан қан ағын өлгелі жатыр екен. Олар Орынбайды ауылға алыш келіп, кеңірдегіне күйдіріп киіз басын, қанын өзөр дегендеге тоқтатады. Кеңірдек тұбіне дейін тольық кесілмегендіктен, Орынбай біраз уақыттан кейін жазылып, тірі қалынты.

Туган баласын олімге қиган әке туралы

Бір карт кісінің әйелі, балалары аштықтан қырыяны, тек бір жас үлімен екесін ғана тірі қалынты. Шал күн сайын қақпаң құрын, сарышұнақ тынқандарды аулаң күнелгеді. Жеті-сегіз күндей қақианына ештеңе түснеді. Әкелі-балалы екесін де әбден ашыгады. Әсіресе, баланың жағдайы қыныдан, күннен күнгө әлсірсей береді. Әке құдайға мінәжат етіп, өзіне-озі шарт қояды:

«Тары да үш күн күтейін. Егер осы үш күн ішінде қақианға ешиәрсеп түснессе, баламың өзін сойын жейін. Мен өліп қалсам балага енікім қарамай, бәрібір аштап өледі. Ал мен тірі қалсам, заман түзелін, кейіннен балалы болармын» - деген ойға бескінеді. Сонымен үшінші күн дегендеге шалдың қақпаңына екі сарышұнақ түсіп

калынты. Енді бұдан кейін күн сайын қақшан құр болмайды. Сойтін, бала осылай өлімпен аман қалған екен...

1931-1933 жылдардың аштында елдің көрмеген қорлығы, тартиған азабы қалмады. Арам ба, адай ма оған қараш жатпай, тамақтан өткен құрт-құмырека, бақа-шаян, сарынұнақ дегенинің бәрін жеген.

Бір таба наиниң құдіреті

1932 жылдың жазында тағы бір сүмдик оқига болынты. Елубай деген кісі 1930 жылы ата-бабаларының ежелгі қонысы Талаас өңіріне Өулие-атадан көшіп кетеді. Оның туган інісі отбасымен қашшама ашаршылықтың азабын тартса да киелі Өулие-Ата жерінен бір кадам да жылжыманты. Елдің қолындағы бар малини Кеңес билігінің өкілдері тәркілен алғаннан кейін Өулие-Ата аймагы да адам айтқысыз аштыққа үрынған. 1932 жылдың жазында Елубайдың інісі (аты-жонін есіне түсіре алмады) «цинга» деген аурумен ауырып жатын қалғады. Туган бауырының ауырып жатқанын естін, Елубай 1932 жылдың кыркүйегінде інісін бір корін қалмақ болып, жаяу-жалинылан жолға шыгады. Шыққан жерінен Өулие-Атага деінін 45-50 шақырымдай жер. Арқасына таңын алған қашшыныңда інісіне алғын келе жатқан азғана талқан және бір таба наи болынты. Озі ани адам абден шаршайды, жол-жөнекей ішетін су да табылмайды. Бар күнін жинап алғын ел қарасы көрінстін жерге жету үшін ішері жылжы береді. Өрөц дегендеге ағып жатқан бір бұлактың басына жетеді де, аздан дем алғын, судан ішін шолін қашырады. Енді жүре бергенде сол маңайда қашшан құрып, тышқан аулаң жүргіген үшін адам Елубайды корін қалып, согаш қарай жүтіреді. Тұстери сұық, сақал-шаштары осін кеткен, бәрі бұрыншан Елубайнан таңыс адамдар екен. Олардың қолына түссе, тірі калдымайтыны анық. Аниадайдан айқайлан, не тамаңың бар дең жүгіріп келеді. Үшеудің ересектеу, деңелі біреуі келе сала Елубайдың жағасына жармасады. Оның қолында жалғыз қаруы қатқан қара сойылығана бар. Ал әлгілердің қояндарында жаландыған пышақ. Шешемнің айтуынша, Елубай жас кезінде зор деңелі, батыр тұнғалы адам болған. Қарантан қараш тұрын олғеппен айқасын өлейін дең, алқымына жармасқан адамды сойылмен тобықтан бар күнімен үрші жібереді. Ол құлаган кездे Елубай тез кимылдан катар келген екеуін

де сол адісмен сирақтан үрш жығады. Қарақышылар ойбайлан жерден тұра алмай жатқан кездे Елубай алды-артына қарамай қана жөнеледі. Бір қырдан асын барын артына қараса, ешкім корінбейді. Уф дең, демін алыш, әрі қарай жүрін отырып, күн үясына бата Өзүн-Атадагы інісінің үйіне жетеді. Келген бетте ауырып жатқан інісімен жылан коріседі. Тонаудан аман қалған қапшыныңдағы бір таба наңды дастарқанға қояды. Ал бір уыс талқанды әлгі адамдар алыш үлгеріпті.

Сойтін, бұқіл ел аштыққа үшіншін жатқан кезде, өзі де аш, бала-шагасының аузынан жырып, жолда өміріне қауіп төнетінін алдын-ала бінес де, інісін көзінің тірісіндегі көріп қалу үшін ешиәрседен қаймықтай келін жетеді. Не деген туыстық, не деген биік адамгершілік касиет десеңін!

Арада кон жылдар откенде сол баяғы бұлактың басында кездескен үшін қарақышының бірі, согыс жылдары болса керек, Елубаймен кездеседі ғой. Жолда оны өлтірмек болған үшеудің екеуі аштық жылдары қайтыс болынты. Ал аман қалған үшіншісі Елубайға быттай дегіті:

- Әй, Елубай, сенің ажалың жок екен. Үш адамиан қалай құтылып кеттің?

- Мені ажалдан құдай сақтады ғой, сендер менің тамағымды тартып алған олтірмекші болдыңдар. Ал сендердің өмірлеріндегі мен сақтадым. Сол жерде сендерді тобықтаған емес, бастау үрсам, өлеңшіңдер. Мен қандарының жүктемейін дедім, сойтін сендер аман қалдыңдар.

Сонда әлгі тірі қалған адам Елубайдың қолын алыш:

- Рас, Елубай, рас! дең, одан кепірім сұранты.

Нәубет жылдардағы елді жайлалған аштық адамдарға не істетиеді? Солай болса да толғауы тоқсан тіршіліктеге, киын-қыстау кезенде кепіріниаз болғанға не жетсін, шіркін!

Сойтін, Елубай өмірдің бейнетін де, зейнетін де басынан өткерін, бала-шагасының қызығын көріп, жасы келген шағында бұл дүниеден озған екен. Ал Елубайдың інісі, тағдырдың жазғаны шығар, 1931-1932 жылдардағы алапат аштықтан аман қалып, 1933 жылы көктемде сол «цинга» аурушынан қайтыс болынты.

Толыбай Пазылбекұлы кім болған?

Толыбай Пазылбекұлы зейнетке Талас ауданынан шықты. Ол кісінің есімі Талас, Шу, Жамбыл, Т.Рысқұлов аудандары мен Қаратая өнірлерінде аса іштираттан агалады. Ол туралы көпті көрген, көкірет ашық қариялар осы уақытқа дейін еліне сіңірген еңбектерін ауыздарынан тастамай айтты отырады.

Толыбай қария 1918 жылы Әулие-Атадағы Аса интернатына оқуға түсіп, екі жыл оқығанин кейін Кеңес өкіметін нығайту ісіне белсene араласады. Уездік Кеңес атқару комитетінің сол кездегі төрағасы халық қамын ойлаған революционер Қарымбай Қошманбетовтың сепімді шәкірті болды. Большиевиктермен тұс қашып, тұн қатқан күндерді бастап кенирін, елді кеңестендіру жолындағы жұмыстарға белсene қатысады. 1925 жылы Ошақты болыстық Кеңесінің мүшесі, 1928 жылы Талас аудандық тұтынушылар одагының төрағасы қызметін атқарып, Талас бойындағы Кеңестік сауда жүйесін құруға ат салысады. Содан кейін Луговой (қазір Т.Рысқұлов) ауданындағы «Октябрь шаруа» колхозын ұйымдастыруға қатысын, оның алғанықи төрағасы болды. Біраз уақыт өткеннен соң Алматы облысындағы Ақсу МТС директоры қызметіне ауысады. Одан кейін Шу аудандық атқару комитетінің төрағасы қызметін атқара жүріп, бұрынғы Қоктерек қазіргі Мойынқұм ауданында «Әйтімбетов Бердібай» атындағы колхозды ұйымдастырады. Ең соңында Талас аудандық тұтынушылар одагының төрағасы қызметін атқарып зейнетке шықты.

Жамбыл облысындағы көпекоз қариялардың айтуышына, кай ауданда қызмет етісін Толыбай Назылбекұлы Кеңес өкіметін құруға белсene қатыса отырып, жазықсыз жаңдарды қорғау қалуға бар күшін салынты. Колхоздың бастығы болып жүрген кезінде ашыққан колхозшыларға сүтін сауын інуге бір-бірден енікі беріп жәрдемдескен екен. Сол үшін де аудандық партия комитеті оны малды жөнсіз үлестіріп, мемлекеттеге зиян келтірді деп те, әбігерге салынты. Толыбай қария да інзібет жылдары ел басына қауіп тоғғен кездे мемлекеттік қызметте жүрген Тұрар Рысқұлов, Сәкен Сейфуллин және т.б. сияқты аштыққа ұшыраган қазақтарға көмектесуден қорықнаган той.

Отызының жылдардағы газет беттерінде елдегі ашаршылықты жасырын: «Бізде енді жүздеген мың және милиондаган шаруашардың қайырының күйге түсіп, фабрикалар мен заводтардың табандырының тоздыру оқиғалары жоқ. Мұндай іс болған, бірақ ол көмекке кетті» - деги жазылыш жүрді. Ашаршылық кезінде катты күйзелік үшінраи, қынадай қырылған қазактарды көрген қазіргі 90-та көлгөн қартағар мұның бәрін жоққа шығарады.

Жасы жетін, құрметті демалысқа шыққаннан кейін де Толыбай Назылбекұлы қол кусырын қараша отырмайды. Қазанның отты жылдарында жаңа омір үшін құрессен, Кеңес өкіметінің белсенді революционерлері Жүсінбек Дүрімбетов, Жолдасбек Ақботаев, Жылқелді Элімбетов және басқа ардагер азаматтар туралы естеліктер жазын, еңбектерін жас үриаққа наш ете және қазақ халқының шекірессін жинақтан, Қазақ ССР Ғылым Академиясына табыс етеді. «Бізге келіп түскен шекірелердің мазмұны әралуан, - деги жазды 1974 жыны 26 шілдеде «Қазақ әдебиеті» газетінде Қазақ ССР Ғылым Академиясының корросиент мүшесі, профессор Бек Сүлейменов пен Қазақ ССР Ғылым Академиясы тарих институтының ғылыми қызметкері, шығыстанушы Нұралы Өсеров – осындаш шекірелердің елеулілери қатарына Пазылбеков Толыбайдың (1898-1972 жж.) шекірессін жатқызуға болады».

Автор бұл еңбегін жазу үстінде әр рудың белгілі шекіре-тарихи деректерін, мерзімді баснасөзде басылған тарих оқиғаларды пайдалана отырып, жинақтаған.

Жеке мұрагатын ақсара отырын, Кеңес өкіметін орнатуға белсене аранасын, шығайын, коркеюіне елеулі үлес қосқан және қарамағындағы елді аштықтан, құтын-сүргінен аман алғын қалудың артүрлі айла-амалдарын ойластырған жаңының құнделікті өмірді бос откізбей, кейінгі үриаққа мол мұра, асыл қазына қалдырыған төкпелі ақын, нарасатты жырыны болғанын билдік. Байзак ауданында тұратын баласы Пазылбеков Садырдың қолындағы экесінің жыр даңгері 108 беттен тұрады. Бұл олециң бір көшірмесі Қазақ ССР Ғылым Академиясында сактаулы көрінеді. Онда өмірдің аңы-тұщысы, қызығы мен қының, құнделікті тіршілік тынысы сөз болады. Толыбай кейбір олецилерінде қоziлға жайлады жайларды толғаганынан, оның жыр даңгерінен олец жазуды ерте бастағаны корінін түр.

Бірақ бірде-бір өлеңі баснасөз бетін көрмеген Төксенің өз өлеңдеріне ерекше талғампаздықиң қараганын аңғару күшін емес. Дәнгерде «Ғашықтардың хикаясы» атты ұзақ дастан, толғаулар мен арнау өлеңдер мол.

Толыбай Пазылбекұлының дәнгерінен алынған бір өлеңін назарларыңызға ұсынамыз:

Біреудің бей-берекет жатагындей,
Қоймайды жаман адам қана қылмай,
Досын жатқа санайды, ерін даттан,
Ойынан арамдықты таса қылмай.
Күндіз-түн аңдығаны жамаңышылтық,
Айтқаны өсек-өтірік басы ауырмай.
Бірді-бірге айдан сап, шағыстырыар,
Тұлатын тоқтау бермес асауындай.
Азғырар, арандатар, жала жабар,
Еріксіз қашықтатын жақынынан.
Жақсылыққа жоламас күжірейін,
Бұралқы иттей үркектеп ақылынан.
Пысықтықты жақтайды жандай тауын,
Алшақ қашып досынан, туысынан.
Мың актарып, жүз қараң таба алмайсын,
Жақсылықты көкірек қуысынан.
Күні түссе, көлеңкең көлдененеңдең,
Басын шүлгүн, шықтайтынды уысынан.
Табан тайса, таңымай шыға келер
Құр қалардай атқарған жұмысынан.
Ондайда осқырынар, ойқастаңып,
Пыскырып асау жылқы шадырындей.
Түйеден түскендей-ақ оғаш сойлер,
Таулардың айқыш-ұйқыш адырындей,
Ондай жанинан жарқынның аулақ жүргін,
Кетірер ақыр бір күн қадірінді-ай!

Сонымен, Толыбай Пазылбекұлы өз дәүірінің есімі елге елеулі тұлға болғанын ұмытуға болмас.

Сәулембай Әбсадықұлы, Жамбыл облыстық «Ақ жол» газетінің тілшісі.

Дерек көздері:

Жамбыл облыстық мұрагатынан алынған: «**Талас аудандық салық комитетінің 1930-1933 жылдардағы мал және шаруашылық пен тұрғындар саны жөніндегі облыс орталығына 1933 жылды берген мәліметі» бойынша зерттеу жүргізген мұрагатты Еділ Әлиев сол жылдардағы Талас ауданындағы ашарашылықтың салдарынан мал, шаруашылық және адам санының азайын кеткені туралы көнтеген маңызды цифриарды көлтіреді:**

«1930-1933 жылдардағы жергілікті жерлердегі мал, шаруа қожалықтары мен адам санын алу жөніндегі салық үйымдарының кестесі Талас ауданы бойынша да жасалған. Мұнда 1930 жылды 22 мың 844 жылқы тіркелсе, 1933 жылды оның 1211-і қалған. Ал мініс аттарының саны тиісінше 14248-ден 608-ге төмендерген. 1930 жылды 18961 түйе болса, 1933 жылды оның 275-сі ғана қалған. Жұмысшы түйенің де үлес салмагы 0,2 найызды ғана құраган. 1930 жылды 17853 ірі қара болса, 1933 жылды оның 418-і ғана қалған. Оның ішінде 6095 сиырдың 1933 жынысы 70-і ғана қалады. 1930 жынысы 633323 қой-шілкі тіркелсе, 1933 жынысы оның 95158-і ғана қалған. Меншік түрінен қарамастаған барлық шаруа қожалықтарында 1930 жылды 18961 түйе тіркеլген екен. Ал 1933 жылды оның 275-і ғана аман қалған. 1930 жылды Талас ауданы бойынша барлығы 694107 бас төрт түлік мал түрлері тіркелсе, 1933 жылды санақ бойынша бұл корсеткіш 97296 бас ғана болған. Сонда жұт жылдарды Талас ауданында 596811 бас мал өлім-жітімге ұшыраған. Тиісті жылдармен салыстырылғанда 8758 шаруашылықтан қалғаны – 3340. Мұнда ұжымдарданы мал шығыны жеңе шаруашылықтармен салыстырылғанда кемірек. Ауданда облыстың өзге аймақтарындағы тұрғындар саны да көп қыскарған. 1930 жылды аудан бойынша 48473 адам тіркелсе, 1933 жылды оның саны 12638 болды. Яғни, 35835 тұрғын аштап өліп, моласыз қалған немесе кейбірі отбасымен болмаса жеңе жарым өзге аймақтарға қоныс аударып кеткен». (*Еділ Әлиев. Жап қайғы, Тараз, 2012, 64-65 беттер*)

1930 жылғы тәркілеу кезеңі

Шымкент облыстық мемлекеттік мұрагатында тарихи құжат бар. Ол Талас аудандық конфискация комиссиясының мүшесі, аудандық атқару комитетінің төрагасы Палмановтың Сырдария Округтік Конфискация Комиссиясына орыс тілінде жазған хаты. Оқушы дәпперінің төрт бетіне орыс тілінде оте сауатты жазылған өзінің хатында Палманов бірнеше сұраққа жауап беруді талап етеді.

Бірінші сұрағы: ауданда бір гана Жарас Отегулиевтің тәркіленгенін айта келін, оның үш баласы бар еді: үлкен балалары көп жылдан бері әкесімен бөлекше өз беттінен қожалық құрып жатқаны туралы арзы айтты. Ауылдық Советте жеке есепте тұрады. Қолында ауыр алым-салықтар төлегені туралы накладные листы бар. Қоңтеген кедей-батрактар оны растайды дең корсетеді Палманов. Қазактарда ондай салт бар, бірақ әкесі баласына енні бергенде кішігірім той жасайды. Ондай оқига болмagan екен, сонымен потариустан алған анықтамасы жок дең жалтарын кетеді. Сол шаала сауатты аласаныраң 20-жылдарда кошегі Талас ауданында не қылған потариус, қорыққанға қос көрінедінің кері той. Сондықтан Палманов: «Өтеулиев Жарастың үш баласын да кәнискеleп, олардың бәрін де әкесімен бірге жер аударуга үйгардық. Осы дүрьең па? Соган жауап берулеріңді сұраймын,» - дегі.

Осы тарихи хат өз заманын тамаша еннегін тұр. Талас аудандық партия комитетінің бірінін хатиысы Тәжібайұлы социалистық қырық құндық айқай-сұрециде ен жерде бой корсетпейді. Ол кісінің қандай позиция ұстаганы белгісіз, шамасы, өздерің біліндер дең, жүргіқа жаманатты көрінбейін дең отыра берген болу керек. Конфискацияга Палмановтың сенімсіздікінен қараганын оның өзінің хаты корсетіш тұр. Талас аудандық Қосшы Одагының төрагасы Қарынтайұлы кедей-батырақтарды жиналысқа қайта-қайта шақырып, алақис болғанға үқсайды. Архив құжаттары аудандық прокурор, сот, милиция туралы 1928 жылдың жұмыған аузын ашиайды, олардың қызметі 1929-1932 жылдары өршіген сыйдайлы.

Палмановтың екінші сұрағы: колхоз үйымдастыруға Талас ауданы тіптен дайын емес екен. Ол кісі жазынты: біздің ауданда бір де бір колхоз-совхоз жок. Колхоз үйымдастыруға қазір еннекандай мүмкіндік болмай тұр. Өйткені ауылшаруанылығы ондірісіне қажетті

жер бүгін регионда болған емес. Кедейлер оте быттыраңы, бір-бірімен оте азыс тұрады және олардың колективтік ондіріске ықыласы жок, олардың арасында үтіг-насаихат оте нашар, саяси үтіг жүргізетін сауатты қызметкер де жок. Сондыктан аудандық конфискациясы қазіргі кезеңде колхоз үйымдастыру қажет деген есептейді және байдан алған 30-40 проценттін колхозға беруге болмайды. Осы жағдайды ескерін, біз колхоз үйымдастырудан әзірле қалыс қала тұрсақ қайтеді? Төркіленген бай малын кедейлерге жүз процент болған беруге бола ма? Сорап жауап берулерізді сұраймын деген жазады Палманов.

Жергілікті Советтердің ага вожатыйы ағынан жарылады. Қоңлі кіришкесіз. Жогарғы өкіметтегі аудан өмірімен санаасын, дұрыс шешім қабылданасын деген шынымен тілейді. Қандай да болмасын Палманов – ел бақарған ерлердің бірі. Озі жазған хат арқылы озінің жолы болмайтынын біле тұрса да, қалып жауга кайқайып жалғыз шашқан ата-бабалары сияқты шыныдықты айттын олейін деді. Бұл ол кездे сирек кездесетін оқиға. Ойтке де архив құжаттары біздің тұжырымымызды растайды.

Палманов аудан экономикасына және мемлекеттің аудандық қоятын таланттарына бірден бір жауап беретін басиши қызметкер болғандығына жогары өкімет алдындағы жауапкершілігінен туындастырып үшінші ेұрақ қояды. Бұрын байлар және олардың балалары жеке қожалық ретінде ауыл шаруашылық салығын төлең келді, енді елден салықты қалай алу керек? Өйткені ауыл шаруашылық салығын кедей-батырақтар емес, байлар мен ауқатты шаруашар төлең келген. Палманов ауданның салық жөніндегі жалпы жылдық жоспары конфискацияға байланысты кемітілмегендін ескерітеді. Байдың малы кедей-батырақтарға бөліп берілді, ал олар салық төлеуден босатынған. Бұл ретте өзінен-өзі әлсүметтік қайнишылық туындаған. Палманов салыққа жауап беретін аудан басиши. Енді не істеу керек?-деген заңды ेұрақ оны жегі құрттай жеп отыр. Ол жауапкершіліктен қашып тұрған жоқ, қайта озінің мемлекет алдындағы азаматтық борышын терең сезінеді. Сол себепті ірі байлар мен жартылай феодалдардың мал-мұлкін тәркілеу Совет мемлекеттің экономикалық саясатына қайшы келіп тұрғанына жаңы анииды. Берілген тансырманы орындаімын, орындан отырмын дейді ол. Қаша қисынсыз болса да, Жарас Өтсөліұлының үш баласымен қоса мал-мұлкін тартын алып, өздерін жер аудардық

зор. Байларды датқа әүлөтінен атқа мінерлер бағтаиды. Сондыктан байлардың малы көрсегін мөлинерге жетиесе де, малы аянының, жер аударылсын, олармен бірге датқалар мен атқа мінерлер коса аударылсын деп, аз аудандығы жиыныста зиянды кісілердің атын атап-атап сөйлегендер болды. Кей ауылдарда жиналыстарда бірліжарым зиянды делінген кісілерді емес, ол калесин, жер аударылмасын деп сөйлегендер де болды. Бірақ оның саны аз. Сөйлеушілердің кім екенін тексеріп қараганда, зиянды атаптандардан болып шыгады. Жиылышқа оргашалар аздан қатысты. Олар козға корінерлік сөз сөйлең, бет ашқан жок.

Бірақ та кедей-жарлылардың ынтымагынан ажырамайтынын білдірді. Жиылышқа аздан әйелдер қатынасты деп жоғарыда айттылған еді. Бірақ та олардың сөйлегені кем болды, жалғыз-ақ бір әйел өз мұндарын айтты.

Жиылышқа байлар қатысын, жиылышта қарсылық білдіріп, я жақтаған сөйлегені болған жок. Бірақ жиылыштан кейін кедейлерге жалтақтап, жолынғыш, бізді жамандай көрмендер деп жалынған байлар, атқамінер, датқа әүлөттері болған.

3-тарау. Тәркілеу жұмысына жай үйым мен партия үйымдарының қатысуы

Талас ауданында көсіншілер үйымы жок, жастар үйымы да әлі күрылған жок екен. Партия үйымы мен көсінүү үйымдары бар. Партия мүшелері 42 , әр ауылда ауылдық көсінүү, олардың мүшелері бар.

Партия мүшелері аудандық партия тобы жасағында, бәрі тегіс келіп, жиналыста елдең зиянды кісілерді атын атап көрсетті, солар құрысын деген ұсыныстары болды. Әм қарады жап-тәнімен орыннатуга ықыласын көрсетті. Мұндай қаардың ертерек шыгыу керек еді. Қоңтеп күткен жұмыс осы еді, жаңа жеттік деп қарсы алды. Ауылга жіберілген уәкілдер мен комиссиялар... партия мүшелерінен дайындалған еді. Партиялық міндеттін атқарды. Партия мүшесі болсын, көсінүү мүшесі болсын, байларды қорған жұмыс істегені, сөйлегені білінген жок. Көсінүү мүшелері, ауылдық көсінүү ағалары жұмысқа белсенін кірісті. Бұл көсінүүлар міндеттін атқарды.

4-тaraу. Ауылдық жерде комиссияның жұмысы құрылды

Таласта бір-ақ 23-ауылда жалғыз бай тәркіленген. Соңдықтан сол ауылда-ак жедел комиссия томендердің көдейлерден құрылды: 1.Қырымбай Қасымбайұлы, 2.Андағұлы, 3.Кейікұлы, 4.Әлебайданұлы, 5.Салқыбайұлы, 6.Толеібергенұлы, 7.Қошықұлы, 8.Қылышбайұлы, 9.Қонақбайұлы, 10.Бейісбайұлы, 11.Ибетұлы, 12.Кенеұлы, 13.Бексейітұлдары.

Бұл корсетілген комиссиялар бәрі де тәркіленген майдарды құзетуге жалқаулық еткен жок. Қолына таңсырылған майдарды жақсылан қараң, шаруалық етті. Байдың бағуга, сауынға берген майдарын зерттең тауын, қоисеккеге қости. Мал болу уақытында да өздеріне үлестен мал тиес де ықыластын бұзған жок, өзіміз алмасақ та кедейлеріміз алды де... Мал үлесуден кейин аздан қаталар болды. Ол: кей үлесі аямаган бір қемиселер мал алуға мен себепкөр болды, маган үлестен алған мал ірісінен бересің деген сөздері болған. Бірақ ол туралы қайта түсінік жүріліп, ондайлар жойылды.

5-тaraу. Байдан қашша мал-мұлік тәркіленді

Бұдан бұрынды мақаламында бұл туралы жазын едік, ол мәліметтердің біз жинаныстың қарарынан алғанбыз. Алтынбекұлының бағындағасында көрсетілген кейбір деректердің әр түрлі болғанымен, жалпы соган сай келеді. Тек қана Алтынбекұлы қой-ешкін ірі қарата шаққанда, Жарасты 301 қарасы болды дең қоисекеледік дейді. Бұл, әрине, ақиқатқа сай келмейді. Сонымен қатар Жарасқа, оның үш бағасына және басқа семья мүшшелеріне тиесілі үлесі бар. Сөйтін, сайның келігенде, Жарас ірі байлардың қатарына жатуға тиісті емес. Алтынбекұлы округке құр қол қайта алмай, округтің жогарғы оқіметі де Талас ауданында ірі байлар жок дегенде сенбейтін болғандықтан, тек қана зорлық-зомбылық жолымен Жарастың жағасынан алған. Аудан басындары мұны біліп, Жарасқа тиесе бермеген.

6-тaraу. Байдан тәркіленген мал-мұлік қашша кедейге болінді?

Талас ауданында жалғыз-ақ байдың қоисекеленгенін жоғарыда айттық. Соңдықтан аудандық жерде кедейге үлестіруге мүмкіндігіміз

болмады. Жаңа Талас ауданында бірлестік үйім (колхоз) деген жок екен. Жаңадан басқасын реттөн іздестіруге мүмкін болмады. Солай болған кәннескеленген барлық мал бір ауылдагы (әкімнілік ауылдагы) кедейлерге тана үлестіруге тұра келді. Жоғарғы корсетілген малдарды мүшелермен сөзтегендеге 56 кедей жарлы, жалышыларға жететін болды. 301 қарадан байдың өзі 16 қара, шаруашылығы – 869 сом 3 тиын екен. Оған алты қара шығарылды. Қалған мал-мұлқін 56 кедей-жалышыларға үлестірді. Алдына 7 қарадан, артына 2 қарадан тиді.

7-тарау. Жалышылардың үлескендегендегі кедейлердің қуанышы

Кедейлер-жалышылар үтіг жүргізген уақытта – отірік не, рас на? деп жүргендей де болған. Кейбір оргапша кедейлер құдайы бермекші. Қолдан алған малдың мал болуы қын гой деп жүргендегі де сезілген. Кейбір кедейлер беретін малдарды енді бергізін, құдай-аруақпен бара сөйлесеміз деп жүрген еді. Малды үлестіру уақытында құдайды да, аруақты да, туысқандыкты да ұмытып, жақсы мал алу әрекетіне кірісті. Малы алынған байлар бакшага сүйеніп, шу болып жылап жатқанда, қойнылар-жарылар асау үстап, мәз болып, куанышта жүрді. Байдың жылауына-шулауына аянын етіп, ренжін жүрген кедей болған жок. Байдың малын құзетке алған кезде, артын алып келуге З түйе сұрап еді. Бір кедей: «О, бай-еке, жоқынылық қандай екен? Түйе біздің түйеміз. Берілмейді. Біз түйе сұрап келгендеге, не айтушы едіңіз? Енніңізде бар ма? деп сауал қойған жер де болды. Мал үлестің аяқ жаңыпда әкемізден мұндай енні алған жок едік, әкімет әкемізден артық болды. Әкімет кедейді жарылқайды, тендердің деген ұран түгелімен жаңа орындауды», - деп тарқайды.

8-тарау. Малы тәркіленген байлар қараш жатқан жок

Тәркіленген Жарас Отегулұны, көзбе коз қарсылық етсі алған жок. Жасырын құзетте інгерілең күрылған үшін күрылған бір малын да жасыра алған жок. Бірақ астыртын кедейлерді бірлі-жарымдай сөзге салып, жалынын, әрекеттер етті. Кедейлердің ішінде аздан созіп сөйлегендеге де болды. Кейін копшілікке қатысын қосылады. Кедейден

күдер үзгөн соң, ауылдық атком мен қосашыларды айналдырды. Олардан ениім болек дең... сұрады. Ала алмады. Енді қаранылық, ру ретімен ауылдағы ақсақалдар арқылы кедейлер мен ауылнайларды созғе салды. Бірақ іске асыра алмады... бай сонда гана... әбүйірінің кеткендейді, кедейлердің ынтымағын бұза алмайтынын... бірақ білді. Байдың еншілері, басқа арыздары туралы мәселе қараганда ауылдық жөрдем кәмінелерінің ішінен көрініп сөйлесгендер болды. Әсіресе, ауылдық союз-қосини ағасы белсендегін сөйлем, мәселеңі асыруға үлкен комек корсетті. Ауылдық атком мен ауылдық қызметкерлер де корнетті еңбек етті. Ауылдық қызметкерлер әм белсенді жай кісілердің мынау корсеткен белсенділігін қорыта келгенде, келешекте ауылда қандай жұмыс болса, іске асыруға күмән жок дегені анықталды. Аздан кемініліктер туылыш, босқа тер жок емес, бірақ еңбекшілерінің көп жыл еңбегінің ынтымағы, түсінігі, ауызбірлігі оя кемініліктердің аз күнде жоя алды дең айтта аламыз.

Округ атком уәкілі Алтынбекұлы араб жазуымен қол қойған.

Шымкент облыстық мемлекеттік мұрагаты: қор №74, тіркеу №1, іс № 236, бұма № 24.

Түсініктеме:

Жалпы Алтынбекұлы жасаган архив күжаттары слу беттен тұрады. Біз корсеттің отырган есепті баяндама 46-50 беттерде. Араб жазуымен жазылған бүл күжат автордың сауаты шамалы екенін корсеттеді. Қателерін былай қойғанда, жазу стилінде тұрақтылық жок. Сойлемдері үйлеснейді. Тіл маманы болғандықтан, шамамыздың келгенинне жатық етін беруге тырыстық. Десек те, барлық пікірін өз стилімізбен беруге болмады әрі автордың окушы қауымға таныстыруды қажет дең таңтық.

Есепті баяндаманың идеялық мазмұнына көлесек, таң тартысының сасық иеі жәлдей есін түр. Кедей-кешіктің арам пигылыш автор мақтайды, оны олардың ынтымағы дең түсіндіреді. Округ атком уәкілі ертеңгі күні өскесен ұриақ оның ой-пікірін талдаң, кім екенін түсінітін болады дең есептемейді. Жұгенеіз зорлық айынтауды демейді, оның карау ісі Алтынбекұлының қарабет екеніне айрақ болады-ау деген ойында жок. Орыста мақал бар: «пиниенш нером, не рубинъ тоюром». Оз қолымен жазған есепті баяндама қанша

тариҳты бастаң көшірсе де, біздің заманға жетін отыр және сол кездің өзінде үәкілінің жетіскеңін көрестің тұрган жоқ кой, керісінше, оның қаракышылық ісін дәлелдей түсін тұрса да, егер қазір Алтынбекұлы тірі болғаниң өзінде, оның қандай амалмен өзін ақтай алатын қасиеті болар ма еді? Әлбетте, болмас еді. Осыдан 74 жыл бұрын өз колымен бұл құжат оны бұлтартпай үстән берер еді.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Ориныбеков Һідырыс және Жамбыл облыстық «Ақ жол» газетінің тілшісі Сәулембай Эбсадықұлы. Талас ауданы Қаратай қаласы.

АШЫҚҚАН ХАЛЫҚҚА ҚАМҚОР БОЛЫП, ӘДІЛЕТСІЗДІККЕ ҚАРСЫ ШЫҚҚАН ПАЛМАНОВ КІМ ЕДІ?

Оңтүстік Қазақстан облыстық мұрагатынан Талас аудаткомының тұңғыш төрағасы Икрам Палмановтың жеке іс кагазын тауын алдық.

- Халық жаулары атапын, атылын кеткендердің құжаттары облыстық ұлттық қауіпсіздік комитетінде. Әлі де құния сактайтын құжаттар санатында сактаулы, - деген еді мұрагат қызметкерлері. Сол зұлмат заманың откенине сексен жылдан аса уақыт отсек де қауіпсіздік қызметкерлері – сауықсанан еак. Әлемді қана бектіргендердің құниясы жаң-жақты анының жаңса да «халық жауларына» келгендегі тісті бақадай жақ ашинайды-ау. «Ол құжаттарды жарияласақ, тірі жүргендер мен күолердің аттары атапын, үятка қалады» екенбіз. Біздіңде, әлі елу-алиңыс жыл күтүге тұра келер. Әрине, актапын құжаттары қолға беріліп жатқандары да барының.

Білетініміз Икрам Палманов 1900 жылы Оңтүстік Қазақстан облысына қарасты Жаңақорған ауылында дүниеге келген. Бұрын атын жөнине қарал өзбек нығар деуіні едім. Қазақ екен. Қазақша, озбекше, тәжікше, қыргызша, орысша таза сойлен жазатындыны тағы бар.

Кеңес өкіметі орнаганша шаруашылықпен айналысан. Содан 1924-1927 жылдары Мәскеудегі Қызыл профессура институтының Артем атындағы жұмысшылар факультетінде оқыган. Оны бітіріп келген соң Ташкенттегі халық агарту комиссариатында өлкелік агарту басқармасында практикан-хатыны, 1927 жылдан 1928 жылға дейін Түркістан қаласында оку болімінің мемлекеттік, 1928 жылы Талас ауданы ұйымдастырылғанда оузіл атқару комитетінің төрағасы, бір жылға жақын уақыт аудандық партия комитетінің хатшысы

қызметтің атқарды. Құжатта партия Жарғысына сай конференцияда сайлау арқылы емес, округтік партия комитетінің шеңімі арқылы орындан алынғаны дәлім-дәл жазылышты. Сөйтін 1930 жылдың 14 наурунан Шымкентке өлкелік атқару комитетіне пүсқаушылыққа ауыстырылады. Сөз жок төмендеу гой.

Сірә да ұжымдастыру науқапының Талас ауданында асығыс жүргізіліп жатқандығын және елдің аштыққа ұшыраганын мәлімдегені үшін Округтік тәркілеу комиссиясы оны осылайша жазалаган.

Икрам одан кейін Қаратас аудандық атқару комитетінде жоспарлау болімінің бастығы, орынбасары болын біраз жыл еңбек еткен соң құлдыраганин құлдыраң, Келес ауданындағы Ошақты манина-трактор станциясы бастығының орынбасары, бастығы болып тұрғанда белсенділерге ақыры жақнай, 1937 жылы ұсталып «халық жауы» атаптаған.

Кай қызметте жүрсе де әділдігінен, тазалығынан айнымалан асыл зат күйінде қалған.

Айтанақ 1929 жылы-ақ партияда жоқ Жәнібековтің қылмыстық ісін жасырды деген айнишер Оңтүстік Қазақстан өлкелік партия комитетінің бюросында қатаң сөгісті, ескертуді қоса қабаттап алғаң, өзі сауатты, өзі өжет Икрам кейін ол жаладан сот арқылы ақталған әрі Жәнібековті де бар поледен құтқарған.

Талас ауданының түцінші атком төрагасы, алғашқы хатындарының бірі Икрам Наиманов осыдан түн-тұра 75 жыл бұрын Шымкент түрмесінде З-қыркүйек күні «халық жауы» ретінде атылды. Баяны Талас ауданын құру жиналышына қатысқан, уездік үекілі Н.Ақнабаев та Икраммен бірге атылышты. Есіл ерлер ажад алдында неңі ойлады екен?!

Жамбыл облыстық «Ақ жол» газетінің тілшісі Саулембай Әбсадықұлы және Әбдібек Байболов.

ӘУЛИЕ-АТА АУМАҒЫНДАГЫ АШАРШЫЛЫҚТЫҢ ҚАСИРЕТИ

Фалым Ахмедов Ақтобе облысының Алга ауданында 1906 жылы дүниеге келген. 1925 жылы Орынбордагы Халық агарту институтын бітіргеннен кейін Ақтобе оқірінде жауапты қызметтер атқарған. Ел басына қызын ауырташық түсекен кезде 1930 - 1938 жылдары Жамбыл қаласындағы (қазіргі Тараз қаласы) ауыл шаруашылығы техникумында директор, Жамбыл қаласынан партия комитетінің бірінші хатшысы, Қазақстан КП Орталық комитетінде пұскауыш болып жұмыс істеді. 1944 жылдан бастап зейнетке шыққанға дейін Қазақстан Жазушылар одағында артүрлі қызметтер атқарып, шығармашылық жұмыстармен айналысты.

Сол кездегі Әулие-Ата оқіріндегі елді жашай күнисен колхозға біріктіру, соның салдарынан шаруашылықтың күйзелуі, аңтық, халықтың отырған жерлерінен босын, қырылуы және жашай репрессия жөнінде қарт қаламгер Фалым Ахмедовтың естелігінен:

Тауқыметке толы азаңты жылдар

Ғасырлар бойы омір сүрін келе жатқан көнешілі шаруашылықты зорлықпен өзгертті, қазақ халқының ежелден қалыптасқан салт-дәстүрлеріне мән бермей, оте шұғыл, қызу түрде социалистік когам орнатуды Кеңестік билік 1917 жыны Қазан тоқкерісінен кейін-ақ бірден қолға алды. Ел ішінде еніңдай дайындық, түсіндіру жұмысы жүргізілmedі, шындығында ондай жұмысты жүргізе алған адамның өзі де бірен-сараң болмаса, жоқ еді. Кеңес оқіметіне қызмет сте бастаған адамдардың көбінің білімі аз, білімі барларды оқімет байдың балалары де ондай жұмысқа жолатында. Ауылдық жерлердегі белсенділердің кобісі енгізенің мәнінен білмейтін «үрда-жық» біреулер болды. Сол жылдары ел ішінде: колхоз болғанды мал-мұлік, қатын, бала бәрі де ортақ болады екен, жүргі қырық құлақ казанин ас ішін, қырық құлаңи корненің астында бәрі бірге жатады екен, деген қауесет сөздер тараған жүрді. Жоғарғы биліктен колхоз үйымдастыруды тәздету керек деген пұскау үсті-үстіне келіп жатты, бұл жөнінен аудандар социалистік жарысқа түсін басекелесуге дейін барды, артта қалғандар қара тақтага жазылды. Қолындағы малны

колхозға берген, жеке астық саямған колхозиншардан да астық, ет, жүп, ең аяғы сүйекті де мемлекетке өткізу талап етіліп, қысымға анынды, осындаі салықты орындаамагандарды соттады. Елді аштық жайлады. Окіметтің осы саясатына түсіне алмай ел дал болды, колхоздан сиқаңдай жақсылық коре алмайтын болған соң жұрт бет-бетімен қаңғын кете бастиды. Ашаршылық жылдары қаша адам Қытайға, Қыргызстанға, басқа да инст ендерге босын кетті, қаша адам қырынды. Голошекин бұл анаттың себебін байлардың қасқынен азғыруымен болын жатыр деп түсіндірді.

Мен 1931 жылды қазіргі Жамбыл облысындағы Әулие-Ата қаласында Халық комиссариатына қарайтын мал шаруашылығы техникумында директор болып қызмет істедім. Сондықтан да отызынши жылдары осы аймақтагы ел басына түскен қайғы-қасіреттің неше түрлісін көруге тұра келді.

1930 жылды елді колхозға біріктіру кезінде біздің ұжымда партия мүшесі болған, бірақ хат танымайтын, жасы біразға келгей Қырықбай деген кісі жұмыс істеді. Партия сол кезде халықтың саяси көзін ашуға қаты көпіл болетін. Саяси сабакқа қатысын отырган кезде Қырықбай екі созіпің бірінде: «Жарықтық партияның сара жолы» деп отырушы еді. Бұл кісі енкімге зияны жоқ момын адам болатын. Таңы бірде 1931 жылды ауылдарды аралан жүргенімде сіңгезердей сары, жасы отыздар шамасында, хат танымайды, бірақ нағыз белсенді Мамыт деген жігітті кездестірдім. Оны жергілікті тұрғындар «Биылның Мамыт» деп аташ кеттігі. Қолында дойыр қамны, елден астық жинаш жүр екен. Корінген кісіге тек «Ой, әкеңің ауызы... биылның» дейді, жоқ десе қолындағы қамнымен тартын-тартын жібереді. Өздері анттан бұралын жүрген адамдардың қарсыласар әлі жоқ. Мұның «биылның» не десем, орыстың «вынослив» деген сөзі екен, одан артық бір ауыз орысна білмейді. Міне, ауылдары белсендердің түрі осындаі болып келетін.

Жогарыдан елге келетін өкілдердің де Мамыттан артықшылығы шамалы болатын. 1931 жылдың күзінде астық науқаны қызу жүріп жатқан кезде Әулие-Атадан елу шақырымдай жердегі Новоивановка деген орыс селосына бардым, сол жердің тарихи атауы бұрын Жетібай деген аталынты, сонда манина-трактор станциясы (МТС) болды. Селопың орыс тұрғындары түгел дерлік колхоздастырудан қаныш кеткен, МТС-та істейтін үш-торт үй орыс бар, аздаған

казақтар да тұрады екен. Сонда ауданнан келген бір жауапты қызметкер сол маңдаты колхоз басыншарын жинап алған, мәжіліс откізіп жатты. Ол кезде колхоздар ұсақ – отыз-қырық үйден тұратын. Ауданда сыйпайы жүретін өнгі жігіт колхоз бастықтарын біресе орыншалан, біресе қазақшалан болғайтын. Мен шыдай алмай:

- Ау, мұның қалай, жүргітты беталды бұлай согуге болмайды той, - дедім.

Ол маган қараша не айттың тұрсың дегендей:

- Осылай сөйлеснесец, бұлар жоснарды орындамайды, - деді. Дегенмен менің сөзімнен кейін үялды той деймін, боктауын койды. Байқаймын, шаруашылықтары обден құйзелген колхоз басыншары бұл дүниеден түңілген тұрмен томен қараң, осы жиналыстың тезірек бітуін асыға күтегін сияқты. Колхоз басыншары: «Жоснарды орындаимыз, астықты табамыз» деп уәде бергенімен де, мына үәкілдің қысымынан тезірек құтылу үшін айттынан бос сөз екені белгілі еді.

Жиналыс соңынан жұрт тарқамады, сойтсем, қаржының кімдікі екенін кім білсін, үәкіл тамақ астырынты, бірнеше шыны қызыл арақ та бар екен. Бірер тастаң алғанинан кейін үәкіл отырғандарға өлең айттындар деді, бірақ жұрт оған ықылассыз еді. Үәкіл коймаган соң орта жастағы бір адам оте зарлы бір эн салды. Олецинің сөзі жадымда жоқ, бірақ қайырмасында: «... Ой, Алла-ай, замана болды-ау қандай-ай!» дейді, әнінің өзі де адамның сай-сүйегін сырқыратқандай еді. Үәкіл оған: «Қайдагы бір контр өлеңің айтасың» деп ұрысқан соң ол да бітті. Сонда бір картандай, өтс жүдесу колхоз бастығының, аны қарынға ішкенге қызын қалып, теріс қараша озіне-озі қүйіне құцқілден: «Я, қатын-бала қырыла берсін, иланды орындау керек...» деп ызамен күбірлей қайталап отырғаны осы қүнге дейін көз алдыма келеді...

1931-1932 жылғы қыста аныққан адам Әулие-Атага сыймай кетті. Бұлардың көбі Сарысу, Талас аудандарынан келген аштар. Қаланың маңындағы ауылдардың да кониінің ани, олар да тамак іздеп қалаға шұбырды. Әулие-Ата қаласы Талас өзенінің сол жақ қапталында, оң жағында қаладан төрт-бес шақырым жерде Свердлов атындағы қазақ колхозы бар, сол колхозды аудандық партия комитеті біздің техникумға шефке берген және мені сол маңданы он бір колхозға үәкіл етіп жіберді.

Бұл бір үлкен колхоз екен, халықта азық-түлік жоқ, алды аштаң оле бастанған, ісінген адамдар тіптегі көп. Қасында көршілес жатқан «Красная заря» деген орыс колхозының адамдары түгел дерлік үй-жайшарын тастан кетін қалған. Мәнін шөп жоқ, олар да көтереммен оле бастанған. Аудан басындарына жай-жағдайды айтқаннан кейін бір совхоздан шоң алыш беріп еді, бірақ колхозда оны тасуға жарайтын адам жоқ. Сондықтан техникумның мал дәрігерлік және зоотехниктер болімдерінің соңы курстарының студенттерін «стажирибеден оту үшін» деген сыйлаумен колхозға әкелін мал қарауга, шоң тасуға наиданануга тұра келді. Соң кезде ашыққан адамдар қорапың тобесінен түсін, малдың ішін жарын жіберіп, сан етін кесіп әкетіп те жүрді, сондыктан күзетке де студенттерді қойдык.

Сол қыста көзіммен көрген жан түршігерлік біриеше оқиғаларды айттын берейін.

Бір күн «Свердлов» колхозына қаладан үш адам келді. Екеуі ГПУ-дың қызметкерлері, үшіншісі мыжырайған орыс шалы, ол фельдшер екен. Әскери киімді, етжеңді қара торы жігіт, жағасындағы пеглищасында үш ромбысы бар, ондай адамдар ол кездерде қазіргі генерал дәрежесіндегі болса керек. Мені оцана шығарып алыш, өзінің Алматыдан келгенін, фамилиясы Петров екенин айттын танысты. Атын үміттін қалдым, үттү якут екен. Ол менен: «Осы ауылда бірсү кісі сойын жеңті ғой, білесің бе?» деген сұрады. Мен шоңын кетіп, білмейтінімді айттым, шынында да ондай болды дегенді естіген жоқ едім. Содан соң ол: «Қазір бір жерді тіптін көреміз, сойылған адамның қалған еті сол жерде болу керек. Комиссияның бір мүшелесі өзіңің, ауатком қосын берген. Қәне, солай қарай барайық» деді. Осы кезге дейін өніген кісін корген жоқ едім, соны айттып, бармасам қайтеді деп едім, Петров күлін: «Қашанны көрмей жүре бересің, енді көр» деп мені қолтықтан жүрт тұрган жерге қарай алыш кетті.

Ауылдық кеңес, колхоз бастины, бригадирлер және басқа да адамдар бір үйдің алдына бардык. ГПУ-дың адамдары қолдарында күректері бар екі жігітке үй алдындағы күресінді көрсетіп: «Осы жерді қазыңдар» деді. Күресін астынан жаман тоңға ораган адам еті шыға келді. Денесі мүшеленген, басы еттің үстінде салынған, аузы ыренін, тістері ақесін тұр. Ерінің үстінде селдірлесу мұрты, иегінде шокина сақалы бар, жасы қырықтың үстінде-ау деймін. Фельдшер

мүшелеңген етті түгелден қарап, жүргөі, тағы бірдемелерінен басқасы бар екенін анықтап акті жасады.

Оқиға былай болған екен. Меркі жағында ертеректе Баянды деген болыс болыпты. Болыстың жалғыз баласы аныққан соң ішеріде осы ауылға ұзатылған апасын ізден келсе, ол апасы бала-шанасымен аштықтан қаңғыш кетіпті. Содан соң апасының көрісі болған әйелдің үйіне қонады... Келесі күні бір әйел тауығын ізден жүріп болыстың баласы қонған үйдің қорасының тесігінен караса, үй иесінің адамды сойып жатқанын көріп ойбайлан қаша жонеледі. Ауыл адамдары бұл істі ешкім білмесін дең жасырса керек, бірақ сондай ауыр кездे де ауылда да ГПУ-дың жансыздары болғаны той. Қаладан келген адамдар кісі сойған әйелді алғын кеткен, содан соң не болғанынан хабарым жоқ...

Егіс жұмысы басталған қоқтем кезі. Конік жоқтың қасы. МТС-тап екі трактор келген, тракторшылар техниканы жөндей үйрениң те үлгермеген бір-екі орыс жігіттері, тракторларды жөндей жүргізе де алмайды, істегендерінен тұрғандары көн. Жоғарыдан жерді кетпенмен жыртындар деген нұсқау келген. Жұмыс қауырт, «қоқтемнің бір күні жылды асырайды» десек те, колхозда кетпенге жарайтын адам жоқ. Сондықтан техникумның таны да екі курсының студенттерін әкеліп жұмысқа салуға тұра келді.

Аупартком уәкілдерге қалага келуге рұқсат бермей қойған. Үстібасым кірлем кеткен соң бір күні қатарданы колхозда жүрген уәкіл орыс жігітті орынма тастаған, жұнының келейін дең қалага кеттім. Әлгі жігіт жұмысшыдан жоғарылатылыған, окуы аз болғанымен нысық адам болатын. Таң сол мен кеткен күні колхозға обком хатының Восканов деген кісі, жер батыақ болғандықтан манинамен емес, фаэтон арбамен келінгі. Мені қайда дең сұрагаңда орынмда қалған жігіт: «Ахмедов алысырақтагы колхоздарға кетті» дейді. Өзің кімсің, дегенде орынбасарының дей салады. Содан соң Восканов блокнотына қарап басқа колхоздардың жайын сұраса, мұлірмей шамамен айта берінгі. Біраздан кейін Восканов оған қарап тұрып: «Әй, өзің бір ескі очковтиратель екенің» - денті. Сонда менің орынмда қалған жігіт: «Өзіңіз кім боласыз?» - дең сұрапты. Кейін әлгі жігіт: «Восканов өзіңің кім екенін айтқанда, ой, корықканым-ай! Бұрын көрген жоқ едім, кавказдық тентек адам дең еститімін. Қоп уәкілдердің біреуі шыгар дең аузыма түскенді согын түр едім, атын

естігендегі тұла-бойым мұздан кетті» - деді. Сонда Восканов арық тазалан жатқан адамдарға қараң, қалтасынан алма алған жең тұрын: «Оздері аш па, қалай?» дейтін корінеді.

Бір күні етіс басынан ауылға қарай келе жатыр едім, алдынан ауылдық көңестің төрагасы кездесті. Аман-саулық сұрасқаннан кейін: «Анау шеткі ауылда таңы біреу адам етін жеді деген хабар естін соған бара жатыр едім, жақсы кездестің, жұр, скеуміз барып біліп қайталаңық» деді.

Ауылдың шетіндегі үйлердің көбі қараң қалған, бір жаң не бір мал жоқ, тіпті иттер де қаңғын кеткен. Қоралардың төбелері ашық, қабыргалары құлаган, бағы Шыңғыс жорығының іздері сияқты. Шеткерірек бір үйге бардық. Үйге кіріп келгенімізде үй іші моладай ызыгарлы екен. Аласа гана қазақ үйінің оң жақ іргесіне тамаң кір көрпе сияқтаған бірдеңеге оранын жасы отыздар шамасындағы бір жігіт жалғыз жатыр. Сақалы өсекен, екі жағы суалған, көздері үңірейген. Үйде ішін алар зат жоқ, бәрін қалаға сатып-ішіп болған. Аман-саулық сұрасқанда жігіт әлсірен әрең жауап берді. Ауылкенес төрагасы егде тартқан, оқымаганымен тоқығаны бар, ақын иссі адам болатын. Әлгі жігіттен: «Біз бір хабар естін келіп отырмыз, сендерді адам сойды дейді ғой, рас па?» дегенде, ол азар да бәзір болып: «Құдай сақтасын, ондайды естіген де, корген де жоқныз» - деп танды. Төрага жігіттің атын атап: «Әй, налешие, озінің жатқан түрің мынау, құдайдан жасырмаганды адамнан жасырып қайтесің, ишініңды айт. Ашыққан жалғыз сен емес, елге келіп ауырталық ғой. Біз сені айыптағалы отырғанымыз жоқ, анығын білейік деп едік. «Тоқтық не дегізбейді, аиттық не жегізбейді» деген бұрынғыдан қалған сез бар, көне кімді сойдыңдар, айта қойини?» дегенде, әлсірен жатқан жігіт біраз күмілжік үзіле сөйлейсі: «Сондай бір іс болды, отағасы, қайтейін, баека амашым қалмады» - деді жыламсырай кемсепден.

Болған оқиғаны жігіт деміре сойлен айттын берді. Бұл жігіттің ертеде баека жаңқа ұзатылған әкисеі аиттықтан қаңғын төркініне келеді. Төркінің бәрі аинган олін, жалғыз осы інісі қалған екен. Үйдегі бар азық-түлік қаша үймделгендерімен де таусылады, енді таңғау қыларының ештеңе қалмайды. Сөйтін отырғандарында қаладан бір баукеспе ұры ағайыны келип қонаады. Жейтін дәнеңде жоқ, бәрі де ани жатады. Ертеңгісін әкисеі ауыл жаңындағы «Красная заря» колхозының картоп еккен орында қалған-құтқан түйнек болса теріп

келейін дең жиналыш жатқанда інісі: «Әкисе, не де болса жейтін бірдең тауып кайт, әйтпесе өзінді сойын жейміз» - дейді. Әкиссі түске таман бос қайтын келіп:

- Қарагым-ай, жұрт тұқ қоймаган екен, ештеңде де таба алмадым, - дең қинала айтады.

Сонда інісінің көзі қарауытып, ақыл-ссінен айырылғандай болып:

- Ендеше өзінді соямыз, - дейді.

- Қарагым, сенің жаңың қалса болғаны, сенің жолыңа мен құрбан», - дең әкиссі бұрыла бергенде, нештің жаңында пышақ қайран отырған ұры әйслі пышақиен тамагынан тартып жібереді де, өлген әйелдің екі жақ сан етін кесіп алып, үй иессі екеуі асып жейді.

- Қалған еті қайда? – дегенімізде жігіт:

- Ұры қорада құлаган жабындының астына тастадым деген, - деді. Қораға барып жабындының астын анып қараганымызда, екі сан еті кесілген орта жастардағы әйелдің деңесі жатқанын көрдік. Содан соң ауылкенес ағасы ауыл адамдарын жинап, өлікті комдірді...

Бір күні кешкісін егіс басынан ауылға келсем, колхоз басқармасының жаңында жеті-сегіз адам жиналыш түр екен, орталарында колхоз бастығы да бар. Ол шаруа жайын білеттін, жасы қырықтар шамасындағы дұрыс, есті адам болатын.

-Түнде колхоздың бір тайыннасы жоғалып кетті, соны сұрастырып жүргенімізде ауылдың ана шетіндегі жалғыз тұратыш шал үйінде ет асып жатыр дең, естіп қалдық. Соны барып біліп келіндер,-дең колхоз бастығы маган қарады. Қасыма бір адамды алып барсам, шынында да айтқан адамның сөзі рас болып шықты. Шалды әрі-бері қысқаннан кейін ол:

- Қазандағы маңың еті емес, адамның еті, - деді. Содаң наңарымды да, наңбасымды да білмедім. Соуда шал:

- Қалған етті табаққа салып қамбаға анарып қойдым, - дең шындығын айтқандай болды.

- Қәне, әкеліндерінің, көрейік - дедім. Сүйектері ірі жасық ет екен. Жанымдагы тұрган шал еттен жұлыш алып аузына салып шайнаш көріп:

- Ой, бұл малдың еті ғой, - дең тұр. Сол жерде техникумның ветеринария бөлімінің соңы курсында оқып жүрген студент бала келе қалды. Әкесі Ф.Ф.Томан Әулие-Атада отыз жылданай мал дәрігері

болып істеген, бізде сабақ беретін жақсы адам болатын. Әлгі студентке:

- Мынау малдың еті ме, адамның еті ме, қарашы, - деп едім, ол қынынан нышағын суырып алғын жілікті еттен ажыратып алай-бұлай қарады да, маган ақырын орысшалап:

- Адамның еті. Малдың жілік сүйегі жұмыр келеді, адамдікі қырлы болады – деді. Содан соң жапындағы адамдарға қарап:

- Жарайды, етті қамбага қоя салындар, ертең тағы тексеріп кореміз, - деп жүртты тараттым.

Келесі күйі ауылкеңес төрагасы, колхоз бастығы, тағы бір-екі адам шалдың үйіне бардық. Көктем қүшіне кіріп, күн жылдынып қалған кез. Шал далада үйінің күншуақ жағында койлегінің тігісіндегі биттің сіркесін нышақпен қырып отыр екен. Сәлем беріп амандақсаннан кейін ол іркілместен бар шынын айтып берді. Бір айдан бері адам етін қорек қылғып келс жатқанын, мына асқан еті осы ауылда жақында сұзектен (тиф) өлген колхоз есепшісі, 23-25 жастардағы жас жігіттің еті екенін, түнде барын қазып алғанын айтты. Қорасын арапап қарасақ, түкпірінде адам сүйектері щашылып жатыр екен. Бұл оқиғаны да ауданға білдірген жоқпыш, білдіргенде не шығады?..

Осыдан біраз бұрын Алматыдан Голощекин кетіп, орнына Мирзоян деген кісі келіпті деген хабарды естігенбіз. Бір күні мені тығыз ауданға шакыртты. Барсам, Мирзоян келген екен, аупарткомда кең мәжіліс болды. Бет бактырмайтын Голощекиннен қорқып қалған жүрт алғашында ауыздарын байқап ашқанымен, сойлей келе шындықты айта бастады. Аупартком хатшысы Жаңбыршин деген жас жігітті Голощекин елді аш деп айтасың деп, осының алдында ғана соптатып жіберген, оның орнына Жұмағали Сәрсеков деген кісі келген, ол маган сөйлес деді. Өзім де сөз сұрагалы отыр едім, ашыққан елдің қак оргасында бәрін көзіммен көріп жүргендіктен, халықтың аяғтан оліп жатқанын, егіс жұмысының мардымсыз екенін айта келе, әлгі кісі етін жеген оқиғаларга тоқталдым. Мирзоян маган қарап қалынғы, әлде не ойладап отыр деп қорықсам да, бір бастаган соң жасырмай түгел айтып бердім. Жиналыстан кейін Мирзоянмен бірге келген таныс жігіт:

- Голощекин болғанда әлгі сөзің үшін сені қаматып жіберетін еді, - деді. Мен де оған:

- Голощекинің одан әрмен құрысын, - деги ішімдегін айтып салды.

Сол жиналыштан кейін өкімет елге азық (продномонь) беретін болды. Ол тұтынушылар қогамы (потребсоюз) арқылы ақшага беріледі. Баяссы арзан болғанымен колхозда бір тиши ақша жоқ. Біздің техникумның бухгалтері озі бір жуас, бірақ ісіне мыңты украин жігіті еді. Осы қызыл-таяц кездегі тынырыктан ныңғұ үшін ары ойлан, бері ойлан, бухгалтерді шакырып алып:

- Екеуміз кішкентай қылмыс істейік, мына бізге нефікс берілген колхозға аздал қарызға ақпа берейік, - дедім. Ол әу дегенде:

- Ойбай, ертең ревизия келес, бізді айыптаиды, - дегенімен де, ел жайының социалықты ауыр екенин озі де білін тұргандыктан, копді. Ол азықты кооперация адамдары үрлан құртнауына кім кепіл? Сондыктан азықты әкеlei, ауыл кеңесі тізімі бойынша үлестіруге кеңес мүшелері мен студенттердің комсомол комитеті мүшелерін қоюға тұра келді. Ашыққан адамдардың кобі әлеіз, нашарлан қалған. Аштыққа ұшыраган адамдарды ауыл кеңесі, колхоз бастығымен келісіп мектеп үйіне жинап, оларға тамақ істеп беретін есептінді ерлі-зайынты адамды қойдық. «Байтап түтіл, бас қайғы» демекін, сол кезде оку тоқтап қалып, мектеп бос тұрган болатын.

1932 жылдың коктемінде егіс жұмысы қатты қолға алынғанымен де, елде көлік жағы тапшы, қыстан анығын шыққан ер-азаматтардың да күйі нашар, сондыктан жұмыс мардымсыз журді. Дегенімен біз тынысын, бір жағынан студенттердің комегімен, егін жұмысын мерзімінде аяқтан шықтық.

Бір күн аупартком мениң бүл колхоздан шакырып алып, қаланың түбіндегі «Қызыл жүлдүз» (ел оны Қоңғобе дейді) колхозында жұмыс жүрмей жатқанын, басқа ауылдардан адам, көлік жіберілгенін айттып, маған сонда барып егіс жоспарын тез орындан кайтуды тапсырды. Барсам, егіс жері құрган кеткен, шаңдары бұрқыран аспанға шығып жатыр. Жер суармалы да емес. Цереу аупартком хатшысына хат жазып, құрғақ тоныраққа тұқымды босқа ысырап қылудың жөні жогын айттып бір адамды жібердім. Аупартком хатшысы бұрын Ақтобеде бірге істеген жон білестін-ақ Жұмагали Сәрсеков деген адам еді, мениң хатыма: «Колхоздың егіс жоспарының орындалуына басылмен жауап бересін» деги бір жаңырақ қағаз жазып жіберіпті. Колхоз бастығы Ғұмар деген жасы біразға кейген татар

болатын, ол қишила басып шайқап: «Ай, қарагым-ай, ми атала болыш (быламық дегені) кетті гой» дей береді.

Жоснарды орындан қайтқан соң Жұмагалиға барын:

- Жүке, көріне козғе өнбейтін жұмысқа жүргітты босқа өурелегенің не? - десем, ол:

- Қайтейін, мына жақта обком жанымды шыгарып бара жатқан соң, - деді. Бұл енді Голоцекиншің жұмыс әдісінің сарқыны еді. Шаруашылықта сондай ұқынсыздық, барлық жұмыс тек жогарыдан келгендікten жоснарды орындан ранорт беру дең білестін тәртіп күні кешігө дейін орын алып келді. 1932 жылы күзде жолым түсіп әлгі Свердлов атындағы колхоз аркылы жүргуге тұра келді. Сол жылы колхоздың астығы жақсы шыққан екен. Баяғы ауылкенесі торағасы мен колхоз бастығы кездесе кеттін, аман-саулық сұрасқаннан кейін мені жібермей ауылдарына кондырды. Күн де кешкірген еді. Ел тойының, өкімет мал беріп біраз күйленіп қалған екен. Кешкісін әңгімелесін отырганда:

- Коктемде кісі етіп жеген шалдарың бар ма? - деги сұрадым. Колхоз бастығы:

- Ол шалды қырманға күзетші етіп қойдық. Ойны ма, шыны ма, сол шал: «кісі етіп енді бір тойсам, әбден көтеріліп кетер едім» дейді, сондыктан түнде қырман басына баруға өзіміз де қорқамыз, - деді.

Мен:

- Онда қырманға күзетшіні тауып қойғап екенсіңдер, - деги күлдім.

Сол колхозда уәкіл болып жүргенімде, қасымда бір студент бала бар, ауыл жаһынан отетін темір жол бойымен келе жатыр едік. Қалага жақын Ақбұлым деген жерде, темір жол қапталындағы қара жолдың езуінде жае қазақ жігіті өлін жатыр екен. Қасымдағы балаға: «Қалтасын қара, документтері бар ма екен» дедім. Жігіттің қалтасынан комсомол билісті шықты...

Енді бір жолы түнделетіп екі атты кісі қалага келе жатыр едік. Қала шетінде Әкім бауы деген бақ бар. Соның ішімен жортып келсе жатқанымызда астымдағы атым бірденеден үркін жағыт бергенде құлап қала жаздадым. Қарасам, қасында екі жас баласы бар қазақ

әйелі теректің түбінде тығызының отыр екен. Соңдай алмайды, екі жас бала тек ыңыренди. Қоржынымызда азыққа алғын жүрген менде бүтін, қасымдағы жігітте жарты таба пан бар екен, соны бергенімізде әйел еңірең жылан қоя берді...

Сол 1932 жылдың қысы есептегенестер әсер қалдырыды. Өзлис-Атаның меш тұрган Құрлық көпесіндегі жетімхана бар еді. Аудандық оқу болімі боекан елдің балаларын сыйғаныниша алған. Бірақ кенеуі кеткен балалар оқалмай кон олін жатты. Олі көз алдымда, таң азаңда жетімхананың арбакені (ол кезде манина жок) түнде олін қалған балаларды жайдық арбага тиен, үстін брезентінен жауын молага қарай алғын өтеді, сонда жалапанды балалардың көл-аяқтары арбаның жан-жағынан салақтан бара жатады. Мениң көрінім, техникум мұғалімі И.С.Горнев деген жігіт: «Әйттең, фотоаппарат жоқ, әйтиссе мынау тарих үшін керек қой» деп мұңцақ қараш түруини еді.

Шешім бір қан тарыны ат үстіне онгеріп алды, ал мен болсам жаяу еріп жатқан қар суын тізеден кепін үйге келдік. Үйдегі жантыз сиыр мен бір ешкіні өкіметтің уәкілдеріне корсетиу үшін шоптайтын жиналған қалың шоптің ініп үшін, соңда жасырын үстaugа тұра келді. Ал екінші ешкіні қысынған кезде сойын аяғанбыз. Әйтиссе, ауылдың шолақ белсенділері ешкімнен сұрамай-ақ коздеріне түскен малды алып кетегін. Солардың арасында біздің жақын ағайындарымыз да болды. Кейін заман түзеліп, жогары білім алып Алматыда қызмет істеп жүргенімде, арага бірнеше ондаған жылдар салып ауылға демалыска келдім. Ауылға кіре бергенімде сонау зұммат жылдары елді зар қақсатқан ағайынның біреуін коріп қалдым. Ол мені таңыған жок, әбден қартайты. Мен оны таңығанымды білдірмей, коліктің үстінде отырып бас изен сөлемдестім де жүре бердім. Оның ауылдастарына жасаған соракшылардың бетіне басқым келмеді, кепірсе Алла тагалланың озі білер, ал менің балалық жүрегімде оның қиянаты тастан болып қатын қалғанын қалай ұмытармын!

Коқтем шыға жүрт озен бойын жатажайды. Әйттеуір, бостан босқа аятаң өлмесудің қамы той. Аныға бастаган ел жақын жердегі озениң балық аулауга кошкен. Бір күні мен де балықшыларға інесін, балық аулауга бардым. Балыктан балықшылардың саны көп сияқты

корінеді. Қармакка түскен балықтан аздан өзіміз қайнатып жейміз де, сориасын інеміз, қалғанын көнтіріп аламыз. Балықшылар өзеннің жагасына кос тігіп алған, сонда түнен қалауды. Соң күні мен де балықшылармен бірге қонын ишкітім. Кейін қарай біздің жанымызға Әбін деген туысымыз келді, әбден жұдеген, тұла бойы күндей болып ісін кеткен, сойлеуге шамасы келмеді. Балықтың сориасын беріп едік, оны да інуге мұрнасы болмады. Ертеңіне қарасақ, түнде олін қалыпты. Өзен жагалауынан алыштау жерге апарып жерледік.

Түске қарай көнекен балықты қойледіме ораң, қолтығыма қысын анын, үйге апаруға жолға шықтым. Өзіме таныс жолмен жүріп келе жатыр едім, бір қыстауға жакындағанды қораның жанындағы үйлігей тезектің артынан біреу шығын, маган қарай жүгіре басын келе жатты. Неде болса, бір бәлешің таң болғанын ішім сезе койды. Серіз жасқа енді ғана тоған бала одан қалай құтылсын, корықканымнаи шекемен тер бүрк етсі қалғанын байқамай да қалдым. Қапша дегенмен, мейірімді, иман жұзді адам екен. Өзі анығын тұрса да, менің жонімді сұран, қойшымдагы томшыған нәрсеңің балық екенін біле тұра тартып алмай жібере салды. Бұл жалған тіршіліктегі өлімнен горі нарасаттылықты, адамгершілік қасиеттерді жогары қоятын адамдардың бар екенін сол кездे түсінгендей болдым. Содан жүгірін отырын бір тобенің басына келесем, менен екі-үш жас үлкен бала сарынушақ тыннандағы пісірін жен отыр екен. Жүргім айнын, локсын, тұла бойым тітіркеін кетті де, оған қарамай зымырай жонелдім.

Үйге келесем кереге арқасын сүйен шешім отыр, көзі жәудірен 4 жасар інім Мырзахан не әкелдің дегендей, маган жалтақтан қарай береді. Әкелгендегі балығымды көріп шешім де, інім де қуанын кетті. Бала емеснін бе, сәл аялдаған соң үйден шығын ауыл балаларымен ойнауга кеттім.

Алла тагана берейін десе, ән-сәтте бере салады екен! Ойнау жүріп аягым бір нәрсеге ішінгендей болды, жерге қарасам қанттың үшінін корінін жатыр. Одан әрі жұмсақ жерді аягыммен әрі-бері шүккышасам зат салынған қан сияқты көрінді. Бетін енкімге білдірмей белгіліен қойдым да, балаларды басқа жаққа алыш кеттім. Түнде шешім екесіміз келін қазсақ, қан тоны тары болын ишкітім. Адам таршылықта қуанғанда ерекше күш-куат пайды бола ма ден қалдым.

Күнделікті тіршілікте мұндай жүкті арец котеруін едік, ал бұл жолы бір қан толы тарының қиналмай үйге әкелін алдық.

Бір күн шешем 20-25 шақырымдай жерде тұратын туысымызға барын келейік деді. Біз келгендеге жақсы қарсы алды, бірақ оздері де жетісін отырган жоқ екен. Бір түн қонын шығын, ертеғіне қонғасын жолға шықтық. Көнтірген балық нең тары-талақанды дорбамызға салып берді. Ауылдан ұзақ орта жолға келгенімізде, алдымыздан түсі суық, аш адам шыға келіп менің арқамдаты дорбаны жұлдын азын қаша жонелді. Шешем оны қуын жетіп, дорбаны бер десе шынағын жаландатын, өлтіремін дең коркытқан соң қайтын келді. Сонаи соң екінші ауылдағы шешемің сіңілеі Әлияның үйіне келдік. Қүнегі 1930 жылы қайтыс болынты, қолында 3 жасар қызы мен 5 жастагы ұлы бар екен. Бір қонын шықтық та, ертеғіне үйге кетуге жинала бастадық. Әлия әкілем қолындағы барынан бізге жырын берді. Ағайын-туистар қандай ауыртналықтарды басынан кепірін «шынақ жаным, шықпа» дең отыреа да бір-біріне комектесуден бас тартынған. Бұл қазақ халқының ежелден қанына сіңген дәстүрлөрінің бірі тана екендігі анық. Ашаршының слігे қандай касірет әкелмеді? Бір отбасы түгіл, бүкіл ауыл болын қырылыш қалғанын да кейін тана білдік қой. 1931 жылы Әлия әкілем екі баласымен бірге аштан өлі дең естідік. Әруағынан айналайын, қайран әкілем, сенің берген бір уыс талқаныңың дәмі күн бүтінге дейін аузымнан кетінейді.

1931 жылдың күзіне қарай ендеге үлкен аштық басталды. Сол жылдары әр жерде үрм-каракишилар шығын, колхоз малини үрлан, адам тонау, адам өлтіру оқнапары кобейін кетті. Өмі есімде, біздің ауылдың бір адамы Өзін-Атага бара жатқан жолда аш-ұрышар оны олтіріп, сан етінен кесіп алған шіріп жетіп дең естідік. Жасы тоқсанға келген көрніміз Әмемі әжерін көзіне жас алмын, зұлмат жылдардағы өзі көрген оқнапарды қинала айттын отырушын еді:

«Әр ауылдан жиналаган босқындар тау асын Қытайға кетіп бара жатқанымызда аштықтан әлсірекен жас әйел емпектегі баласын көтеріп алған жүргүре шамасы келмей таудың қуысына тастап кеткенде, біраз жер үзаганиша жыллаган бала дауысы құлағымда естіліп тұрды. Ол баланы алған кетуге бізде де қандай күш бар дереіц? Озіміз аш келе жатып, баланың жыллаган дауысын естіген сайын козімізден жас соргалады, жаннымыз қиналын ішгері жылжы бердік. Сол баланың зарлаган үшін бүтінде тоқсанға келсем де әр уақытта құлағымнан

кетпейді». Не керек, мұндай аянынты, жаңтүрилігерлік оқиғаларды біз де көн көрдік кой.

Окем түрмеде жатқанда інім Мырзаханды Өулис-Атадагы балалар үйіне бердік, жетім балаларды ауыл-ауылдан жинап жүрген өкімет адамдары оны алып кеткен еді. Ондағы ойымыз інім балалар үйінде болса аиттыққа ұрынбай тірі қалатын шыгар деп үміттепдік. Бір айдан кейін шешем екеуіміз барсак, інім аурудан әлсірең қайтыс болынты. Оның жанындағы өлгөн балалармен бірге барлығын бір шұңқырга комін тастаганын біздік. Інімнің қайда жерлеңгенін тәрбиешілерден сұрасақ, ениқайсысы да айтпайды. Сөйтсе, жогарыдағы билік өкілдерінен балаларды көмген шұңқырды корсетпес туралы нұсқау болса керек. Жылан-әңгір, бір уыс тонырақ сала алмай, көзіміздің жасын сорғалатын қана бауырымызды о дүниеге шыгарып салыңы.

Мені шешем қаладағы Бораңбай деген нағанимының үйіне қалдырып кетті. Өулис-Ата қаласында да аныққандар көн екен, аш-жалағаш, аиттықтан ісінің кеткен адамдар концлерде қалтаң жүр. Қоқыс тогетін орындарды анықкан адамдар жайлап алышты. Олар қалған-құтқан қалдықтармен қоректенеді екен. Құн сайын қала концеринен адамдардың өліктерін, үй-жайсыз жүрген, әбден қалжыраган, аиттықтан денесі ісін кеткен әртүрлі жастагы балаларды кездестіруге болады. Бұл жетім қалған балалардың әке-шешелері де аиттықтан өлгөн. Құнде олған адамдарды өкіметтің арнағы құрган жасаты концлерден жинап алып, колікке тиен қаланың сыртындағы шұңқырга лактырып тастаң, бетін тонырақсан жаба салатының нағанимынан естін жүрдім.

1931 жылдың қысында Бораңбай нағаным түрмеге түсін қалды. Бір қуні көнікे қарай нағанимының эйелі Мария тәтем бір таба наанды Бораңбайға түрмеге анарын бер деді. Таба наанды қойныма тығын, түрмеге қарай жүгіріп келе жатыр едім, алдыннан бойы ұзын, түсі қан-қара еңгезердей біреу шыга келіп кеудемді жүлкілаш қойнымдагы наанды тартып алып қана жөнелді. Әлімнің жетінейтінін білсем де артынан күдым. Ол барын бір құлаған үйдің ішіне кіріп кетті. Мен де ішкө кірсем үйдің іші қараңы, қалың тұтін, сондай сасық. Біраз тұрганнан кейін корқын, денем дірілден кетті. Қорыкканим соңнанықты, бұл жерден қалай зыттың шыққанымды білмей қалдым. Бораңбай нағаним: «Қалада адам жейтіндер бар,

сөндүктаң өте сак болу керек. Түнгі қараңғы мезгілде жалғыз жұру оте қауіпті» - деги айтып отыратын. Кейін ойласам мені аш адамдардан құдай сақтаң қалған екен.

Нагашым абақтыдан босан келді. Ол кісінің ешқандай кіңесі жоқ екенін бәріміз білдік. Өз ісіне берік, уәдесінде тұратын өте адал адам болатын. Сол қыны заманда біреуді жазықсыздың жазықсыз кінәлан, тұрмеге жаба салу түкке тұрмайтын жаңдай еді.

Бір күні Боранбай пагашым: «Сені балалар үйіне (детдом) орналастырамын, онда жаңдайың жақсы болады. Біздің күнімізді озің көрін отырысың, әрең дегенде бір үзім пан тауыш жеп отыргаңымызды...» - деді. Ұлын-Атадагы детдомға анарың, әкемнің Жолдыбай деген атын өзгертіп, озінің ауылдағы кедей туысы Сүйеркұл деген атисен мені балалар үйіне таисырды. Детдомға жақындағы қалғанда пагашым: «Егер оз әкениң атымен жазудырсаң, сені байдың баласы деги қабылдамайды» - деді де, маган не айттар екен дегендей, бетіме тесіле қараң тұрды. Мен үнсіз тана басымды изедім.

Балалар үйінің жаңдайы да мәз емес екен. Тамак жеткійкесіз, балалар көздері бозарын ертеңиен кеникे дейін ани қарын жүргетін байқадым. Төсек-орын болмагандықтан сұық еденине шөн төсеп, үйықтауга бәрімізді катар-катар сонда жатқызады. Алтапкы күні менің жашындағы үйкүнге жатқан екі баға ертеңіндегі орындарынан тұрмады, түнде олін қалынты. Олған балаларды бір сарайға жинаң, екі-үш күн откениен кейін тана арбага тиен, тәрбиешілердің таисыруымен ерессек балалар қалашың жыныстардағы терен сайга анарады да, оліктерді лактырын-лактырын кетеді екен. Тінгі, мәйіттердің бетін тонырақиен де жашақайды. Бір күні мені қызыктан үлкен балалар бірге ертін барды. Оліктерді коргенде менің ішім мұздай болын қалыптаң, коркын тұрамын. Бірте-бірте бұган да етім үйрене бастағады. Анаратын жерге жетін, олі деңелерді бірі қолынан, бірі аяғынан үстен сайға лактырын жатады...

Ашықкан детдом балаларының жаңдайы өте ауыр болды. Аш балалардың көбі ауруға шаидығын күнде үш-төрт баға олін жатты. Тамакты карним тоя жемесем де құдай сақтаң аурудан аман қалдым.

Екі жылдан кейін балалар үйіне әкем мені ізден келді. Әбден жүдеген, қартайын кеткен, біршама жыл тұрмаде отырганиның азабы оның бет-әштетінен, коз жанарының солғын тарғанынан коріні

тұрды. Көн үзамай әкем камауда жабысқан өкіле ауруынаң қайтыс болды.

Сонымен Әулие-Ата балалар үйінде жүріп 7 жылдық білім алған, заман түзелген соң «Сүйеркүл» деген жалған фамилияны тастап Жолдышбаев болып әкемнің есімімен жазылды. Енді ғана есейін, етек-жецимізді жинаң жаңдайымыздың жақсара бастағаны сол еді, сөзіс басталды. Ұлы Отан соғысы басталысымен мені әскерге айды, жап аямай жаумен соғыстым, контеген орден, медальдармен марапатталды. 1944 жылы ауыр жарапашын, бір аяғымиан айырылып енгізе оралдым. Енгі келе салын еңбекке араласып зейнетке шыққанға дейін колхозда қойма менгерушісі және колхоз бастиғының орынбасары қызметтерінде ұзақ жылдар бойы үздіксіз еңбек еттім. Үйленіп отбасын күрдым, бана-шагалы болып ұл-қызы тәрбиелен осірдім.

Қазіргі жастарға айтайын дегенім, өмірдің қандай күнни кезеңдері болсын қажымай-талмай тығырықтан шығудың жолын таба білу керек. «Өмір деген – күрест» деген тегінен тегін айттылмаса керек. Біздің құрдастарымыз отызынның жылдардың зұлматын көрді, олар көл қусырын қараш отырган жоқ, өмір сұру үшін, бала-шагасын анықтаған аман сақтаған қалу үшін жанталаса күресті. Ашарның адам төзө алмайтын қашша ауыртналық әкелсе де, олардың сағын сыйндыра алмады. Соң жылдардағы аштықтың қолдан жасалғанын мүнда ғана білдік қой. Кеңес дәуірінде кімде-кім сол кездегі халықтың басына тоғиен наубетті айтса болды, аяқ астынан «қылымыскер» болып пыға келетін. Сондықтан енікімге сыр білдірмей үшінде жүре бердік. Міне, сондай заман болған. Менің оз көзіммен корін, оз басынан откен ашарның зарданшары тек Әулие-Ата аймагындағы Меркі өнірінде ғана болған жоқ, сонымен бірге бүкіл қазақ халқының басынан кешірген жантүршілердік ең зұлымдық, ең қасіретті анаты болғаны анық. Қазір ғалымдар 1930-1933 жылдары 2 милионнан астам қазақ аштықтан қырылды деген жазын жүр той. Мен зерттеуіні болмасам да бұл мәліметке толық сенемін, ойткені ашарның зарданшарын, ендің қынадай қырылғанын ауылда да, қалада да өз көзіммен кордім. Ал енді слід осындаі анаттаған сақтастын деген қана тілеп отырамын.

МЕРКІ АУДАНЫНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУДЫҢ ЗАРДАПТАРЫ ТУРАЛЫ ДЕРЕК КӨЗДЕРІ

Кеңес өкіметінің алғанық жылдарында құрылған артезльдерді, ТОЗ-дарды және байлардың шаруашылықтарын жойып, олардың орына әр ауылдағы шаруалар бірлесіп еңбек етегін ұжымдаштарды (колхоздар) ұйымдастыру Қазақстанның барлық аймақтарындағы сияқты Меркі өнірінде де 1929 жылдан бастап шындал қолға алына бастаған. Негізінде Қазақстанда халықты колхоздарға біріктіру 1922 жылдан басталған. Бірақ бұл үдеріс 1926 жылға дейін ете баяу жүрді.

1930-1931 жылдардағы колхоздастыру кезеңінде әмірилдік-әкімшіл жүйе кеңінен етек алып, жергілікті жалған белсенділер мен ОГПУ, НКВД қызметкерлері Қазақстанның барлық оңірлерінде жүргітты жалпыай ұжымдасуға күнінен көндірге кірісті. 1929-1930 жылдардағы қыс мезгілінде бір-бірінен шағынайда жатқан ауылдар көшіріліп, бір орталыққа тоғтастырылады. Сол жылдары торт түлік малдың 70-80 пайызы колхоз менингіне берілді. 1930 жылдың жазына қарай әр колхозны торт кой мен бір сиырдан артық мал үстауга құқылды болмады.

Кеңес билігінің бүйрек орындауга кіріскең Меркі аудандық партия комитетінің хатындары, түрлі деңгейдегі кеңестік үйымдардың басшылары халықиен санағанай, торт кой, бір сиыры барларды да бай санаң, малдарын колхоз менингіне откізузді талап еткен. Тараптары орындаимаган жағдайда малын бермеген адамдарды жау санаң, согтауга, жер айдауга дейін барды.

Бір ортаға жиналған малдар мал жайын білімейтін қолдарға отін, торт түлік әртүрлі себептермен қырыла бастаған. Ауыл-ауылдарда сядің қолындағы барлық мал мен астықты, дүние-мулік нең құрай-саймандарды колхоз менингіне откізузді гана ойлаган шолак белсенділер, ал оның арты жағында озін де, жүргітты да қандай түрмисе нең тіршілік күтін түрганына ой-саналары жетиғен саудасыз, санасыз жалған белсенділер «шапи ал десе, бас алған» өктемдіктеріне басып, бүкіл елді қан жылатты. Әр белсендінің жағында белінде тарапшасы, арқасында мылтығы бар милиционерлер еріп жүрді. Қарудан қорықсан қазақ соңы лагына, қабының түбіндегі бір уые астығына дейін колхозға откізіп, оздері құр алақан қалған.

1930 жылдан бастаған кейір аудандарда колхоздармен қатар совхоздар да үйимдастырыла бастаган еді. Сондай мемлекеттік шаруашылыктар - Меркі ауданында да мал шаруашылығымен айналысадының совхоздар болып құрылған болатын. 1931-1932 жылдары Қазақстандағы мал базы көмін, әсіресе, төрт түлік өсіретін совхоздарда малдың қырылуы және талап-таражға түсін кең етек алған. Солардың ішінде Меркі ауданында да мал қырылыны, үрланғаны жөнінде Тұрар Рысқұлов 1933 жылы 9-наурызда Сталинге жазған хатында анық көрсетіп берді:

«1931-1932 жылдардың қысында совхоздардагы малдың қырылуы оте көн болды және мал үрлау асқынын кетті. Қазір де жағдай осындағы болып тұр. Мысалы, 1932 жылы Меркі ауданындағы 16 кой совхоздарында жашай шынынға үшінраганы және үрланғаны бар 12636 бас қой жоқ болған. Ал «Қашланбек» қой комбинатында талап-таражға түскен және қырылған койлардың саны 12800 басқа жеткен, сонымен бірге 631 бас қойды ет дайындауга жөнелткен». (Рысқұлов Т. Собрание сочинений в трех томах, том 3, Алматы, 1998, стр. 329)

Елдің малын бірін қалдырмай жинаш алағашпа кейін Кеңес өкіметтің жогарғы басшыларының айтуымен, жергілікті жерлердегі шолақ белсенділер: «Колхоз менишігіне өткізілген малдарынан сендерге ай сайын үлес беріледі. Астық үлесі де ай сайын таратылады. Тек сендер колхоздың етінін егіп, шөбін орып, жерін жыртсандар болды. Құнкорістеріңің өкіметтің өзі шешінеді» - деген халықты алдады.

Сонымен, 1931 жылдың жазында ауылдардан тұрғындарда бір түрлі қалмай, барлық мал, колхоз қораларына жиналады. Жиналған мал колхоз қораларына қамалын, оларға карулы күзет қойылған. Жайылымға шыққан кезде де оларды карулы адамдар күзеткен.

1931 жылдың желтоқсан айында қалың қар түсін, күн бірден сұытқан. Барлық оңтүстік аймақтарда күннің сұытқыны 10-15 градусека күрт томендейген. Ала жаzdай алашақын болып жүргіттың бар малы мен астығын бір ортага жинаған өкіметтің жауапты өкілдері қыста қолда бағылатын торт түліктің жем-шебін дайындауды ойнамаган той. «Мал баққанаға бітеді» деген ата-бабаларымыз тегін айтнаган екен. Қалың қар жауын, күн бірден сұытқанда малға беретін азық таптай қатты қысылған аудан басшылары мен кеңес

белсенділөр күнде жиын жасап, тыңырықтан шыгудың жолын іздей бастағды. Соған қарамастан бір ортага жиналған колхоздың бар мағын қыстың қаһарынаң сақтаң қалуға жем-шоғтің болмауынаң мүмкін болмады. Бұл жайында тарих гылымдарының докторы, профессор Б.Ф.Аяғаның басынышымен ашарышылықтың ақиқатын зерттеген ғалымдардың еңбектерінде былай корсетіледі:

«Ауыл шаруашылығы даңдарының БК(б)Н ОК месін КСРО ХҚҚ 1931 жылдың 30 наурызендегі кабылданған «Социалистік мал шаруашылығын дамыту» туралы шешімі күшеттің жіберді. Колхоздарда мал шаруашылығы фермаларын құру мәселеі котерілді. Осы шешіммен колхоз фермаларына мал санын откізу, сондай-ақ ұжымдық мал шаруашылығына қажетті колхознышардан толдерді сатып алу жұмыстарын үйімдастыру үйнәрелді. Бұл іс жүзінде, мал басын күштеп біріктіруге, малдың жағынай сойылуы мен сатылуына жол ашты. Үйімдастырылған мал басы жем-шоп пен қолайлы мал қоралардың болмауынаң қырылды. 1932 жылдың ақиқатына қарай, Қазақстандағы колхознышар шаруашылығының 87 пайызы мен жеке шаруашылықтың 51,8 пайызы малынаң толық айырылды». (Аяған Б.Ф., Қылдыралина Ж.Ұ., Ауанаева Ә.М., Қашқынбаев А.Н., Анафинова М.Л., Ілиясова К.М. 1932-1933 жылдардаты ашарышылық ақиқаты, Алматы: ТОО «Литера-М», 2012, 47-48 беттер)

Қазақстан ауыл шаруашылығы комиссариатының басының Н.Серізбаев барлық аудандық нартия комитеттің хатынышарына: «Кар бересіңдер ме, жоқ, тонырақ бересіңдер ме, қалайдың қогам малын қырын алмаудың жолын карастырыңдар!» - дегі қатаң талап қояды.

Алайда, Қазақстандағы аудандарды басқарған отырган хатынышардың басым болғанда мал жайын білмейтін бөтен ұлттардың өкілдері еді. Осындай қысынғатай қезіде колхоз басқарған қазақтар және жергілікті белсенділер малды уақытша болса да аман үстап түруга ақыл-кеңестерін айтқан. Олардың айтқан кеңестері бойыниша, жер-жерлерде шаруалар қамыс орын, тал-теректердің майдың бұтактарын қырқын, майға азық ретінде дайындаған бастағы.

Қазақтар ежелден-ақ торға түліктің қай түрін болсын, ылғи ағаштардың шыбынтарымен, қамысмен ұзақ сақтаң қала алмайтының жақсы білген. Жұмсақ майдың бұтактардың кой-сінкі үнемі жей беретін болса, іш тастан, тыныққақ кеселініс үшінрайды да, түбінде шынын

болады. Ағаштардың майда бұтқартары, шыбықтар сырға азық емес. Қамысты тек жылды гана жей алады, бірақ оған да ұзак уақыт қамыс беруге болмайды. Ал сиыр мен қой-ешкі қамысты жесе, інтері түйнін өледі екен. Оның үстіне қысқа қалған қалған ескі қамысты ешқандай мал қорек етпейді, тек жаз кезінде көк құрак күйінде орылған қамыс қана төрт түліктің азығына жарайтынын колхозшылар кеңестік биліктің өкілдерінс қайта-қайта айтумен болды. Бірақ олар құлактарына да ілмеді. Мән-жайды түсінбейтін өкімет адамдары қақаған қыстың ортасында ауыл тұрғындарын қамыс оруға, ағаштардың бұтқартарын жинауга айдан салды. Бұдан артық корсоқырлық болмайтын шығар!

Бұл тәрізді ақылға қонымысız нұсқаулар бір Меркі ауданында гана емес, тоңірегінде қамыс осетін бүкіл Қазақстандағы ауылдардан талап етілгені анық.

1931 жылдың күзіне қарай Голощекин әр аудан, әр колхозға көи молисерде мемлекетке ет салығын өткізу дәлелді тапсырған. Бұған оның жағында жүрген қазақ басшылары мұндай зорлыққа қарсы тұра алмажан. Егер қарсы шығатындар болса, сол мезетте-ақ қатаң жазага тартылған. Сонымен, колхоз қораларындағы мал есепсіз сойыла бастады. Сойылған мал еттерін жақын жердегі стансанарға жеткізіп, вагон-вагондарға тиесін, Ресейдің орталық қалаларына, Сібірге, Қызыл Шығыска жонелтіп отырды.

Көнтеген колхоздарда еткес өткізілуден аман қалған малдарды жем-шоғыр тәсілінде қолдан әдейі қыру оқиғалары да орын алған. Сол кездегі мұрагат құжаттарынан: «Меркі ауданында 107 сиырды, Жуалы ауданында 29 сиырды қарасан дерті жұқты деген сыйлаумен үлап өлтірғен» - деген мәліметтің табылғаны айтылады. (М.Әбдіәкімұлы. Адамның қолымен жасалған айуандық немесе ашарнылық кезінде 2,5 миллион қазақ қалайша ажал қынғы? «Алтын Орда» - республикалық газет, № 21, 24 мамыр 2012 жыл, 19-бет).

Қолдан өлтірілген малдарды көздері карауыттың жүрген аи адамдар жен қоймасын деген ииеттесін жерге көмгөн немесе өртеп жіберген. Сол қақаған қыста малға жаны ашыған шаруалар, қалай мал басын аман сақтаң қалуды ойнастырып жүрген кезде, жотарғы билікте отырғандардан өкіметткес 100 мың тонна жүп отқізу керек деген нұсқау келеді. Кеңестік билік бұл жүп салынын тез ері қысқа

мерзімде мемлекетке тапсыруды талап етеді. 1931 жылдың желтоқсан айында Қазақстандағы колхоздарда сонша тонна жүп беретін кой да жоқ болатын.

Ертедегі көншілі оркениеттің дамуына ерекше үлес коскан, малдың жайын жақсы білсін қазақтар ешқашанда қыста кой қырықшаган. Ағаштың бұтактары мен қабықтарын кеміріп аиттаң қырынуга шақ тұрған қойларды қырку туралы хабарды естігенде маңға жаны ашыған колхозшылар бір дүрніккен. Қой қырқын, жүп откізген адамдарға наи беріледі дең, оларды дәмелендерін те қойған. Содан үйінде аш отырган бала-шагасының қамын ойлаған қазақ, амалсыздан қорадағы 3-4 қойын қырқа бастиған. Жұрттың қолдарында ұстап отырган аз гана қойлары жүпі қырқылып, әрі аш сүйкә төзе алмай, сүйк қораларда теңкін-теңкін арам катқан. Бір орталыққа жиналған колхоздың қойлары да қырқылып, жартысынаң көбі қырылып қалған.

Көшпелі халықтың негізі күнкорісі - мал болғаны белгілі той. Кеңес өкіметтің солақай саясатының нәтижесінде айналасы бір жылдың ішінде едеп жинаи алған төрт түлікті сойдышын етке откізіп, ал қалғандарын колхоздарға біріктіріп, жем-шоғыр дайындалмай қыста аиттаң қатыреа, сүйк қақаган аязда жүп жоспарын орындау үшін қойлардың жүнін қырқын алып, тағы да малды арам қатырган.

Сонымен, Тұрар Рыскұловтың 1932 жылғы 29-қыркүйектегі мәліметті бойынша, Қазақстанда 1928-1929 жылдары 40 миллион баз мал болса, ал 1932 жылдың ақпан айында 5397 мың баз мал қалған, ал 85,5 пайыз мал базы құрып кеткен. (**Рысколов Т. Собрание сочинений в трех томах, том 3, Алматы, 1998, 328-бет**)

Мұрагат құжаттарында 1931-1933 жылдардағы Жамбыл облысындағы мал жөне халықтың иштегін нақты мәліметтер арқылы корсетілмейді. Дегенмен, қолданы бар құжат материалдарын пайдаланып пайыз есебімен болжам жасауга болады. Мұрагатта сақталған Сарысу мен Тақас аудандарының салық үйымдарының мәліметтері бойынша, бұл аудандарда мал саны 1933 жылы 1930 жылмен салыстырылғанда 40,7 пайызға кемітін. Ал 1933 жылы отырықыны Меркі аудандарының өзінде 1930 жылмен салыстырылғанда жылқы саны 25 пайызға азайған. Өзүнше-Ата мен Меркі аудандарындағы төрт түлік тұрлері бойынша мал санының үлес

салмагы 1933 жылды 1930 жылмен салыстырғанда 23,5 пайызга томендерген. (Еділ Элиев. Жап қайғы, Тараз, 2012, 60-бет)

ЖУАЛЫ АУДАНЫ

ТАРАЗ ҚАЛАСЫНЫҢ ТҮРГЫНЫ ДОСАН АҚСАҚАЛ 1931-1932 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЖУАЛЫ ӨҢІРІНДЕ БОЛҒАН АШАРШЫЛЫҚТЫҢ ҚАСІРЕТІ ТУРАЛЫ ӨҢГІМЕЛЕЙДІ

Әулие-Атага жетे алмай қырылған халық

- Жуалыда аштықтың азабын тартқан нағапны атам Қолбайдың үнемі аштық туралы мұнайын әңгіме айтың отырғанын талай естіп едім – деп еске алады оның жисеи Доссан қария.

1932-1933 жылдары Жуалы жеріндегі жұрттың малыни Кеңестік билік оқіндері түгелдей сыйырын алынты. Қоюндары бар малынан айырылған халық азыға бастайды. 1932 жылды осы өңірде қуацинылық та болынты. Аштық басталғанда нағашым 9-10 жасар есін білін қалған бала екен. Сол кездегі Бурное селосынан 20-25 шақырым қашықтықтағы иштің ғана ауылда атам Қөлбай өзінің әкенинесімен, бауырларымен, ағайын-туыстарымен тұрып жатады. Алдаты келе жатқан ауыр күндерді сезгендей, ынтымагы жарасқан туыскандар азды-көнті азық-түліктөрін үнемдеп, артық астықтары бар ағайындар бір-біріне қарайласын отырган. Соган қарамастаң, қанина жерде үнемдесе де, азық-түлік коры таусыла бастайды. Осындағанда ауылдың өзі де аштықтан «шықна жаным, шықна» деп дәвер ныдаған отырган кезде, басқа жақтаған ауган аш адамдар осы ауылға келгенде жұрт үйінің есігін тарс жауын алып, ашиай отырады екен. Ойткені, аш адам енгізені тынцамай, үйге кіріп кетіп не корсе соган көл салатын корінеді. Аныққанда тулак та, тері де, ең акыры сүйек те тамақ болған. Қыстай қалған согымның терісін кешке дейін қайшатады, соңда әлгі тері әбден былбыран, «пісіп», жесуге жарайтын болынты.

Сондай-ак қыстығүйінде тастаган сүйектерді қайтадан қайшатада бергенде судың бетіне жылттырап майы нығады, соны да талғажау

сіткі дейтін жарықтық нағаным – дең, Доссан әңгімессін одаң әрі жалғастырыды.

-Нагашы атам, әсіресе, ауылдан 100 шакырымдай болатын Өуліе-Ата қаласына бара жатқанда аиттықтан қырылған адамдарды айтқанда қатты қүйзелстін. Сол 1932 жыны атамының ауызынаң және жол-жөнекей қаңғырын жүрген адамдарды қосқанда 400-ге жуық жан Өуліе-Ата қаласына қарай босын көле жатады. Өуліе-Атага 15 шакырым қаланда қаланың басшы-белсенділері олардың алдынаң шығып, «сөндер осы жерге тоқтаңдар, қалага кіруге болмайды. Тамақты осында әкеlei береміз» дең, аи адамдарды тоқтаган жеріне тастаң кеткен.

Қала белсенділерінің ойлаганы, егер аиттар барса қаланың берекесін алады, тонау, ұрлық кобейеді, бүлік шыгарының басшылардың тамағын тартып жейді деген қауіпсін отіріс алдан, ашыққандарды қалага кіргізбекен. Сол кезде тек Жуалы аймагында гана емес, бүкіл қазақ еліндеги ашыққан халық құнкорістің бір жағдайы болатын шығар дең, берісі өзіміздің қалаларды, теміржол стансаларын жағаласа, арысы Қыргызстанға, Ресейге, Түркияга, Монголияға, Қытайға босын кеткен той. Жуалыдан ишкандардың да үміті қалага барып, жұмыс тауын аиттықтан аман қалудың әрекеті еді. Бірақ, олардың ойлаганындаи боямады, Кеңес әкіметтің биліктегі уәкілдері аштықтан шұбырған елді алдан, қырын салды.

Ал әлгі ашыққандарды қалага кіргізбей, тамақ әкелеміз дең, үәде берген жалған белсенділер тамақ та, сингенде әкелемеген соң аш адамдардың әлі құрып, сол жерде бірен-саран адамдардан басқаның бәрі түгелдей қырылған. Тірі қаландардың ішінде нағаны атамда болған екен. Ол кісінің әке-шешесі мен туган бауырлары аиттықтан әбден әлсірең, сол әкіметтің белсенділері жүргітты нірін кеткен жерде қаза тауынты...

Сонымен, атам жылан-еңіреп тірі қалған бір тоң адамдарға ілесін, қалага әрең жетеді. Қалага кіргенине кейін әркім бет-бетімен қаңғырып кеткен. Буыны катнаған жас бала екі-үш күн қаланың ішінде қаңғырып жүреді де, әр жердеңі қоқыстардың арасынаң табылған қалған-құтқан тамақ қалдықтарын жени, өлместің күнін көреді. Содан соң Өуліе-Атаниң шайханаларын жағалай бастаңды. Сөйтіп, наң сұран жүргенде балага бір озбек әйелі кездесін қалады да, оған наң берін тамақтандырады.

Бір күні қала кошелерінде олін жатқан адамдарды жинаң жүрген ариайы құрылған жасаққа таң болады. Солардың біреуі нағашымды ертін алыш, балалар үйіне таңсырады. Міне, осылай нағашы атам ашарнылықтан тірі қалған екен.

Жергілікті билік оқілдері жоғары жаққа жақсарылған жағдайды жасырын, отірік акнар беріп отырган. Ал шындығында, аштықтан Жуалы халқының 60-70 найзьы оцат болған екен.

Аманбек Байдалыұлы қарияның қозімсен көргендері Адамның майыны ішкен жігіт

- 1932-1933 жылдары мен Жуалыда мұғалімдік қызметті атқарын, балаларға араб тоте жазуынан сабак беріп жүрдім. Бір жолы адамның жаны түршігетін сұмдық оқиғаның күәсі болды. Босқындардың ішіндегі бір нысықтау келген жігіт қойдың қарияна адамның майын құйын алышты. Ол олған адамдардың қарының жарын жіберіп іш майын пыжыгырын қарынға құйын алған. Адамның майы қойдың іш майындаидай тоқбай, сол ехіның қүйінде тұра береді екен. Сөйтесе, бұл анықсан адамға күш-куат беретін болса керек. Олған адамның еті жарамсыз, аз тана уақыттың ішіндегі тез бұзылады. Жарамдысы осы – іш майы. Байқаманан адам аштық әбден шынына жеткен адамды алған коргендеге бағуы келіскең олді адам екен деген қабылдайды. Алайда бұл – деңгейлік борпылдаң, кілкілден, ісінің кетуі... Осының бәрін өз козіммен көрдім – деген Аманбек ақсақал әңгімессін бір ауыз сөзбен түйіндеді.

Пірәліұлы Момышқұл қария зобалаң жылдардағы ашарнылықтың зардалтарының қинала еске алады

Біз не кормедік!

-1929-1930 жылдардағы колхоз құрылышы күштеп, зорлықпен жүргізілді. Колхозға біріктіру қезіндеге Жуалы өцирінің ел-жүрті маңын бір ортак қазанға бергісі келмеді. Халық әртүрлі айла-амалдарды колданын, маіды бермеу үшін ірі караалардың артынаң қол ағаны жүргіртін, іш құрылышын талқандау, немесе тілін буын тастау ескілді қанды әрекеттерге дейін барды. Не оттай алмаган, не су ішे

алмаган Зеңгі баба тұқымы өз ислерінің қолынаи шынаққа ілінін жатты. Қой мен жылқыны қашпа сойғанмен, оның санын азайту күни болғандықтан, әрі десе «обал» деген сөзден корыққап қазак баласы осы түліктерінен тана-тад түстө айырымын қалды. Облыстан, ауданнаң қару асының келген үкімдер бүкіл ауылдарың маңын белгіленген орталықтарға жинаады. Бұл жиналған маңға қора-жай, жашашып малшы, бас-көз болар есеп жүргізген ешкім болмады. Колхоз болыш ұйымдастырылған маңы үстеганиң қолында, тістегенниң аузында кетті.

«Жұт жеті ағайынды» дегендегі, Жуалы слі оздерінің ак-адам майдарынан айырылғанда олардың қамбаларындағы сүйенстін көрдін да түк қалмаған. 1930-1931 жылдардың ерінін оте болымеыз болыш шықты. Құрылған қазак колхоздары жерді жерағашып айдайтын. Тұқымдық астық көмегі берілмеген. Колхоз құрынысының алдындаған көп адамдар мемлекетке 100-150 пүттән астық салығын өткізген. Оны ауданда Бурныйдың өзінде, Кременевка, Алексеевка сліді мекендеріндегі астық жишиң откізетін заготзерниларға токкен. Қеңестік билік ашығып жаткан қазактарға бір түйір дән де қалдырмаган.

Сол жылдары адамдар аштап үш түрлі жағдайда қырыштаның білемін.

1.Үйінен шыға алмай өлін кететіндер де коп болған. Оларды ауа райының ыстық мезгілінде бұзылған мәйіттің нісінен сезін, тауыш алып көмеді немесе ағайын-туыстары «нәленине неге корінбей кетті» деген үйінен ізден барып оліктің үстінен түседі екен.

2.Ауыл-ауылдардан қайыр сұран жүріп ағаштардың түбінде, көшлердің бұрыштарында, кез келген жерлерде басы айналып, козі қарауытын аштықтан бірден өлін қалатып болған.

3.Аштықтан әбден жұдеген, бірақ алі де болса жүруге шамасы келетін жандар жан дағбасамен «бір жердегі ағайын-туысым барсам, аман қалармын» - деген үмітін, үйден шығып, жолда жан тансырады да, құтырган итке немесе аң-құстың жеміне айналады.

Біз не көрmedік! Екінің бірі үйінде аштап қатып жатса, көнінде өлін жатқандардан аяқ алып жүре алмайтында жағдайға жеттік. Шет елдерге ауған қазактар жолда аштықтан жапшай қырылды, одан қалса босқындардың жолын тосяп алған. Қеңес өкіметінің шекаралынылары жогарғы биліктен түскен бүйрек бойынша оларды қырып салғаны

тураны хабар ұзынқұлактан бізге жетін жатты. Бұл мемлекет тараиына, атап айтқанда, сол кездегі Мәскеу басшылары мен Қазақстандың басқарын отырган Головининің қазақтарға жасаган зұлымдық әрекеттері еді. Жаңа өкіметтің солақай саясатының салдарынан қазақ елі күп көрін отырган малынаи айырылды. Осындай соракылыктар 1931-1933 жылдар аралығында қазақтарды аштықса ұрыптырды.

Алғаш аштықтың шеңберіне астық салығын өтей алмағандар ілінді. Содан соң ірі байларды тәркілеу науқанында, байлармен бірге органиналар, тінен кедей шаңырақтарының бас иелері де айданып кетті. Олардың артында қалған жетім-жесірлер аштыққа ұрынын, өлгөні өліп, босын кеткендері айданада қалын аң-құсқа жем болды. «Баланан басымен, тұрымтай тұсымен» деген уақыт дәл осы кезең еді. Аштықтан әлсірен, діңкесі құрыған жандар геміржқоя бойларын жагалауды, стансалардың айналасы өлікке тоңды. Құлан асуы, Құйик асуы, Бокей тау шатқалдарында адам жаны түршігетін коріністер әлі коз алдынан кетінейді. Асуларда олін жатқан адамдардың мәйіттері комусіз қалып, одан да асқан бір сүмдүк жол шетінде тұрууга шамасы келмей әлсірен жатқандардың қеуделеріне тұлқі, қарақұстар конын алып, олардың беттерін, көздерін шұқылаш жени жатқаптын корініде есіміз ауын қалғандай күйде болдық. Ал Бокей тау шатқалдарының әр қуысындағы адам оліктерінен аяқ алыш жүре алмайтында жағдай болды. Талы бір оқиға есімде жатташын қалынты. Жуалы қысы оте қатты болады. Боран 3-4 тауыкке созылатын. Бір жазған өзінің астығын жергілікті жалған белсенділерден корқын дақидағы шарбаққа комген екен. 1932 жылы 6 тәуілік сөкқан боранда ол өзінің тықкан ұрасын таба алмай, үй-ішімен қырылым қалды.

Конкоз шекіре Әлімбайұлы Имаш қарттың әңгімесі

Аштық не жегізбеді?

Жуалы ауданы зобалаң жылдардың алғашын ызгарын 1930 жылдың озінде-ак сезінген еді. Аштық басталғанға дейін бұл өцирдің жағдайы жақсы болды. Жалын ауданда әрбір кедейдің алдында 30-40 кой, 2-3 сиыр, 8-9 жылдың түлігі болғаным білеміз. Оның үстінен Жуалы жүртү - ежелден етіппіліккен айналысын келеді. Өкініштісі

сол, басқа аймақтармен салыстырганда осындағы артықыныңғары бола тұра аштықтың зардантарын көп тартты. Елге 1921 жылдан бастап азық-түлік салғырты енгізілді, 1930 жылы жаңа өкімет елдің маңын зорлықпен тартын алды, бұл аз болғандай ауылдарға шамадан тыс ауыр салықтар салды.

1927 жылдардан бастап Жуалы өлкесіндегі малы 200-ден асатын адамдарға өздері өндіре алмайтын 400-500 шұттан астық салығын сала бастаган. Ал бұл салықты төлемегендегер «тан жауы» болып тікелей тұрмеге қамалатын. Бұл кезде «халық жауы» деген ұғым әлі жоқ еді. Жұрт осы кезеңде озінің басы артық маңынан беле бастанды. Ешкім елдің алдына иштеп, козға түскісі келмеді. Адамдар өздерінің ақ-адал малдарынан безін, болмашы бағана Әуліе-Ата базарына апарын сата бастанды.

Жуалыда болған аланат аштық, елге қиянат жасаған шолақ белсенділердің қыянығы еске түскенде, жаным қиналыш, қүні бүгінге дейін құндіз-түні ойынан ишкіпайды. Қазір гана білін отырмыз еой, тек біздің өңірде гана емес, бүкіл қазақ жерінде халқымызға жасаған қастаңдықта шек болмаган екен. Аниаршылықтың зардабынан зар жылаған ағайын-туыстар мен ауылдастардың қайғылы қасірет шегін, әбден қорлық көріп езілгені қүні бүгінге дейін есімізден кетпей койды. Қазақтың малдан басқа байнығы болған ба? Балалық шакта тамақ тоқ, койлек кок заман болғанын көзben корген едік. Сол бір молшының иені тоқшылықтан кейін Кеңес өкіметінің солақай саясатының салдарына қазақ малдан айырылып, асыра сілтегудің құрбаны болды.

Аштық туралы айтсақ, иәубет жылдардың зұлымдықтары мен адам жаны түршігерік оқиғалары оте көн. «Аштықта жеген құйқаның дәмі кетпейді» дегендегей, сол аштықтың аланатын қалай ұмыттармыз? Зобалан заманның зардабы кімді зар каксанады, кімді жылатпады? Бір уыс талқанға, бір үзім наңға зору еткен сол зар заман еске түссе, зәрең зәр түбіне жетін, тобе шаниң тік тұрады. Осіресе, көздері жәүтепдеген жас балалардың аитан қырылғанын коргенде жанымызды қоярга жер таштай катты қиналдық. Қатыксыз кара коже нәр болмай, аитан олғен қырышындардың обалына қалған кімдер екен? Бала түгіл оз басымен қайғы болған үлкендер де мезгілесіз мерт болды. Жас кезімізде ауылдың қариялары: «Аитан олғен кісінің

молясы жоқ» - деген айтыны отыруны еді. Соның шындығына сүркія жылдары көзіміз әбден жетті.

Біз не кормедік. «Барлық не дегізбейді, жоқтық не жегізбейді» деген сөздің мәніне сол жылдары түсіндік қой. Шөптің тамырын қазып алған, соны көрек еткендер болды. Бірақ, ол да ас болмайды екен. Шөптің аты шөп қой, ол тұғыл сарышунақты жегендерді де кордім. Адам айтуга аузы бармайтын бұдан да басқа сұмдықтардың күдеі болдық. Анықкан адам ақыл-есінен адасын, адамгершілік қасиеттерден айырылыш, көзі қарауытын, иеңің не екенін білемей қолына түскенді аузына сала береді екен. Өз баласын өзі жеген аниның оқнгасын да естідік. Жағамызды ұстап, жанымыз түршігін есіміз ауысқандай күйде болдық. Ойлан қарасақ, оған ана да, бала да кінәлі емес сияқты, бәрін істеген аитық шығар!

Жуалы Әлкесінде болған азалы жылдардың азанты түстарын қашпа айтсақ та таусылмайды.

Айтсайұлы Диқанбек қария озінің әңгімессінде былай дейді:

«Не керек, аштық алапаты алды-артымызға қаратты ма? Өзегіміз талып, ашаршылықтың азабын мықтаи тарттық қой. Тамаққа татырылым түк қалмады. Ніемінілікке әлі біраз уакыт бар еді, негізгі қорегіміз тогай ініндегі кустардың жұмыртқа жарған баланандарын жеу болды. Коктемігі кар ерісімен ақыздан теретін қара масак талқанын жеуден қарындасты Айжарқын, інім Иманары шетінен кетті».

Ауганбайұлы Рысқұлбек қарияның ашаршылықтың зардантары туралы әңгімесі:

«Тікелей аштықтан біздің ауылдагы Сиқым руының Асан деген атасынан 70 үйден 1933 жылдың аяғында 8-ак тұтін қалды. Жуазы ауданындағы Алексеевка, Некрасовка, Кантемировка, Усеновка, Благовещенка, Казанка, Петровка, Зыковка, Евгеньевка, тағы басқа толын жатқан орыс елді мекендері айналасының бәрі аштық не жоқтық болса да, ауылдарының шетіне осы жоқтықты енгізе коймаган. Бүкіл аудан, облыс, республика көлеміндегі тілі

сумаңдаган ажал қазақ ауылдарының ортасында отырган орыс ағайындарының қылын да қисайта алмagan».

Дерек козі

«... Жуалы ауданының Тұлкібас бекетіндегі адам өлтіріп және адам етін тағам ретінде пайдаланумен айналысқан 4 адамнан (қазақ құралған топ қолға түсті. Олар 6 адамды өлтірген...)» (Б.Ғ.Аяған. 1932-1933 жылдардағы ашаршылық ақиқаты, Алматы, 2012, 93-бет)

ҚОСЫМША МАТЕРИАЛДАР

ӨЛЕҢМЕН ЖАЗЫЛГАН АШАРШЫЛЫҚ ҚАСІРЕТІ

Л.Әубекірова – тарих пәнінің мұғалімі:

Байларды конфескелеп, малын алды,
Астыққа кеңірдектен салық салды.
Құрылған әр ауылда кедей тобы,
Күш-көліксіз, қарусыз бесер қалды.

Күз болды, қара сұық, жер тоқайды,
Жаңбыр, бүршақ аралас қар борайды.
Бұрынғыдай мал-жап жоқ қарайтұғын,
Ашаршылық қасқырдай сін ториды...

Қорада байшайтұғын мал қалмады,
Егістікке себетұғын дән қалмады.
Ашаршылық-қара оба, ерт бол келіп,
Құтыла алмай ашыққан сін зарлады.

Қыс түсті, жердің бетін ақ қар басты.
Түстес көрер болдық біз ішер асты.
Көрі орыншан тұра алмай, бала-жылан,
Бар ауыл талшық таниай, қатты састы.

Аш адамдар көмпийт ісін кетті,
Өлімге мойынсұның, «нісін» кетті.
Көзінің бүршінгідай жанары жоқ,
Салбырап жақ сүйегі түсіп кетті.

Сұраймыз ба, бұл апатқа кім кінәлі?
Мылтықсыз қырын салған барша жанды.
Кейбіреу құрып кетті ұриагымен,
Кім төлсайді жазықсыз аққан қанды?

Қырылмаса аштықтан бауырларым,
Согыста да құрбан тын цыбын жанын.
Қазақ деген қандай ел болар едік,
Көркейткен байлығымен өлем сәнін!

Татьяна Невадовская XX ғасырдың 30-жылдары Қазақстанға жер аударылған экесімен бірге келіпті. Сол кездегі қазақ еліндегі алапат аштықты көріп, жаңы түршіліп, кокірегі кара айырылыш, жас қызы көргендерін өлең жолдарына түсірген екен.

Қазақстан қасіреті

Кім жіберді аштық деген наелені?
Кім жауапты? Білгім келер соны мен...
Түйе мінші, атиси шапқан жаң еді,
Малын айдаң, көшіп жүрген жөнімен.

Тұғін қоймай сыйырды ғой қастықпен,
Болады екен осындаидай да сүм айла.
Бүкіл жұртты қырын-жою аштықсен,
Керек не елі аллага, алде құдайға?

... Аштық жайын еске алушың өзі мұң,
Шанину-сұрақ мазалайды: Неліктен?

Бұл қорлыққа жетер қайтып төзімің,
Жер бетінде жүре алмайсың ойкен...

Кім тартады бұл зұлматтың зауалын?

Наурыз еді, шуактаның, Құн тұрган
Дала ояның, тіршілікке ұмтылған.
Ашаршылық қасіреті жадымда
Қазақтарым бастан кешкен тұн тұман.

Қазағым аш, аш иттей бол ұлыған
Ісіп-кепкен, тым қайғылы, қыны хал
Өліп жатыр, бұратылып аштықтан,
Күйінемің, мениң тәуір күйім бар.

Аш наресте шырылдайды ыңылдан,
Ана шіркін сәбімен бір жылап.
Қос емшегін тоқиқтайды қолымен,
Есі шығып, «сүті жою» дес түр жылап.

Бейшаралық халін көріп ананың,
Кекіректі езгілейді нала мұң.
Ашаршылық анатының құрбаны,
Аяп тұрмыш, мына сәби баланы.

Өлік сасып жатыр мына далаңыз,
Ашаршылық, жоқ қой саған шарамыз.
Құйған жаңбыр, сұық жел мен аязда,
Жансыз дене мұз бол қатқан, қараңыз.

Шөмелे түр айдалада жиналған,
Сабактары шірік тартып уланған.
Бір жас сәби содан масақ іздеп жүр,
Нәзік қолмен сұртіп козіп суланған.

Корінеді қабырғасы ырсеның,
Іші ісініп, сыртқа шыққан тырсыны.
Үқсамайды тірі адамға сұлбасы,

Тірі аруақ, адам емес, күр сиық.

Бейнараалар түцілген бұл өмірден,
Қар астынан жем іздейді қолымен.
Жаратқан-ау, жап азабын тартардай,
Жазығы не, түсінбеймін соны мен?

Төзе алмаймын мен мынандай сүмдыққа,
Арашашы бола алмадым мұңдыққа
Қандай жауыз ашаршылық әкелген,
Аласұрдым, көзім жетпей шындыққа.

Егін бітті ел шүкірлік етерлік,
Нан мен шай да, темекі де жетерлік.
Ауа райын сылтау етіп сандалса,
Ондай былышыл болар нағыз есерлік.

Келді үкімет, тәркіледі астықты,
Етті зорлық, жасап елге қастықты.
Көмілусіз қашша сүйек шашылды,
Соны ойлан, суарамын жастықты.

Айтиши, үкімет, бұл не қынган мазағың?!

Көз алдында тартын жанның азабын.
Малын алын, үйсіз-күйсіз қалдырған,
Ажал құзып қырышуда қазағың.

Ен даланы жайланаңдай жын-пері,
Түк қалдырмай түл еткен кім бұл жерді?
Ашаршылық зұлматына күні ертең
Жауапкер деп тарта аламыз кімдерді?

Кешиелі сін даланы жайланаң,
Малын бағын, қыс соғымын сайлаған,
Дикандыққа бейім емес қазақты,
Кім ажалдың аранына айдаған?

Кім оларды сүм ажалға таң қылған,
Қырып-жойып, жашай өлім таитырған,
Маң далада мал өсірген қазақтың
Шат көңілін, жайлы өмірін жоқ қылған?

Көкіректе көп болып тұр сауалым,
Бұл зұлматтың кім береді жауабын?
Мен сұраймың, айтыңдаршы жараңдар,
Кім тартады бұл зұлматтың зауалын?!

**Бахытбек Смағұл, ҚР Парламенті мәжілісінің депутаты,
Ауган соғыс ардагерлер үйымдары қауымдастырының
төрагасы:**

Жаралы жылдар

Не көрмеген, бәрін көрген азаптың,
Сол болды ғой соракысы мазақтың.
Сардалаға ақ сүйегі шашылып,
Ит мүжіді алтын басын қазақтың.

Бауырына басу үшін даласын
Қынадай ғыл қырды қазақ баласын.
Тең жарымы жер бетіне жоқ болған
Кімге айтады момын халық наласын.

Қиянатиен қолдан жасап аштықты,
Қалың елдің көмейіне тас тықты.
Елін жойып жерін басын алатын
Кім болжаган мұндай сүмдық қастықты.

Аштық жалман небір жайсаң нар ұлын,
Тапшай қалдық боздақтардың қабірін.
Қадірлеуге, аялауға міндетті
Бүгінгі ұрлақ тоқшылыштың қадірін.

Жойылмады Алаш елі, алайда,
Аман қалып үлгі болды талайга.
Елбасымыз күні-түні тоғанды,
Қазақ елін өл қылам ден қалайда.

Қазақ елі, Қазақстан, Қазагым,
Сенің ұлы тарихыңды жазамын.
Антықтағы Алашымның азабын,
Ескерткіш қып мәңгілікке қалдырған
Азат елге ариалады ғазалым!!!

Ерте солған ғұлдер

Сөзі: Жараасбай Нұрқандікі.
Әні: Ерсайын Нарымбаевтікі.

Неткен заман еді, мұздай сұық лебі,
Сол бір сұмдық, әлі мазалайды мені.
Қоң үрейлі күндер, корқынышты түндер,
Жазығы жоқ жандар, алыш кеткен кімдер?

Кінасі жоқ жандар, кімдер кінә таққан,
Күнәсі жоқ жандар, кімдер жала жапқан?
Аққа күйе жаққан, айтындарының, кімдер,
Күрсінеді таулар, тұнжырайды қөлдер.

Қайырмасы:
Отыз жетінші жыл,
Қасіретім бұл!
Тарқамайтын шер,
Айықпайтын мұц.
Гүйіндейді жел,
Мұжілгендей тас.
Көңіліміздес шер,
Көзіміздес жас.

Өңкей асыл, боздақ, болды-ау күні қараң,

Олар көрген азап – өлімнен де жаман.
Елін сүйген ердің жау атанған кезін,
Ей, қазагым менің, жан-тәніңмен сезін.

Қарауытып орман, қалың тогай, тұнер,
Орнымыздан біздер тұрайықшы түгел.
Тағым етіп тұрмын, қыбыр етіней, үнсіз,
Егілмейтін іштей, кім бар екен мұңсыз?

Қайырмасы:
Неткен заман еді, мұздай сұық лебі,
Сол бір сұмдық әлі мазалайды мені.
Қос үрейлі күндер, қорқынышты түндер,
Жазығы жоқ жандар, алып кеткен кімдер?
Ерте солғаш гүлдер, аянышты бәрі,
Ең аяулы жандар, есте болсын мәңгі.
Аза құнгі зарым, азалы жыр, әнім
Аруақтарға дуга, қабыл етсін Тәңірім!

Құдері ақын шығармасындагы ашарнылық ақиқаты

Ақын Құдері Жолдыбаїұлы 1930-1933 жылдары қазак слінің басына тоғен аштық зардабын өз басынан өткізіп, козімен көріп, көңілге түйгенін өлеңмен жырлайды. Олең жолдарында бір адамның тағдыры арқылы зобалаң жылдардагы қазақтардың басына түскен ауыр жағдай туралы ақынның жан айқайын түсінуге болады.

Ақынның шығармасы әдеби коркем туындығана емес, отзызының жылдардагы аштықты, қазак халқының қасіреттің келешектегі үриакқа жеткізетін тарихи дерек.

Көзімнің нұры шырагым,
Жастің өлем наана.
Іш бауырым қан болды,
Оқ тиіш жүрек қабыла.

Енді үміт жоқ бөтениен,
Болар ден тірек тағы да,

Қойдан бетер қырылдық,
Тигендей індег табына.
Тұған бала жат болды,
Қайрылмайтын сағына.

Қираған балта сабына,
Сүйеніш болар бір өзің,
Қарасам істің нағына.
Іздеп бір мені келерсің,

Әлетүгүн шағымда,
Қосылмас түрім көрінді,
Қожабике тамына.
Елден тонырақ бүййормай,

Сүйегім қалды саудыран,
Аштықтан басқа дертім жок,
Талықсып тұрмын маужыран.
Баладаи пайда болмады

Артымда жалғыз бау құрак.
Жаратнасан төресің,
Ендес бауыр болғанмен

Қолымыз жетней босқа олдік,
Бір тамшы сүт ағына.

Туды ма деп ойлаймын,
Аз құнгі дүниес бағыма.
Бір көрініп кетпедің,
Байсұлтан, Мәрдан орнына.

Жақындықтың бағына.
Ер түрімнен айрылдым,
Қанатымнан қайрылдым.
Келген шакта құдай-ая,

Кірмейтін жерге айналдым,
Қарға адым жер мұңғ болды,
Қазаққа ажайл байланым.
Құр терім тұр қаудыран,

Құр басым қалды жаудыран.
Келсең көрмей кетпессің
Құлаганды үстіме, еді-ая таң бірақ,
Атаниң көңілі балада,

Әркімде шыбын жан бірак.

Құдайдан не деп тілейін
Шыгарда үш мың салыш ең,
Кеткеніме нальып ең,
Ағыке дейтін інің жоқ
Өкінішпен қалып ең.

Енді маган келгенде
Көрсетпесең өзің біл,
Бас қамының елесін.
Асылдан қалған тұяқсын,
Бетеге емес қияқсын,
Жасы мен кәрі бас шұлғын,
Сөзіне токтар, би-ақсын.

Қарашиғы көзіңің,
Жат болмасын жалқыңыз,
Жетсе хабар ендеңім,
Аузыма келіп су тамыз.
Аша алмай жабық түндікті,

Мен не дейін ендеңім,
Бауыр деп іздеп келмесең,
Қол ұшынды бермесең,
Алмасаң ата сәлемін,
Төрслігінді женбесең.

Тұзік деп кімге ерерсің,
Үзік деп кімге сенерсің,
Іздеп бір тапсаң демерсің,
Төлеңгіт емес төрессің,
Бауырынды жатқа тастама,
Сәлемім жетсе келерсің.

Сенен бетен бұрылыш
Зарды кімге айтамыз,
Баланандай асырап,
Бас көтеріп шалқыңыз,
Барша жұртқа қадірлі
Қымбат болсын наркыңыз.
Күрмеуі қысқа гұмырда
Қиындық көрмей қалқыңыз.

Өлімге қазақ кондікті,
Кімнен келген қасірет
Сұрайтын адам жоқ тіпті.

Жүрмін қаңғын әр үйде,
Таусылды тұзым фанилде,
Өліктің иісі аққиды,
Бей-жай боп тұрмын бір қүйде.

Болар ма мұндай тақырлық
Күнім бір туды нақырлық,
Сәлемім осы ақырлық
Бір келі май бермесең,
Ата аруагын шақырдық.

Еңбек ардагері, саяси құғын-сұргін қурбанының ұрнағы
Бақытжан Есематұлы ашаршылық жылдары қос ұлынан –
Мырзаганыс пен Айғаныстан айырылған Шарига ашаның
зарын жырлайды:

Жазықсыздар жыры
(Шарига ана рухына)

Нәубест келген жыл еді,
Елге туған мұң еді.
Ашаршылық-аш халық,
Сол гасырдың түнегі.

Жыбырлаған азық-ты,
Қыбырлаған азық-ты.
Елдің ішін іріткен,
Кімдер екен жазықты?

Есемат деген ер еді,
Шарига-жары, сенері.
Кеңес ғана қосылған,
Жазмышқа көнеді!..
Мырзаганыс-тірсі,

Айғанысы-тілегі.
Құдай берген қос жазған,
Қылыштары жыр еді.

Көңіл-тұман, күз бе еді?
... Көкелерін іздеді.
Қос мұңлықтың анасы,
Көктен үміт үзбеді.

Өтті осылай сағым күн,
Естір екен зарын кім?
Отағасыз отбасы,
Жамылған-ды қалың мұн.

Айнала толы кіл кекті,
Шаригадан күш кетті.
Сенім отын сөндірмей,
Есематын күтпек-ті.

Оңға тартса – бір ажал
Солға тартса – бір ажал,
Жолға шыққан үшеуге,
Қорқынышты құба жал.

Ден Шарига зарлады,
Қос құлышы – бар қамы.

Өнс тапты бір масак,
Бес түйірін бір асан.
Аштық күйін шертеді,
Балалық шак-тұма шак.

Анда жатыр он өлік,
Мұнда жатыр он өлік.
Бейбагытты бетке алыш,
Жолға шықты үш мұңлық.

«Шыдам, шіркін, шекті еді,
Қинағаны – не еткені?»
Мырзаганыс, Айғаныс –
Сұм тағдырға өкпелі.

«Е, Жаратқан, сыйындым,
Бір өзіце сүйіндім.
Пәктерімді корғашы,
Ұшырмасын құйып күн».

Токтамайтын көз жасын,
Таңшан түнгс жалғады.

Аш тажалдар епті еді,
Ана тағы «кет!» деді.
Сесті азу шан берді!..
Бұл тәңірдің не сткені?!

Бұл – қаралы таң еді,
Бұл – қаралы зар еді.
Пейіш жақтан естілер,
Күнәсіздер әуені!

Ашаршылықтыңазабын көрген Ҳұсайын Бижанов қария сол заманды ашына жырлайды:

Байлардың конфескелеп малын алды,
Астыққа кеңірдектен салық салды.
Құрылған әр ауылда кедей тобы,
Күш-көліксіз, карусыз бескор қалды.

Күз болды, қара сұық, жер тоңайды,
Жаңбыр, бұршақ аралас кар борайды.
Бұрынғыдай мал-жан жоқ қарайтұғын,
Ашаршылық қасқырдай ел ториды...

«Оргалық» қолда бардың беріш алған,
Үйлерге, қора-жайга тінту салған.
Кей адам бір құдайға жалбарынар,
Олмесем деп үміт қылын шыбын жашап.

Корада байлайтұғын мал қалмады,
Егістікке себетін дән қалмады.
Ашаршылық – кара оба, өрт бол келіп,
Құтыла аймай ашыққан ел зарлады.
Қыс түсті, жердің бетін ақ қар басты,
Түсте көрер болдық біз ішсөр асты.

Кәрі оривинаян тұра аймай, бала жылап,
Бар ауыл тағанақ таштай қатты састи.

Қыс санаи, аяз мінді қаһарына,
Күн өзгеріп көріңер батарында...
Әлі барлар нац ізден қаңғын кетті,
Қалғандары жаутаңдап санарына...

Жолаушылар жол таптай жолда өледі,
Өлігін о сорлының кім көмсді?!
Карға-құзғын шұқып жеп екі көзін,
Қара жер қойнына алмай тебіренеді...

Аш адамдар көмініп ісіп кетті,
Өлімге мойынсызып «шісіп» кетті.
Көзінің бұрынғыдай жанары жок,
Салбырап жақ сүйегі түсіп кетті.

Ең алдымен кәрі мен әлсіз өлді,
Таба алмайтын өзінше ішін-жемді,
Құрбақа, кесіртке, сары тышқан,
Жыланды тапқан адам үстап жеді.

Қылт еткен табылмастан ашық жерден,
Биік тау, шалқар дала, жасыл белден,
